Антонимдік қатарға қуаныш пен қайғы психикалық жай-күйін білдіретін тұрақты тіркестер жатады. Төбесі көкке жеткендей болу, әйелі ұл тапқандай қуану, қуанышы қойнына сыймау — көңілі қараңғы тарту, жүрегі қарс айрылу, көкірегі шерге толу т.б.

Қорыта келгенде, тіліміздегі психикалық жай-күйлерді білдіретін тұрақты тіркестерді құрылымы мен мағынасы жағынан бір ізге түсіре отырып жүйелеу, олардың ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиетте жұмсалып қызметін тереңірек анықтап талдау ісі аталмыш лексиканы (фразеологизм) тереңінен түсінуге мүмкіндік туғызары сөзсіз.

Тағы да өзекті зерттеген мәселелерімнің бірі – тіліміздегі адам бойындағы жай-күйлерді білдіретін тұрақты сөз тіркестерді ішкі және сыртқы деп екі топқа бөліп қарастырдым. Ішкі мүшелері арқылы жасалынған тұрақты сөз тіркестеріне, мысалы жүрекке қатысты: жүрегі алып ұшу, жүрегі дір ету. Ал адамның сыртқы мүшелері арқылы жасалатын тұрақты тіркестерге, мысалы басты алсақ: басын қоярға жер таппау, басына бұлт төну. Бұндай тіркестер арқылы ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиетте жұмсалып қызметін тереңірек анықтап, түсінуге мүмкіндік туғызады.

Түр мен түс атауларына байланысты берілетін тұрақты тіркестер де бар. Қазақ тілінде түр мен түске байланысты тұрақты сөз тіркестері мол ұшырасады және кеңінен қолданылады. Олар түрлі мағыналар мен символдарға ие. Адамзат мәдениеті жүйесінде түр-түс қоғамдық санада қалыптасқан тұрақты ассоциациялардың нәтижесінде нақты бір заттық мазмұнмен сәйкестендірілгенде символ бола алады.

Тұрақты тіркестер құрамында кездесетін түр-түстің мағынасын алу кезінде, бұлардың бір-біріне қарым-қатынасын да байқауға болады. Фразеологизмдер құрамындағы түр-түстің беретін мағынасы, білдіретін символы жағынан көк пен сары түстің

арасында мағыналық байланыс (табиғат құбылысында – талдың жапырағы) сақталады.

Академик І. Кеңесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Сөздікте “Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы” атты бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Тілімізде фразеологизмдердің түрі өте көп. Осы жұмысты зерттеу барысында алдыма бірден бір мақсат етіп қойған мәселем – көркем сөз айшығы қолданысқа енсе екен, ауызекі сөйлеуде осындай тұрақты сөз тіркестерін қолдана отырып, өз ойымызды жеткізе білсек екен деген жүрегіміздің түбінде жатқан бір ойдың мазалауынан да шығар.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтқандай тұрақты тіркестерді әрдайым есте сақтап, жаңғыртып отырсақ, ол біздің тіл мәселесінің ұтымды жолы болады! Егер барлығы күнделікті өмірде тұрақты тіркестерді қолданып отырса, онда біздің сөздік қорымыз жетіліп, тіл байлығымыздың кеңеюіне өз ықпалын тигізеді. Тұрақты тіркестерді әрдайым есте сақтап, жаңғыртып отырсақ, ол біздің тіл мәселесінің ұтымды жолы болары сөзсіз! Егер барлығы күнделікті өмірде тұрақты тіркестерді қолдана отырып сөйлесе, онда осы тұрақты тіркестердің – біздің сөздік қорымыз жетіліп, тіл байлығымыздың кеңеюіне өз ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жампейісова Ж. «Ақ» және «қара» концептілерінің әлеуметтік мағыналары // ҚазҰУ Хабаршысы № 8, [2005. – 42-45 б.б.]

2 Жетпісбай Ш.А. Мінез-құлыққа қатысты лингвистикалық ерекшеліктері: Монография//Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ТОО «САНАТ-Полиграфия», [2018. – 120 б.]

3 Исаев С. Қазақ тілі // Алматы 2007ж.

4 Қазақ тілі энциклопедиясы 6-том Алматы 2003 ж.

5 Қазақ тілі энциклопедиясы 8-том Алматы 2003 ж.

6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі// Алматы, Ғылым, 1977ж.

7 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқулық. – Алматы: Дәуір, [2003. – 247 б.]

8 Оралбаева Н. Қазақ тілі // Алматы 1993 ж.

9 Шың кітабы-Алматы 2012 ж.

10 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – [М., 1990. – с.136-137]

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

МИНАП Ғ.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, № 39 ЖОББМ, Павлодар қ.

АЙМАҚАЕВА И.

оқушы, 11-сынып, № 39 ЖОББМ, Павлодар қ.

Адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді.

Человек, знающий другой язык, духовно богатый человек, потому что через знание языка он узнает культуру, традиции другого народа, изучая разные языки расширяет свой кругозор.

A person who speaks a foreign language is spiritually rich person. Because learning foreign languages means learning about culture and customs of other countries and nationalities. And it also enriches our knowledge.

Тіл – халықтың алтын дінгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, мақтан тұта білуі керек. Себебі халықтың даналығы, жырлары, тарихы сол халықтың тілінде жазылады. Тіл – қай ұлтта болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл – халықтың жан, сәні, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі. Әр халықтың, ұлттың құрмет тұтар өз ана тілі бар. Менің ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі түркі тілдердің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқынын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына», – деп Жүсіпбек Аймауытов атамыз жазғандай, әрбір азаматтың ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімі болуы керек.

Бала өмірге келгеннен бастап, өз ана тілінде сөйлеп, ана тілінде білім алып, жалпы ұлттық тәрбие алуы керек деп ойлаймын. Себебі өз ана тілінде сөйлеу оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелілік өлшемі болып табылады. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереннен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Менің елім - көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны - бәріміз үшін мақтаныш. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз ат салысуымыз қажет» деген жолдауындағы сөздерін барша қазақстандық құптайды деп ойлаймын [1. 56.].

Қазір елімізде үш тілді білу, меңгеру мәселесі басты назарда. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілін оқып, үйренуге шақырамын.

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламалар» жыл сайын қабылданып, мемлекеттік тілді қолдау шаралары жүзеге асырылып келеді. Бұл шаралардың басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Соңғы кездері қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» және «қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту» деген мәселелер көтеріліп жүр. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жетілдіруді де

естен шығармағанымыз жөн. Өйткені бұл өте маңызды да күрделі мәселелердің бірі.

Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр [2. 166.].

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол көп ізденісін қажет етеді деп ойлаймын. Осы орайда, С.Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсететіп отырғаны анық [3. 96.].

Қазақ тілін меңгеруге құлшыныстары бар адамдар оны меңгеру үстінде бірнеше мәселелерге тап болды. Біріншіден – тілді қызықты жолдармен оқыту әдістемесі бар оқулықтарының аз болуы, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру, қимыл және т.б.) дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай жетілдіру. Екіншіден, белгілі бір жүйеге келтірілген сөздіктің осы күнге дейін шығарылмауы, үшіншіден, тілді меңгеру үшін қазіргі кездегі шығып жатқан мемлекеттік тілді меңгеру әдістемесіне байланысты белгілі бір қоршаған тілдік ортаға әрбір өзге ұлт өкілінің қол жеткізе алмауында [4.256.]. Осы мәселелерді шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет деп санаймын.

Қорыта айтқанда,
Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!
– деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, күдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Сондықтан қазақ тілінің өшуі де, өсуі де өз қолымызда. Біз жастар, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін түсініп, оның қолданыста болуына ат салысуымыз қажет. Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. – Астана. – 2014. – 4-112б.
- 2 М.Балақаев Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Ер-Дәулет. – 2007. – 35-18б.
- 3 Ж.Қалиева Қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері/ Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – №5. – 2011. – 8-13б.
- 4 Ж.Нұржанова Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы. – 2001. – 25-35б.

КІТАП ОҚУ ЖОБАСЫ

АЙТМҰХАМЕТ А. Ж.
оқушы, 5 «ә» сынып, дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.
ТУСУПОВА Г. М.
ғылыми жетекші, білім магистрі, ағылшын тілі мұғалімі, дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Бұл мақалада кітап оқу өзектілігі көтерілуде. Біздің гимназиямызда кітап оқу уақыты мектеп ережесі бойынша қосылды. Кітап оқу уақыты қосылу нәтижесінде гимназия оқушыларының зейіні ашылып, көптеген дода-сайыстарда жүлделі орындарды иеленді және иеленуде

В этой статье поднимается вопрос об актуальности чтения книг. В нашей гимназии по правилам школы внедрено специальное время для чтения книг. В результате этого у учеников расширился

кругозор, доказательство этому призовые места учеников нашей гимназии в разных соревнованиях по чтению книг.

Abstract

In this article is shown the highest relevance of reading books. In our school is added the special time for reading books by school's rules. As a result we can see that our students' mind has increased. Proof of this is lots of winning students in different reading competitions.

«Кітап – білім бұлағы». Қазіргі заманда шыны керек кітап оқу проблемаға айналды. Үлкендер кітапты «айдың нұрымен» оқыдық деп айтады. «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын шопандар т.б. етіктерінің қоншына тығып қойып, алып жүріп аттың үстінде оқыған. Атам менің май шаммен кітап оқыпты. Біз оны білмейміз. Егемендік алған алғашқы жылдары көптеген кітапханалар жабылып қалды. Елдің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын көтеру басты міндет болды. Әрине, бұл – қиыншылықтардың біз бірде-бірін көргеніміз жоқ, білмейміз де.

Қордаланып қалған мәселелер көп болды, соның бірі – рухани байлықтарды игеру еді. Ол үшін үзіліп қалған байырғы ата-баба жолын жалғастырып кітап оқу мәселесін қолға алу бірінші кезекте тұрды. Ғылыми-технология өзінің түзетулерін енгізді. Компьютарде, Фейзбук, Инстаграм т.б. қысқаша мәліметтер көп, оқушылар кітап оқымай-ақ өзіне керек мәліметтерді алады. Бұл- кітап оқуға деген оқушы қызығушылығын түсіреді. Енді не істеу керек? Мінекей, осыдан келіп «Кітап оқу Жобасы» туындады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес ОАМ (Оқу-ағарту министрлігі) «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Білім берудегі кітап оқуға оқу мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы Қазақстан республикасының мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады.

Осыған орай, біздің мектепте әрбір мұғалім, әрбір оқушы жалпы мектептегі барлық адамдар арнайы 20 минут уақыттарын бөліп кітап оқу керек. Кітапты ұялытелефоннан да қарап оқуға болады. Мақсаты -оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтымақ арттыру, көпшілік алдында өздерінің ойларын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыру, бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын (айтылым) және ойлау қабілетін тереңдету, өзінің ойын еркін жеткізу үшін жасалған. Оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді,

ертегілерді оқи отырып қиялдайды, күнделікті өмірде сын-кәтерден шығу жолын үйренеді.

Біздің мектебіміз «Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» осы ережелерді сақтап, кітап оқу Жобасын енгіздік. Сыныптарда кітаптарға деген қызығушылық артып, кітапқа деген құрмет көбейді. Мектептің инстаграмына кірсеңіз әрбір сыныптың кітап оқудағы нәтижелерін және нақты істелеген жұмыстарды қазіргі күнде көре аласыздар. Оқу орнында әртүрлі шаралар: конференция, семинарлар, дөңгелек үстел, ғалымдармен кездесіп, олардың дәрістерін тыңдаймыз. Кітап оқудан жарыстар ұйымдастырылады. Кітаптан өзімізге ұнаған монологтарды, кейбір шағын кейіпкерлердің диалогын оқимыз. Әсіресе, шешендік сөздерден би-шешендердің ауызша сөйлеу тілін «риторикалық өнерді» үйренеміз. Ауыз әдебиеті үлгілерінен академиялық хат: тезис, эссе, кейс т.б. жазамыз.

«Оқуға құштар мектеп» кітап оқу жобасы аясында өткізілген КВЕСТ ойынынан жеңімпазы болып біздің гимназия 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Келесі додада гимназиямыздың оқушылары «Туған елің Қазақстанды жақсы білесің бе?» атты балалар арасындағы облыстық оқырмандар конкурсында 18 командамен сайысқа түсіп, 3 орынды иеленді. Бұдан басқа, айталық, біздің мектебіміз көптеген пәндерден үлкен нәтижелер көрсетті. Мысалы, қазақ тілі, әдебиеті пәндерінен квест ойындар, лиро-эпостық жырлардан үзінді оқудан олимпиадалар, мөнерлеп, шапшаң оқудан жарыстар және тестік ойындардан жеңімпаз атанды.

Мен өзім де осы іс-шараларға қатысып, оң нәтижелерге жеткеніме қуаныштымын. Біз сыныбымызбен бірге екінші тоқсаннан бастап «Менің атым Қожа» - повесін оқи бастадық. Осы повестен мен, сынып оқушылары өте көптеген мағұлымат алдық. Біз мұғалімдерді, ананды, достықты қадірлеп сыйлаумен бірге жас кезден еңбеккер болу керектігін де түсіндік. Және мен алған білімдеріме, түсінген сабақтарыма әсерленіп арнайы өлең шумақтарын шығардым. Оқып беруге рұқсат етіңіздер:

Қожаның зілсіз қылығын,
Есімізге күліп алайық.
Тентек балалар болады,
Сұлтанды да айтайық.
Өзеннен балық аулаған,
Кішкене баланы алдаған,
Темекі беріп Қожаға

Аттан құлап, аунаған,
Осының бәрі – балалық.
Қожаның асқақ арманы,
Ғарышкер болып атану,
Қожаның да мақсаты,
Бір кірпіш болып қалану.

Енді бір-екі ауыз сөз мен кітап оқуға қалай құштар болдым.

Сол туралы әңгімелеп берейін. Мен мысалы Мөлтек ауданындағы №16 бала-бақшаға бардым. Мені күнделікті атам апарды. Жолдағы кездесетін табиғи құбылысты атам арқылы таныдым десем өтірік емес. Ең алғаш үй мен бала-бақша арасындағы үш аққайын туралы әңгіме мені қызықтырды. Қазір ойласам атам оны ойдан шығарған екен. Қайындар өте әдемі. Менің көңіл күйіме қатты әсер етті. Үйге келгенде де түрлі-түсті кітаптармен алдандырып, қызықтыратын. Кітаптағы суреттердің мазмұнын айтатын. Тіпті, мені 3 жасмынан Абай өлеңдерін жаттауға дағдыландырды. Қазір сол жазылған ұнтаспаларды қарап отырып, қалай бір-бір шумақтарын жаттап алғаным өзім де танданамын. Абайдың жылдың төрт мезгіліне шығарған өлеңдерімен жолдағы аққайындарды үндестіріп, құшақтатып, өлең шумағын өзі оқиды кейін маған да үйрете бастады. Мен әріп танымай тұрып, Абай өлеңдерін есту арқылы жаттадым. Осыдан барып ертегі тыңдауға көштім. Атамның ертегілері мен үшін жазылған хат сияқты есімде мәңгілік сақталып қалды. Соның нәтижесінде 2 сыныптан бастап ертегілерді өзім де оқитын жағдайға жеттім. Маған қатты ұнаған ертегі «Аяз» би етегісі еді. Әрине, мен басында оны аса жақсы түсінген жоқпын.

Адамның жаманы, шөптің жаманы, құстың жаманы – деген сұрау мен үшін түсініксіз болды. Сондағы менің ұққаным «Аяз би» сияқты ертегіні үлкендермен бірге бөлісе отырып, мағынасын терең ұғынуға болатынын ұқтым. Өмірде адамның да, шөптің де, құстың да жаманы болмайтынын «Аяз би» ертегісінен түсіндім. Бала үшін ертегінің қаншалықты маңызы бар екенін мен әбден білемін. Мен ерегілерден кейін одан да мазмұны күрделі бала ұғымына лайықты кітаптарды оқуға талаптандым. Әрине, оған жол сілтегендер мұғалімдер мен ата-анам және апам мен атам екендігі сөзсіз.

Жоғарыда келтірілген бір шумақ өлең сол «Менің атым Қожа» повесін оқығаннан кейін туған еді. Осыдан байқарсыздар мен кітап оқығаннан кейін қалай қорытынды шығаратынымды. Маған Қожа, Сұлтан, Жантас, Жарас т.б. балалардың әрқайсысының

бейнесі ұнады. Әсіресе, Қожаның аспан әлемімен байланыс жасап ғарышкер боламын деген арманы ұнады. Әр образдың өзіндік ерекшеліктері, үйренетін тұстары баршылық. Қожаның оқыған уақыты басқа заман болғанымен, оның балалық қылығы, ой-арманы біздің ой-арманымызбен тұспа-тұс келеді. Қазіргі кезде менде өте көп танымдық энциклопедиялар бар. Мені аспан әлемінен бастап, қоршаған әлемнің пайда болуы, табиғи құбылыстар т.б. ерекше қызықтырады.

Маған аса дарынды, әлемге белгілі музыканттардың, философтардың шығармалары ұнайды. Мүмкін катап оқуға құштарлық деген осы да шығар. Кітапқа құштарлықты ояту үшін үйде кітапхана, кітап бұрышы болуы қрек деп ойлаймын. Қазір кітап оқимын деген оқушығы мүмкіндіктер өте көп: ғаламтор, теледидар, компьютер т.б. Қызықты кітаптардың мазмұны не туралы екенін алдын ала мәлімет алуға да болады. Мысалы мен машинамен ұзақ жолға шаққанда әкемнің «Абай жолы» аудиокітапбын тындап отырамын. Сөйтіп, қазірдің өзінде маған М. Әуезовтың «Абай жолының» біраз жері таныс.

Мен қорытындыны ұзақ қыдып жазғым келмейді. Рим философы Сенека былай деген екен: «Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ф.Ш. Оразбаева, Б.Қ. Қасым, Ж.Қ. Балтабаева, Н.А. Оразахынова., Р.С. Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқулық. Қарағанды 2019 жыл. 423 б.

2 Аяз би. Қазақ ертегісі. Алматы «Жалын» 1984. 32 б.

3 Бердібек Соқпақбаев. Менің атым Қожа. Алматы «Атамұры» 2003. 330 б.

ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫ ЖҮСІПТІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АНУАР А.

оқушы, 9-сынып, Zharkyn Smart School мектебі, Астана қ.

АНАПИНА А. Н.

мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиет пәні, Zharkyn Smart School мектебі, Астана қ.

Әдебиетті оқыту мәселесі бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтпады. Себебі, бүгінгі күнгі жанартылған оқу біліміндегі өзгешеліктер әдебиеттегі де өзгертулерді талап етеді.

«Әдебиет әдістемесі- педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын: объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылымы теориясының жалпы қағида ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін ғана өз шеңберінде алып баяндайды», - деп жазды көрнекті әдіскер-ғалым А.Көшімбаев. Бұдан әдебиет әдістемесі ғылымы мен жалпы педагогика ғылымының өзара байланыста болатынын көреміз. Әдістемеліктің қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге ала отырып, алуан түрге ене алатынын көрнекті педагог Ж.Аймауытұлы айқындап айтқан [1, 55 б.]

Әдебиетті оқыту мәселесі Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақовтың еңбектерінен бастау алып, А.Көшімбаев, Ә.Қасымбеков, Қ.Бітібаева сияқты ғалымдардың зерттеулерінде нақтыланып, Қ.П.Жүсіптің еңбегінде толықтырылып жазылған еді. Бұл аталған зерттеушілер құнды кітаптар қалдырғаны рас, әрбіреуін оқу арқылы өзіне түйер мол дүние алатынын рас.

Мектепте тілді, әдебиетті дұрыс оқыту өте маңызды. Біздің ойымызша, әдебиетті оқытатын әрбір мұғалім Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлының «Әдебиетті оқыту мәселелері» деген ерекше еңбегін оқуы шарт. Себебі, бұл кітапта әдебиетті қалай оқыту керектігінің нақты жолдары берілген.

Әдебиетті оқытатын мұғалімнің әдеби-теориялық білімі өте жоғары болуы тиіс. Ол өлеңді оқып шығып, оның тіліне, сыртқы тұлғасына, құрылысына бірден талдау жасай алатындай дәрежеде болуы керек. Оқушының алдында өлең берілгенде, оны оқып, идеясын анықтап, стилін, жанрын, көркемдеуіш құралдарды бірден айтып бере алса, бұл оның мектептегі мұғалімнің жасаған еңбегі болып табылады. Әрине де, бүгінгі күні жанартылған оқу әдістемесі бойынша әдебиетті өткізудің талаптары өзгеше, алайда, әрбір сөздің мәнін оқытып, теориялық білімін жетілдірсе, бәлкім, әдебиетті сүйер оқушылардың саны өсуі де ықтимал.

Әдебиеттану ғылымынсыз әдебиетші мұғалімдер әдебиетті ғылымның әрі өнердің бір саласы ретінде оқыту мүмкін емес. Бұл пәнді оқытудың күрделілігі де қызықтығы да осында. Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркемсөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

Әдебиет ғылымының үнемі дамуының арқасында әдебиет әдістері жүйеленіп, молайып, қорланып, байып отырады. Мектепте оқылатын әдебиет пәні, қазақ әдебиеті әдебиет тану ғылымына енген теориялар мен әдістер арқылы дамиды. Қазақ әдебиетін оқыту – ғылым ретінде дамуын мына бағытта зерттейді: ғылыми-әдеби эксперимент; жаңартылған сабақтың түрлері; шығармашылықпен оқыту жүйесі; дидактикалық ұстанымдар болып табылады.

Қазіргі жалпы білім беретін қазақ он екі жылдық орта мектептеріндегі әдебиет пәндерінің оқытылу жүйесін толықтай санаға сіңіріп, ойша елестетіп, жақсы игеру үшін, аталған пәндердің өткен ғасырлардағы жүргізілу жайын білу, бағдарлау қажет. Бұл орайда, гуманитарлық жоғары оқу орындарында (ЖОО) «Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту әдістемесі» курсынан дәріс оқып жүрген оқытушылар, ең алдымен, XIX-XX ғасырлардағы әдебиеттік оқу туралы әдістемелік нұсқау, оқулықтар жазған ресейлік әдебиетші-әдіскерлерінің ой-пікірлеріне назар аударғандары жөн болады. Айталық, бұл мәселеге сол он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ қазақ балаларын оқыту ісінде жаңа үлгі әдістерді жасап, ұсынған тұңғыш ұстазәдіскеріміз Ыбырай Алтынсарин жете көңіл бөлген. Оның алғашқы оқу құралы «Қазақ хрестоматиясын» [2, 15 б.] құрастырып, жазу барысында ұстанған бағыты орыс әдіскер-әдебиетшілерінің жұмыстары болғандығы белгілі [3, 8 б.]. Ұлы ағартушыпедагог Ыбырай Алтынсариннің осы бағытын жиырмасыншы ғасырда творчестволықпен дамытып, алға апарушы атақты әдебиеттанушы-әдіскер ғұламамыз Ахмет Байтұрсынов болды. Оның жаңаша жазылған, тың тұрпатты әдеби әдістемелік, теориялық еңбектері [4, 21 б.] бүгінде баршаға мәлім. Олардың мұндай жаңа заман талабына сай құрастырылған, жазылған бұл оқу құралдарының үлгі-өнегесі, мән-маңызы бүгіндері күнненкүнге артып келеді. Осы орайда аңдап қарасақ, Ы. Алтынсарин және А. Байтұрсынов сынды білімпаздарымыз өздеріне дейінгі, өздерімен тұстас, қанаттас өмір сүрген орыс әдебиетші сыншыларының,

әдіскер-оқытушыларының еңбектерімен дер уағында танысып, өздерінің кәдесіне жаратып отырған.

Қазіргі қазақстандық мектепте әдебиетті оқытуды түсінуге арналған материалдарды талдау кезінде орыс әдебиеті сабақтарының жағдайы үшін аландаушылықтың толық болмау фактісі назар аударарды. Әдебиеттерді оқуға бөлінген сағаттарды азайту (аптасына 2 сағат) және зерттелген жұмыстар көлемінің тез артуы мұғалімді қатаң таңдау жағдайына қояды. Әрине де, кез келген оқушыға әдебиетті «білуге» үйретуге болады, яғни әдебиетке қатысты фактілерді механикалық түрде жаттатуға болады. Әрине, жазушының өмірбаянын, шығарманың құрылу және жұмыс істеу тарихын, сондай-ақ жұмыстың негізгі оқиғаларын білу маңызды. Бүгінгі таңда кеңестік филолог Г. А. Гуковскийдің сөздері таңқаларлықтай өзекті. Ол 1947 жылы «Мектептегі әдеби шығарманы зерттеу» кітабында: «Әрине, студенттер орта мектептен орыс әдебиетінің негізгі шығармаларын «сыртқы» білімді де шығаруы керек, бірақ бастысы бұл емес, әдебиет арқылы олар өткенді терең түсінуге үйренеді. Бұл дегеніміз, біз оларды оқуға үйретуіміз керек, яғни мектеп бағдарламасына енгізілген шығармаларды ғана емес, жалпы барлық жұмыстарды, соның ішінде біздің оқушыларымыз бес, он, отыз жылдан кейін оқитын, көп нәрсені түсініп үйренуі керек» [5, 223 б.].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымына елеулі еңбек сіңіріп, өзіндік ой-пікір, ғылыми тұжырымдарымен әдістеме тарихынан орын алған әдістемеші, ғалым Қ.П.Жүсіптің еңбектеріне, әдістеме ғылымына қатысты көтерген мәселелерге тоқталғмыз келеді. Ол әдістеме саласында алпысыншы жылдардың соңынан бері жүйелі әрі табанды түрде ғылыми зерттеу жүргізіп келеді.

Өзіндік дамыту, топтық оқыту, дамыта оқыту, жобалау т.б. педагогикалық технологиялар мен оқушының өзіндік әрекетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер баланы өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, шығармашылық тұрғыдан дамуына әкеледі. Қ.П.Жүсіп ұсынған әдіс-тәсілдер осы мақсаттарды шешуге бағытталған.

Оның «Әдебиетті оқыту мәселесі» еңбегі «Өлең оқыту ерекшеліктері», «Мектепте эпостық шығарманы оқыту», «Көркем шығарма тілін таныту» деген үш бөлімнен тұрады. Бұл мектеп мұғалімдеріне арналған үлкен көлемді еңбек әрі көмекші құрал. «Әдебиетті оқыту мәселесі», «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» сияқты қомақты еңбектері жарық көрді. Кітаптарда Қ.П.Жүсіптің

көп жылдан бергі ізденістері жинақталып берілген. Автордың мақалалары 1983 – 2009 жылдары республикалық журналдарда үзбей басылып келді.

«Әдебиетті оқыту мәселесі» еңбегінің бірінші бөлімі: Өлең оқыту мәселелері, лирикалық шығарманы оқыту ерекшелігі, 5-6 сыныптарда өлең оқыту, 7-8 сыныптарда өлең оқыту, 9-11 сыныптарда өлең оқыту, М.Жұмабаев өлеңдерін оқыту, С.Сейфуллин өлеңдерін оқыту, өлең сырын ашу, оқушы ізденсін десеніз, мектеп оқулығы және Мәшһүр Жүсіп деген бөлімдерден құрылған.

Кез келген авторды, өлеңді талдау мұғалімнің оқушыларға қоятын сауалдары мен олардың жауап беретін ықтимал жауаптары арқылы талданады. Троп түрлері, сөздің мағынасын тану, ажырату сияқты ойлар негізінде жасалған.

Екінші бөлім мектепте эпостық шығарманы оқыту деп аталады. Ішінде: Оқушының іздену мәселелері, М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастанын оқыту, С.Торайғыровтың «Кім жазықты» романын оқыту, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқыту, С.Сейфуллиннің «Көкшетау» дастанын оқыту, С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» дастанын оқыту, І.Жансүгіровтың «Құлагер» дастанын оқыту деп бөлінеді.

Үшінші бөлім: «Абай жолы» тілін оқыту (I, II нұсқа), көріктеуіште мәніс көп, «Көп» ұғымында мәніс көп, Сөз маржаны, Сөз – қазына, Қазақ тілінің басқа тілдермен байланысы, көркем әдебиет тілінен мысал теруге басшылық, дағдылы балама және жаңалық мәселесі болып бөлінеді.

Барлық бөлімдер ықтимал сұрақтар, ықтимал жауаптар арқылы іске асады.

Қ.Жүсіп әдістемесіне үңілсек, тек өлең көркемдігіне үңіліп қана қоймайды. Ондағы білім алушыларға құрастырылған сауалдар әр өлеңнің ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Өлеңнің тақырыптық-идеялық ерекшелігі, лирикалық қаһарман көзімен берілген табиғаттағы көркемдік, автор назар аудартқысы келген қимыл, кейіпкерлер көңіл-күйі т.б. назардан тыс қалмайды. Тіпті ақындық ерекше сөз қолданыс та қамтылады. Мәселен, Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде тіршілік салтанатына, әсем қозғалысқа, дыбыс ерекшелігіне, адамдардың көңіл-күйіне, жарасымды қимыл-қозғалысқа назар аудартып барып, соларды ашатын сөздермен жұмыс жасауды ұсынады. Содан кейін ғана өлең көркемдігін, яғни, троп, фигура түрлерін ашуға кірістіреді. Жоғарыда бүгінгі күнгі

жаңартылған бағдарлама бойынша троп түрлерін ажырата алу да үлкен жетістік.

«Мектепте әдебиетті оқыту - өте жауапты іс» деп айтылғандай, бұл еңбекте сабақты дұрыс қалай өткізудің жолдары берілген [6, 3 б.].

Қ.П.Жүсіп әдістемесіне, әсіресе, лирикалық шығармалар мен дастандарды оқытуға шолу жасай, мән бере отырып, мына нәрселерге көз жеткіздік: барлық шығармалар жан-жақты толық талданады, яғни, оқушы теориялық білім мен тәрбиелік үлкен мектептен өтеді; Топпен де жеке де жұмыс жасауын үйренеді; т.б. Сонымен қоса, әдебиетті оқуға деген құштарлық пен қызығушылық оянады.

Қ.П.Жүсіп әдістемесі мен қазақ әдебиетін оқытудағы ерекшеліктерден көп нәрсені игеруге болады. Әрбір мұғалім бұл еңбектен мол дүниені алып, сабақтардың әдістемесіне қосса нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттың әдебиетін ұлықтау, екіншіден, болашаққа жанашырлықпен қарау - кез келген мұғалімнің бойынан табыла бермейтін қасиет. Заманның да, мектеп бағдарламасының да бір орында тұрмасы анық. Солай бола тұра, бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытылатын шығармаларды Қ.П.Жүсіп әдістемесіне заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қосса сабаққа деген қызығушылық өсер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
- 2 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 5 Гуковский Г.А. Изучение литературного произведения в школе. Тула: Автограф. 2000. – 223 б.
- 6 Жүсіп Қ.П. Әдебиетті оқыту мәселелері. – Павлодар: «Brand Print», 2011. – 466 б.

ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ЫҢҒАЙБЕК Ж.

оқушы, 9-сынып, химия-биологиялық бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

АХМЕТЖАНОВА Н. Қ.

жетекші, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, химия-биологиялық

бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі заманның қыздары бұрыннан қалыптасқан өзге ұлттан ерекшелеп тұратын инабатты, сыпайы кейпінен айнып, жаңа заманның «ауруларына» шалдығып, қазақ қызының жанына жат шылым шегіп, ішікдікке әуес болғанын, аузынан шығатыны дөрекі сөздер, тіпті, кейбіреулері ерте тұрмыс құруға асығып, соңынан бармағын тістеп, опық жеп, жататындары қаншама. Ал бұлардың түбі – тәрбиеде жатыр. Сондықтан ұлттық құндылығымыды бойға сіңірген әрі заман талабына сай тәрбиелеп шығу үшін қыз бала туралы мақал мәтелдерді қайта жаңғырту арқылы оны заманауи тәрбиемен үйлестіру арқылы қоғамдағы қыз тәрбиесі деп аталатын мәселеге жауап ізделді. Қоғамдағы қыз бала тәрбиесінің әлсіреп бара жатқанынан осы мәселе өзекті етіп алынды.

Бүгінгі жаһанданған дәуірде бала тәрбиесіне көңіл бөлу өте өзекті боп отыр, өйткені қазіргі ұрпақ өте сезімтал, еліккіш, тыйымға көнбей, «өзім білемге» салынып бара жатқаны өтірік емес. Не істеу керек? Тығырықтан шығудың бірден-бір жолы ата-бабамыздан келе жатқан асыл сөздер, мақал-мәтелдерді тәрбие беруде қолдану арқылы мұны жөнге қоюға болар еді. Мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде қолданбағандықтан, оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығын түйсінбегендіктен болып отыр, себебі көп ата-аналарымыз балаларына тәрбие беру бағытында мақалдарды сөздік қорында қолдану аясы тарылып, мәнін терең ашып түсіне бермеуінде.

Қыз балаға тәрбие беруде қазақ мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәнін ашу, олардың қолдану аясын анықтау және кеңейту, халқымыздың баға жетпес асыл құндылықтарымызды қыз балалар мен аналар арасында дәріптеу, маңыздылығын түсіну мақсаты қойылды. Зерттеу барысында сауалнама жүргізу, сұхбат, әңгімелесу, зерттеу жүргізу, түсіндірме және мағынасына терең талдау жүргізу, әдебиеттермен жұмыс түрлері жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығына - ұлттық құндылығымыз болып саналатын мақал-мәтелдерді қайта жаңғырту арқылы ұлттық сананы оята отырып, қоғамдағы қыз бала тәрбиесін насихаттау, техника тілі арқылы жаңғырту жатады.

Қазақ халқының қыз баланы қадірлеуі мен тәрбиелеуі

Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен өрісін кенейтер қыз балаға айырықша көңіл бөлген. Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тыйым» жасайды.

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты.

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? [1].

Осы жерде «Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын» деген тармақта қыз баланың шаш өріміне, жүрісінің өзіне үлкен мән бергенін байқауға болады. Шашқа тағатын әшекей сыйлағанда айтылатын: «Шашың ұзын әрі қалың болсын!» деген сөздің түп-төркінінен шаштың қалыңдығы мен ұзындығы қыз сұлулығының маңызды бір белгісі болып саналғанын байқауға болады. Менің ойымша, ең басты маңыздарының бірі – рухани тәрбие құралы деп қабылдау қажет. Аяғын әрпіл-тәрпіл басатын қыздың шолпысы қатты сылдырлап, оның сол шулы жүрісін әбестік санап, үлкендер дер кезінде тыйып отырған, бойжеткен амалсыздан аяғын санап басып, әсем жүруге дағдыланған. Екіншіден, үй сыртынан сәл ғана сылдыр естілсе, үйде отырған үлкендер, әсіресе ер адамдар қатты даусын, дөрекі әңгімелерін тоқтатып, бойларын жиып алатын болған. Өйткені болашақ әйел, ұлттың анасы ретінде қыз бала ешбір жаман сөз естімеуін, дөрекілікті көрмей өсуін қатаң қадағалаған... Міне, тәрбиенің көзі қайда жатыр?!...

Қыздарының белі бесіктен шықпай жатып, ашық-шашық киіндіріп, сән қудырып, мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ сәнқой болып шыға келеді.

- Осылай өсірген қыздарымыз, ертеңгі күні қандай ана болмақ? Дегенмен көптеген қыздар өздеріне сән етіп, осы кіндік тұсын ашып жүруді сәнге айналдырған. Сонымен қатар, ішімдік ішіп, шылым шегуі – бұл үлкен қасірет.

- Сонымен қатар, бүгінгі таңда заман өзгерді ме, әлде адам өзгерді ме?

Мәдениеттің бәрі киімнен басталады деп, айтарымызды сәнге бұрсақ. Заманның сұранысы деп бір кездері шетелден сан түрлі сәнді киімдер жетсе, ішінде ұлтты аздыруға әрісі ұрпақсыз қалдыруға киім үлгілері бірге келеді. Белі жоқ шалбар, қысқа юбка, бір қарыс кофта. Бұл дегенің біреулерге байлықтың астында қалуға мүмкіндік берген шығар, ал бізге ше? Ағамыздың алдында мазақ, жұрттың алдында күлкі, ана мен әкені жерге қаратқаннан басқа қайраны болмады.

- Жалаңаш денемен біз кімді таңғалдырмақпыз?

- Ашық жеңсіз жейделер мен қысқа юбкалар қыздардың абыройын қалай сақтамақ?

Қазіргі қыздар, бұрымды шашын жұлынды шашқа айналдырған. Қиылған қара қастары көріксіз күйге енген.

Қыз баланы тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің ерекшелігі

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы – баршамыз үшін құнды дүние. Елбасымыз жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе, тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, 6 бірдей жобаны ұсынып отыр. Елбасының бұл мақаласы - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы.[2] Оқиғалар мен тұлғаларды уақыт тізбегі бойынша бір жүйеге келтіру – тарихымыздың нағыз жетіспей тұрған тұсы – дейді мамандар. Иә, сол Ұлы даланың жеті қырының бірі бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Мысалы, Халқымыз «қыз - қонақ» деген мәтелінде үлкен мән жатыр, яғни, қыз балаға төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы, бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген.

Қыз – ел, ауыл еркесі, үлпілдеген үкісі, алақандағы аяулысы, басқа елдің болашақ келіні, анасы. «Қыз – өріс, қыз – қонақ», - деп, туған туыстары оларды аялап, мәпелеп өсірген. Қызға қатты сөз айтылмауға тиіс. «Кім де кім үш қыз өсіріп, тәрбиелеп, бойжеткізіп, құтты орнына қондырса, оның сыйлығы – жаннат», - деген Мұхамбет пайғамбар [3].

Бұрым бойынша қыз туғанда «көйлек тігер», «қырық жеті» деп түспалдап атаған. Бұрынғы заманда ата-аналары, жеңгелері, апалары мен жанашырлары қызды көзден таса қылмаған, қазіргідей тым еркін жібермеген, әдеп жолынан аттаттырмаған. «Қызға қырық үйден тыю, қала берді есіктегі қара құлдан тыю, күл шығарып, от жаққан күннен де тыю» деген аталы сөз, желкілдеп өскен қыр

гүлдеріне көрсетілген қысым да емес, зорлық-зомбылық та емес. Керісінше, қыр гүлдері пәк күйінде құлпырып өссін, жаманаттан аулақ болсын дегені. Себебі қыздар – біздің келешегіміз, болашақ аналарымыз.

Қорыта келе, Төле бидің мына сөзін зерделегім келеді. «Асыл пышақ қын түбінде жатпайды » деген. «Келінім ақылды болса, балам дана болады. Ердің бақыты – әйел. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін – әйел» деген екен. Қыз бала жайлы халқымызда мақал-мәтелдер де жетерлік. Мұндай мақалдарды қыз бала тәрбиесінде орынды қолдана білу аналарымыздың даналығын көрсетеді. [4]

Қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің мағынасы

Қыз – әдемілік пен іңкәрлік символы. Жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы.

Демек, «не нәрсе ұятты болса, сол асыл» деген екен Ғабиден Мұстафин. «Қазақта «ұят болады» деген ұғым, түсінік болған. Басқа өзге бір ұлтта жоқ. Қазақ баласын жасынан кешегі күнге дейін сол «ұят боладымен» тәрбиелеп келді. Сондықтан ибалы, инабатты, арлы, ұятты болып ержетті. Бүгін сол халықтың «ұят боладысы» кеміп, «онда тұрған дәнеме жоғы» көбейді. Соның салдары көргенсіздікке әкеліп соқты.

Олай болса, ұрпақ тәрбиесіне халықтық педагогика мен ұлттық психология көмектеседі. [4]

Ата-бабамыздың салт-дәстүрін қыз бала тәрбиесіне пайдалана білсек, тәрбие көрген қазақ қыздары ерлерін пір тұтып, оның ата-анасы мен бауырларын құрметтеп, үлкеннің алдын кесіп өтпей сыйлап, қадірлейтін болады. Бұндай әйелдерді ер-азаматтар да қатты құрмет тұтады.

«Қызға қырық үйден тыйым» дегенді біз әлі де дұрыс түсінбей келе жатқан сияқтымыз. Бұлай деуім тыйым салып, ештеңеден хабарсыз, мақау болсын деген сөзім емес. Мәселен, байырғы қазақы отбасында ер балаларды ертеңгі мұрагер санағанымен, қыз балаларды олардан әсте кем көрмеген. Көп жағдайда қыз бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлініп, ата-аналар тіпті ұлдарынан гөрі қыздарын ерекше жақсы көріп, еркелетіп, еркін өсірген.

«Күн батқан соң, қызды су әкелуге жұмсама», «қызға құрық ұстатсаң да, малыңның күзетіне қойма», «қызы көптің уайымы көп» деген сияқты ұғымдар, түштеп келгенде, о бастан нәзік, көркем

жаратылған ұрпақты әр түрлі аңдушылардан, зорлықшыдан, қаңқудан, жаладан қорғап, сақтап қалу ниетінен туғаны анық.

Иә, қазіргі таңдағы ұрпақ тәрбиесінде, оның ішінде қыз бала тәрбиесінде біраз күрделі мәселелердің күн тәртібіне шыққаны рас. Оны мына бір мақалдан-ақ байқауға болады: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген мақал.

Біз енді ұлымыз бен қызымыздың тәрбиесін ойлайтын болсақ, отбасы тәрбиесіне көбірек көңіл аударуымыз керек. Ал отбасынан бұлақ сияқты таза тәрбие алып шыққан қыздарымыздан таза ұрпақ жайылатыны белгілі. [3]

«Қызыңды дұрыстағаның – ізінді дұрыстағаның» дейді.

Қыздың ең үлкен жауһары, ең көркем әшекейі және оны безендіретін - оның ар-ұяты. Қыздың ар-ұяты – баға жетпес байлық. Қыздың ұяты ұлттан бөлінбейтін бөлшек ретінде келе жатыр. Осының бәріне жауапты қыздың өзі емес, оған жауапты ер-азаматтар, үлкендер. Шаңырағында құрмет көрген қыз, ертең құрметті анаға айналатын болған. Әже тәрбиесі үзіліп қалып, тамырымызды үзіп алған жайымыз бар. Олай дейтіміз, қазіргі аналардың аузында былапыт сөздерден басқа нені естиміз? Ал бұрынғы әжелеріміз, аналарымыз: «Тұқымың өскір, көбейгір, көп болғыр, намысы молайғыр» т.с.с. сөздермен ұрысқан. Бұл сөздерден қарғыстан гөрі тілектер басым

«Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ілігер» осы мақалдың астарында үлкен ой жатқандай. Бұл сөзді естігенде, сіз не жайында ойланасыз? Мысалы, (пирсинг, кіндік жалаңаштау, темекі шегу, ертежүктілік т.б.) сүйкімсіз қылықты қыздар жайлы, оларды қалай тоқтатса деп ойлайсыздар ма? Қазір кейбір қазақ қыздарының жүріс-тұрысы мен киім киісін, өзін-өзі ұстауы мен үлкен-кішіге қарым-қатынасын көргенде көңілің құлазиды, шарап ішіп, шылым шегіп, түнгі клубтардың есігін баққанын естігенде, жаның түршігеді. Опасыз қылықтарының салдарынан қыздар жүкті болып қалады да, жасанды түсік жасатып немесе өмірге келген бейкүнә шарананы кез келген жерде қалдырып, аналық құқығынан айырылып жатады. Батысқа еліктеуден туындаған сондай сұмдықтар біздің салт-санамызға кері әсерін тигізіп отырғаны мәлім. Міне, қоғамды тәрбиелейтін кейбір қыздарымыздың бүгінгі келбеті осындай екені – ащы да болса ақиқат. Сондықтан, тәрбиені тал бесіктен емес, құрсақтан бастау керек. Қазақта «жатыры оңбай, бала оңбайды» деген сөз бар, ұрпағының текті болғанын қалаған бабаларымыз текті жердің қызын алуға ұмтылған. Қыз баланың

тәрбиесін ұлттың тәрбиесі деп қарамасақ, келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болатыны екіұдай...

Бүгінгі бойжеткен – ертеңгі жар, ұрпағымыздың анасы, тәрбиенің бастау бұлағы, ұлағаттың қайнар көзі. Сондықтан, қыздар түзелмей, ұлт түзелмейді. Ол үшін әрбір ер азамат қызға өз қарындасындай қарап, әр әйелді анасындай қадірлеу керек.

Әдет – ғұрып, салт – дәстүрі қазақтың,

Жарасымды, үйлесімді, ғажап шын.

Ұмыт болған дәстүрлерді сақтайық,

Насихаттап, жаңартудан қашпайық. . [4]

Қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің қазіргі күндегі қолданысына сараптама

Қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің қазіргі күндегі қолданысына сараптама жүргізу барысында ата-аналарға, мектептегі «Қызғалдақ» қыздар тобымен сауалнама жүргізіп, қыз бала тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің мағынасын ашып түсіндіру барысында жұмыс жасадық.

Қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің мағынасын ашу мақсатында ата-аналарға, 7-12 сыныптарға арналған арнайы сауалнама құрастырылды. Сауалнамаға мектептің 130 оқушысы мен 50 шақты ата-ана қатысты.

Сауалнамада қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің мағынасын ашуға дайындалған сұрақтар берілді.

Сауалнаманың қорытындысы бойынша оқушылар мақал-мәтелдерді көбінесе мектепте, арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда, тіл сабақтарында пайдаланатынын, үйде ата-аналармен қарым-қатынас жасау барысында қолданбайтынын жеткізеді. Ал ата-аналар қыз бала тәрбиесіндегі кейбір мақал-мәтелдердің мағынасын түсінбегендіктерін айтып, көмек сұрайды. Мағынасын түсінбегендіктен, тәрбиеде мәселе туындайтыны белгілі. Сондықтан да мәселеленің бүгін таңдағы өзектілігін тағы айқын дәлелі боп отыр.

«Қыз еркелеп ұл болмас»

«Еркелеп ұл болмас» деген – қызды ұлдарша тәрбиелеу дұрыс емес екендігін айтады. Қызды ұлмен шатастыруға болмайды. Оларды ауыр жұмыстарға салу, ер балалар айналысатын әрекеттерге итермелеуге болмайтындығын ескеру керектігіне назар аудару.

Сондай-ақ, сауалнама ата-аналардың мақалдардың мағынасын қаншалықты білу қабілетін анықтап, күнделікті бала тәрбиесінде қаншалықты қолданатынын түсінуге көмектесті. Өкінішке орай,

бүгінгі таңда қыз бала туралы мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша, мағынасын түсіну барысында ата-аналардың олқылықтары байқалды. Осыған байланысты әр бағытта жоспарланған іс-шаралар ғана ұйымдастырылады. Алайда мұның барлығы әлі де жеткіліксіз. Себебі ата-аналарымыз қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдерді күнделікті сөз қолданыстарында пайдалана білсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Қыз бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдерді насихаттау жолдары

Қыз бала тәрбиесінде қолданылатын мақал-мәтелдерді насихаттау керек. Ал оны қалай насихаттап, есімізде сақтаймыз деген сұрақтар мені де алаңдатты. Ал мен олардың шешімін тапқандаймын.

Күнделікті үстімізге киіп жүретін киімдерге мақал-мәтелдерді жазып, сатылымға жіберу керек деп ойлаймын. Оюмен үйлестіре тәрбие қатысты мағынасы терең мақалдарды жазып қоюдың еш әбестігі жоқ сияқты. Керісінше, сатушылардың да, тұтынушылардың да ол мақалдардың есінде қалып, оның мағынасын түсініп, күнделікті бала тәрбиесінде қолдануы арта түсетіні сөзсіз. (Сурет-1)



Сурет 1

Суреттегідей қазақы нақыштағы футболкаларға қыз балаларға арналған мақал – мәтелдерді жазу арқылы насихаттай аламыз.

Әлеуметтік желіде «Қызға қырық үйден тыю» атты интернеттен парақша ашып, насихаттау <http://kyzeldinkorki.tilda.ws/kyzbalasy>

Тарихымыздың рухани беттерін парактасак, қыздар мен әйелдер, жалпы аналар туралы толғанбаған тұлғалар жоқтың қасы. Бұған қоса жүрек тербеп, сезім шалқытар халық әндеріне, терең мағыналы мақал-мәтелдерге көңіл аударсақ, нәзік жандыларға арналған тәрбиелік толғамдар да жетерлік.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар аңсаған тәуелсіздігімізді алып, әлемдік қауымдастыққа қазақ деген халықтың қандай екенін

танытатын мүмкіндік туған кезеңде өзгенің қаңсығын таңсық көрмей, ұлтымызға төн, өзгелер қызыға қарайтын құндылықтарды жанғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді. Ал қазір, өкінішке орай, асылы мен жасығы араласып, сел болып жатқан ақпараттар ағыны ұрпақты баурап, «тәрбиелейтін» құралға айналғаны анық.

Жаңа ғасырдағы жаңалықты қабылдағанның жөні осы деп, шетелдік немесе ғаламтордан көрген керексіз дүниелерді қабылдағаннан ұтпаймыз. Көргеннің көзін сүріндіретін ашық-шашық киінуден аулақ болып, заман ағымынан қалмай, жарасымды киініп, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалығын сақтағаннан адамның бағасы арта түспесе кемімейді. Өзінің ана тілін білмейтін, оны қадірлемейтін қыздар ұлтжанды ұрпақты өмірге әкеле алмайды. Себебі, ана тілін білмеген адам, ұлтының салтынан да, дәстүрінен де хабарсыз болары айқын. [5]

Қорытындылай келе жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, қыз баланы тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің мәнін терең түсініп, санасына сіңіру қай кездегіден де зәру, өткір, кезек күттірмейтін міндет болып тұрғаны баршамамызға аян. Қазіргі сәтте қыз баланы тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің ерекшелігі өте зор, қыз баланы, келінді тәрбиелеудегі мақалдардың астында қаншама тәрбие жатқандығын жобаны зерттеу барысында білдім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абдулдина Б.Ш. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі көркемдік ойдың құрылымы. Алматы, 2001 ж.
- 2 Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, 21 қараша, 2018 ж
- 3 Ахметбекова Р. Мақал-мәтел даналыққа бастайды. // Қазақстан мектебі// 2000 ж., №9
- 4 Абдулдина Б. Қазақ мақал-мәтелдерін құрылымдық тұрғыдан зерттеу мәселелері. //Қазақ тілі мен әдебиеті// 2004 ж., №4
- 5 Әшенұлы А. Мақал-мәтелдердің семантикалық құрылысы. //Қазақ тілі мен әдебиеті// 2005 ж., №1
- 6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. //Ана тілі// 2001 ж.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

ТУРЛЫМБЕТ Ш.,
СЕЛЕНКАНОВА А., МЕЙРАШЕВА Т.
оқушылар, 10 «В» сынып, Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM school мектеп-лицейі, Астана қ.
БИМБЕТОВА З. А.
п.ғ. магистрі, ғылыми жетекші,
мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM school мектеп-лицейі, Астана қ.

Әр ұлттың кемел келешегі білімді, саналы ұрпағына байланысты. Парасатты ұрпақ ұлттың тағдыры, жарқын болашағы болатынына сенеді. Сенім – ұлттық құндылық негізінде жаңашыл ойлай алатын, ұлттық идеологияны насихаттайтын және сол бағытта ауқымды шаралар жасап, білімде өзіндік орнын айқындайтын отансүйгіш ұрпақ қалыптастыру. Сондықтан мақалаға өзек етіп алып отырған Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы ұлттық рух пен өшпес өжеттік беретін дүние.

Бұл мақаланың өзектілігі сонда «Құлагер» поэмасының өзегінен қазіргі жастардың рухани өсуіне аса қажетті құндылықтарды айқындап зерделеу, жаңаша ұлттық идеологияның іргесін қалауға кірпіш қалай алу.

Қазіргі жастар - Тәуелсіз елдің болашағы. Жырдағы Құлагер мен қазіргі Құлагерлердің ерекшелігін айқындауда қоғам үшін ықпалын саралап көрейік.

«Құлагер» - біз үшін жай ғана дастан емес. Құлагер күллі Қазақ елін дүр сілкіндірер үн, оның тауы мен тасын, өзені мен көлін, орманын, ескен желін, күркіреген көгін, жарқ-жүрқ еткен найзағайын, нөсері, бораны мен жазын, қуанышы мен қайғысын қамтитын тарихи туынды. Поэма қазақ әдебиетінің алтын қорына занды түрде енген қазына.

Поэманың қолжазба нұсқасы жоғалып кетті. Тек Сапарғали Бегалиннің жастығында 20 жыл жасырын тігіліп сақталған «Социалистік Қазақстан» газетінің тандаулы бір ғана нөмірін ақын ақталған соң ғана Илиястың отбасына әкеп табыстайды. Міне, ширек ғасырға жуық құпия түрде сақталған аманат. Илиястың жас күнінде өлең жазуына шабыт сыйлаған Абай шығармалары десек, 1934 жылы Кеңес жазушыларының I съезінде «Құлагер» сынды поэманы жазуға бағыт берген Максим Горький болатын. Ал қазақты әлемге

танытқан «Абай жолын» жазуға Мұхтар Әуезовке шабыт берген осы Илиястың «Құлагері» екенін біріміз білсек, біріміз бейхабармыз.

[И. Жансүгіров. Құлагер: поэмалар мен өлеңдер/И. Жансүгіров – Алматы: «Жазушы», 1974-552 б.] Демек, біздің айтқалы отырған Илиястың «Құлагері» оңай дүние еместігін танытады.

Ендеше Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының қазақ әдебиетіндегі орны қандай?

XX ғасырды өз «Құлагерімен» селт еткізген Илияс Жансүгіров шебер прозаик, сатирик, драматург, қабілетті аудармашы еді. Ол өзінің ерекше туындыларымен қазақ әдебиетінде көркемдік тәсіл мен астарлы ойдың сүбелі сыбағасын жасай алды. Илияс - реалист қаламгер. Шығармалары қазақ әдебиетінде сөз байлығымен, мәдениетімен, ұлттық құндылығымен оқырман қауымға танымал.

Илияс өз білімін үздіксіз жетілдіру үстінде өмірдің сан саласында қызмет атқарады. Оның шығармашылығының өнімді тұсы 1923 жылдан басталады. 1924 жылға дейін ақын 50-ден аса шығарманың авторы атанады. Бұл да болса қазақ әдебиетінің Илияс туындыларымен толыққан кезеңі дер едік. Қаламгер жазған сайын шыңдала түсті, ұшталды, нағыз дүлдүл тұлпар денгейіне жетті. 1937 жылы жазықсыз қамалып, 1938 жылы 26 ақпанда атылды. 1957 жылы жазығы жоқ екені дәлелденіп ақталады.

[https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_poet_ilias_sayat_zhansugirov/2022088.html]

Ғалым Тұрсын Сыдықов: «Сөзден дауыл тұрғызып, нажағай ойнататын ақын Жансүгіров ән мен күй десе ішкен асын жерге қоятын эстетик болыпты. ... бұл екі өнерді меңгерумен қоймай, насихаттау ісіне бар күшін салады. ... Осы эстетикалық екпін бағыт-бағдарын, мәдени өресінің биіктігін «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмаларында жетілдіріп, дамытады, өнерді өнер тілімен жырлаудың шыңына жеткізеді», - десе, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов: «... осы үш поэма («Дала», «Күйші», «Құлагер») тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапалы туындысы болып табылады. Бұлардағы дүниенің көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүниетану қалпы ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас, барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады», - деп тамсана айтса, біз «Құлагер» поэмасының сюжеті мен мәні арқылы өз заманымызға лайықты мотивациялық серпілісті тани алдық [99].

«... М. Әуезов поэманы кемеңгерлікпен дәл көрсеткенін ескеріп отырмын. ... оқушы «Құлагерді» өзі оқып шығатын, сөйтіп

көркемдік дариясына емін-еркін мейірі қанғанша сусындайтын шығар деп ойлаймын», - деп ғалым Тұрсынбек Кәкішев өз еңбегінде нақты баға берді [43]. Ал біз – оқушы, расында, «Құлагерді» оқығанда мейіріміміз қанып сусындадық, ішінен жаңа леп, жаңа тыныс, жаңа серпіліс таптық.

1936 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне ақынның «Құлагер» поэмасы жарияланады. Осы туындысы ақынның шоқтығы ең биік, көркем де керемет шабытпен жазылған ең соңғы шығармасы болды.

Құлагер» поэмасына негіз болған Ақан серінің жүйріктігіне еш тұлпар ілесе алмайды. Ол бабындағы жануар. Сағынайдың асына Ақан алып келген Құлагерді алғаш көрген адамдар ойқы-шойқы бітіммен, салпы ерінімен, салбыр тірсегімен қойшыға лайықты ат, соғымға союға жарайтын жануар екендігін айтып жаратпағанда, Күреңбай сыншы ғана көрегендік жасап, осы аста бағы жанатын тұлпар екендігін ескертті. Ол рас болды. Бәйгеге 1300 тұлпар қосылады да, ішінен оза шауып келе жатқан Құлагерге Батыраш пен Қотыраш Жыланды өзегінде қастандық жасайды. Ал енді Илияс поэмада бәйгеге алдына еш жүйрік салмай желдірткен Құлагердің шабысын, ұшқан құстың өзін жеткізбейтін жылдамдығын аса шебер суреттейді. Сонда көз алдымызда желмен жарысып, еркін ескен Құлагерді нағыз еркіндіктің символы дерсіз. Осы эпизодты оқып отырып, қазіргі балалықтан гөрі даналықты серік еткен жастардың еркіндігіне ассоциация жасадық. Міне, идея осылай туындады.

Құлагерсіз Ақан үшін өмірі мәнсіз еді. Сондағы Ақанның Құлагерді жоқтауы ішкі психологиялық ахуал деңгейін танытатыны анық. Жаралы жануар тек көз жанары арқылы ғана өз иесімен тілдеседі. Көзінен аққан жас еркіндігін қимай кетіп бара жатқан жас іспетті. Жан азабынан шыққан жас сияқты. Батыраш арқылы іштарлық пен жауыздықты танытады. Тек Құлагерге жасалған қастандық қиянат болды. Құлагермен қоса Ақанның ғұмыры да, рухы да сөнгендей.

Жеме-жемге келгенде сол «Құлагерді» жандайшаптардың қолынан тартып алған Сапарғали Бегалин Илияс Жансүгіров туралы: «І. Жансүгіров – ірі талантты ақын. Оның қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Поэзияда өзінше үні, айрықша қуаты бар ақын» деген болатын. [https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_poet_iliias_sayat_zhansugirov/2022088.html]

Илиястар заманында Қазақстан үкіметін басқарған Л. Мирзоянның Сталинге жолдаған құпия хаты жарияланып,

көпшіліктің талқысына түсті. 1937 жылдың 2 желтоқсанында «аса құпия» деген таңбамен жолданған хатта «қоғамға жат элементтерді тазалау үшін» 1600 адамды атуға лимит сұрағаны – тарихтың бетіне жазылған, мәңгілік ұмытылмас қасірет. Қазақ халқы үшін Мирзоянның бұнысы шегінен шыққан зұлымдық. Сол хаттан кейін 1938 жылдың ішінде қазақ интеллигенцияның зиялы лектегі тұлғалары сотталған, атылған. Бұл топтың бел ортасында Илияс Жансүгіров те бар. «1957 жылы 12 көкекте Совет Одағының Жоғарғы Соты әскери коллегиясы берген анықтама қағазы Илияс

Жансүгіровтің 1938 жылы 26 ақпан айында қаза болғандығын» растайтын деректі нақты деп қабылдаймыз да, илиястанушы ғалым М. Иманғазиновтың зерттеулеріне сүйенеміз.

Илияс 1938 жылы атылса, поэма 1936 жылы жазылды. Демек, Илиястың Құлагері өз заманындағы Илияс сынды ұлт үшін қызмет еткен ұлы тұлғалар емес пе екен деген тұжырым жасаймыз. Міржақыптар «Оян, қазағы!» үшін мерт болса, Илияс еркіндікті, тәуелсіздікті, егеменді ел болуды аңсаған «Құлагерімен» мерт болды деп санауға болады.

Ғалым Мұхаметжан Қаратаев былай дейді: «Илияс Жансүгіровтің жазушылық қызметі 1937 жылы үзіліс тапты. Үзіліс алдында оның жазып үлгергені – «Құлагер» поэмасын кітап етіп шығаруға әзірлеген толық, кемелді нұсқасы еді. Газет нұсқасы бойынша әдебиет ортасы поэмаға дән ризалығын білдірумен бірге, жақсара түсу үшін, бірқатар ақыл-кеңес айтқан болатын. Илияс соның бәрін ескеріп, бірнеше ай бойы өңдеп, жөндеп, толыққан нұсқасын баспаға ұсынған кезде бұл нұсқа жарық көрмей қалды да, қолдан шығып кетті. Қазір жарияланып жүргені газет нұсқасы»... [«Құлагер» ақын құпиясы | Қазақ Әдебиеті - QazaqAdebietі]. Міне, осы Илиястың «Құлагерінің» газет нұсқасының өзі бізге алтын қазына. Өйткені оның әр тармағынан ұлттық болмыс пен тарихымызды көреміз, сөз зергерінің ұтымды ойлары мен Ақан Құлагерінің ерек тұлпар болып жаратылғанына куә боламыз.

Илияс Жансүгіров:

... Сыншының келіп көрді отыз-қырқы,

Күреңбай көріп деді: «Жаман сұрқы,

Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас,

Артынан жөнелгенде жетпес жылқы!»-деп жырлағанда, Күреңбай сыншы Құлагердің жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар екендігіне шүбә келтірмейді, нық сеніммен айтады. Күреңбай арқылы аттың сынын тағы да аша түседі [144]. Демек, қазіргі

жастарымыз да білімде, спортта, мәдениетте әлемдік бәсекеде ұлт абыройын асқақтата алатын қабілетке ие екенін айтқымыз келеді. Мысалы, күміс көмейлі Димаш Құдайбергенов, боксшы Жәнібек Әлімханұлы, әлемдегі ең танымал музыкант-ремиксші Иманбек Зейкенов, IQ ең жоғары сәнгер (Гарвард университетінің түлегі) казак жігіті Димаш Әділет сынды Құлагерлеріміз әлемдік аренада өз биіктерін бағындыруда.

Қанында шығысың мен бастысың жоқ,

Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ.

Қашаннан қазағымның қолтумасы,

Араптың дүлдүлінің қатысы жоқ... -деп, Құлагердің қаны таза да, жаны да таза ұлттық болмыстың өзінен жаралғанын көрсетеді. Шығыс пен батыстың, ағылшын мен араптың да еш шатысы жоқ. Және жоқ бола тұрып, бәйгеге ешбір күдіксіз қоса алатын тұлпар екенін айтады [146].

Құлагер еркін тұлпар, ерке тұлпар, бабына келтіріп бапталған тұлпар.

Заманауи жастар да еркін жастар, қоғамның бар қолдауын көріп келе жатқан ұрпақ. Осы орайда Ілиястың қаламының сүрлеуінен өткен, жүрегінің түбінен бұдқынып шыққан, Ақанның жан серігі болған Құлагер мен біз, жастар, өзімізді қатар қойғымыз келді. Өйткені ол - Ілияс аманаты.

Инстаграмм әлеуметтік желісінде «Аманат Құлагері» атты парақшамыз бар. Осы парақшаға өз замандастарымыз тіркеліп, жастар ой-пікірлерін еркін айтатын орта болып қалыптасты.

Қазіргі таңда желілік парақша өз жұмысын жасауда. Жастар қызығушылықтарын, көзқарастарын ана тілімізде бөліседі.

Екінші өніміміз «Құлагер» поэмасына арналған буктрейлер жасадық.

Қорыта келе, мақаланың өзектілігі - қазіргі жастардың ұлттық идеология негізінде ұлттық құндылықтарды қастерлей білуі, «Құлагер» сияқты тарих мойындаған қазынадан заманауи үлгі болатын қағидаттарды өмірде қолдана алу: Отанға деген адалдық, әділдік, пайымдылық.

Құлагер бізбен бірге деп санаймыз. Сол себепті Ілиястың ұлт үшін жасаған өрлігі мен ерлігін, Ақан рухын, Құлагер еркіндігін насихаттаймыз.

«Құлагер» - өмір шындығы. Оның қай эпизодын алып қарасақ та, тарих, ұлттық болмыс пен салт-дәстүр, ішкі психологиялық демді байқаймыз.

Біз- жастар еркін өмір сүре алатын тұлға екенімізді дәлелдейміз. Ол бағыт – ұлттық құндылық, білім мен саналылық, парасаттылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иманғазин М., «І.Жансүгіров», Алматы, Қазақ Университеті, 2004, 218 бет. ISBN 9965-12-601-1

2 Сыдықов Т., «Жетісу дүлдүлдерінің дүбірі», Алматы: «Арда», 2009.480 бет.SBN 9965-778-57-4

3 Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013. Т.5. – 384 бет ISBN 978-9965-22-441-6

4 Фаламтор ресурсы: https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_poet_iliias_sayat_zhansugirov/2022088.html

5 Фаламтор реурсы: [«Құлагер» ақын құпиясы | Қазақ Әдебиеті - QazaqAdebieti]

6 Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті оқулығы, 9-сынып. Алматы «Атамұра, 2019. 254 бет.

7 Фаламтор ресурсы: <https://almaty-akshamy.kz/aelemge-tanilgan-kazak-zhastari?ysclid=186zaxhfd6753232918>

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚТЫ ҮЛГІ ЕТКЕН ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

НҰРХАТҰЛЫ Ж.

оқушы, 9 «Е» сынып, Қадыр Мырза Әлі атындағы

BINOM school мектеп-лицейі, Астана қ.

БИМБЕТОВА З. А.

п.ғ. магистрі, ғылыми жетекші,

мұғалім, казак тілі мен әдебиеті пәні, Қадыр Мырза Әлі атындағы

BINOM school мектеп-лицейі, Астана қ.

Қаныш Сәтбаевтың өмірін 50 жылға жуық зерттеген. Медеу Сәрсекке сол зерттеу арқылы «Қазақтың Қанышы» атты роман-эссе жазды. Медеу Сәрсекенің бұл туындысы қазақ ғылымының, табиғи болмысының қағазға түскен шынайы жемісі. Ол жеміс – шірімейтін, мерзімі өтсе де бұзылмайтын, ғасырларға рухани азық бола алатын

кымбат қазына дер едік. Бүкпесіз шындық негізінде жазылған роман-эссеге сүйене отырып, Қаныш Сәтбаевтың ұлтжандылықты үлгі етіп жасаған ұлы қызметтері жайында зерделедік. Шынында да артына өшпес мұра қалдырған дара тұлғалар бүтін бір халықтың, түгел ұлттың мақтанышына айналады. Олардың тағдыры мен тағлымы үздіксіз зерттеуді талап ететін тарихи құбылыс.

Мақаламыздың ғылымилығы да ғалымның шығармашылық мұрасына, қазынаға татитын терең ой-тұжырымдарына, ғалым туралы сыртқы пікірлерге, зерттеулерге, атқарған істері заман ағымында ескіріп қалмай, бүгінгі күні де, болашақта да өз құндылығымен қоса жеке тұлғалық қасиетінің сұранысқа ие құндылық екеніне негізделеді.

Өзектілігі мен жаңашылдығы – Қаныштың ғылым саласындағы атқарған жұмыстарының нәтиже беріп, жетістікке жетуінің сырын тану, қазіргі жастарға үлгі ету, шынайы өмірде қолдана алу.

Қазіргі таңда адамзат үшін ғылымның қарқынды дамуы жаңалық емес. Күн сайын әлемде ғылым мен технологияның сан түрлі жаңалығы жарқ етіп шығып, әрқайсымызды селт еткізгенімен, коммуникациялық қарым-қатынаста адами құндылықтан, көңіл кендігінен, мейірімнен артығы жоқ екеніне көзіміз анық жетіп отыр. Ғалым ғылым әлеміндегі ғұмырнамасында қандай да бір кедергі кездескен жағдайда кендік, адамгершілік танытып, айналасына мейіріммен қарым-қатынас жасаған.

Біздің үлгі тұтатын тұлғамыз - Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы ой қозғасақ. Қазақ ғылымына ерекше құбылыс болып келген Қаныш мұрасы зерттеуге әлі де зәру деп ойлаймыз, өйткені Қ.Сәтбаевтың идеясымен, көпжылдық зерттеу жаңалығымен, бастамасымен қазақ даласында «Үлкен Жезқазған» бой көтерді. Бүгінде халық көп жылдан бері игілігін көріп отырған «Ертіс-Қарағанды» каналының қазылуына, Мұнайлы өлке Маңғыстау газ кен орнының ашылуына, тіпті сол Маңғыстаудың Түркіменстанға өтіп кетпеуіне де жанын салып қызмет еткен Қаныш Сәтбаев екенін бірі білсе, бірі білмейді. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қаныш Имантайұлының Қазақстан аумағындағы табиғи қазынаны зерттеуге қосқан зор үлесін біз тек Тәуелсіздік алған соң ғана түсініп, тиесілі бағалап отырғанымызды мойындауымыз керек [1, 728 б].

Қаныштың бойындағы ұлттық рух, қазақи болмыс ол шыр етіп дүниеге келген күннен бастап-ақ қалыптасты. Сәтбай қажының ұлы Имантай бәйбішесі Нұрыммен көп жыл отасқанымен, перзент сүймейді. Бала аңсайды. Сөйтіп жүргенде мынадай жағдайға

тап болады: Имантай бір күні елсіз далада қонып қалады, ол түн ортасында елегізиді. Көз шырымын алғанда, қасына аппақ киімді ақсақал келіп: «Ей, пенде, құла дүзде жападан-жалғыз жатқаның қалай?» – деп шүйіледі білем. Жолаушы аң қуып жүріп, серіктерінен адасып қалғандығын айтады. «Е, байғұсым, жоққа жеткен жүйрік көрдің бе, сағым қуған адамда ырыздық болмайтынын білсең керекті. Бұдан былай жалғыз жүрмін деп бекерге налыма, жарқыным, қойныңа жаратылыстың үш шаранасын салдым, соларға емініп мауқыңды бас!» – деп ғайып болады. Әлденеге құсталанған жолаушы олай-бұлай қарманса – түлкінің, қасқырдың және барыстың (кейбір айтушылар арыстанның деседі) көзін енді ғана ашқан күшіктері екен, бейкүнә мақұлықтар қашудың орнына қолтығына кіре түседі-міс...» [2, 5 б]. Осыдан кейін Нұрым Имантайға тоқал іздеп, Әлима деген жесір әйелді әпереді. Міне, Қанышты дүниеге осы Әлима әкеледі. Бала күнінде әкесі Имантай зеректігін аңғарып, үнемі білім берумен айналысады, жақсы оқытушылар жалдайды. Нұрым апасының тігіп берген құрт қалталарының іші толған түрлі тастар болатын. Бала күнінен табиғатқа етене жақын өскен Қаныш есейгенде жүрегі қалап, жақсы көрген ісінің бағытымен білім алады, одан кейін халық, ұлт үшін қызмет етеді. Демек, Қаныштың ұлтқа қызмет етуін әке тәрбиесінің бұлағынан бастау алатынын көреміз. Қаныштың өзі де: «Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігін бостандық сүйгіш қазақ халқы жайлап отыр. «Қазақ» деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның сана-сезімінде бұл сөз киелі де ұлы ұғым болып қалыптасқан...», - деген болатын [3].

Қаныш Сәтбаев дала кезіп, отбасымен көшіп-қонып жасаған қажырлы еңбек нәтижесіз болмады. Бірақ алдына қойған «ұлттыма қызмет етем, қазақ даласының байлығын халық игілігіне жаратам» деген ұлы мақсаты оны ол жетістікпен тоқтатып қоймады. Жүріп жатқан соғыс пен отқа қарамастан Қазақстан Ғылым академиясын құрды. Бұл игерілмеген, игерілсе де игілігін байырғы халқы көрмей отырған қазақ даласында болмаған толағай жетістіктің бірі еді. Мақтанышпен, үлкен құрметпен атайтын бір мәселе қазақтың Қанышы – Лениндік сыйлықпен марпатталған тұңғыш қазақ болатын [4, 400 б]. Тарих беттерінен білетініміздей, XX ғасырдың 50-ші жылдар аяғында Лениндік сыйлықтың паркы мен нарқы Нобель сыйлығынан еш кем емес еді. Осындай атақ-данқ пен абыройды алып жүріп, асқақтауды білмеген Қанышты шынайы патриот деуге толық негіз бар. Өз мүддесі үшін емес,

Қазақстан ғылымы үшін еңбек еткен Қаныш қазақ ғылымы үшін бірнеше теңдессіз шәкірттерді тәрбиелеп кетті. Атап айтар болсақ, Ш.Шокин, Ш.Есенов, К.Ақышев, П.Тәжібаева, С.Зиманов және басқалар. Мен жоғарыда келтірген ғалымдардың шоғыры қазақ ғылымының көгінде алмастай жарқылдаған тұлғалар [5, 664 б].

Ізденуден талмайтын Қаныш Имантайұлы өз заманында қашан да жаңашылдықтың ерен үлгісін көрсетті. Теория мен практиканың, ғылым мен өндірістің жаңа салаларын қалыптастырды. Мәселен, қазіргі замандағы өзекті тақырып ядролық физиканы зерттеу және шоқтану ғұламаның бастамасымен дүниеге келді. Мұны Әлкей Марғұлан жазбаларынан нақты көруге болады.

Сірә, Қаныш бойындағы тәрбие мен білім, адамдық ұстанымдары мен жеке басының қасиеттеріне байланысты пайда болған қазына ма дерсің?! Сәтбаевтың бүгінгі ұрпақ үшін тағылымы да осы. Жеке мүддесінен халқының мәртебесін биік шығара білген істеріне қарап, «ғылымдағы ұлттық идея символы» деп Қаныш Имантайұлын айтқан дұрыс болар.

«...Мен жұмысқа қабылдағанда бұрғылаушылардың барлығы дерлік хат танымайтын, мал бағып, зорман аулаумен күн көріп жүрген бейнетқор жандар еді. ...Өздерінің табиғи ыждағаты мен ынтасы арқасында, біздің де көп уақыт жұмсап, ертелі-кеш үйретуімізден соң, бәрі де барлау өнерін жатсынбай, жап-жақсы меңгерді. Бұл адамдар – менің киын күндерде табысып, жарты сықпаны бөліп жеген еңбектес достарым, өмірдегі ең адал, етжакын жанашырларым. Оларға менің: «Өңінді ескіртпей, зейнетақыға қолыңды жеткізбей ешқайда жібермеймін, ешқашан қағажу көрсетпеймін» деген уәдем бар...» - деп өз қарамғындағы әрбір бұрғылаушының тағдыры маңызды деп қарайтын Қаныштың адами құндылығына тағы да дәлел [2, 346-бет].

Қаныш атамыздың қажырлы еңбегін әлем жұртшылығы жоғары бағалады. Сөзімнің дәлелі ретінде мына деректі келтірейік. Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден: «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғаны – ғажап құбылыс» деп естелік қалдырған. Бұл теңеу бабамыздың даралығын паш етіп тұрған көп пікірлердің бірі ғана [6, 37 б].

Жоқ, Қ.И.Сәтбаев онымен тоқтап қалмады. Оның еліне деген, туған жұртына деген сүйіспеншілігі оған бір сәт те дамыл бермеді. Негізгі ғылыми еңбегін Қазақстан кен орындарының геологиясын, минералдық қорларын жасауға арнады. Оның 640-тан астам ғылыми еңбектері бар екен. Ол сонымен қатар металлогения ғылымының

негізін салған адам. Металлогения – рудалы кендердің пайда болуы және олардың жер қойнында орналасуы, таралу заңдылықтарын зерттейтін сирек ғылым. Тыңнан түрен салған Сәтбаев ғылымға зор жаңалықтар енгізіп, Қазақстан геологиясын ең төменгі сатыдан биік сатыға көтерген тұлға. Сәтбаев туралы академик Н.А. Шило былай деген: «Металлогениялық карталарды жасап, соның басты қағидалары мен әдістерін айқындау ісінде академик Қ. И. Сәтбаев ғылымға енгізген металлогениялық талдау геология ілімін кезінде елу жыл алға оздырды. Ол жеткен деңгей бүгінде де өзгерген жоқ, әлі де елу жыл алда тұр» [7]. Міне, Қаныштың ғылымдағы жасаған еңбегін осылай бағалаудың өзі тарихи мәні бар пікір деп ойлаймыз.

Қаныш Сәтбаев геологиялық минералды заттарды табу үшін дала кезбес бұрын, ең алдымен ғылыми негіздерге сүйеніп болжауға болатынын тілге тиек еткен. Осындай бір зерттеулерде Қаныш әріптесі ғалым Николай Григорьевичпен бір жиында сөз таластырып қалады. Соңынан Николай Григорьевич өзінің пікірі дұрыс еместігін, босқа Қанышқа ауыр сөз айтқанын түсініп, қатты қысылады. Сонда Қаныштың өзі ғалымға алдымен ашуының басылғанын сұрап, екіұшты мәселені кабинетінде талқылайтынын айтады. Қаныштың жақсы бір қасиеті – жұмыс бабымен болған түрлі пікір аясындағы сөзталасты қалыпты санайтыны. Ол туралы ғалымның жұбайына кездескенде Николай Григорьевич: «– О, Қаныш Имантаевич титтей де ренжімепті. Келесі күні ертерек келіп, есік алдында тосып отырғанмын, Қаныш Имантаевич мені көрді де бұрылып келіп, бір қолымен қапсыра күшып, жайрандаған қалпы: «Николай Григорьевич, ашуыңызды бассаныз, кешегі дауды жайланып отырып кеңседе аяқтайық!» – деп мені қолтықтаған күйде кабинетіне алып барды. Мұндай кешірімді кісінің қол астында жұмыс істеу зор бақыт!» – деген екен [6]. Бұның өзі Қаныштың адами қасиетінің тазалығын көрсетеді. Әрбір әріптес Қаныштай тұлғаның жанында жұмыс істеуді бақыт санаса, оның өзі үлгі тұтар үлкен мәртебе десек болады.

Заманның қиын шағында ғұмыр кешіп, ұлтқа қызмет етудің ерен үлгісін көрсеткен Қаныш тұлғасы жыл өткен сайын биіктеп барады. Олай дейтініміз, Сәтбаев құбылысы Қазақстан барда, қазақ барда уақыттық шектеуге бағынбайды. Ол кеше де, бүгін де, ертең де ұлт қажеттілігінен, жаһандану мен жаңғыру талабының биігінен көріне береді. Міне, ұлтжандылықты үлгі еткен ұлы қызмет деп осындайды айтса керек. Академик Ш.Ш. Шөкин «Жылдың төрт мезгілі» атты естелік кітабында былай депті: «Ол, әсілі, ұран

үшін айтылған қызыл сөз емес-ті. Шындығында, Қанекеннен өзге республика жұртшылығында, ғылым иелері арасында да бірде-бір адам Қазақстан ғылымының өсу көкжиегін нақ сондай жете біліп, болжаған жоқ. Туған халқының рухани қабілетіне, сол қарсаңда қауырт өсіп жетілген қыздары мен ұлдарының дарын күші мен білімінің мүмкіндігіне шексіз сенген ол жұрт алдында ешбір қаймықпай, арман-ойын бекем үнмен жария етті де, сол күннен былай көкейкесті ісін жүзеге асыруға кірісті...» [1, 403-404-бб]. Фалымның бұл пікірі Қаныш Сәтбаевтың ата дәстүрден келе жатқан ұлттық құндылық - ұлтжандылықты үлгі ете отырып, ел келешегі үшін ащы тер төккенінің тағы бір айғағы дер едік.

Бүгінгі ұрпаққа өнеге етер нәрсе ұлы тұлғалардың шығармалары емес, атқарған іс-әрекеттері! Бір ғана Қаныш тұлғасынан көптеген ізгі қасиеттерді, бастысы Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен адал қызмет етуді көруге болады. Әсіресе шетелден жұмақ іздеп кетіп жатқан жастарға ой сала отырып, туған жер, Отан, ата-ана алдындағы парыз бен қарызды жастардың бойына сіңіріп, санасына сілкініс әкелетін қадамның бірі осы деп ойлаймыз. Өйткені, Сәтбаев өмірінің жас ұрпаққа берер өнегесі ұшан-теңіз.

Мақаламызды қорытындылай келе, мынадай ұсыныстар айтсақ:

Қаныш мұрасы, оның халқымыз үшін жасап кеткен ұлы істері арнайы зерттеулер арқылы түсінікті жазылып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарылса;

Сәтбаевтың бойындағы Отанға деген шексіз махаббат Қазақстан Республикасының патриоттыққа тәрбиелеу тұжырымдамасында үлгі ретінде енгізілсе;

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы, оның еңбектері туралы жеңіл тілмен жазылған, түрлі-түсті суретті балалар кітапшасы үш тілде жарық көргенін қалаймыз. Бұл біздің өсіп келе жатқан қамсыз, әсіресе альфа ұрпақтың санасына халыққа қызмет етудің дәйегін салады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Т.7: Н-С, Алматы, 2005-728 б.
- 2 Медеу Сәрсекке, «Қазақтың Қанышы», 5-бет, 346-бет, 403-404-бб «Фолиант» баспасы, 2015
- 3 Қаныш Сәтбаев естеліктері, 1949 жыл, Алматы

4 Қаныш аға: жеке тұлға өмірбаяны/Алматы: жазушы, 1989-400 б.

5 Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», -2011. -664 б

6 Тарихи тұлғалар/ Алматы: Алматыкітап, 2006-37 б.

7 Н. А. Шилов, Ресей ҒА академигі, 1999 жыл

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК БЕЙНЕЛЕР

БОЛАТОВ Д. Б., ДОСОВА Н. Е.

оқушылар, 7, 9 сынып, № 4 Ертіс

ЖОББМ КММ, Ертіс ауданы, Павлодар обл.

ЖАҚАНОВА А. Ш.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні № 4 Ертіс

ЖОББМ КММ, Ертіс ауданы, Павлодар обл.

МУСАНОВА Ж. Ж.

мұғалім, бастауыш сынып, № 4 Ертіс

ЖОББМ КММ, Ертіс ауданы, Павлодар обл.

Зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсатымыз М. Әуезов шығармалардағы кейіпкер портретіне филологиялық талдау жасай отырып, қаламгердің гендерлік портрет сомдау ерекшелігін көрсету. М.Әуезов шығармаларынан кейіпкер портретінің суреттелуіне мысалдар теру.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде бұрынғыдай гендерлік атаулар емес, ер мен әйел тіліне тән гендерлік ерекшеліктер, атап айтқанда, «ғұрып сөзі», «қалып сөзіне» байланысты ашып көрсетілген. Соның ішінде жар-жар, беташар, жоқтау, бата (ғұрып сөзі), бесік жыры (қалып сөзі), т.б. турасындағы пікірлері гендерлік тұрғыдан пайымдалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының гендерлік сипаты, т.с.с. мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған, гендер мәселелері бойынша диссертациялық жұмыстарға жетекшілік еткен Б. Хасанұлы, гендерлік қарама қарсылықтардың тілдегі көрінісін зерттеген З.К. Сәбитова, қазақ концептосферасына енетін ана концептінің контрастивтік-лингвомәдениеттанымдық (ана/мать) қырынан қарастырған

М.Әуезов шығармаларында көптеген әйел-аналар бейнесі жасалған. Біз жазушының бүкіл шығармасын алмай, тек «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша зерттеуімізді жасадық.

Романдағы Абайдың ең жақын адамдары – әжесі Зере мен анасы Ұлжан. Романда Ұлжан бейнесі жан-жақты ашылып, портреті толықтай жасалынды деп айтуға негіз жоқ. Өйткені Ұлжанның сипатын бейнелейтін сәтті тек алғашқы тараудан ғана байқаймыз. Бұл Абайдың ауылына оралған шағы еді: «Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді» [7.9]. Бұл жерде Ұлжанның жасы айтылып, дене сипаты, өң-шырайы бейнеленіп берілген. Толықтығы мен сары шырайлы болуы болмаса, басқа әйелдерден ерекшелеп көрсететін белгілері жоқ. Ал Құнанбайдың екінші әйелі Айғыздың сипаты:

«Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді – Айғыз қатар тұр екен» [1,116]. Бұдан Айғыздың бет-пішінінің, кескін-келбетінің жеке детальдарын қарастырмай, сұлу жүзді екенін ғана аңғарып, қорытынды жасаймыз. Ал Құнанбай өз қызы Кәмшатты Бөжейлерге бергеннен соң, қатты қайғыға батқан Айғыздың сипаты:

«Ол Кәмшат кеткелі қатты жүдеу. Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді» [1.134]. Адамның жүдеу болуы, жүзінің сұрланып, ақшыл тартуы, тамырларының көкшілденуі, әдетте, ауырғандықтың белгісі болып табылады. Ал сол ауру – Айғыздың өз туған қызынан айырылып, сары уайымға салынуынан пайда болған дерт. Айғыздың портретіндегі «көзі алару», «жүзі сұрлану», «ақшыл тартуы», «тамырларының көкшілденуі», ерге де әйелге де тән. «Сұлу жүзді» деген тіркестің де ерлерге қатысты қолданылатын кездері бар. Ал алдыңғы мысалдардағы «бәйбіше», «өз шешесі», «екінші шешесі» деген лексикалық бірліктер тек әйел адамдарға ғана қолданылатын сөздер. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Тоғжанның портреті молынан кездеседі. Жазушы Тоғжанның мүсінін өте керемет дәлдікпен, көркем шеберлікпен келістіріп жасап шығарған. Бет-пішіні, кескін-кейпі, қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысынан бастап үстіне киген киім-кешегіне шейін сипаттап, ұтымды тәсілдермен бейнелеген. Абай Тоғжанды ең алғаш рет Сүйіндік ауылына келген кезде көріп, жүзінен көзін ала алмай, көпке шейін телміре қарап қалады. Сондағы Тоғжанның сипатын жазушы былайша бейнелеп, көз алдымызға елестетеді:

«Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері

– баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Тоғжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсынса, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды» [2.141]. Мұндағы Тоғжанның шолпысы, сырғасы, бөркі, білезіктері – барлық әшекей бұйымдары оның сән-салтанатын асыра түскендей. Абай құлағына шолпы үні ерекше естіледі: «Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады.. Шолпының әдемі сылдыры жас қыздың қимыл-қозғалысының, жүрісінің бір ажырамас белгісіндей көрініп, Абай мен Тоғжанның алғашқы кездескен сәттері суреттелгенде-ақ оқырман көңіліне берік ұялайды. Сондай-ақ шолпының дыбыстық әсері жас қыздың қимыл-қозғалысының айрықша келісті сәнділігін көзге елестетеді.. Бұдан кейін дастархан басында Абай Тоғжанға қырынан қарап отырады. Сол кездегі Тоғжанның бет-пішіні тағы да айқындала түседі:

«Орташа келген қырлы мұрны енді анық көрінді. Қырынан қарағанда бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес, әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр. Әлденеден белгісіз себептен Тоғжан пішіні қызара түсіп, қайта сұрланады» [.46]. Мұнда Тоғжанның мойнына құлап түскенінен-ақ өрілген қара шашының қалың, ұзын екенін аңғару қиын емес. Ал бетінің бірде қызарып, бірде сұрлана түсуінен қыздың ұяндығын байқаймыз, бұның бәрі де суреткердің бойжеткенді жан-жақты кескіндей білгенін дәлелдейді. Бұдан кейін Абай Тоғжанды тек Бөжейдің қаралы көшінде, көктемнен кейін ғана көреді.

«Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара кәмшат бөрік. Мойнында әсемдеп, кең ораған құбылма түсті торғын шәлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай. Ақмаңдай, аппақ жұмыр мойнына, қолаң жібек шашына бетінің үлбіреген қызылы соншалық жарасып тұр.

Қара шапан сыртынан белін шымқай буған сарғыш жібек белбеуге он қолын сүйеп, мықынын таянған» [3.87]. Мұнда ат үстінде келе жатқан Тоғжанның киген киім-кешегі, әшекей бұйымы оны басқа қыздардан ерекшелеп тұрғаны сондай, бұны Абайдың өзі байқайды. Ал шапанының, бөркінің қара түсті болуы Бөжейдің қазасына байланысты. Сыртынан қарағандағы Тоғжан кейпінің өзінде өзгешелік бар:

«Сырттап бара жатқан Тоғжанның арттан көрінген мүсіні де өзгеше екен. Атқа отырысының өзінде де бір нәзік еркелік пен соншалық биязылық, мықтылық та бар сияқты. Жылтырап өрілген жуан бұрымдарының ұшында үлкен шолпы ырғала түсіп, шылдырап барады» [4.188]. Мысалдардағы ерекшеленіп берілген сөздер тек әйел адамдарға қатысты ғана қолданылады.

Осыдан кейін Абай мен Тоғжанның жолдары екі жаққа бөлініп, екеуі бір-бірімен көп уақыт көріспейді. Абай Әйгерімді кезіктіріп, оның бар тұлғасы, кескін-кейпі, дауысы Тоғжандікіне ұқсайды, содан екеуі қосылады. Енді Абай Тоғжанды Ерболдармен аң аулауға шығып, қатты боранда адасып кеткен кезде кезіктіреді. Сонша уақыттан соң көргендегі Тоғжанның сипаты мынадай:

«Ақшыл көйлекті, қара камзолды, кимешек шаршылы сұлу келіншек Абайға жан ұшырғандай ұмтыла берді. Арқасында қалың шолпы шылдыр-шылдыр етті» [4.279]. Қанша уақыт өтсе де, Тоғжан бұрынғыдай сұлу, көркемдігі кетпеген, тіпті алғаш көргендегі шолпысы әлі де шылдыр-шылдыр етеді.

Тоғжанның портретін беруде қолданылған сылдырлаған шолпы, әшекей сырға, көмшат бөрік, білезік дегендер тек әйел адамдар портретін сомдауда қолданылады. Сонымен қатар «жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр», «не күліп, не қымсынса, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды», «талдырмаш, нәзік», т.б. сөздер мен сөз тіркестері де тек әйел жыныстыларға ғана қолданылады. Жазушы Әйгерім бейнесін көбінесе Тоғжан сипат-кескінімен ұқсастыра суреттейді. «...Дәл осының артынан, шолпысы ақырын сылдырап, ақ жүзіне жұқалау қызылы нұрдай жарасқан, анық Тоғжан өзі келеді екен. Мінсіз аппақ тістер қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы асығып күткен қызыл арай таң сәріндей. Әлі де айықпаған ұяң сыпайлықпен қонақтарға қарап ақырын амандасқанда, реңіне шұғыл толқын кірді. Бет ұшындағы жұқалаң қызыл тұтасып, бар жүзіне ду етіп таряды...

Орта бойлы, дәл Тоғжанның өз бойындай. Бар мүсіні келіп тұр. Бет бітімі, ақ-қызылы, жаңа Ербол айтқандай, айнымаған Тоғжан. Бұның да жібек талды, қолаң қара шашы бар. Аз көтеріңкі қырлы мұрны, үш жағына келгенде жұмырланыпқырап, өзгеше келісті біткен. Жұқалаң қызыл еріндеріне балалық, кінәсіздік лебіндей ыстық әсер демі бар» [8.38-39]. Шолпысының сылдырынан-ақ Тоғжан кіріп келгендей әсер қалдырған Әйгерім дәл Тоғжаннан аумап қалған. Ақ жүзіне қызылы нұрдай жарасуы Әйгерімді басқа қыздардан ерекшелеп көрсетеді.

Зерттеушілер тіліміздегі қызға байланысты (қызға қарата айтылатын) гендерлік фразеологизмдерді анықтаған. Қызға әдетте сұлулық пен әсемдік тән. Тұрақты сөз тіркестерінің басым көпшілігі қыздың сұлулығын, жан-дүние, сезім-күй, мінез-құлық әдептілігін дәріптеген: күлім көз, құралай көз, қалам қас, қиғаш қас, қаймақ ауыз, оймақ ауыз, алма бет, ақша маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, бұраң бел, ауызға үріп салғандай, жамалына көз алмасты, атқан таңдай, хор қызындай, айдай сұлу, айдай таза, күндей нұрлы, кірпік астынан көз тастады, көзін сүзді, қызда қырық есекке жүк болатын айла бар, қызға қырық үйден тыю, саликалы қыз, он екі де бір гүлі ашылмаған, наз көрсетті, т.б.

Гендерлік фразеологизмдердің келесі бір тобы қызды бойжеткен, қалыңдық (жігіттің көңіл қосқан сүйген адамы, жүріпжүрген қызы) бейнесінде дараландырған. Мысалы: айттырған қыз, ақ шымылдық (жас ару мүлкі), жат жұрттыққа жаралған, күйеуге тиді, қалың мал, қыз жасауы, қыз енші, қыз көші, қыз танысу, қыз ояту, қыз қашар, сыңсу, тұрмысқа шықты, тесік моншақ жерде қалмас, он жақ, ұзатылған, қалың малға сатылған қыз туралы), отау үйі, отауға салды, шаш сипар, т.б.

М.Әуезов образдарды сомдауда түрлі суреттеу құралдарын кең қолданған. Портреттер, мінездеулер, диалог, монологтар арқылы образды шебер ойнатады.

Қазақ прозасында суреткерліктің ұлттық үздік үлгілері әйелдер бейнесін сипаттауға байланысты да туып отырған. Оған М. Әуезовтің әйел-аналар бейнесіндегі ұлттық мінез-құлық, талғам-түсінікті сомдау шеберліктерін, қаламгер салған дәстүрді атап өту қажет.

Қазақ прозасындағы «Әуезов әйелдеріндей» арулар образы туралы: «Асылы, арғы-бергі дәуірлерде туған халық шығармашылығының үзілмес арқауы болған, әрі мәңгі жас сұлу бейне арқылы ұлтымыздың ұлылық, адамгершілік асыл

сипаттары, тұрмысқа, табиғатқа деген философиялық ой-түсініктері, дүниетанымы, даналығы, біліктілік-зиялылығы жарқырап көрінеді», - дейді С. Негимов [5, 86 б.].

Қазақ түсінігінде әйелдің сыртқы әдемілігімен қоса ішкі жан-дүниесі де әсем болуы керек. Сонда ғана ол шын сұлу бола алады. Қазақ теңеулерінің гендерлік тілдік өрнегі портреттік суреттеулермен нақыштала түскен. Әйел мен ерге тән мінез-құлық, кимыл-әрекет, тұлға-тұрпат ерекшеліктерін көркемдік қырынан тануда портреттік теңеулердің рөлі күшті.

Қорыта айтсақ, М.Әуезовтегі әйел – адал жар, отбасының берекесі. Әр үйдің ырысын молайтатын да, ер азаматтың даңқын зорайтатын да – әйел. Сөз мәйегі мақал-мәтелдерде әйелдің осы гендерлік рөліне айрықша мән берілген: Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі; Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады; Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық деген мысалдардан халқымыздың әйелді үйдің құты, дәулеттің, байлықтың басы деп ерекше қадірлейтінін аңғаруға болады.

Ана сөзімен мағыналас шеше, апа баланың туған анасы (туған шеше, әке--шеше) мәнінде жұмсалудан қабат семантикалық жағынан түрленіп келіп кіндік шеше (жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел), кіші шеше (әкесінің бөйбішеден кейінгі алған әйелі немесе әкесінің інісінің әйелі), нағашы шеше, өгей шеше, үлкен/ұлы шеше және де жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз (шеше/шешей, апа/апай) түрлерімен ерекшеленеді. Халық санасында кіндік шеше берік орын алған. Ол баланың екінші шешесі ретінде есептелген. Оның тәрбиелік мәні ерекше.

Қорыта айтқанда, әр кейіпкер – тип. Сонда бар ожданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім-шапағатқа толы Зере – әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабал, сабырлы ақыл иесі Ұлжан – аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін, «ақ еті атқан таңдай аппақ» ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббаттың үлгісі; өні сәніне, сәні өніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі.

Ер жынысына тән фразеологизмдердің көпшілігі жігіттің гендерлік бейнесін ерекшелеп көрсетеді. Мысалы: алпамсадай жігіт, аруақты жігіт, бағлан жігіт, жігіт ағасы болды, жұпар кіндік, жастық шақ, (жігіттік кез), зінгіттей жігіт, жігіттің сырттаны (ең жақсысы), күйеу жолдас, қылшылдаған жігіт, сұр бойдақ, сомадай жігіт, ұрт

жігіт, от жігіт, омыртқасы түзу жігіт, (білімді, ақылды, іскер жігіт), т.б. Ер адамның бітім-тұлғасын, қарым-қабілетін, мінез-қасиеттерін ерекшелейтін портреттік фразеологизмдер де баршылық.

Романдағы Құнанбайдың портретіне келетін болсақ, автордың кейіпкерді мүсіндеудегі шеберлігін айқын көреміз. Құнанбайдың міз бақпай, бір нүктеге қала сөйлеген қату жүзі, жалпы бет-бедері оның мінезінің, адамдық табиғатының кейбір ерекшеліктерін айқындауға қызмет етеді.

Ал «Өрде» бөлімінде Абайдан көз алмай қарап тұрған Тоғжанның көзімен кейіпкердің суреті шыға келеді: «Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Айға қарсы қарап тұрған ақшыл жүзінде жүдеулік бар. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді» [6.272]. Мұнда Абайдың портреті оның киімін, құрал-жабдығын сипаттау арқылы жасалған. Сонымен қатар бірінші кітаптың «Қияда» бөлімінде Абайдың портреті асқан шеберлікпен берілген десек, артық болмас:

Ер адамның гендерлік портреті:

– дене тұлғасы: оқтай түзу, сұр жебедей тіп-тік тұлға бітімі, екі иіні қақпақтай, жолбарыстай келбетті тұлға, кеудесі есіктей кең;

– сақал-мұрты: сақалы күректей, айғырдың қылындай сақалы, нар күмістей қара бұйра сақалы, қияқтай мұрты, тікенектей көк сақалы;

– мінезі: ердің көңілі күнмен тең, мінезі құйған қорғасындай салмақты деп сипатталған.

Ерге қатысты қолданылатын гендерлік теңеулердің ішінде соқтауылдай, соқтандай, соқталдай, сайдауыттай, арыстай, ал-памсадай, еңгезердей, қарқарадай сияқты үлкендік, ірілік ұғымын білдіретін образдарды мол кездестіреміз. Сонымен бірге төңкергенастау тәрізді үлкен, өгіздей дөңкіген, аюдай қорбаңдаған, сүзеген бұқадай тоң мойын, екі иығына екі кісі мінгізгендей, бойы есектің қодығындай деп келген стильдік мәндегі теңеулер ерадамның іс-әрекетіндегі кейбір ебедейсіз, қолапайсыз кимылдарды айрықшалаған.

Ғылыми жоба тақырыбы М.Әуезов шығармаларындағы кейіпкерлердің гендерлік портретін зерттеуге арналды. Тақырыпқа байланысты зерттеулерді қарастырып, біршама зерттеулердің библиографиялық көрсеткішін жасадық. Ғылыми жобаның кіріспе

бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттер, нысаны, зерттеудің әдіс-тәсілдері, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар көрсетілді.

Ғылыми жобанда гендерлік лингвистиканың ғылым ретінде қалыптасуына шолу жасалды. Тіл мен адамның жыныстық айырмасына байланысты тіл қолданыс ерекшелігін Қ. Жұбанов әйел тілінің өзіндік белгілері арқылы көрсеткен.

Г.Шоқымның «Гендерлік лингвистика негіздері» оқулығы тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздерін түсінуге, оның ұстанымдары мен ұғымдарын білуге, жалпы тіл білімінің теориялық мәселелерін игеруге, қазіргі ғылымдар тоғысын құрайтын көкейтесті мәселелерді анықтауға, қазақ тілі ғылымының жаңа бағыттарын өзара байланыста ұғынуға септігін тигізеді және лингвистика ғылымына қатысты ілімдерді терен, жүйелі меңгеруге ықпал етеді.

М.Әуезов роман - эпопеясында суреткерліктің ұлттық үздік үлгілері әйелдер бейнесін сипаттауға байланысты да туып отырған. Әйел - ана ма, жар-жұбай ма, бұла - бойжеткен бе, әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр - сезімін, қимыл-қылығын дәл, терен, нәзік суреттеуге келгенде жазушы алдына жан салмайды.

Қорыта айтқанда, роман-эпопеядағы әйел – адал жар, отбасының берекесі. Әр үйдің ырысынмолайтатын да, ер азаматтың даңқын зорайтатын да – әйел. Екіншіден, әйел – әдепті, сыйлы келін, сүйікті жеңге. Үшіншіден, әйел – ардақты ана, ұрпақ тәрбиешісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар 1991, -464
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1992., -255
- 3 Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы, 2012, - 322
- 4 Әуезов М. Абай жолы. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 .
- 5 Қ.Мәшһүр-Жүсіптегі. М.Әуезовтің портрет жасау шеберлігі. // Қазақ тілі мен әдебиеті. №4, 1995. – Б.96
- 6 Әуезов М. Абай жолы. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 384

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МӘҢГҮРТТІК

ШАПИЕВА К. С.

оқушы, 9-сынып, Железинка №3 жалпы орта білім беру мектебі, Железинка ауылы, Павлодар обл.

ДАУЛЕТОВА К. Т.

ғылыми жетекші, педагог-зерттеуші, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, Міржакып Дулатұлы атындағы №3 жалпы орта білім беру мектебі, Железинка ауылы, Павлодар обл.

Тарихта адам – қашанда басты тұлға. Қай заманды алсақ та адам баласының қоғамдағы рөлі ең басты және аса маңызды. Әрбір қоғам өзі өмір сүріп отырған дәуірдің позициясын нығайтатын қайраткерлер тәрбиелеуге, сол қоғамға лайық адамдарды қалыптастыруға баса көңіл бөлген.

Адамның адам екендігін білдіретін бірден-бір белгі ол – сана. Қазақ халқы ертеден Алладан саналы бала, есті ұрпақ тілеген. Оның астарында үлкен мән жатыр. Сана – бұл адамның қоғамға бейімделуіне, оған сәйкес келуіне мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығы. «Саналы азамат» бұл құрметті, заңға бағынатын адамды сипаттайды. Сана адамды немесе тіпті бүкіл қоғамды бағалайтын бағалау критерийі немесе өлшемі ретінде қабылданады. Әрине, сана дәрежесі белгілі бір қоғамда қабылданған құндылықтарға, сондай-ақ адам оларды ұстануға тырысады ма, жоқ па, соған байланысты. Саналы адам, ең алдымен, қоғам туралы ойлайды, ешкімге ыңғайсыздық немес қауіп туғызбау үшін ол осы қоғамға лайық болуы керек. Сана тек адамға ғана тән ең үлкен байлық. Ал егер осы адамның ең үлкен байлығы санасына нұқсан келер болса, онда ол адамдықтан шығып мәңгүрт кейпіне түседі [4].

Әр заманның өз мәңгүрті болады екен. Сырттан күшпен енгізілген отаршылдықтың таз кепеші бұрынғыдан да күшті болды. Жаман дерт қашанда жалғасын тауып, өрбігіш, өміршең келмей ме? Бүгінде туған тілін, дінін, ділін, тегін танымас шала жансар рухани мәңгүрт ұрпақ пайда болды. Бұл күнде ешкімнен зорлық, қорлық көрмей-ақ қазақ жастарының кейбірі ерікті түрде мәңгүртке айналууда. Бұл қазақ ұлтының, қоғамының дерті. Мәңгүрттіктің қай-қайсысы да жақсы емес, бірақ соның ішінде бүгінгі таңда рухани мәңгүрттік аса қауіптісі. Мемлекетіміз бұл дертті жоятын шараларды іске асыруда. Бірақ бұған ұзақ уақыт қажет, өйткені дерт күшті. Қарап отырсақ, бір кезде Әбіш Кекілбаев пен Шыңғыс Айтматов сөз еткен мәңгүрттік проблемасының мазмұны да, түрі де

өзгеріпті. Бірақ түптамыры бір. Аңыздарда айтылатын мәңгүрттікке бірлі-екілі адам ғана шалдықса, ал, қазіргі таңда бұл үлкен қоғамдық проблемаға айналды, сондықтан да мәңгүрттік проблемасы шешуі қиын үлкен қоғамдық мәселеге айналып отыр.

Дана халқымыз «өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте» деп бекер айтпаған. Ұлтты ұлт ретінде тілі анықтайды, ол ұлттың күш көзі болып табылады. Оның арқасында біздің мемлекетімізді Қазақстан деп аталатын ұлы мемлекеттің ұрпақтары деп таниды. Кез-келген ұлт өз тілінің ерекшелігімен танылады, осылайша оны мақтан тұтады. Ана тілін құрметтейтін адам - бұл халықтың ұлттық қазынасын зерттеген адам. Өз тілін бағалайтын адам өз елінің болашағына үлкен үлес қосады. Мемлекеттік тіл-бұл тарих, онсыз бірде-бір халық жоқ. Бүгінгі күнде ең өзекті мәселелердің бірі – тіл мәселесі. Ана тілімізде таза сөйлеуге бүлдіршін жастан дағдылануымыз қажет. Қазіргі таңда шұбарланған қазақ тілі қоғамның жаңа проблемасына айналды. Қазіргі жаһандану заманының нәтижесінде адамдардың барлығы дерлік гаджеттер мен интернетке тәуелді екені белгілі. Жаңа дүниеге келген бүлдіршінің өзіне ата-аналары теледидар мен гаджеттерден мультфильмдер қосып қояды. Теледидар мен күнделікті қолданатын интернет желісіндегі қазақша ақпарат пен ойын-сауық бағдарламаларының тапшылығы қазақ балаларының тілдерінің өзге тілде шығып, дамуына әсерін тигізуде. Сонымен қатар, жастардың арасында орыс және ағылшын тілінен енген жаргон сөздерінің қолданысы да қазақ тілінің шұбарлануына әсері орасан зор. Қазіргі таңда қазақ пен қазақ, басқа ұлт өкілі мен қазақ арасындағы диалогқа көңіл бөлсеңіз, көпшілігі шала қазақша немесе орыс тілінде әңгімелесетінін байқауға болады. Ағылшын тілін жетік білсек, орыс тілін тастамасақ, ұшпаққа жететіндей-ақ желпініп жүрміз. Жат жұртқа табынудың салдарынан біз, шын мәнінде, қазақы қадір-қасиетімізді, бай тілімізді, өміршең әрі қайталанбас дәстүрлі мәдениетімізді жоғалтып барамыз. Өзгелердің көздеген мақсаттарының өзі тіліміз бен мәдениетімізден айыра отырып, өздерінің ықпалын арттыру болса керек.

Белгілі бір елдің ана тілінің шұбарлануы сол ұлттың тарих сахнасынан жойылуының белгісі екендігі ғылыми түрде дәлелденген қағида. Тілді таза сақтаудың, оның мәңгілік өмір сүруінің басты тетігінің өзі айналып келгенде, мемлекеттің ұлттық саясатына келіп тіреледі.

Қазақ қоғамындағы мәңгүрттік дін мәселесіне де келіп тірелді. Дін – саналы адам пайда болған уақыттан бері адамзатпен

жасасып келе жатқан рухани құндылық. XX ғасырда дінге қарсы кеңестік идеологияның салдарынан қазақ халқының санасындағы имандылықтың жойылып кетуге шақ қалғаны белгілі. Тәуелсіздіктің бір жеңісі ол халықтың өзінің рухани қайнар бұлақтарына оралуға мүмкіндік алуы деп есептеймін. Алайда бірнеше ұрпақ ауысып үлгерген бұл кезеңнің адамдарының санасын өзгерту оңай іс емес. Әркім өзі таңдау жасап, қандай бағыттағы дінді ұстануы, ар-ождан бостандығы, біздің Конституциямызға сәйкес әрбір адамның жүрек қалауына байланысты. Негізінен қазақ халқының діні мұсылман діні. Алайда қазіргі таңда қазақтар арасында атеисттер мен басқа дін өкілдері белең алып жатыр. Бұл ретте Құран Кәрім кітабында берілген дүниеге қайшы келетін мәселелер өте көп. Ең алдымен жастардың дін туралы түсінігін дұрыс қалыптастырып, теріс ағымға түсіп кетпеуін алдын алу болып табылады. Себебі қазіргі таңда мұсылмандыққа бет бұрып, бес уақыт намазын оқып, сүннеттерді амал етіп жүрген қазақтардың саны артты. Бірақ олардың барлығы дерлік дұрыс ағымға түскен деп айту қиын. Ислам дінінің теріс ағымына түсіп, дұрыс емес дүниелерді үгіттеушілер де көбейіп жатыр. Нәтижесінде көбінің санасы уланып, ата-анасы, туған-туысынан беті айналып, араздасып жатқандары баршылық. Сондықтан да бұл мәселенің де қоғамға кері әсері біршама екені айдан анық. Бұл да бір мәңгүрттіктің белгісі деп білемін [4].

Әлеуметтанушылар соңғы жылдары жастарды Батыс мәдениетінің құндылықтарына еліктеу үлкен өзгерістер енгізгенін атап өтті. Батыс мәдениетінің қазақ жастарының тәрбиесіне кері әсері ретінде бір жынысты неке мен ЛГБТ мүшелеріне түсіністік және қалыпты көзқараспен қарау проблемасы болып табылады. Қазақ елі мұсылман халық болғандықтан бұл үрдіске шарифатта қатаң тыйым салынған және үлкен күнәләрдің бірі болып табылады. Сондықтан да бұл қазақ халқына жат дүние. Алайда, бұл проблема қазіргі қазақ жастары арасында белең алып жатыр. Олардың ашық көрінісін интернет желісіндегі Instagram, Tiktok және т.б. қосымшаларынан байқауға болады.

Батыстан үйренеміз деп дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айрылып қалуға шақ қалудамыз. Қазіргі жаһандану заманында өзге халықтардың мәдениеттерінің және дәстүрлерінің араласуы жоғары үрдіспен келе жатыр. Бұл процесс телекоммуникацияның, ғаламтордың дамуымен тіпті жеделдеді. Бүгінгі таңда біз дамыған елдердің мәдениетіне, халқының тұрмысына қатты қызығушылық танытқаннан біз үшін олардың

салт-дәстүрі, қоғамдық құндылықтары керемет, мінсіз болып көрінетін де шығар. Алайда бұл түсінік қате деп санаймын. Өзгеден үйренсек те, біздің ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізге кереғар болмайтындай өзімізге керек дүниені түртіп алу керек. Мысалы, дамыған мемлекеттердегі медицина, ғылым, экономика салаларын қарастырсақ болады.

Отбасы кіші мемлекет екені бәрімізге белгілі. Қазақта «отан-отбасынан басталады», «балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақыл сөздер бар. Мұнда отбасының қоғамда алатын орны маңызды екені айтылып тұр. Батыс елдері экономикалық, саяси тұрғыдан дамығанымен, олардың отбасы құндылықтары құлдырап бара жатыр. Батыс елдері отбасы құндылықтарының нағыз құлдыраған кезеңдерін бастан кешуде. Сол сияқты қазіргі таңда Батыс мәдениетіне еліктеушілік жас ұрпақта ата-ананы сыйлау, үлкендерге құрмет көрсету, ата-баба тарихын қадірлеу сияқты қасиеттер ұмытылып келе жатыр. Оны жақында ғана желіні шулатқан ер жігіт пен егде әйелдің автобустағы орынға таласынан-ақ байқауға болады.

Қазақ қоғамындағы тағы бір қазақтыққа жат дүние болып табылатын мәселе – ол баланы дүниеге әкелу мәселесі. Бүгінгі күні 1-2 баламен ғана шектелу сәнге айналды. Бұның басты себебі жұбайлардың жұмыс мансабын, жас кездегі дүниенің қызығын бала тәрбиелеуден маңыздырақ санауы. Бұның салдарынан халқымыз демографиялық дағдарысқа ұшырауы мүмкін. Бір жағынан қазіргі аумалы-төкпелі заманда баланы өсіріп, жеткізу үшін материалдық ресурс та қажет. Ол үшін еңбек ету керек. Бұл жағдайда түсіністікпен қарауға болады. Алайда егер де материалдық жағдайы көпбалалы болуға жетіп тұрса, Қазақстанның демографиялық жағдайын жақсартуға ат салысуы керек.

Міне, батыстан жиренетін тұстар да бар екеніне көзіміз жетті. Енді елімізді осындай қоғамдық аурулардан қалай сақтаймыз дегенге жауап беріп көрейік. «Ел болам десең, бесігінді түзе», дейді ата-бабаларымыз. Сондықтан, бірінші кезекте жастарымыздың жағдайын ойлауымыз керек. Бүгінде ғаламтор жастардың жүрсе қолында, отырса алдында, жатса жастығының астында екені ешкімге де сыр емес. Ол жердегі оқитыны да, көретіні көбінесе батыс менталитетіне сай жасалған. Оның ішінде қайсысы оңды, қайсысы оңсыз екенінен хабарсыз жастарымыз кейбір кездерде дәстүрімізге мүлдем жат нәрселерді істейтіні сыр емес. Сондықтан да жас ұрпақты тәрбиелеуге қатты мән беруіміз керек. «Тәрбиесіз

берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби атамыз. Ата-аналар бірінші кезекте баласын шетелде оқытуды емес, оған дұрыс тәлім-тәрбие беруді алаңдаулары керек. Салт-дәстүрімізді, отбасы құндылықтарымызды олардың бойларына сіңдіре білулері керек [4].

Батыстың сөзімен жүрген қазіргі шақта ұлттық рухымызды, құндылықтарымызды жоғалтпаудың жалғыз жолы – дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді берік ұстану. Антивирус компьютерді вирустардан қалай қорғаса, бұл үшеуі де солай бізді қазіргі заманның қоғам ауруларынан, рухани азғындықтардан, әдепсіздіктерден аман сақтамақ.

Бесігіміз нық, халқымыз есен-аман, еліміз мәңгі болсын десек, дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді берік ұстанайық.

Мәңгүрттік дегеніміз — М.Шаханов тілімен айтқанда, адамзат тағдырының тамырсыздық індеті. Қазіргі қазақ қоғамындағы рухани мәңгүрттік күннен күнге өрбіп жатыр. Оның салдарының қалай болатыны анықтап айтпай-ақ белгілі. Сондықтан бұл зерттеу жобамның мақсаты да қазіргі қоғамдағы мәңгүрттікті көркем әдебиеттегі мәңгүрттікті негізге ала отырып, салыстыра келе оның салдары қазақ халқының жойылуына әкелетінін жас ұрпаққа көрсету болып табылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ө. Кекілбаев. Күй.
- 2 Ш. Айтматов. Боранды бекет романы.
- 3 Қоқышова С.М., Кушкинбаева Қ.Т. «Боранды бекет» романындағы рухани мәңгүрттік көріністері.
4. Большова Қ.М. Мәңгүрттік қоғамдық құбылыс ретінде. 2009.
- 5 Джамбаева Ж.А., Толемысова К.М. Фольклорно-этнографический компонент в художественной структуре произведений А. Кекильбаева / — Текст : непосредственный //
- 6 Филология и лингвистика в современном мире : материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2017 г.). — Москва : Буки-Веди, 2017. — С. 15-18.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДҒЫ ҮНДЕСТІК

БАҚБАЕВА З. С.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ Е.

оқушы, 8 сынып, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Өмір сүру кезеңіне қарамастан, ұлы тұлғалар арасындағы рухани үндестікті олардың бойына тәңір сыйлаған құдіретті қасиет деп білеміз. Олардың бірі қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында есімі елге танылған ұлы тұлғалардың бірі қазақтың әйгілі ақыны, әдебиет жинаушысы, шежіреші-ғұламасы, үлкен діни қайраткер, ардақты да ардагер тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев болса, бірі ХІХ ғасырдың ғажайып феномені, құбылысы, абызы, алыбы атанған Абай өз ұлтының кемел келешегін көксеп, қараңғы түндегі темірқазықтай жол сілтеген ғұламалар.

М.Көпеев шығармашылығында сөз болатын мәселелердің барлығы да қазақ әдебиеті тарихы, қазақ тарихы үшін маңызды болып табылады. Мақала тақырыбы Мәшһүр шығармашылығының сан қырларын танытуға мақсат етілгендігімен өзекті болмақ. Қазақ әдебиетінің алтын ғасырындай болған ХХ ғасырдың орта тұсында әдебиет аспанында жарқырай көрінген ақынның шығармасы арқау болуы тақырыптың өзектілігі болып табылады.

Мақсаты қазақ әдебиеті тарихына Бұқар жырау қатарлы ондаған ірілі-кішілі тұлғаларды қайтадан оралтуға септігін тигізген ғұлама зерттеуші, өзі де жанынан жыр жазған, шежіре тербеген, сәуегейлік танытқан қасиетті тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығының сан қырларын таныту.

Міндеттері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қайраткерлік тұлғасын таныту; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы мен Абай шығармаларын арасындағы үндестікті табу.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклортану, әдебиеттану т.б. салалардағы орасан еңбегін таныту мақсатында ізденуіміз, ұлы тұлға шығармашылығына бойлап, жұмыс жазуымыздың өзі ғылыми жаңалық болып табылады.

Ғылыми болжамы: Ұлы тұлғалардың шығармалары арқылы туған халқының дүниетанымын, көркем әлемін зерделеу, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, рухани жан дүниесін, дүниетанымын дамыту.

Бұл екі ақынның арасындағы үндестікке келетін болсақ, Мәшһүрді зерттеген ғалым Сәрсенбі Дәуітұлының ақын жайлы екі томдық таңдамалысының алғашқы томына жазған алғы сөздеріне назар аударуды ұсынамын: «ХХ ғасырдың бас кезінде ұлы Абайдың соңын ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев сол Абайдың сара жолын арман-мұрат тұтып, «тас кияға өрлегендердің» бірі еді. Ақын өзі ғана ұстазынан тәрбие алып қоймай өзге жұрттың да сол жолмен ілгері басуын тіледі. Ақынның түпкі арманы - халықты жаппай сауаттандыру еді» деп жазады.

Жалпы ғалым пікірін ғұламалар поэзиясындағы үндестікті танытуды көздеген ой деп қабылдаймын. Мәшһүр - Абай дәстүрі үлгісіндегі ақын. Халықтың қамын ойлап, қайғы қасіретінің жолында аянбай еңбек еткен екі ақынның сөздері мен шығармашылықтарындағы үндестікті жоққа шығара алмаймыз. Шығармашылық үндестіктің болуы әбден заңды. Себебі екі ақынның мақсаты халық тілегімен орайлас, сабақтас.

Екі ақынның ғылым, білім, өнер тақырыбында жазылған шығармаларындағы үндестікке назар аударайық. Мәшһүр ақын «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» деп аталатын өлеңінде ел өміріндегі білім-ғылымның алар орнын оның адамға берер мол пайдасын терең пайымдайды:

Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,

Жарлыға мал - бұл ғылым - болар көрік.

Ғылым, білім-өнерсіз ғаріпсізді,

Өлік біл, оны жан деп білме тірік. [1, 93б.]

Мұнда ғылымның адамды көркейтер, өз-өзіне қадір-қасиетін танытатын ғажап қасиетін тілге тиек ете отырып, ел азаматына айналар болашақтың тірегі асқарлы өнер, білім екендігін көрсетіп, оны үйренуге, ғылым игеруге шақырады.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,

Жұмысын жабдықталсын ерте бітіп.

Қолыңа қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп, [1, 93б.] - деген Мәшһүрдің ойы кезінде ұлы Абай да айтқан:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп келетін озық оймен үндесіп-ақ кетеді. Уақытында білім-ғылым іздеп еңбектенбей кеш қалған соң, қанша ұмтылсаң да қолыңа түк түспей, тауы шағылатынын

айта отырып, ақын жастықтың жалынды қайратын өнер, білім табуға арнауға шақырады. Білім-ғылымды қарабайырлықпен жимай, сол жиған-тергенді игілікті іске жұмсай білу, халыққа пайда келтіру керектігін айтып, «жұртына білгеннен тисе пайда, ойлайтын халық пайдасын әрбір жайда» - деп шынайы азаматтық жолға салғысы келеді.

Қазақ поэзиясы дамуындағы биік белестің басы болған Абай дәстүрін алға апарушы ақындар шығармашылығын жан-жақта зерттеу. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясына үнілгенде, алдымен көзге түсетін ақындардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Абай Мәшһүр Жүсіп туындыларын салыстыра зерттегенде, екі ақында тақырып үндестігі, идея айтудағы жалғастықпен қатар бейнелеу құралдарын дамытудағы сарындастықты көреміз. Абайдың да, Мәшһүрдің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны мәлім. Осы орайда ең бірінші екі суреткердің сол кезде етек алған кеселдің бірі өтірікті шенеуін алайық:

1. Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап [2, 91].
2. Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.
Бірін – тоғай, біреуін бөдене ғып,
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр [1, 25,76]

Зерделесек, Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Дерексізді заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр Жүсіптен де көреміз. Мәселен, келтірілген үшінші мысалда дерексіз ұғым «өтірік» деректі өртке бағаланады. Ақын өтірікті көзге неғұрлым айқын шалынатын өртке теңеумен шектелмей, өрттің нақты бір сипатымен, лаулап жануымен салыстырады.

Екі ақын арасындағы үндестік, жалғастықты сөз еткенде, тақырып үндестігін, идея ұқсастығын айқындаумен шектелмей, суреткерлік шеберлік деңгейлестігін танытар белгілер де арнайы зерделеп талдау қажет. Суреткерлік шеберлікті танытар арналар сан алуан. Соның бірі – сөз мағынасын кеңейту, сөзді ауыспалы мәнде қолдану арқылы тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. Мәселен, «көз» деген сөзді ауыспалы мағынада алып, оны дерексіз ұғым «көңіл», «ой», немесе біршама деректі «көкірек», «жүрек» сөздерімен

қосарлау арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Абай сөздердің бейнелілік өрісін көп кеңейтті:

1. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
көңіліңнің көзі ашық сергегі үшін
2. Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң айтпа сөз.

«Көз» сөзін қолданып соны тіркес жасау Мәшһүр Жүсіпте де бар:

- Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,
Өзіңнің өз бойында болсын көзің.

Екі ақында да «көз» сөзі ауыспалы мағынада қолданылуымен бірге мүмкін емес дерлік екінші ұғыммен шектесу арқылы үшінші бір жаңа сипатта сөз кестесін тудырған. Мәселен, дерексіз ұғым көңілдің көзі болмайтыны белгілі. Әйтсе де осы екі ұғымның ұштасуы нәтижесінде мүдде тың бейне жасалып тұрғаны анық. Осы іспетті пікірді Мәшһүр Жүсіп сөз қолданысы туралы да айтуға болады.

Екі ақын да өмірдің соңғы болатынын көзге нақты елестету үшін, піскен егінді оруды шебер пайдаланған. Абайдан лирикалық қаһарманның біраз жас жасағаны, көп бейнет шеккені «жылы мен суықтың бәрін көріп», «қайғы – қасірет жүзіне белгі салған» жолдары арқылы аңғартылса, Мәшһүр Жүсіпте балалық шақты, жастықты – күзге, көрілікті – қысқа балау нәтижесінде өмір өткіншілігі дәлелденген. Абай өрнегіне не қосты дегенге келсек ол осы үзіндінің өзінде де тұр. Мәселен, Мәшһүр орақпен оруды ғана айтып қоймайды, оның тоқтамайтынын, қайтусыздығын шегелеу үшін, «жалаңдатып» сөзін шебер пайдаланады. Бір ғана «жалаңдатып» сөзі қатты сермелуі, демек қиып түсуі, өлтіруі мүмкін орақ сипатын нақты көрсете алады. Сонымен бірге жазғытұрымда, демек жас кезінде, тұқым шашпауы, яғни жастықтағы күрес нәтижесіздігі т.б. бәрі де лирикалық қаһарман шеккен бейнетті аз сөзбен сәтті аңдатып тұр.

Абай тәрізді Мәшһүр де сөз зергері екенін айқындай түсу үшін «нәпсі» хақындағы сақтандыруларына салыстыра үңілейік:

- Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! [2, 60]
Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ.
Міне қалса, жортқызып желгізбей бақ. [1, 93]

Абайда нәпсі алдамшылығын ашу үшін, белгілі бір қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгі «лапылдақ» эпитеті шебер пайдаланылған. Ал, Мәшһүр дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды мақсат етеді. «Көңіл» сөзінің дерексіз екенін ескерсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңына жүргізбеуді айту да шарттылықпен жандандыру арқылы жүзеге асады. Екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек.

Абайда «соқыр» сөзі белгілі бір зат, құбылысты тура көру, көрмеу емес, өмір, күрес т.б. мәнін білмеуге байланысты ауыспалы мағынада алынған. Мәшһүр болса, «соқыр» туралы арнайы шығарма жазған. Мәселен, өз басына керекті істі көрмеушіні «соқыр» деп атауын алайық. Ақынның «соқыр», «саңырау», «жалаңаш» – деп үш адамға қоғамдағы үш жағымсыздықты жинақтап көрсеткенін, соқырдың көрмегенін көрдім: саңыраудың естуге тиіс еместі – естідім деуін: жалаңаштың өзінде жоқтан айырылудың қорқуын бейнелеген. Бардан емес, жоқтан айырылсам деп жалаңаш үрейленуі, естімегеннің естідім, көрмегенін көрдім деудің зияндылығы да Мәшһүрде нақты өрнектелген. Мұның бәрі ХІХ ғасырдың аяғымен ХХ ғасыр басындағы қазақ ақындарының біріндегі ойды екіншілері дамытып, дәстүр сабақтастығын берік ұстанғанын көрсетеді. Екі ақынның да сөз зергері екенін балама қолданудағы үндестіктерін кеңірек дәлелдеу үшін, «ұйқы», «ұйықтау» сөздерінің пайдалану ерекшеліктері байқалады. Мысалдардың көбінде «ұйықтау» бүкіл бір халықтың қараңғылығын, көнбістігін, әрекетсіздігін білдіруге арналса, осы орайда соған карама-қарсы қойылып отыратын екі ақынның «ояну» сөздері қолданылады.

Абайда: Ұятың, арың оянсын,
 Сайра да, зарла қызыл тіл,
 Бұл сөзімді ойлансын
 Қара көңілің оянсын.

Мәшһүрде: Тілің сөйлеп, жүрегің оянғанымен,
 Қайда кеткен созғанмен қысқа қолым?!

Абайдан келтірілген үзінділердің алғашқысында «ұйықтап» сөзі өз мағынасында қолданылса, екіншіде ауыспалы мәнде жүректің ұйықтауы алынған. «Тыныш ұйықтат» тіркесінде тек ұйықтау емес, тыныштық тілеу сезімі қоса өрілген. «Мәшһүрге келсек, «ұйқы» сөзі алдына «тәтті» эпитетін келтіріп, ұйқының сырт көзге жақсы, ыңғайлы көріну мүмкіндігіне, бірақ соның

салдарынан «жақсы мен жаман парқы» айырылмай жатқаны назар аударарды. «Ерте ояндым» тіркесінде де ұйқыдан ояну емес, оң мен солды ерте айыру ұғымы кестеленіп тұрғаны анық. Сөз мағынасын бұлай дамыту Мәшһүрде де баршылық. Мәселен, алғашқыда басқа халықтың бәрі оянды дегенді айтқанда, ақын оларды сана – сезімі, білімі, бірлігі т.б. жоғары екенін жинақтап берген.

Сөйтіп, мұнда да ақынның күрескерлікті қалайтыны аз сөзбен әсерлі жеткізілген. Екі ақын үшін де дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген» толық адам».

Білімді, сауатты адамдар - ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл туралы Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі бекер» деп өсиет қалдырған болатын.

Мәшһүр Жүсіп пен Абайды оқи отыра рухани жаңғырып, қазіргі ХХІ ғасырдың «толық адамы» бола білейік. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтып кеткендей: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 М.Ж. Көпеев Таңдамалы. Екі томдық. 1-т.- Алматы: Ғылым, 1990.- 273б.
- 2 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп. . . : Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384б
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы,-Павлодар:ЭКО,2013, 5т -126-128 б
- 4 Ғабдуллин Б. Абай және Сократ/ «Абай тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1986. 159-171 б.
- 5 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалылары. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008-416 б
- 6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары.20 томдық шығармалар жинағы,-Павлодар:ЭКО,2013, 5т -126-128 б
- 7 Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс- Поиск» 2003 ж 184-190 б

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІ КӨРІНІСТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ЖАНКАРИНОВА Г. А.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, Заря ЖОББМ,
Павлодар ауданы, Павлодар обл.

Білім беру жүйесіндегі оқыту ұстанымдары білім алушының рухани-танымдық қажеттілігін өтей отырып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, белгілі бір салада кәсіби әрекет етуге дайындайды, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Негізінен оқыту ұстанымдары – мұғалім мен білім алушының сабақ үдерісіндегі бүкіл іс-әрекетін реттеп, оны дұрыс жолға бағыттайтын, сабақтың сапалылығына кепіл болатын ережелер мен заңдылықтардың жиынтығы.

Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеуге қатысты қойылатын басты талаптар тұжырымдалады. Оларды сапалы орындаған, тиімді жүзеге асырған кез келген мұғалімнің нәтижелері де жоғары болады.

Қазіргі уақытта оқу процесінде бұрыннан қалыптасқан ұстанымдар: сана, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, дәйектілік, беріктік, түсінушілік, ғылым, теория мен практиканың бірлігі ұстанымдары кеңінен қолданылады. Бұл ұстанымдардың талаптары мұғалімдердің түрлі ережелерді қолдануы арқылы жүзеге асады. Себебі, оқыту ұстанымдары – педагогикалық үдерісті тікелей реттеп отыратын құбылыс.

Бұдан басқа, біз мынадай жаңа қағидаттарды: мотивация қағидатын, проблемалылық қағидатын, интеграция қағидатын енгізу орынды деп санаймыз. Бұл ұстанымдарды ұсыну «қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, рухани өзгерістермен де, оқу-тәрбие жұмысындағы халықтық білім беру мен мектептің өзгеру процесімен де байланысты» [1, 23 б.].

Ғалым Т.Жұмажанова қазақ әдебиетін оқытуда мынадай жалпы ұстанымдарды басшылыққа алу керектігін атап көрсетеді: «ғылымилық ұстаным; жүйелілік және жоспарлылық ұстанымы; оқушылардың саналылық пен белсенділік ұстанымы; қолжетімділік ұстаным; пәнаралық байланысы ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; инновациялық ұстанымы; оқытудың тәрбиелік ұстанымы [2, 12 б.].

Біз өз мақаламызда қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністерін оқытуда мынадай негізгі ұстанымдарды басшылыққа алдық:

теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы; оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы; ғылымилық ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; жүйелілік және бірізділік ұстанымы; саналылық пен белсенділік ұстанымы; ақпараттық ұстаным. Бұл дидактикалық ұстанымдарды тандап алуға зерттеу нысанының өзіндік ерекшеліктері әсер етті.

Мұғалім сабақ барысында теория мен практиканы үнемі байланыстыру керек. Теорияны практикамен байланыстыру принципі классикалық философияның өмір, тәжірибе және білім көзімен үйлесуіне негізделген. Жалпы теорияның практикамен үйлесуі студенттерге дұрыс бағыт береді, оларды белсенді әрекетке дайындайды. Ол арқылы тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның практикамен жақсы байланысы білім мазмұнына, оқу процесін ұйымдастыруға әсер етеді.

Оқушылардың назарын әр тақырыпқа аудару оларға берілген білімді саналы түрде игеруге ғана емес, сонымен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ол үшін оқушыларға өздік жұмыс ретінде мынадай тапсырмалар беруге болады: қазақ әдебиетінің көркем шығармаларындағы жинақталу көріністері бар элементтерге қатысты диаграмма жасау немесе салыстырмалы кесте дайындау.

Мұндай тапсырмалар оқушыларға алған теориялық білімдерін іс жүзінде бекітуге көмектеседі. Яғни, оқушылардың жаңа ақпаратпен жұмыс істеу, кез-келген қажетті ақпаратты талдау қабілеті артады, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Себебі, әдебиетті мұқият түсіну білім алушының көркем шығарманың эстетикалық әсерін сезіну қабілетіне негізделген. Бұл тұрғыда оқу практикасында мұғалімнің ойларын зерттеу, эвристикалық әңгіме, зерттеу және репродуктивті әдістер мен әртүрлі әдістерді қолдану көркем шығарманы, әдеби-теориялық ұғымдарды игеруді қамтиды.

Көркем шығарманы талдау барысында оқушылар оның мазмұнымен танысып қана қоймай, алған теориялық білімдерін іс жүзінде талдай алады. Оқушылар көркем шығарманы оқып қана қоймай, алған теориялық білімдері мен дағдыларын іс жүзінде жетілдіріп, көркем шығарманы жан-жақты талдай білуі керек. Осындай талдау барысында сабақта салыстырмалы кестелерді қолдану өте тиімді.

Кесте 1 – Салыстырмалы кесте үлгісі:

Бұхар жырау	Байтоқ жырау
Ай, Абылай, Абылай, Қатын алма қарадан, Қара тумас сарадан. Қатын алсаң қарадан, Алды кетпес баладан, Арты кетпес жаладан	Атайы жұртқа қол артып, Асылдан ару таңдап алмаған. Атасы мұның малды деп, Қызының беті қанды деп, Қарадан сұлу таңдаған. Күндердің күні болғанда, Олардан асыл болмаған

Оқытудың ғылымилық ұстанымы бойынша әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністерін сипаттауда негізгі теориялық мәселелер мен ұғымдар негізге алынуы тиіс. Яғни, оқушыларға тақырып мазмұны бойынша берілетін нақты білім әдебиеттегі өзекті мәселелерге, ғылыми ақпараттарға байланысты оқытылуы қажет. Тек белгілі ғылыми ұстанымдарға сүйенген ұстаз оқушының

Осы ретте оқытудың ғылыми ұстанымының маңызы өте зор. Сонымен қатар ғылыми ұстаным негізінде тақырыпты меңгеруде пәнаралық байланыстарды да қолдану жөн. Әр кезеңдегі дәстүр жалғастығын сипаттау барысында тарихи оқиғалардан мысал келтіріп, оқушыларды қызықтыра білу керек, пәнаралық байланыс ретінде «Қазақстан тарихынан», «Әдеп» сабақтарынан алған білімдерін негізге алу ұтымды болады.

Көрнекілік – оқу процесінде ұзақ уақыт зерттелген негізгі ұстанымдардың бірі. Ол келесі үлгіге негізделген: сезім мүшелері сыртқы ынталандыруды басқаша қабылдайды. Ең сезімтал-көру органдары. Олар арқылы миға келетін ақпарат адамның жадында жақсы сақталады. Сондықтан кейбір заттарды есте сақтау, оларды есте сақтау мүмкін емес. Өйткені, көрнекілік-ақыл-ойды оқыту мен дамытудың негізгі құралы

1. Оқушыларға аталған кезең бойынша мәтін беріледі. Мәтінмен танысып болғаннан кейін, өзіндік пікір қалыптастырады.
2. Оқушылар жұпқа бірігіп, өздерінің ойларын, түсініктерін айтады.
3. Оқушылар төрт адамдық шағын топқа бірігеді, туындаған мәселелерді талқылайды.
4. Соңында оқушылар бүкіл сынып болып, ортақ шешімдерді келтіреді, ең ұтымдыларын тақтаға, өздік дәптерлеріне жазады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы оқушыларға қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністеріне қатысты мағлұмат беру барысында олардың аталған тақырыпты саналы түсінуіне әсер етеді. Аталған тақырыпты оқушылар жаттанды ойлау түрінде емес, саналы түрде, яғни өзіндік тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы меңгеруі қажет. Демек, пән мұғалімі берілген материалдарды дәл, анық түсіндіріп, оқушыларға өздерінің ой қорытындылауына, тақырыпты өз бетімен меңгеруіне жағдай жасауы керек. Себебі, өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сінеді.

Мысалы, салт-дәстүр қазақ әдебиетіндегі көрінісін өткенде, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу арқылы мынадай кестені пайдалануға болады. Ол үшін оқушы аталған тақырып бойынша қандай жауап беретіндігін, ақпаратты қайдан алатынын, қандай дереккөздерге сілтеме жасайтынын, қай әдебиетшілерден сұхбат алуға болатындығын, кімнен сауалнама алатындығын анықтайды, кейін соған сай кестені толтырады.

Кесте 2 – Тың ақпарат алу кестесінің үлгісі:

Сұрақтар	Оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер	Ғаламтор	Сұхбат	Сауалнама
«Абай жолы» романындағы салт-дәстүр көріністері	Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.	«Поэтика.kz» сайтынан ақпарат алу.	Фольклортанушы ғалымдардан сұхбат алу.	Топ оқушыларын сауалнама алу.

Көрнекілік ұстанымы – оқу үдерісінде ертеден қолданылып келе жатқан негізгі ұстанымдардың бірі. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы – көру мүшелері. Олар арқылы миға енетін қажетті ақпараттар адамның есінде жақсы сақталады. Сондықтан кейбір заттарды есте сақтау, оны жадыда қорыту көрнекіліксіз мүмкін емес. Өйткені, көрнекілік – оқыту және ақыл-ойды дамытудың басты құралы. Көрнекіліктер тақырып

жайлы нақты, анық және дұрыс мағлұмат алуға, терең түсінік қалыптастыруға көмектеседі. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» немесе «Көз айнасынан өткен көңіл айнасында бекиді», – деген қазақтың халық даналықтары осыны білдіреді.

Қазіргі кезде мұғалім түрлі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануына болады. Көрнекілікті қолдану арқылы мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары [3] секілді көрнекілік түрі ретінде технологиялық картаны да пайдалануға болады.

Сабақ барысында кейбір көрнекілік түрлерін оқушылардың өзіне де жасатуға болады. Мәселен, көркем мәтінді талдау бойынша мынадай кесте үлгісін ұсынуға болады.

Кесте 2 – Көркем мәтінді жүйелі талдауға арналған кесте үлгісі:

Көркем шығарма	Мәтін бойынша жұмыс	Талдау	Жазба жұмыс түрі
М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясы	Романдағы құдаласу салты берілген үзінділерді табу	Ұлттық салт-дәстүрлеріміздің мәнісін түсіндіру	Эссе
С. Торайғыров «Қалың мал» романы	Қалың мал арудың себебі көрсетілген үзінділерді табу	Ұлттық дәстүрлерімізден керітартпалық арқылы жирендіру жолдарын талдау	Шығармадағы дәстүрлерге жаңаша көзқарастыруға талдау-мақала

Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы – сабақ үдерісіндегі ең маңызды ұстанымдардың бірі. Себебі, әр оқушының ойлау қабілеті, ақыл-ой мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан білікті ұстаз ретінде әр мұғалім әрдайым сабағында оқушыларының жеке қабілеттерін үнемі ескеріп отыруы қажет. Көрнекті әдіскер-ғалым Т.Ақшолоқов айтқандай, «Оқыту – екі жақты процесс. Оның бір басқышында мұғалім, екінші жақ басқышында оқушы тұрады» [4, 25 б.]. Сондықтан мұғалімның білімі мен білігі, сол білімді түсіндірудегі шеберлігі, әдіс ұтымдылығы, әр оқушының қабілеті мен дарынын шыңдауы оны түпкілікті нәтижеге әкеледі. Оқушы жеке тілдік тұлға ретінде өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасқан. Сондықтан мұғалім оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытып, дүниетанымын тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды жиі беруі қажет. Ол үшін интербелсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Мәселен, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес», «Болжау», т.б. секілді жаңа стратегияларды қолдану сабақтың сапасын арттырады.

Негізінен оқыту ұстанымдарын жүйелі, кешенді түрде қолдану өте пайдалы. Себебі, барлық ұстанымдардың талаптары бір мезетте орындалады және де бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл ұстанымдар сабақ үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағыт-бағдар береді және де оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын көрсетеді.

ӘДЕБИТТЕР

1 Қалижанов У. Ұлы дала тұлғалары : көркемдік ерекшелік / Уәлихан Қалижанов; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. -392 б.

2 Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.

3 Шаталов В. Ф и др. Опорные конспекты по кинематике и динамике: Кн. для учителя: Из опыта работы / В. Ф. Шаталов, В. М. Шейман, А. М. Фаит. М.: Просвещение, 1989. С. 15.

4 Ақшолоқов Т. Көркем сөздің күдіреті. – Алматы, 1998. – 168 б.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ЖАРҚЫНБАЙ А.

оқушы, 9-сынып, Zharkyn Smart School мектебі, Астана қ.

АНАПИНА А. Н.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, Zharkyn Smart School мектебі, Астана қ.

Бұл мақаланы жазуда «әдеби тіл» деген ұғым көп пайдаланылады. Жалпы, «әдеби тіл» деген ұғымның тұрақты пікірі жоқ екендігі Р.Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде баяндалады [1.8]. Виноградов В.В., Будагов Р.А., Левин В.Л., Горшков А.И., Филин Ф.П., Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф., Аманжолов С., т.б. зерттеушілердің пікірлерімен ұштастыра келіп, «әдеби тіл» деген термин «жазба тіл» дегеннің баламасы ретінде қарастырылады. Қазақ әдеби тілінің де орны ерекше екені даусыз. С.Аманжолов қазақ әдеби тілінің дамуын Абай және Ыбырай есімдерімен байланыстырса, Т.Қордабаев қазақ әдеби тілі қазан

революциясынан кейін ғана пайда болғандығы туралы пікір айтады. Осы сияқты пікірлер өте көп.

Қазақ әдеби тілінің қазіргі қоғам өмірінде алатын орны орасан зор. Сондықтан оның әр түрлі салаларын зерттеу, әсіресе күнделікті өмір талабына сай келелі мәселелерін зерттеуге көп көңіл бөліну керек. М.Балақаев: «Әдеби тіл – халық тілінің жоғарғы формасы» - деген пікірді айтып, өз ойын осылайша жалғастырды: «Оның іргесін әлі де бекемдей түсу үшін оның байлығын арттырумен қатар, жүйелілік сапасын да арттыру міндеттері қойылмақ. Әдеби тілді пайдаланушылар арасында сөздерді әркім әр түрлі жазатын, түрліше айтатын, талғамай қолдана беретіндей бағыт байқалса, әдеби тіл мәдениетінің дәрежесі онша мақтанарлық болмағаны. Біздің арамызда ондайлар жоқ емес. Әдеби тілдің жауы – анархия. Біз соған жол бермеуіміз керек» [2.396].

Әдеби тілдің басты төрт формасын Р.Сыздық атап өтті, оларды біз бүгінгі күнде міндетті түрде білуіміз керек, дамытуымыз керек. «Әдеби тіл дегеннің ең басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл – бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс, бірақ әдеби тілдердің бір кезеңдердегі жазба түрлерінде әрдайым соңғы белгінің болуы шарт емес». «Әдеби тілді тану үшін оның қарама – қарсысына қойылатын басты құбылыс – ауызекі сөйлеу тілі. Бұл – үшінші құбылыс. Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл – әдеби тілдің төртінші сипаты»[1.8]. Демек, жоғарыда айтылған сипаттарға байланысты бүгінгі 2019 жылғы әдеби тілді сараласақ, бұл төрт сипаттарға да сәйкес келмейтіні рас. Күнделікті өмірде қолданылатын қазақ тілі әлі күнге дейін кез-келген жұрт өкіліне түсінікті емес. Қоғаммен байланыста, күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды, азық – түліктерді алғанда, тек қана қазақ тілінде сөйлемейміз ғой, демек, әдеби тіліміз де болу керек деңгейінде сақталмаған. Оның орнықты деңгейінде сақталуы үшін көптеген жұмыстар жасалуы шарт екенін мойындап, жадымыздан шығармау керек.

Қазақ әдебиетінде көптеген шығармалар жазып, өз тараптарынан әдебиет саласында елеулі орын қалдырған ақын – жазушылар қаншама. Солардың бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. А.Тұрышев: «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдебиеттегі орны айқындалып,

бірнеше мәрте кандидаттық диссертациялар қорғалып, ғылыми айналымға түскеніне міне, бірнеше жылдың жүзі болды» - деп, ақынның әдебиеттегі орнымен қатар, қазақ әдебиеті тіліне қатысты шығармалары туралы да айтып кетті[3.29]. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, сол дәуір кезеңіндегі әдеби тілді танытып отыр.

Мақалада Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің XIII, XIV томдары картотека бойынша жиналып, лексикалық сипаттары, мақал – мәтелдер, жұмбақтар, т.б. болып қарастырылды. XIII томда 131 шығарма, XIV томда 96 шығарма қамтылған.

Ең алдымен, томдарды қолға алғанымда өзіме мағынасы түсініксіз сөздерді көргенімде, оларды лексикалық сипаттары бойынша топтастыруды жөн көрдім. Шығармада «тынышлық» сөзінің мағынасы «тыныштық» сөзі екені түсінікті, оның мағынасын түсіндірмелі сөздікте анықтадым. «Саулық, тынышлық – бүтін патшалықтың ең зор қызметі – жүректе дүр». (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы») «Тынышлық» - тынышлық сөзімен үндес. 1. Тым-тырыстық, жым-жымырт болушылық. 2. Қозғалыссыз, тұрақты. 3. Алаңсыздық, жайбарақаттық. (14 том, 556 бет – «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» Алматы, 2011 ж.) Осы сөйлемдегі «дүр» сөзінің мағынасын анықтағанда, С.Исаевтің, Р.Сыздық, А.Тұрышевтің еңбектеріне сүйендім. «Саулық, тынышлық – бүтін патшалықтың ең зор қызметі – жүректе дүр». (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы») «Білсенлерге үшбу халдар Аллаһының дінде иғтибарсызлар уа жүрмекде улан ғазабы дүр». (14 том, 70 бет – «Дін тағылымы, он екінші әңгіме») «Дүр» - 1. Атақты, даңқты. 2. Қауырт, күрт, бірден. 3. Қымбат бағалы, асылтас. 4. Кенеттен шыққан, дүрс еткен, гүр еткен қатты дауыс. (5 том, 64-65 бет – «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» Алматы, 2011 ж.)

С.Исаев «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде: «XVI-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларында да, эпос, батырлар жырымен қоса ауыз әдебиетінің басқа түрлерінде де, жазба нұсқалар тілінде де қатар жарыса қолданылып келген дүр тұлғасын көрсете кеткен лазым. Бұл тұлға етістіктермен ғана емес, есімдермен де тіркесе береді. Мысалы: Мен, мен – дүрмін, мен – дүрмін, // Мен де өзіндей кен дүрмін. Бұқар жырауда: Айтар сөзім осы дүр, // Ақылың бар хан едің. // Мұның түбін ойлағын». Жиёмбет жырауда: «Басы саудың түгел – дүр // Толған тоғай малы дүр. // Тоқтамай соққан толағай // Толастар мезгіл жеткен-дүр». Осы зерттеулер нәтижесінде, «дүр» сөзінің бастауы сол кезеңдердегі

ақын-жазушылардың еңбегінде көп кездеседі. С.Исаев дүр тұлғасын етістік пен есімдерге қатысты талдаса, А.Тұрышев тілдің қалыптасу процессінде –дүр етістіктің келер шағын білдіретін тұлғасы, көне түркі тілдерінен келе жатқан құбылыс ретінде көрсетеді.

М.А.Казем-Бек: Глогол нринуждающий (transitiv) образуется через прибавление частицы (дир, дыр, дюр, дур), которая в татарских наречиях произносится тыр, тур, дыр и дур ...-деген еді; С.Аманжолов Өзбектің, шағатайдың –дүр, -дүрлерін бірден апарып теліген Қазамбектікі дұрыс. Біздің түрлардың функциясы көп – деп Қазембектің пікірін қолдайды. Ал профессор П.М.Мелиоранский бұл жұрнақ –түрған деген сөзден ықшамдалып барып жұрнаққа айналғанын жазады[3.88].

«Ғұмыр етсін, сол мақсаттық милыз» - деп, хукім еткен Алла тағаланың: «...» -деген сөзінде бұ аңлашлар. (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы») «Бұ уақытта хазірет Ғайса рухолла: - Не, не надан келсе, бір жаққа кетейік!- деген». (13 том, 4 бет – «Құтырған ит пен наданды салыстыру») «Бұ» - 1. Сілтеу есімдігі 2.Кездеме, мата. 3.Пұл. (3 том, 676-677 бет – «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» Алматы, 2011 ж.)

«Ғұмыр етсін, сол мақсаттық милыз» - деп, хукім еткен Алла тағаланың: «...» -деген сөзінде бұ аңлашлар. (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы»)

Тамығсыздық, азаттық, кісіден үміт (мида) ету, құлдық (құллық) – үміттің (амимиднің) мұндайы бар. (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы»)

Алдағы күнде менхиш лактиптен алтын таулар күту. (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы»)

Алдағы күнде менхиш лактиптен алтын таулар күту. (13 том, 3 бет – «Адам тәні туралы»)

«-Міне, көрдің бе, надан құтырған иттен һәм жаманырақ екен демес дүр». (13 том, 4 бет – «Құтырған ит пен наданды салыстыру»)

«Ешқайда кете алмай қалған, өшпейтұғын, өспейтұғын, екі үйі бір жерге қонбайтұғын, бірігіп отырмайтұғын, ант жеткен, қарғыс тигендердің тұқымы бар». (13 том, 4 бет – «Нух пайғамбар мен бір кемпір»)

«Осы кемпірдің үйінің орны Бурса шаһарында, көп народ (нар от) бас қосып, жұма намазын оқитұғын мешіт жамиғанын ортасында». (13 том, 5 бет – «Нух пайғамбар мен бір кемпір»)

«Тұғын» - Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармасында тұғын формасы жиі кездеседі де, ауыспалы келер шақ және болымсыз

етістік жасайтын жұрнақтар арқылы ауыспалы келер шақтың болымсыздық түрін жасайды. (А.Қ.Тұрышев «Қазақ әдеби тілінің тарихы» әдістемелік нұсқау, 100 бет, Павлодар Кереку, 2010 ж.)

«Қара-син, қылым кәф болды, Дәуіт нон болды». (13 том, 28 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Қара-син, қылым кәф болды, Дәуіт нон болды». (13 том, 28 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Алла тәбәрік тағала адамды кінжіраз (кебхіраз) қылғанда, өзге хайуаннан паркын сөзбие айырды». (13 том, 29 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Қалам фасих ғасы рухолла умсих болды». (13 том, 29 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Қалам фасих ғасы рухолла умсих болды». (13 том, 29 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Сөйлеуден басқа жұмысты қылғаныңның бәрін басқа хайуанлар да қылады». (13 том, 29 бет – «Жаратылыс туралы»)

«Үш жүз алты мың алты жүз хуруф». (14 том, 3 бет – «Құрандағы әріптер»)

«Бірі махаббат: ғашық мұғшақ сүйісуі». (14 том, 5 бет – «Сүйісу бес түрлі»)

«Ерден сөзі «һыр», еншіден боз һыр «қоңыр»». (14 том, 67 бет – «Хамса нәуәи насихаты»)

Осы сияқты мағынасы бүгінгі күні кез-келген адамға түсініксіз сөздердің саны екі томның әрбір бетінде тұнып тұр. Әр сөздің мағынасын сөздікте іздей отырып, орасан зор еңбектің нәтижесін шығаруға болады. Сонымен қоса, мақал-мәтелдер, жұмбақтардың алар орны ерекше. Сан жағынан өте көп.

«Мәшһүр-Жүсіп» кітабының XIII томға қатысты дайындалған, мақал – мәтелдер: «Ер туған жеріне, // Ит тойған жеріне» Қазақта бір мақал бар: «Ер туған жеріне, // Ит тойған жеріне». (13 том, 6 бет – «Мақалдар туралы»); «Еркек семіз болса, елдің құты, // Қатын семіз болса, үйдің жұты». (13 том, 7 бет – «Мақалдар туралы»); «Өспейтін елдің жігіті топ ішінде құрдасын «Қатыным!»-деп ойнайды. // Өсетін елдің жігіті топ ішінде құрдасын «Батырым!» - деп ойнайды» (13 том, 7 бет – «Мақалдар туралы»); «Оңар елдің белгісі – ақсақалы үлгісі. // Оңбас елдің белгісі – ақсақалы күлкісі» (13 том, 7 бет – «Мақалдар туралы»); «Дүние бір күн бетін көрсетеді, бір күн көтін көрсетеді» (13 том, 7 бет – «Мақалдар туралы»); «Күншілдің күні қараң» (13 том, 192 бет – «Мақалдар»); «Күндестің күлі күндес» (13 том, 192 бет – «Мақалдар»); «Көзін ауырса, қолың тый» (13 том,

192 бет – «Мақалдар»); «Көп қорқытады, терең батырады» (13 том, 192 бет – «Мақалдар»); «Қыс-қысыл, жаз - жасыл» (13 том, 192 бет – «Мақалдар»); «Бас ауырса, жан қорқар» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»); «Ашу-пышақ, ақыл - таяқ» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»); «Күре қорланса, күрегінді сайла» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»); «Есектің күші – адал, сүті – арам» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»); «Сусыз жердің шөбі арам, Еңбексіз ердің тұзы арам» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»); «Қарны тойса, қартаны ас демеиді» (13 том, 193 бет – «Мақалдар»)

«Мәшһүр-Жүсіп» кітабының XIV томға қатысты дайындалған жұмбақтар бойынша реттеу: «Мүйізден өзі, // Күмістен көзі. // Ұзын бойлы, // Шайтан ойлы» (14 том, 188 бет – «Жұмбақтар»); «Ағаштан қазығы, // Мың кісінің азығы» (14 том, 188 бет – «Жұмбақтар»); «Ойламаған жерден келді, // Көрінбеген нәрсенің хабарын берді» (14 том, 188 бет – «Жұмбақтар»); «Адамда жоқ жалғыз-ақ барды, // Сенде болса қайтейін менде барды» (14 том, 188 бет – «Жұмбақтар»); «Сулап салсаң құр шығар, // Сақла ондан сәламат» (14 том, 189 бет – «Жұмбақтар»); «Тауға тау соқтығысып қалғанында, // Айырылып ғақл естен сенделіпті» (14 том, 189 бет – «Жұмбақтар»).

Біздің мақаламызды қорытындылай келе, қазақ әдеби тілі – қазақ ұлтының қоғамдық сан-саласында, көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде, радио мен теледидар хабарларында, білім беру жүйесі мен ғылым салаларында және іс-қағаздарында қолданылатын тілі. Әдеби тіл – бүкіл қазақ халқының мәдени мұрасы. Сол мұраны жасаушы тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген.

Тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби және тарихи дәлелдемелерді қажет етіп отыр. Осы бағытта, яғни «Мәшһүртану» саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Уақыт өткен сайын «Мәшһүртану» бағытына тыңнан қосылып жатқан жас ғалымдардың қатары да артып отыр. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің соңында қалдырған мұраларының молдылығымен, мазмұнымен, өзінен бұрынғы, өзі өмір кешкен және болашақтағы дәуірді ерекше тұрғыда сипаттауымен ерекшеленіп түсіндіріледі.

Біздің мақала XIII, XIV томдарға негізделініп жасалды. Қазақ әдеби тілін зерттеуде Рабиға Сыздық, Сейілбек Исаев, Айтмұхамет Тұрышев еңбектері көп қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Сыздық Р. «Қазақ әдеби тілінің тарихы»-Алматы «Арыс», 2004.
 Балақаев М. «Қазақ әдеби тілі»- Алматы, 2007.
 Тұрышев А. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» - Павлодар «Кереку», 2010.
 «Мәшһүр-Жүсіп» 13 том, Павлодар 2008 ж.;
 «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» - Алматы 2011 ж.;
 Исаев С. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» -Алматы, «Ана тілі», 1996.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ЖАНАТОВ А. А.

оқушы, 9 сынып, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

ЖУМАБЕКОВА Р. Т.

ғылыми жетекшісі, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, Екібастұз қ

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеріміз анық.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді. Абайдың тұлғасы саналы да өрісі кең ұрпақты тәрбиелейді. Кемел ой мен сыр тоғысқан, сұлу сезім мен мұңлы шер, көркем жырдың шебері Абай шығармалары халқымыздың мол қазынасына айналды. Ұлт ұстазының аманатын сақтап, терең талдау жасап, оны кеңінен насихаттау баршамыздың борышымыз.

Қазақ сөз өнерінің «патшасы» Абай арқылы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі жайлы ой толғатқан, ақын өлеңдерінің асыл қасиетін терең түсінген, өлең өнерінің озығына тәнті болған Ахмет Байтұрсынұлы: «Одан асқан бұрынғы- соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген түйінді тұжырымы ақын даналығының нақты көрінісі екендігі анық.

Абай есімі, Абай мұрасы, Абайдың өмір жолы мен өнегесі әр қазақ үшін қадірлі, қасиетті. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деп, халқының қамын қара басының қадірінен жоғары қойып өткен ақынға деген ықылас зор, құрметіміз де шексіз.

XXI ғасырдағы адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Сондықтан ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған Абай Құнанбайұлы мұраларын дәріптеу барысында жас ұрпақтың өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі. Абайдың түсінігінде әділеттілік пен мейірбандық бір-бірімен тығыз байланысты егіз ұғымдар. Барлық істе әділетке жүгінген адам ешқашан зорлық-зомбылыққа жол бермейді, мейірбандық борышын ұмытпайды. Абайдың адамдар арасындағы достық қатынастарды бағалауы да зор тағылымдық мән бар. Күнделікті өмірдің пендешілік ырқымен күйкі тіршілік кешкен қараңғы қауымда өзімен ой теңестіріп сырласарлық дос таппағаны ақынның орындалмаған армандарының бірі болып қалады. «Ішім өлген, сырттым сау...», «Қажымас дос халықта жоқ...», «Келдік талай жерге енді...», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді...» сияқты көптеген шығармаларынан баянсыз пейіл мен тұрақсыз мінез зардабын көп тартқан ақын көңілінің назасы мен наласы әркімге де ой салары сөзсіз [1].

Абай шығармаларындағы гуманистік ойдың негізі – адам мәселесі. Осы тұрғыда Абай шығармалары адам табиғатының күрделі болмысын сараптап, сонымен қатар адамның ішкі мазмұнының дұрыстығына назар аударады. Адамның ішкі болмысының мазмұндылығы «Адам болу» идеясының негізін құрайды. Осы негізгі тіректі тұжырымды этика, адамгершілік тұрғысынан қарастырады.

Абай дүниетанымдық, әлеуметтік-этикалық көзқарастарында адам бейнесінің жақсы қасиеттерге толы сапалы жақтарымен қоса, жағымсыз іс- әрекеттер туындататын сапасыз белгілері де қатар қарастырылады. Абайдың «Толық адам», жас ұрпаққа таныстыру, оның тиімді жақтарын, бүгінгі күн талабына сәйкес келетін тұстарын насихаттап қазіргі заманның жан-жақты жетілген адамын тәрбиелеуге кеңінен пайдаланудың теориялық та, тәжірибелік те маңызы бар. Себебі бүгінгі күні аса зор әлеуметтік маңызға ие болған адамды тәрбиелеу мәселесін, адам факторын күшейту мәселесін, адамзатты рухани ағзындаудан құтқару мәселесін,

шешудің теориялық және этикалық қайнар көздерін Абайдың рухани мұрасынан табамыз.

Абайдағы толық адам туралы ойы «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қоюлана, күрделене түсетіні бар. Гуманист атаулы ғалымдардың бәрі де бұл дүниедегі асылдың асылы, ең бағалысы адам деп қарайды. Сол адамның бойындағы қалыптасатын мінез- құлықтың ең басты сипаты неден тұрмақ деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айрықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастырып дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін сала отырып, адамның өмір сүру құндылығының маңызын аша түседі [2].

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жеке тұлғалардың жан-жақты дамуы, нарық экономикасына көшу, құқықтық мемлекет құру және азаматтық қорғау талаптарын қамтамасыз ету, білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер енгізуді қажет етіп отыр. Мұндай маңызды да күрделі мәселелерді шешу үшін, адамзат мәдениеті мен тәрбие тағылымдарының үлгілі тәжірибесіне сүйенудің қажеттілігі анықталуда. Осы тұрғыдан алып қарасақ, еліміздің оқу-ағарту, білім беру ісінің тарихы жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да жаңа дәуір басталады.

Мемлекетіміздің ертені мен болашағына иелік етіп, тұтқа болар жас ұрпақты білікті де білімді, алғыр да арлы, ізгілік парасаты биік, ой-санасы терең, қажырлы да қайратты нағыз бесаспап азамат етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Әр баланың бойындағы талап-талғамдарын арттырып, өмірге, жақсы қасиеттерге құштарлық сезімдерін байытып, әсіресе рухани сезімдерін барынша молайтып, күш-қуатын, жігерін шыңдау – абыройлы міндетіміз. Әдептілік, имандылық, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық құндылықтарды қалыптасқан халқымыздың асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың сана-сезіміне, ақыл-парасатына ұялата білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүр мен әдет- ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық қасиеттерді терең сіңірген, рухани жаны таза болуы шарт. Ол рухани- адамгершілік тағылымдары әр ұстаз барлық сабақ кезеңдерінде негізге алып, өмірмен байланыстыра өткізсе, көкірегі ояу, мінез-құлқы тузу, саналы адам тәрбиелеп шығарады. Ұлы Абайдың сөзіне тоқталсақ:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Сонда толық боласын елден ерек –

демекші, әр бала өз жүрегінің қалауымен ұстазды қабылдауы, оқушыға әсер ететіндей ұстаздың жеке басының мәдениеттілігі, сабырлы, салмақтылық жеке қарым-қатынас кезінде инабаттылық, әдептілік, мейірімділік қасиеттері болу керек.

Біз А.Құнанбаев шығармаларындағы білім құндылығы жайлы ойларды зерттей келе, олардың «толық адам» болуға ұмтылу идеясын алсақ, оған жету жолдарын білім, ғылым іздеу, өнер үйрену, еңбектенуді әдетке айналдыру, өзін-өзі жетілдіріп отыру, адам болам десең бар асыл қасиеттерді бойыңа үйір қыл, бес асыл істің жолына бару, ақиқатқа, адамға сүйіспеншілікпен қарау, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік пен мал шашпақтық әдеттерден аулақ болсаң, осылардың барлығы табылса сонда толық адам боласыңдар дейді, сонымен қоса ұлы ғұламалардың өмірбаянын оқытуда бірізділікті, жүйелілікті көздеумен бірге, біртіндеп өсу жолдарын көрсетуге бағытталады.

Абай өз дәуіріндегі жастардың алдына тұрған зор міндет – ғылым, қайткен күнде де сол ғылымға қол созу керек деп, көп өлеңдерінде сол ғылымды жыр етеді. Өзінің «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде, сол ғылымды қалай меңгерудің жолдарын көрсетумен бірге, жастарды адамгершілікке үндеп, адам санасындағы жаман әдеттерді сынайды. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік, бекер мал шашушылық – ғылымның жауы екендігіне ерекше көңіл аударады және жас буындарды осы жаман әдеттен сақтандырады да, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым – адамгершіліктің ең жоғарғы белгісі деп үйретеді де, оны үлгі етеді. Міне, сонымен Абай сол кездегі қазақ даласындағы жастарды өнер-білімге шақырушы, адамгершілікке үндеуші зор ақылгөй дана ақын болды. Абай тәрбие жұмысына көпшілікті, отбасын да қатыстырудың керектігін де ескертті. «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» – деп бала тәрбиелеудің міндетін, мұғалімдер мен ата-аналардың абыройлы ауыр еңбектерінің қоғамда бағаланатындығын айтады және баланы жүйелі үйретудің керектігіне көңіл аударады.

Абай Құнанбаевтың адамгершілік бастауы – махаббат пен әділдік деген тұжырымында көрініс тапты. Оның ойынша, адам – жан дүниесі қайталанбас, әлемдегі жоғарғы құндылықтарға қол жеткізген, өз тағдырының иесі бола алатын тіршілік иесі. Ақын адамгершіліктің жоғарғы көрсеткіші – жақсылық жасау, сұлулыққа

ұмтылу деген ойды үнемі қайталап отырды. Абайдың «Адам бол!», деген ұстанымы өзін-өзі танудың өзегі.

Абайдың ойынша, «адам бойындағы ең қымбаты – оның жүрегі. Мейірімділік, ізгілік, өзгені өз бауырындай қабылдай білу, оған өзіне тілейтін игілік тілеу – мұның барлығы жүректің қалауынан, ақ пейілден, ішкі жан дүниенің кеңдігінен туады [3].

Рухани қажеттіліктер адамның интеллектуалдық және эмоционалдық сапалық ерекшеліктерін жетілдіруге ықпал етеді. Сол себепті адамның ішкі жан әлемінің тазалығы, сұлулығы руханилығы жан мен тәннің үйлесімінен көрінеді. Адам сапа жағынан екі құрамда ажыратылып қабылданады, оның бірі — сыртқы, түр-тұрпат сұлулығы, яғни субъективтік сұлулық, екіншісі – рухани, ішкі, яғни объективтік сұлулық деп аталады. Адам анадан сырт бейнесі, пішіні сұлу болып туылуы мүмкін, ал ішкі жан сұлулығы, өзінің мінез-құлқы, қылығы, ісі, басқа адамдарға қарым-қатынасының т.б. жиынтығы ретінде қоғамда калыптасады. Ал жүректегі данышпандық, кемелділік, қайырымдылық, ұлықтық бұлардың бәрі ақылдың ықпалымен адамның жан-дүниесінде пайда болатын қасиеттер. Сондықтан бұлар өзара үйлесімде болғанда ғана адамның рухы биік, жан әлемі де таза болады [4].

XXI ғасырдағы адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Сондықтан ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған Абай Құнанбайұлы мұраларын дәріптеу барысында жас ұрпақтың өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі.

Ұлттық болмыстың үлгісі Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл Абайдың мына өлең шумағынан:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті Адамзаттың бәрін сүй,
бауырым деп

Және сүй хақ жолында әділетті - дей отырып,

Жастардың бойынан күдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) Абай нақылия, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып, ұсынатын фәділетке (әділетке) ерекше мән береді.

Демек, Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет сөзі жастардың жүрегінде бағаланатыны анық. Абайдың шығармаларында, үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне құндылық бағдар беріп, өзекті идеяны дәріптегенін байқаймыз.

Абай ілімінің «Толық адам» тұжырымдамасынан өзіне сенімді, өзінің өмірлік ұстанымында ізгілік пен жақсылық місе тұтатын, азамат болатынына сенімдіміз. Осы бағыт адамның сөзсіз құндылық екендігін, оның жоғары деңгейдегі өзіндік санасын, өз абыройын, өзін-өзі құрметтеуге, пікір дербестігін сезінуге, өзін-өзі жетілдіру қабілеттеріне, рухани әлемдегі және қоршаған өмірдегі жағдаяттарда бағдарлай алу іскерлігін, өз бетінше шешім қабылдай алуға және өз әрекеттері үшін жауапты болуға тәрбиелеуді көздейді.

Демек, адамның өмірлік ұстанымы, білімі, адамгершілік іс-әрекеті, тұлғалық қасиет сапалары жайлы түсінігі, адам өзінің өмір құндылығының мәнін түсіне алуы деп білеміз.

Мәңгілік мұраның дара тұлғасы – Абай шығармашылығы терең тұңғыық. Оның кемеңгерлігі сол тұңғыықтың түбіндегі маржан шығармаларында. Абайдан бізге 170 өлең, 45 қара сөз, 56 аударма, 4 күй, 28 әні мұра боп қалды. Мұра болған шығармалардың тақырыптары сан алуан. Өз басым Абай тағылымынан нәр аламын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», - деп атап көрсетеді.

Абайды оқы, ерінбе, еркелеме, Абайдан іздегенің табылады – дегендей, Абай қазақ халқының энциклопедиясы іспетті. Өз сөзімді қорытындылай келе «Абай деген - терең теңіз, алып мұхит, ал мен оның бетін ғана қалқыдым» - деп М.Әуезов айтқандай Абайды тану мәңгілік толастамас асыл мұра[5].

Абай - қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы. Абай сөзі- халқымыздың өткен тарихын, рухани мұрасын танытумен бірге, бүгінгі және келешек өміріміздің де

бағдаршамы, ақ жолы, ғибратты ұстазы, Абайды оқу, одан рухани нәр алып, жан әлемін байыту арқылы қазақ елі, адам баласы әділетті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігіне бөленері хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296б.
- 2 Мырзахметов М. Абай – қазақ елінің моральдық кодексін жасаған адам. Аңыз адам журналы. Ақын Абайдан – Хакім Абайға дейін. №5, 2010ж.
- 3 Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 180 б.
- 4 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.(VI ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезең). I том. ред. алқасы Шаяхметов Ш.Ш., Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
- 5 Қ. Мұқамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. Алматы 1994 ж.

МӘШҰР ЖҮСІП КІТАПТАРЫ – ҒАСЫРЛАРҒА САПАР ШЕККЕН АҚЫЛ ЕСКЕРТКІШ!

БАХТЫБАЕВА А. А.

оқушы, 9 сынып, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.
ЖУМАБЕКОВА Р. Т.
ғылыми жетекші, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні,
№ 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Кітап-заманалар толқынында тербетіліп, үстіндегі қымбат қазынасын ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі. Ойшыл, ғұлама Жүсіп Баласағұн «Білім ал, ол өмірдің жолын ашар, кісіден білім берген бәле қашар», - деп айтып кеткендей, кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі екенін ұғамыз.

Қазақ баспа кітапшының кезеңдері.

Бірінші кезең – 1807-1867 жылдар;

Екінші кезең – 1867-1990 жылдар;

Үшінші кезең – 1990-1917 жылдар.

Қазақ баспа кітабының алғашқы кітабы «Сейфүлмәлік» қазақ елін ислам, шығыс мәдениетімен жалғастырған жыл құсындай рөл атқарады. Қазақ халқы енді баспа кітаптар арқылы өз жерлесі әл-Фараби, өзге де шығыс жұлдыздары Фирдоуси, Низами, Науаи,

Хайям, Физули туындыларымен революцияға дейінгі – ақ негізінен қауашып үлгерді.

Бірінші кезеңде (1807-1867) Қадырғали Жалаиридің «Жамиғ ат тауарих» атты кітабы жарық көріп, өз тарихи ғылымыздың негізіне алғашқы кірпіш боп қаланды. Қазақ қауымына арналған алғашқы кітаптар XIX ғасырдың бас кезінде шығарылды. Құран Кәрім, өзге де діни әдебиеттен кейінгі оған етене жақынкітап «Сейфүлмәлік», 1807 жылы Қазан шаһарында Қазан гимназиясы баспаханасынан жарық көрді.

Бұл кездегі тарихи жағдай қазақ пайдасына шешілгеніне, зиянға шыққанына байланысты әркілы сипатта көрінеді. Пайда, зиян деген сөздерді нарық мағынасында емес, тарихилық тұрғыдан, туған еліміздің байлығы тағдырларына өсерін тигізу салмағына қарай қолданғанда, мына төмендегі қорытындылар жинақтала бастайды.

1. XVIII ғасырдың орта шенінде қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы 200 созылған Ұлы Отан соғысы жеңіспен, абыройлы, түбегейлі аяқталды.

2. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама қасіретінен халқымыз татқан тарихи сабаққа байланысты.

3. Үлкен жетістіктің бірі – Орталық үкімет пен аймақтар (ру, тайпа, жүздер) арасында терең тамырлы, үйлесімді, жарасымды, санасымды қатынас орнатуға бағытталған саясат жүргізу қажеттілігін түсінуі.

4. Абылай ханның Ресей, Қытай секілді арасында бүгежектемей, өзін

еркін сезініп, ел тыныштығын, жер бүтігдігін сақтап қалуға бағытталған икемді, ақылды саясат жүргізе білгендігінен жемістері.

Сөйтіп Қазақ елінің елдігін жаңа сатыға көтеру үшін қолайлы жағдайлар туды.

Екінші кезең (1867-1900), бұл кезеңде қазақ халқына, Қазақстанға арнап шығарылған баспа кітап репертуары ұлғайып, сан-санасы өсіп, тақырып проблематикасы кеңейді. Қазақ баспа кітабы екінші кезеңінің ендігі бір ерекшелігі – діни әдебиет өндірісін жолға қоюында, діни тақырыбында арналған басылымдар. Қазақ тілінде басылған ислами шығармалар тақырыбы мен мазмұны жағынан екі арнада өрбіді:

Біріншісі – мазмұны мен сюжет желісі мүсілім әдебиетінен сол күйінде алынған кітаптар,

екіншісі – қазақ фольклоры дәстүрі бойынша, анда-санда қара сөзін араласытра отырып, қазақ ақындары өндеген, ұлттық төл шығармамызға айналып кеткендері.

Үшінші кезең (1900-1917 жыл) 1905-1907 жылдарғы әлеуметтік дауыл патша тарын шайқалтып, бүкіл іріп-шірген езгі жүйені түп-тамырымен жұлып әкете бастады. 1914- 1918 жылдарғы бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс, 1916 жылғы Қазақстанда бұрқ ете түскен ұлт-азаттығы көтерілісі, Ақпан мен Қазан төңкерістер патшалық және буржуазиялық Ресейдің түбіне жеткен тарихтан жақсы аян. Қазақ баспа кітабының үшінші кезеңде осы мәселелерге көп тоқталған[1].

Кітап адамзаттың бақыт пен болашақтың күдіретіне апарар жолдағы жасаған барлық кереметтерінің ішіндегі анағұрлым күрделі де ұлы кереметі болуы мүмкін. Адамдық творчествоның барлық көріністерінің ішіндегі ең ғажайыбы және назар аударуға тұрарлығы – кітаптар. Адам баласы жасаған, ойлап тапқанның бәрі, соның бәрі, бейне бір сиқырлап қойғандай, кітап беттерінде. Кітап – күдіретті қару. Ақылды, шабытты кітап көп ретте адам тағдырын шешеді.

Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады.

М.Ж. Көпеев мұраларын насихаттау, оны халыққа тарату – бүгінгі тәуелсіз қазақ елі ұландарына түгел үлкен үлес. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін тереңдеп зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы стильдік байлықты молайтуға олардың қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор. Көркем шығармаға қойылатын басты талап – тіл шеберлігі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ әдебиетінде өзінің елеулі орны бар ақынның өлең жинақтары одан қалған мұра боп табылады. Сол өлеңдерінде ақын өз ойын оқырманына нақты, дәл көркем етіп жеткізуде шеберлігімен айқындалады. Заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіреші, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинауға қомақты үлес қосқан қазақтың біртуар тұлғаларының бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында тәуелсіздік идеяларын бірнеше бағыт бойынша зерттеп қарауға болады.

Біріншісі, ақын шығармашылығындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жолындағы күрескерлік кезеңдерінің жырлануы. Бұған ақынның «Абылай хан», «Кенесары», «Кенесары – Наурызбай» және тағы басқа жырларын енгізуге болады.

Сондай-ақ ақынның шежіре тақырыбы аясында жазылған құнды еңбектерін де тәуелсіздік идеясында жазылған еңбектерге жатқызуға болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Кенесары-Наурызбай» жырын жазуын – үлкен ерлікке балауға болады. Дәлірек айтсақ, елінің жолына өмірлік мұратын арнаған асыл тектілердің тұқымы. Кітаптарды таңдауда ғана емес, сонымен бірге оқудың өзінде де кітаптан неғұрлым ақылға ақыл қосатындарын таңдай білу қажет. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға бастайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады.

Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма фабуласын берумен шектелмеген. Ақын белгілі бір материалды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған.

Екіншіден, әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген. Әсіресе, сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесуіне көп көңіл бөлінетінін, дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемділігіне пәрменді ықпал жасап отыратынын бағамдасақ, бұлай жазу қазақ тіліндегі сөздер фонетикасы тарихын жасауда да елеулі рөл атқаратынын дәйектеуге болады.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп қай материалды кімнен қандай жағдайда қалай жазып алғанын жеткізіп отырған. Демек, ол қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық, т.б. мәні айрықша болатыны күмәнсіз.

Төртіншіден, ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Соңғы айтылғандары Мәшһүр Жүсіптің естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін көрсетеді[2].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылы «Қазан» баспасынан үш кітабы жарыққа шығады. Олар: «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабының өлең түріндегі жазылған нұсқасы: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». Таңдамалы. Алматы-1990 жыл, 28-бетте жарияланды. «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы». «Хал-ахуал» кітабының өлең түріндегі жазылған нұсқасы: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». Таңдамалы. Алматы-1990 жыл, 24-бетте жарияланды. «Хал - ахуал» кітабы жарық көрді[1].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ел тарихын көп білетін шежіреші ретінде танымал. Шығармаларында әлеуметтік, адамгершілік мәселесін ашып көрсеткен. Адам бойындағы теріс қылықтарды сынаған, адамның мінез-құлқындағы жақсылық пен жамандықты салыстыра бейнелеген. Достық, ақыл-ой, ақыл туралы жазған ғибратты сөздері көп. Павлодар облысы, орталық «Мәшһүр Жүсіп мешіті ашылуының 20 жылдығы қарсаңында «Мәшһүр Жүсіп қорының» бастамасымен қазақ халқының ұлы ойшылы, атақты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, дінтанушы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі көрнекті тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жетпіс бап» деп аталатын жинағы жарық көрді. Жинақ 70 баптан тұрады. Жинақты ескі араб (хадим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші-Ертай Қуандықұлы Жүсіпов. «Жетпіс бап»-та «Мәшһүр Жүсіптің жиырма бір жасында жазғаны», «Жер мен көк» хиссасы, «Миғраж» дастаны, «Қиямет ахуалы» қиссасы жинақталған[3].

1921 жылы Торайғыров университетінің профессоры, ақын-жазушы Серік Елікбайдың «Мәшһүрдің мұңы» атты ғұмырбаяндық романы жарыққа шығып, өз оқырмандарын тауып жатыр. Бұл - ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көркем образын бейнелеген алғашқы прозалық туынды. Негізі, Мәшһүр атамыз соңына 50 том кітапқа жүк болатын әдеби мұра қалдырыпты. Соның 20-сы өзінің төл туындылары болса, 30 томы қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері екен.[4]. Яғни, жыр-дастандар, тарихи шежірелер, фольклорлық-этнографиялық зерттеулер. Анығын айтқанда, бір өзі бір ғылыми институттың еңбегін атқарып кеткен адам. Сондықтан, Мәшһүрдің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қанша кітап жазсаңыз артық емес. Міне, жаңадан жарыққа шыққан «Мәшһүрдің мұңы» романынан бұрын ешбір шығармадан оқымаған оқиғаларды кездестіресіз. Сонымен қатар, қазақтың байырғы тыныс-тіршілігін көзалдыңызға елестетіп, ұмытылып кеткен көне сөздерін қайта есіңізге түсіресіз, - дейді Мейрам Нұман[5]. «E-kitap.kz» бірыңғай онлайн-кітапханасы» ақпараттық Интернет-порталымен т а н ы с болыңыздар.

<https://kitap.kz/book/5399/read> Кітапхананы пайдаланушылар сұрауын өтеу мақсатында кітапхана қоры қазіргі талаптарға жауап беретін ақпарат тасымалдағыштарымен (аудио, видео, CD, DVD) толымдалуда, олардың саны 5 000 данадан асты. Екібастұз қалалық кітапхананың қоры- 70000 астам, оның ішінде Мәшһүр Жүсіптің кітаптары-131 дана бар. «E-kitap.kz» бірыңғай онлайн-

кітапханасы» ақпараттық Интернет-порталында «Мәшһүр Жүсіп өлеңдері жинағы», «Гүлшат-Шеризат» дастаны, «Қазақ шежіресі» кітаптарының аудио жазбасы құрастырылған. <https://kitap.kz/book/5399/read> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұсынды. Оқуға құштар мектеп” жобасының мақсаты – балаларды көркем әдебиет оқуға баулу. Оқырмандарды кітап оқуға шақырды. Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. Мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалдырған мұраларынан әлі де тың қазыналар табылып, бірнеше кітаптары басылып шығатына сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елеукунов Ш.Р., Шалғынбаева. Ж. Қазақ кітабының тарихы: Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін. – Алматы: Санат, 1999, - 192 б.
- 2 Қазақстан Кітапханаларының анықтамалығы: Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003ж.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кітабынан «Алаш» баспасы, 2003 жыл.
- 5 Серік Елікбай «Мәшһүрдің мұны» Павлодар, 2012.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН –ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ КЛАССИГИ

ЖУНУСОВА М. Б.

оқушы, 11 сынып, Жамбыл ЖОББ мектебі, Аққулы ауданы, Павлодар обл.
ЖУНУСОВА М. Б.
ғылыми жетекші, магистр, Қазақ тілі және әдебиет мамандығы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалада Б. Майлиннің үлкен ойды қысқа әңгіме арқылы беру шеберлігі көрініс табады. Қазақ әдебиетінде елеулі орын алған тақырыптары сараланып, әңгімелері тақырыбы, идеясы, мазмұны тұрғысынан талданады. Қаламгердің өзіндік ерекшеліктері мен табиғаты сипатталады.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, әңгіме, аштық апаты, ел тағдыры, тіл болашағы

В статье отражено умение Б.Майлина передавать большие мысли через рассказ. Темы, занимающие значительное место в казахской литературе, анализируются с точки зрения тематики, идеи, содержания рассказов. Характер и особенности самого писателя.

Ключевые слова: казахская литература, рассказ, массовый голод, судьба страны, будущее языка

The article reflects the ability of Beyimbet Mailin to convey big thoughts through a story. Topics that occupy a significant place in Kazakh literature are analyzed from the point of view of themes, ideas, and the content of stories. The character and features of the writer himself.

Keywords: story, mass famine, the fate of the country, the future of the language

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жаңа дәуірін бастаған «алыптар тобында» ірі ақын, іргелі прозаик және драматург Б.Майлиннің орны ерекше.

Б.Майлиннің белгілі-белгісіз сөз мұрасы –қазақ халқы бастан кешірген, қайталанбайтын тарихи кезеңнің шежіресі, еліміз өткерген дәуірдің хатталған көркем суреті болып қалатын мәңгілік мұра. Авторлық дүниетаным белгілі бір уақыт пен кеңістік аумағында қалыптасқанымен, жазушы шығармалары ұлт келешегінің кемелденуіне қызмет ете беретіні күмәнсіз. Өйткені қаламгер тапшыл дәуірдің өзінің талабын мінсіз атқарды. Кейіпкердің ешкімге ұқсамайтын дербес жазу мәнерімен мүсіндеді. Ол суреттеген кедейдің де, байдың да оқырман зердесінде өшпейтіндей із қалдырғаны сондықтан деп білеміз [1,30].

1925 жылдан 1937 жылға дейін қазақ, орыс, ұйғыр тілдеріндегі 66 кітапта авторлық құқығы сақталған Б.Майлиннен көлемді де көрнекті көп мұра қалды. Қазір жинақтан-жинаққа ауысып жүрген жүзге тарта поэзиялық туындылары, қырық шақты көркем әңгімелері, бірнеше танымал повестері мен романдары, он беске жуық пьесалары, бір жүзден астам журналистік жарияланымдары белгілі. Ал белгісіздері қаншама?! [1,64-65].

Б.Майлин қаламынан туған әр алуан жанрдағы туындылар баршылық. Менің бүгінгі жұмысыма арқау болатын, ойымды өрбітетін бағыт қаламгердің әңгімелері болмақ.

Әңгіме –қандай да бір оқиғаны, өмірдегі құбылысты, жәйтті, өткір тартысты ашып көрсетуге бірден-бір ыңғайлы жанр. Жазушымыз әңгіменің осы қасиетін, қырын, ерекшелігін тиімді әрі молынан пайдаланды. Ол өз заманының шындығын, өзі өмір сүріп жатқан қоғамның құбылыстарын әңгіме жанры арқылы өрбітіп, шындықтың уын сапыра ішті.

Көркем әңгіме жанры авторға өмір шындығының көлеңкелі тұстарын неғұрлым айқын көрсететін кристалл айна есебінде болды. Қазақ даласындағы жаңарудың сыр-сипатын, құпиясын адам характерінің эволюциясы арқылы суреттеді. Автордың шығармада характерді көрсету принциптерінің бірі –адам тағдыры туралы әңгімелеу, оның жолының ең маңызды кезеңдерін сюжет арқауы етіп алу. Органың, жағдайдың, болмыстың, уақыт тынысының әсерімен кейіпкердің біртіндеп жоғарылауын көрсету – Бейімбет шеберлігінің бір қыры.

Әңгімеге тән қысқалық, композициялық жинақылық, дөңгелек тұтастық, жеке детальдарға үлкен мән беру –автор шығармаларының айнымас сипаттары болып табылады [2,51-51].

Жалбыр, Таңсық, Берен, Ұлболсын, Күлпаш, Айша, Мұқыш, Бәкен, Раушан, көк сиырлы Дайрабай, Дәмеш, Арыстанбайдың Мұқышы... Бұл тізімді соза беруге болады. Бұлардың әрқайсысы типтік дәрежеге көтерілген жанды бейнелер. Қаламгер туындыларымен танысқанда бұлардың бәрін көргендей, жанында бірге жүргендей сезімге бөленесін. Бейімбет тудырған әр кейіпкер әдебиет атты сарайдың орны бөлек жандары. Бұл образдарсыз көркем әңгіме әлемі ойсырап, кедейленіп, жалғысырап қалатындай.

Бейімбеттің 20-жылдардағы әңгімелерінің көбі қазақтың кедей шаруалары мен әйелдерінің басындағы қиын өмір сабақтарын, олардың сілкінісін суреттеуге құрылады. Мысалы, «Айранбай», «Түйебай», «Кедей төндігі» әңгімелерінен ауылдағы әлеуметтік теңсіздік кедей шаруаның басына түскенін, Кеңестік шаралардың сөз жүзінде қалып, әлі жетпегенін көрсек, «Күлтай болыс», «Кеңес ағасы Камила», «Зейнептің серті» сияқты әңгімелерден қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен олардың жаңа өмірге қадам басуға ұмтылысын танымыз. Сонымен бірге Бейімбет қазақ ауылын жайлаған надандықты, ескі ұғым түсініктер мен кертартпа салтты

(«Талақ», «Шарифат бұйрығы», «Қадыр түнгі керемет», т.б.) қатты шенеп жазды[3,23-24].

Б.Майлиннің қалам шерткен тақырыптары әр алуан болғанымен түйсетін тұсы, мазмұн мен пішіні айналып келгенде бір жерге тоғысады. Автор терезесі қараған қоғамының өмір тіршілігін, жағдайын, тынысын, кейпін, сырын, бейнесін, тағдырын барлығын-барлығын ұсақ-түйегіне дейін өзінің әңгімелерінде сөз еткен. Қысқа да нұсқа, ұтымды, аз сөзге көп мағына сыйдырған туындылары – Майлин қоғамына саяхат. Ендігі кезекте қаламгер шығармаларына тоқтап, саралап, талдап көрсек:

Ел басына туған аштық апаты, қазақ ауылын кеңестендіру науқаны: «Күлпаш», «Аштық құрбаны», «Аш, жалаңаш», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы»

Қаламгер шығармаларындағы әйел тағдыры мен үміті: «Айымкүл», «Қырмызы», «Кеңес ағасы Камила», «Зейнептің серті», «Ерік құрбаны», «Ақбаланың тоқтысы», «Күлтай болыс»

Қазақ тілі – ел болашағы (қазақ тілі туралы туындылары): «Шәлдір-шүлдір», «Мұсадан хат келді», «Рақымбайдың мақаласы», «Бидиш, шалабек занит», «Перевод», «Олай емес, казахский язык»

Б.Майлин шығармаларына арқау болған өзекті, аянышты, ауыр, қиын тақырыптардың бірі –жазушы қоғамында белең алған аштық апаты.

Аштық мәселесін қозғағанда ең алғаш ойға келетін, тілге тиек болатын шығарманың бірі –«Күлпаш» әңгімесі. «Күлпаш» –20-жылдардың бас кезіндегі халықты жайлаған аштықтың суреті. Бұл әңгіме барысында қаламгер қыстың ызғарлы күндерінде белең алған Мақтым үйінің қысылтаяң, ауыр күйін суреттейді. Киюге киімі, жеуге тағамы жоқ Мақтым қайыр сұрап та жарытпайды. Шаңырағында әйелі Күлпаш пен бауыр еті баласы Қали аштықтан жүре алмас күйге жеткен. Таршылықтан көзі ашылмаған Күлпаш ақыр соңында Раушанның азғыруымен киімі көк, тамағы тоқ Жұмағазы байға тиіп кетеді. Байдан тамақ әкеліп, Мақтым мен Қалиды асырауды ойлайды. Боранмен арпалысып үйінің табалдырығын аттаған сәтте мерт болған екеуін көзі шалады. Ұйықтап жатыр-ау деп, «Қарағым, Қалижан, тұр» деп жақындай бергенде Мақтымның кейпіне назары ауады. Көзі адырайып, аузы ашылып, тісі қақсып жатыр екен. Күлпаш не болып жатқанын толық түсінбей, өліп жатқан күйеуі мен баласын құшақтай құлайды.

Әңгіме барысында психологиялық сурет байлығы оны әсерлі де нақышты, бояуға қанық етіп, қоюлатып береді. Мұндай жағдайлар

Кеңес үкіметі тұсында бір-екі рет қана орын алмай, бірнеше мәрте қайталанған. Бірақ бұл жағдайлар жайлы сөз қозғауға, әңгіме өрбітуге, әрине, рұқсат етілмеген. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде жазылған бұл туындының өзі уақыт өте келе Бейімбеттің басына соққы болып тиген.

Б.Майлин шығармаларындағы кеңінен орын алған тақырып –әйел теңдігі болуы ана тәрбиесін көп көргендіктен болар. Кеңес үкіметіне дейін де, тіпті, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында да қазақ мұсылман әйелдеріне өз сүйгеніне бара алмай, еркінен тыс дүниеге сатылып кете беретін жағдайлары кеңінен орын алғаны белгілі. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздар елуден, алпыстан асқан ересек еркектерге тоқалдыққа барып жатты. Бармасына болмады. Көнбесіне амалы жоқ-ты. Міне, осы тақырып –Б.Майлин шығармашылығынан берік орын алып, көркем тілмен жан-жақты көрсетілді [4].

Әйел тағдырын, әйелдер қауымының теңдігін, олардың да сөз сөйлеуге, өз ойларын ашық айтуға құқысы барын дәлелдейтін шығармалардың бірі –«Айымкүл». Менің өз тарапымнан әңгімені оқу барысында Айымкүлді ер мінезді, батыл жүректі, бойына қан жүгірген, қазақ қауымының бетке ұстар әйелдер қатарынан көрдім.

«Сендердікі адамшылық па? Сататын мен мал ма едім?...», деп қырық жасар Рақымға өз ыркынсыз, келісіміңсіз, күштеп күйеуге шыққан Айымкүл ақыр соңында өз мақсатына жетеді. Көрі шалдан құтылып, оқу оқып, білімнің кеңейтіп, өмірге деген көзқарасын молайтып, кеңсе қызметкері дәрежесіне жетеді. Осы бір шағын ғана өмір суреті арқылы автор әйелдер санасындағы сілкіністі, өзгеше тіршілікке ұмтылысты барынша дәл аңғартқан. Сонымен қатар аңғартып қана қоймай, ерлер қауымының жеңіліп, әйелдер жеңіске жеткенін көрсетіп береді. Кеңес үкіметі талабына сай қазақ әйелдерінің еңсе көтеруі, ерлермен терезесі тең болуға ұмтылуы, өз арын өзі қорғап, өз сөзін өзі сөйлей бастауы секілді жалпыға тән жаңалықтар бой көрсетеді.

Қазақ тілі мәселесі төңірегінде сөз қозғаған қаншама ақын-жазушыларымыз бар. Тіл қамын жеген жазушылардың қатарында Б.Майлинді де көреміз. Қысқа әңгіме шебері қазақ тілі айналасында қанат жайған қиындықтар мен келенсіздіктерді әңгімелеріне арқау етіп, халық ортасында таратқан.

Осы тұста көзімізге ілігетін туындысы –«Шәлдір-шүлдір» әңгімесі. Туындының тақырыбы мазмұнына сай қойылған. Әңгіме барысында автор қазақ тілін білетіндерді екі түрге бөліп

қарастыруға болады деген ой білдіреді. Яғни, біріншісі, қазақ тілін нағыз «тіл» ретінде қарайтындар; екіншісі, шүлдірлер, не орысшаға, не қазақшаға жетік еместер. Бейімбет тұжырымы бойынша, осы жердегі соңғысы қазақ тілін білмеймін деп ешқашан айтпайды. Білмесе де «білем» деп безектейді екен.

Әңгіме оқу барысында қазіргі күнде кең етек жайып жатқан мәселе көтеріледі. Бұл –аударма мәселесі. Аударма мәселесінде жаңағы жоғарыда атап кеткен қазақ тілін білетін екі типтегі жандар сөз етіледі. Яғни, жаңағы шүлдірлер қазақ сөздерінің парша-паршасын шығарып жатыр деп қаламгер ашына жазады. Қазағымыздың мән-мағынасы зор сөздік қорын қорлап жатқандығын қысқа ғана әңгімесі арқылы халыққа жар салады. Әңгіме соңында туындыны жазу мақсатын жасырмай нық білдіріп өтеді: «Қазақ тілі туралы көп айттық, көп жаздық, енді осыны «айтып қоярдан» шығарып, бір шарасын істесек те болар еді деймін».

Бейімбет шығармашылығының ерекшелігі – ондағы реализмнің күштілігі, шындық көріністердің басымдылығы. Қаламгер асқақтаған романтизмге де, қияли фантазияға да әуес емес, ол көбінесе өмірде болған, көріп білген, түсінген оқиғалар жайында жазды. Қысқасы, Бейімбет әңгімелерінде елімізде болып жатқан күрделі оқиғалардың бәрі дерлік сөз болып, суреткердің қаламына ілігіп отырды.

Бейімбет Майлиннің шығармаларының негізгі тақырыптары: халық тағдыры мен мұны, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс оқиғалары, бұрынғы өміріндегі ескі тұрмыстық жайлар, төңкерістен кейінгі кезеңдегі кеңестік шаралар (ауылды кеңестендірі, колхоздастыру), әйел теңдігі, т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Б. Наурызбаев. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1979. – 184 бет.
- 2 Байменше Серікқали. Зергердің зертханасы. Әдеби-тарихи эсселер. –«Сөздік-Словарь». Алматы. – 192 бет.
- 3 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: Қысқаша очерк: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2003. – 224 бет.
- 4 Сабырбаева Нұргүл Самиголлақызы. Бейімбет Майлин шығармаларындағы әйел теңдігі: Баяндама: қазақ әдебиеті сабақтарында және факультативтік сабақтарында қолдануға болады//

https://ust.kz/word/b_mailin_sygarmalaryndagy_ail_tengdigi_-178080.html

5 Жарылғанов Ж.Ж., Такиров С.У. Әдебиет теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2020. – 218 бет.

6 Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 бет.

7 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. Он үшінші том: құжаттар, деректер, пікірлер/құрастырған Т.Бейісқұлов. – 384 бет.

8 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». – 2004. Үшінші том: өлеңдері. – 488 бет.

9 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». – 2003. Бірінші том: әңгімелері. – 584 бет.

10 Сарыарқа саңлағы: ақын, жазушы, публицист және драматург Бейімбет Майлинге арналады / Құраст. Филол. ғылымдарының канд., доц. С.С.Ақашева; Ред алқасы: филол. ғыл. канд. Т.А.Бейісқұлов (ғылыми ред.); ОҒК директоры К.К.Әбуғалиева (жауапты ред.); Ред. Алқа мүшелері: филол. ғыл. д-ры, проф. Б.К.Майтанов, Л.Д.Әбеннова, О.П.Бравач, Т.В.Вдовухина, Ж.Нұрғожина. – Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2007. – 361б., сур. – [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық сер.]. Қазақша, орысша.

СӨЗ МАРЖАНЫН ОЙ ТҮБІНЕН ТЕРЕ БІЛГЕН АҚЫН

ИМАНБЕРЛИНОВА А. К.

оқушы, 10 сынып, № 1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауылы

УСАХАНОВА М. Д.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, № 1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауылы

Мұзафар Әлімбаев 1923 жылы 29 қазанда Павлодар облысы, Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында туған. ҚазҰУ-ді бітірген. Тырнақалды өлеңі он бес жасында Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарық көрген. Соғыс жылдарында шығармалары республикалық, облыстық және майдандық газеттерде басылып тұрды.

1948 жылдары «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарады. 1956-1958 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары қызметін атқарған. 1958

жылы «Балдырған» журналы ашылған күннен 1986 жылға дейін журналдың бас редакторы болған.

Алғашқы кітабы – «Қарағанды жырлары» 1952 жылы басылып шыққан. Жүз сексен өнге өлең жазған. 70 төлтума және аударма кітаптардың авторы. Шығармалары 20 тілге аударылған. Көркем аударма саласында Сағдидың «Бостанын» («Жәннат» деген атпен), Петефи мен Токтағұлдың, Аполлинердің таңдамалы өлеңдер жинақтарын, Ю.Фучиктің «Дар алдындағы сөзін», Орбелианидің «Ғибратнамасын» және Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Ф.Тоқай, М.Жәлил, Фирдоуси, Х.Әлімжанның өлең-жырларын қазақ тіліне аударған.

1982 жылы «Аспандағы әпке» жинағы үшін республикалық Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Қазақстанның халық жазушысы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты. Қазақстан Республикасының алғашқы Әнұраны авторларының бірі.

Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Отан» орденімен марапатталған.

Көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаевтың шығармаларының ең бір мәуелі, мол саласы - нақыл сөздері. «Алғашқы нақылын он алты жасында ауызша шығарған Мұзафар Әлімбаев елу жеті жылдық шығармашылығының ұзына бойында екі мың бес жүздей нақылды дүниеге келтірді. Олар түгел дерлік баспасөз жүзінде жарияланған [1,7б.] Тіптен «айтқыш ақынның асыл нақылдарының біразы қазақтың мақал-мәтелдері жинағына да кірген» .

Ақын ағамыздың аз сөзге көп мағына сыйғызған, жұмыр да шымыр шыққан нақыл сөздерінің тәрбиелік маңызы да ерекше.

Мұзафар Әлімбаевтың тұрған бойы – ақыл мен нақыл. Кез келген сөзден ұйқас құрастырып шығарған. Ел ішіндегі сирек сөздерді іздестіріп, жинап жүрген. Мұзафар Әлімбаев қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің біріне айналды. Поэзия жанрындағы еңбектері – өлеңдері, поэмалары әдеби сын тарапынан да, оқырмандардан да жақсы бағасын алды. Қазақ әдебиетінде мақал-мәтелдердің бірден-бір жинаушысы болды. Осы орайдағы бірталай кітаптарды құрастырып шығарды.

«Әр сөзі, әр нақылы бұрынғының, жол сілтері бүгінгінің», «Халқың кандай? -десең, салтымнан сынап біл. «Өзің кандай?» десең, халқыңнан сұрап біл, «Жемісі ағашынан биік тұрмас, халқына тағзым етіп, иіп тұр бас!». «Баба салт, хусни ғұрып, ата дәстүр!

Достастыр, бауырластыр, араластыр», «Алып та халықтан үйренеді», «Мінген атыңнан құласаң да, елдік салтыңнан құлама», «Халқын пір тұтқанды халқы ұл тұтар» деп халықтық тәрбиеге, ұлттық салт-санаға терең ден қойған автордың «Батырлықтың бастауы балалық шақта», «Білік бесіктен басталады» тәрізді нақылдарындағы ой-түйіндері «Баланы бастан» деген халық даналығымен үндесіп келеді. Ұрпақ тәрбиесіне осылай көңіл бөлген ол «Анасы өз бөбегін ернін тигізерден бұрын өбеді», «Баланы баулитын аналық мейірім мен аталық айбар», «Ана әлдиі азаматтықтың бісмәлләсі», «Аналар жылдардың салмағынан шекпейді, ұл-қыздарының зардабынан шөгеді». «Әке болу - шын бақыт, әкелікті ақтай білу мың бақыт» деп ата-ана мен баланың қарым-қатынасын, бала тәрбиесіндегі жанұяның орнын жақсы көрсетеді [2,122б.]. «Тәтті жеміс бұтақта, күттың күты кітапта»

Оқылған кітап он есе қымбат», «Бір-ақ іске мешкей бол: білуге де, білімге де тойма» деп жастарды оқу-білімге шақырған автор енді бір нақылдарында «Өнерсізді өренге салма», «Өнер - өмір өрнегі» дей келе, өнердің адам баласына тигізер пайдасын саралап береді [2,143б.]. Адам бойындағы асыл қасиет талантқа да тоқталып өткен ол: «Талант тас атында да талант». «Талант талантбайды, білім бүлінбейді». «Талантқа сеп те керек, бап та керек», - деп ой түйінін жасайды. «Сөз маржанын ой түбінен тере білген» ақын «Көп сөйлеген Мылжың емес, кекіп сөйлеген мылжың». «Өзімшілдің өнеші кен. пейілі тар», «Жігерсіз жетеуді жұмсағанша, жетелі жалғызды жұмса», «Жасық жарқырамайды», «Өтірікті өтірікпен өндеген ол сорлының несі қалды өлмеген?». «Өтірік бір күн қуантады, мың күн қызартады» деп көпірме көп сөзді мылжындықты, өтірікшілікті сынға алса, «Өзіне сенген өжет, «Ізет көрсетсең, іркілме», «Шындық шынықтырады». «Ақиқаттың арбасы алысқа жетеді», «Ақиқат перде іздемейді», «Талап - тамақ сұрамайды «Ар- алмаспайтын сақшы», «Тазалық табалдырықтан басталады», «Албырт болсаң да, аңғырт болма», «Күндемеген күйінбейді» деген нақылдармен өжеттілікке, ізеттілікке, шындыққа, талаптылыққа, арлылыққа, асқан тазалыққа, күншілдікке емес көпшілікке үндейді [2,119б.]. «Қара басқанның егінін «қара сұлы» басады», «Ертеңшіл егіншіден без» деп еңбектен қашар еріншектің жатып ішер жалқаулықтың адамзатқа тигізер зиянын суреттеген автор «Елді егінші асырайды», «Еңбектене алсаң бедел, беделіңмен кенел», «Еңбекте өскен балаңыз, елгезек десе нанамыз», «Құнтты диханның жері құнарлы» деген ой түйіндерімен адамды мақсатына

жеткізетін де, абырой әперетін де еңбек екендігін дәлелдеп береді [3,122б.]. Сондай-ақ, танымал ақын иісі қазақ баласын «Отансыз қалғанша, атаусыз қал», «Отауың тар болса да, Отаның кең болсын», «Оңбас ұл өз еліне сыя алмаған, тентіреп өзге елдерде мияулаған» деген нақылдармен Отанын, елін, жерін адал сүйуге, «Дін бұзумен бірдей де тіл бұзуды». «Ойы мұнардың тілі шұбар» деген мәтелдермен ана тілінің күдіретін тани білуге, «Сүймеген жүрек семеді» деп ұлы сезім махаббатқа. «Басында қасың болмаса да, қасында досың болсын», «Ақылды достық бар, ақылы достық жоқ» деген мақалдармен шынайы достыққа шақырады. [4,12б.]

Халық мақалдарының ізімен ақын ағамыз «Жай балта ай балта болсамшы деп армандайды», «Үй иесімен әулие киесімен.... «Тырнай берсең тері де тесіледі», «Аузы күйген - ақылды деп мақалдаса, Екі жаман дос болмас, Дос болғанмен қош болмас, деп жырлаған жыраулар поэзиясының үлгісімен екі ақылды таласар, таласар да, табысар, екі ақымақ таласар, таласар да, шабысар,- деп жырлайды Тәлімдік мәні ерекше, әр түрлі тақырыпты қозғаған М.Әлімбаевтің нақыл сөздері жайында кезінде халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, қоғам қайраткері, белгілі тұлға Дінмұхамед Қонаев «Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын» деп баға берген екен.

Лирик ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңдерінен заманның эпикалық зор тынысы, мол құлашы сезіледі» - дейді Сырбай Мәуленов. Мұзафар Әлімбаев ақындық бақыты туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзына тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-күт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүниежүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен эксперименттер қазақ топырағына ағытылды. Қазақ топырағында бойындағы бар жұпарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты.

Қазақ балалар әдебиетінің қатардағы қаламгері ғана емес, сонымен қатар ақын, прозашы, аудармашы, сыншы, жинақшы, ұйымдастырушы. Әдебиетте талант бейімі болмай, ештеңе де өнбейді, әдебиет зорлықпен жасалмайды. Мұзағанның да балалар поэзиясына туа бітті бейімі болғаны анық. М.Әлімбаев қазақ балалар әдебиетін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ — олақ», «Шынықсаң — шымыр боларсың» тағы басқа кітаптары қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. «Аспандағы өпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік

сыйлығы берілген. М.Әлімбаев мақал — мәтелдерді жинау, зерттеу, басқа халықтар мақалдарын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де айналысып келеді. «666 мақал мен мәтел», «Мақал — сөздің мәйегі», «Өрнекті сөз — ортақ қазына», т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері бар. Сын — зерттеу саласында еңбектері жарық көрді. Әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын қазақ тіліне аударды. Жазушының өлеңдері 38 тілге аударылған.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда заманымыздың басты талаптарының біріне айналып отырған саналы, салауатты, жан-жақты жетілген, рухы биік, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеу ісінде Музафар ағаның нақыл сөздерін пайдаланудың маңызы ерекше.

Бүгінде халық жадынан орын алып, күнделікті қолданысқа еніп кетті. Мақал-мәтел ретінде айтылып жүргендері жетерлік. Олай болса ақынның осындай мәнді ой орамдарын мәңгі жадымызда сақтайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Б. Баткеева. Әлімбаевтің лирикасы: Канд.дис. Астана, 1999, 11-бет.
- 2.М.Әлімбаев. Өрнекті сөз - ортақ қазына. А., «Қазақстан». 1967, 168-бет.
3. М.Әлімбаев. Халық - гажап тәлімгер. А., «Рауан», 1994. 144-бет.
- 4.Әлімбай М.2 томнан тұратын таңдамалы шығармалар жинағы “Санат” 1997 ж, - 265б

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ СИМБАТЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

КАКЕЕВА С. Т.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,
Ш. Уәлиханов ЖОББМ, Ертіс ауданы
ИСЕМБЕРЛИНОВА А.

оқушы, 8 сынып, Ш. Уәлиханов ЖОББМ, Ертіс ауданы

Адамның рухани әлемі адамзат баласын, барша руханиятты жасаушыларды толассыз толғандыратыны хақ. Қазір әлем бойынша жаһандану үдерісі бел алып келеді. Материалдық игіліктерді алдыңғы қатарға шығарып, руханиятты кейінге ысырған

бұл үдеріске барша адамның қазіргі таңда тек қана парасат, адамгершілік, биік рух пен зияткерлікті, ұлттық болмысты қарсы қойғаны абзал. Бұл мақсатқа жету жолында адам баласы өмірінде айрықша орны бар әдебиет туындыларын, оның даму тарихында ерекше атауға лайық Осы орайда ақын Мағжан Жұмабаев еңбектерінің мән-маңызы ерекше. Өзінің алдындағы дәуірлердегі ақындармен салыстырғанда бұл қаламгер санасына сілкініс пен серпіліс әкелді. Адам жанына айрықша үңілу, оны зерттеу, барша болмысы адамгершілік сипаттарға негізделген кейіпкерді сомдау басты нысанға айналды.

Ақиқат өмірдің көркем суреті болып табылатын әдебиеттің қоғамдық және эстетикалық маңызы адамсыз, оның танымы мен тағдырыңыз ашылмайды. Көркем әдебиеттегі шығармашылық ізденістерді саралай тануды мақсат ететін әдебиеттану ғылымында да ең басты нысан – адамның көркем шығармадағы бейнесі. Сол себепті де көркем әдебиеттегі адам болмысының алуан қырлары және адам жаратылысымен қойындасып жататын руханилық мәселелері қай уақытта да әдебиеттанудың күн тәртібінен түспейтін негізгі сауалдар болып табылады.

Мағжан Жұмабаев-қазақ әдебиетін тілдік, мазмұндық жағынан байытқан биік тұлғаның бірі. Ол туралы заманымыздың заңғар жазушысы М. О. Әуезов: «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан мәдениеті зор ақын.»,- деген екен.

Мағжан-лирик ақын. Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы-аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде гажап шеберлік танытады. «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін», «Шолпы» т. б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі гажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю-Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтыш сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр. Сондықтан ақын лирикасы-махаббат ирикасы, сезім лирикасы. Оның «Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңін

дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма деп бағалауға болады[1.276].

Бұл өлеңде сүйгеніне қол созған ғашық жан:

Кел, жұлдызым, жылжып кана жібектей,

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін,-[2.846]

деп, жүрек сырын ақтарады. Оның ғашығы-сөзі сиқыр, шашы толқын, күлкісі күміс табақтай сынғырлаған ғажайып сұлу. Ақын осы сұлулыққа жету жолында бәрін де құрбан етуге даяр ғашық жанының бар сезімін тамаша суреттермен, бейнелі кестелермен береді. Лирикалық кейіпкерінің «көз жасынан меруерт тізіп», тіпті аспандағы жұлдызды жүзік, айды алқа етіп ғашығына сыйға тартқызады. Мағжан-қазақ өлеңінің көркіне көрік қосқан, саздылығы мен әуезділігін әсемдеген ақын. Жоғарыдағы өлеңдерінің бәрінде де ол қарапайым өмір құбылыстарын әсем суретке айналдыра жырлайды. [3.206] Ақын қаламынан туған қандай өлең болмасын ақынның нәзік болмысын, сыршыл жүрегін танытады. Сондай шығармасының бірі-«Шолпы» өлеңі.

«Шолпы» өлеңінде Мағжан өлеңдеріне тән ерекше бір әуезділігі айқын көрінеді. Онда шолпы сылдыры арқылы сұлу қыздың бейнесін, сымға тартқандай түп-түзу нәзік жүрісін жырлайды. Мәселен:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Қанымды қайнатты құрғыр.

Шық - шық жүрекке тиеді,

Күлпара талқан боп сынғыр,-[5.846]

деген жолдар арқылы шолпының адам сезімін оятудағы күшін сипаттаса, сол арқылы нәзік те кербез қыздың бейнесін көз алдымызға әкеледі.

Қазақ қызының бейнесін сомдауда, сүйген жүректердің сезім иірімдерін ажарлауда Мағжан «шолпы» сөзін қазық етіп алып, соның айналасында өз қаһарманының образын жасайды. Шолпы арқылы образ жасау Абай мен Мұхтар Әуезовте де кездеседі. Олар шолпыны қыз бейнесін танытатын, толықтыратын деталь ретінде алса, Мағжан образдың өзі ретінде қолданған. Десе к те, осы үш автор да шолпыны-сұлулықтың, сымбаттылықтың символы ретінде қолданған, ол сұлулық тек сыртқы тән сұлулығы еместігін ерекше сезімталдықпен тап басып көрсетіп, сүйіспеншілік сезіммен астаырған. Оны ақынның «Шолпы» өлеңіндегі мына жолдардан анық аңғаруымызға болады:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Өзекті өртеді құрғыр.

Әдейі іргеден жүреді,

Сұлу қыз санадан солғыр[5.846].

Ақын бұл жолдар арқылы сұлу қыздың жоғалуын тілеп тұрған жоқ, керісінше, белгісіз қыздың қылықты назына сүйсіну бар. Сұлу қыздың нәзік қимылдары арқылы жігіт жанын баурап алар құпиясынан сыр аңғартқандай. Оның сылдырлап жігіттің жүрегін өртеуі, әдейі іргеден жүріп ынтықтыруы-қазақ қызының өзге ұлт қыздарындай сырын жігітке лақ еткізбейтін, жүріс-тұрыс арқылы жеткізетін бекзат болмысын көрсетіп тұр. Өлең сонысымен ерекшеленеді. Иә, шындығында да, басқа ұлттардың қыздары сезімдерін жігітке еркін білдірсе, қазақ қыздары көзінің иығымен бір шарпып өтіп, шолпысы сылдырлап, жігітті өзіне ынтық етеді. Бұл мәселе бүгінгі күні де маңызды деп білемін. Өйткені басқа ұлттарға еліктеп, ұлттық құндылығымыз жойылудың аз-ақ алдында тұр. Себебі, жігіттің мойнына асылатын, махаббаты материалдық құндылық деп санайтын қыздар көп кездеседі. Оларға осындай әшекей бұйымдарымызды күнделікті тағып жүруді міндеттеп, сол арқылы бұрынғы қазақ қыздарының тәрбиесін қайта жаңғырту керек. Өйткені, бүгінгі қыз бала-ертеңгі бүкіл ұлтты тәрбиелейтін ардақты ана.

«Шолпы» өлеңіндегі:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Жүректі тандырап құрғыр.

Кеудені кернеді жалын,

Сәулем, періштем, тез кір![5.846]-

деген жолдардағы қазақ қызының шолпысының сынғыры құлағымызға қазір де жетіп тұрғандай әсер береді. Бұл өлеңде әзіл де, шындық та бар. Ақын осы өлеңі арқылы ауыл үйдің іргесін әдейі айнала жүретін қыздарды астарлы әзілмен шымшыса, бір жағынан қылықты қыздың ерке назына деген сүйсіністі береді.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Есімнен аударды құрғыр...

Лебізіңнен еріп барамын,

Жаным - ай, жақында, қол бер![5.846]-

деп, өзінің риза боп сүйсінген көңілін білдіреді. Шолпы сылдырлаған сайын естушінің жаны кіріп, көңілі сүйсінуде. Осы суреттен бұрынғы ауыл тұрмысының шағын ғана этнографиялық көрінісін тамашалауға болады. Тып-тынық кеш. Ауыл. Айнала

тігілген киіз үйлер. Киіз үй ішінде отырған жігіт. Ал үй айналып өтіп бара жатқан шолпысы сынғырлаған сұлу келбеті өленді тыңдаған жанды еріксіз еліктіреді. Шолпы иесінің сұлу жүзін көз алдымызға келтіреді. Оның кербез де, келісті, өзіне сенімді де биязы жүрісін көргендей боламыз. Бәлкім, қалам күдіреті деген осы болар. Суретін салмай-ақ, көңіл көзімізбен көре аламыз. Ақынның суреткерлік шеберлігінің өзі осында жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың «Шолпы» өлеңіндегі дыбыстық белгісінің өзі адамның ынтызарлығын тудырады. «Шолпы» символ болып, сұлу қыздың сұлулығының, тәрбиесінің көрсеткіші болып тұр.

«Шолпы» өлеңінің тәрбиелік мәні зор. Ол қазақ қыздарын ибалылыққа, сыпайылыққа, нәзіктікке үйретеді. Жүріс-тұрыс арқылы өзгелерге әсер етуге болатындығын танытады. Сондықтан қазақ қыздары өздерінің «қазақ арулары» деген атқа лайық болуын, Еуропаға еліктемей өзіміздің ұлттық құндылығымыздың маңызын ұқтырғандай болады.

Қазақ қызы намысы сынғырлаған сезімдей,

Айша бибі, Домалақ аналардың көзінде.

Баян сұлу, Қыз Жібек, Еңліктердің өзінде,

Намысынды ерлерін қорғаса екен көз ілмей,[4.506]- деп, жырлаған ақындарымыздың өлеңдеріндегідей намысты да, нәзік болуға шақырады. Сондықтан «Шолпы» өлеңі қазақ қыздарын тәрбиелеу құралы деп санауға толық негіз бар.

Қыз-ұлттың ары, намысы. Сондықтан халқымыз үшін қыз тәрбиесі қашан да бірінші орында тұрған. Олар қызды еркелете де білген, кезі келгенде тыя да білген. Бұл ретте әсіресе қазақ жеңгелерінің орны бөлек. Қазақ әдебиетіндегі бұрынғы шығармаларды оқысақ, қыздардың барлығы дерлік жеңге тәрбиесін көрген. Жеңгелері арқылы болашақ жарымен танысқан. Сол кезеңдерде қазіргідей ажырасу секілді, балаларын тастап кету секілді немесе ата-аналарын қарттар үйіне өткізу сияқты сұмдықтар болмаған. Оның бәрі халқымыздың сан ғасырдың тезінен өткен, еленіп-екшелген қыз бала тәрбиесіне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты халықтық педагогикасының арқасында жүзеге асқан. Ал қазіргі қыздарды жеңге, ана емес, смартфон тәрбиелеп отырғаны жасырын емес. Өзгеге еліктеушілік, өзге ұлтқа тұрмысқа шығу, балаларын күл-қоқысқа тастап кету-қазақ қызына жараспайтын жат қылық. Қазақ қызы шолпысы сынғырлап, жүріс-тұрысымен, әдепті сөзімен, сынғырлы үнімен,

жымыған күлкісімен артындағы сіңлілеріне үлгі бола білген Жібектер мен Баяндай ару қыздар, жауға қарсы шапқан Бопайдай батырлар, ұрпағына ұлтының ұлы мұрасын сіңірген Зерелер мен Айғанымдай асыл әжелер. Сондықтан, «Шолпы» сияқты асыл мұраларымызды кеш болып кетпей тұрғанда қайтарып, халықтық педагогика тәрбиелерін бойға сіңіргеніміз жөн болады. Өйткені, болашақ ұрпақтың анасы-бүгінгі қыздар.

Біздің негізге алып отырғанымыз-ақынның «Шолпы» өлеңіндегі ұлттық ерекшеліктерімізді танытатын ұғым-түсініктерді зерделеп, ол шығармалардың көркем әдебиетте алатын орнына азды-кем тоқталдық. Бұл тақырыпты ашуға өз септігін тигізді.

Біз қазақ қыздарының тәрбиесі туралы айтып, қазақтың әшекей бұйымдарына, одан кейін «Шолпы» өлеңінің мазмұнына талдау жасап, оған әдеби-теориялық талдау жасадық. Негізінен ойды қыздар тәрбиесінің аясына топтастырып, олардың мағынасын ашып түсіндірдік. Сол арқылы ақынның бай тілін танытуды көздедік.

ӘДЕБИТТЕР

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер. 1987 ж.
2. Өндер жинағы. Алматы. «Аруана» 2009ж 50-б.
3. Әшімханов Д «Бес арыс» Алматы «Жалын» 1992ж 264-б.
4. Жұмабаев М «Таңдамалы» Алматы 1992 27-б.
5. Жұмабаев М «Сүй, жан сәулем» Алматы «Атамұра» 2002ж 84-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТАҒАМ АТАУЛАРЫ

ҚАЛИЕВА Қ. Ф.

оқушы, 11-сынып, Көкбай атындағы орта мектебі,
Абай облысы, Абай ауданы

Қазақ тілінің көлемді бір саласын құратынын ол – тағам атаулары. Қазіргі уақытта дүкен сөрелерінен тағамдардың түр-түрін көреміз. Тағамның қанша түрі болса, сонша атауы бар. Дүкеннен басқа дәмхана, асхана, мейрамханаларда тағамдардың неше түрі дайындалады. Қазір ұйғыр, өзбек, түрік сияқты түркі

халықтарының асханасымен қатар испан, итальян, корей, қытай сияқты басқа халықтардың дәмхана мен мейрамханаларын қаланың әр көшесінен көруге болады. Қалауымыз бойынша күнделікті әр елдің ұлттық тағамынан дәм тата аламыз. Әркім өз талғамына қарай бір нәрсе таба алады, сондай-ақ қызықты атаулары бар экзотикалық тағамдардың дәмін татып көре алады. Күнделікті жапонның сушиін де, италяндардың пицасын да, американың KFC деген атпен дүние жүзіне кең таралған қуырылған тауығын да қалаған уақытымызда жей аламыз. Ғылыми мақаламызда күнделікті қолданыстағы тағамдарымыз қайдан шыққан, қандай мағынаны береді деген сұраққа жауап іздедік.

«Неліктен тағам осылай аталады?» - бұл сұрақ әркімде туындауы әбден мүмкін. Ол туралы пікірталастар да болуы ықтимал. Біз зерттеу жұмысымызда осы мәселелерді көтеріп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырмақпыз. Тәтті тағам атауларын нысанға алып зерттеуіміздің өзектілігі бірнеше себептерге байланысты:

Біріншіден, алынған қазақ және орыс тілдеріндегі тәтті тағам атауларының тақырыптық, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу – уақыт талабы.

Екіншіден, тәтті тағам атауларының ономастикадағы өзіне лайық маңызын айқындау, олардың ортақ заңдылыққа бағынатын біртұтас құбылыс екендігін дәлелдеудің тіл білімі ғылымы, әсіресе ономастика үшін маңызы зор.

Үшіншіден, қазір тәтті тағам түрлерінің саны қауырт өсіп келеді. Бұлардың әрқайсысына атау беріп, айдар тағуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Төртіншіден, онимдер ұлттық келбетіміздің айнасы десек, тағам атаулары да белгілі бір кезеңдегі халықтың ұлттық бейнесін көрсетеді әрі сол кезеңнің қоғамдық, экономикалық жағдайынан белгілі бір дәрежеде хабар береді. Өзімізде өндірілетін тәтті тағам атаулары тәуелсіздігімізге отыз жылдың жүзі болса да, ұлттық сипат ала алмай келе жатқаны да бар.

Тәтті тағамдар атаулары прагматонимге жатады. Прагматоним грек тілінен аударғанда, прагма – зат, тауар дегенді білдіреді. Прагматонимге барлық тауарлардың атаулары мен сол тауарларды шығаратын кәсіпорындардың тауарлық белгілері жатады. Тәтті тағамның атаулары осы лингвистикадағы прагматонимнің бір бөлігі болып табылады. Қазақ тілі біліміндегі ономастикаға байланысты шыққан зерттеулерге шолу жасап шыққанымызда прагматонимдердің ішіндегі тәтті тағам атауларына қатысты бірде-

бір еңбек (қазақ тіл білімінде) жарық көрмегендігіне көз жеткіздік. Сондықтан тәтті тағам атауларын зерттеп, оның ономастика саласындағы ерекшелігін айқындау – тақырыптың өзектілігін танытады. Өйткені еліміз тәуелсіздік алып, өз өнімдерін шығара бастағанына да отыз жыл болды. Осы уақыт аралығында тәтті тағамдар түрлері көбейе түсті. Бұл өз кезегінде олардың атауларын лингвистикалық тұрғыдан саралауға негіз болады.

Жаңа тиісті атаулардың пайда болуы біздің заманымызда сөзсіз құбылысқа айналады, өйткені заттар әлемінің әртүрлілігі сырттан берілген немесе адам жасаған негізгі атауларды белгілеу үшін қажет. Атау тіл заңдарына сәйкес дамып келе жатқан сөз болуы керек. Жеке заттарды ерекшелейтін жеке атаулар ерекше назар аудартады. Ежелгі уақытта да тиісті атаулардың тілдегі орны және олардың жалпы есімдерден айырмашылығы байқалды. М. Фоякова тиісті атау «зат есімдердің әмбебап функционалды-семантикалық категориясы, халықтың тілі мен мәдениетіндегі осы объектілер туралы жеке ұғымдар мен жалпы түсініктерді білдіретін жеке объектілерді (тірі және жансыз) анықтауға және белгілеуге арналған ауызша белгілердің ерекше түрі» деп жазады [1,21 б.].

Атаулар ономастиканың зерттеу нысаны болып табылады. Бұл пән атаулардың «тағдырын», дәлірек айтқанда даму тарихы мен олардың қызмет ету заңдылықтарын білумен айналысады. Қазіргі ономастикалық жүйе өте бай және тармақталған. «Орыс ономастикалық терминологиясының сөздігінде «ономастикалық кеңістік» белгілі бір кезеңде нақты, гипотетикалық және фантастикалық объектілерді атау үшін белгілі бір халықтың тілінде қолданылатын барлық кластардың тиісті атауларының жиынтығын білдіреді және онимдік кеңістік көптеген онимдік өрістерден тұрады (белгілі бір таптың онимдерін қамтитын онимдік кеңістіктің бөліктері) [2].

В. Н. Топоров өз жұмысында ол дәуірге, елдерге, мәдениеттерге байланысты әр түрлі толтырылатындығы туралы жазды. Ономастикалық кеңістік әрқашан бұрынғы дәуірлердің элементтерін сақтайды, бірақ сонымен бірге белгілі бір уақытта белгілі бір адамдарда болатын әлем моделіне негізделген. Ол ерекше бөлімдерге бөлінеді, мұның бәрі қажет, өйткені бүкіл ономастикалық кеңістікті көру қиын. Ол: антропонимия, топонимия, зоонимия, фитонимия, космонимия, астротонимия, хоронимия, хрематонимия, мифонимия және т.б.[3]

Адам ар ежелден бері өз өнімдеріне арнайы белгілер қойып келеді, бұл өнімді өндірушіні көрсетіп, сапа кепілі болды. Мұның бәрі жарнама атауын жасауға қызмет етті. Номинацияның жаңа нысандары мен өз есімдерін айтуға болады. Бұл атаулар жарнаманың бір бөлігіне айналады, сондықтан олар «жарнама атауы» деген бір терминге біріктіріледі. Бұл өнім мен қызметтің бірегейлігін құруда маңызды рөл атқарады. Жарнамалық атауды басқа тиісті атаулармен жақындастыратын және ономастикалық өрістің бөлігі болуға мүмкіндік беретін басты белгі – даралау. Алайда, бұл белгілер абстрактілі субъектілердің даралануында және қабылдануында, атап айтқанда кәсіпорынның түрі, салтанатты шараның негізгі идеясы және т. б. нақты көрінеді.

Әр халықтың ғасырлар бойы дамыған тағам атаулары өзгеріссіз қалуы керек және дәстүрлі мазмұны мен ұлттық ерекшелігіне байланысты технологиясына қатаң сәйкес келуі керек. Бүгін Астана мен Алматының дүкендері мен кофеханаларында рахат лукум мен халвадан бастап чизкейк пен веналық штрудельге дейінгі тәттілердің дәмін татуға болады. Бірақ десерттердің қайсысы шын мәнінде отандық өнім?

Қазақтардың тағамдары салт-дәстүрлермен, ұлттық ойындарымен, ауқымды мәдени бағдарламамен және мерекемен байланысты болып келеді. Сонымен қатар белгілі бір оқиғалармен, мерекелермен байланысты. Атап айтқанда, үйлену тойы, баланың тууы, Наурыз (қазақтың жаңа жылы), Ораза айт пен Құрбан айт дастарханы тәттілерсіз өтпейді. Қазақ дастарханында жиі көрінетін тағам түрлері ретінде чак-чак, жент, бауырсақ, ірімшік, тәтті тоқаштар тағы басқа тағамдарды айтуымызға болады.

Тәтті тағам атауларына талдау жасау барысында Алматы қаласындағы «Рахат» кондитерлік фабрикасы, Қарағанды және Қостанайдың «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасында шығаратын өнімдердің атауларын шолып шықтық. Онда шығатын көптеген өнімдерде сол нысанның орналасқан орны туралы ешқандай хабар бермейтін тәтті тағам атаулары да бар. Мысалы, «Рахат» кондитерлік фабрикасы «Алатау», «Жетісу» деген атпен печенье түрлерін, «Астана», «Отырар», «Алтын құм» деген атаумен кәмпит түрлерін өндіреді. «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасы өндіретін тәтті тағам түрлерінің ішінен «Полярный» (вафли), «Каракум», «Мишка на севере» (шоколады) тәтті тағам түрлеріне қойылған атауларды кездестіруге болады. «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы «Балтика» (мармелад), «Кара кум» (карамель), «Кызыл-

кум» (карамель) деген атаумен бірнеше тәтті тағам түрлерін өндіреді екен. Келтірілген атаулардың ішінде «Рахат» кондитерлік фабрикасының «Алатау» печеньесі мен «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасының «Мишка на севересі» шығарылатын жеріне жақындау берілген. Олай дейтіміз, «Рахат» кондитерлік фабрикасы Алматыда орналасқан. Ал Алатаудың Алматыда екендігі белгілі. Сол сияқты Қарағанды қаласы солтүстік қазақстанға жататыны белгілі. Сондықтан шоколадтың атауына негіз болып тұрған аюы солтүстіктен («Мишка на севере»).

Тәтті тағам түрлеріне атау қойғанда, тауардың өтімділігі көзделеді. Соны мақсат еткен басшылық құлаққа жағымды және тез жатталатын атауларды таңдайды. Осы жағдайда тәтті тағам атауы жарнамалық қызмет атқарып тұрады. Мәселен, қонаққа немесе туған күнмен құттықтауға барарда тәтті апарамыз. Апаратын тәттінің сапасы және дәмділігімен қатар атауына да мән береміз. Жоғарыда аталған «Каракум», «Кызылқум», «Полярныйдан» гөрі неғұрлым тақырыпқа сай келетін «Для тебя!», «Желаем счастья!», «Құттықтаймыз!», «От всей души!», «Поздравляю» деген атаулары бар тәттілерді таңдаймыз.

Біз жоғарыда бөлгендерді негізге ала отырып, елімізде өндіріліп жатқан тәтті тағам атауларын төмендегідей лексика-семантикалық жағынан топтастыруды жөн көрдік.

Зооморфтық тәтті тағам атаулары. «Балапан», «Ласточка», «Золотой фазан» - «Рахат» кондитерлік фабрикасы өндіретін кәмпит түрлері.

«Бұлбұл» - «Рахат» кондитерлік фабрикасы өндіретін карамель түрі. Сондай-ақ «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы «Зубренок» секілді карамель түрлерін шығаруда.

Өнер, музыкаға байланысты қойылған тәтті тағам атаулары. «Рахат» кондитерлік фабрикасы «Блюз», «Лири», «Танго», «Гармония», «Романс» деген атпен кәмпит түрлерін, «Ивушка» карамель түрін, «Ноктюрн» деген атаумен диабеттік өнімдерін халыққа ұсынуда.

Мерекелік тәтті тағам атаулары. Тәтті тағамдар, әсіресе торт, шоколад, шоколад жиынтығы көбінесе сый ретінде ұсынылатындықтан және түрлі мейрам, туған күн кештерінде дастарқанға қойылатындықтан, олардың атаулары да соған сай болып келеді. Мысалы: «Для тебя!», «Тойбастар», «Желаем счастья», «Құттықтаймыз!», «Поздравляю!», «Жаңа жылыңызбен», «Мереке құтты болсын» т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Фоянкова, О. И. Имя Собственное в художественном тексте / О. И. Фоянкова. – Л.: ЛГУ, 1990. – 103 с.
- 2 Подольская, Н. В. Словарь русской ономастической терминологии [Текст]. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1998. – 192 с.
- 3 Топоров, В.Н. О палийской топонимике Текст. / В.Н. Топоров ...

«ABISH.KZ» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

КАНАПИНА А. С.

информатика мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

БЕКЕН Б.

оқушы, 8 сынып, дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Пандемия – әр мемлекеттің дамуына, қоғам өміріне өз әсерін тигізді. Осы індет халықтың қан тамыры саналатын әдебиетке қалай әсер етті деген заңды сұрақ туындағалы қашан. Жалпы пандемияда әдебиетті сүйер оқырман қауым арасында эпидемияны көрсететін әдеби шығармалар көбірек қайта оқыла бастады. Бұл вирус әдебиетті зерттеу тақырыптарына да әсер етті. Жазушылар мен ақындардың шығармашылығын зерттеуде, оны насихаттауда цифрлық жұмыстардың аз екендігін көрсетті. Осы тұрғыда Ә.Кекілбаев шығармаларын зерттеу үшін топтастыру, әрі оқырман қауымға қолжетімді ету мақсатында «abish.kz» цифрлық қосымшасын жасау зерделеу жұмысының өзектілігі мен қолданбалығын арттыра түсті. Әрі пандемия кезеңінде «Төзім жыры» өлеңінің оқырман өміріндегі рөлі зерделенді.

Мобильді қосымша бүгінгі таңда адамға көптеген мүмкіндік береді. Бірі ғаламтор арқылы қаржыны басқарса, енді бірі салауатты өмір салтын ұстануға көмектеседі. Мобильді қосымша көмегімен жұмыстың жартысын аяқтап үлгереміз. Олардың саны көп. Бірақ көпшілігі білмейтін қосымшалар жеткілікті. Бұл қосымшалар өмірдің барлық жағдайына қажетті. Пайдасы да көп.

Мобильді қосымшалар (мобильді бағдарламалар ретінде де белгілі) смартфондар мен планшеттер сияқты мобильді құрылғыларға арналған бағдарламалық жасақтама болып табылады.

Олар мобильді құрылғыларды функцияның миниатюралық қуатына айналдырады. Кейбір құрылғылар кейбір өндірушілердің өндірушілері немесе олардың байланысқан ұялы байланыс қызметтері (мысалы, Verizon, AT & T, T-Mobile және т.б.) кейбір мобильді қосымшаларымен алдын ала жүктеледі, бірақ көптеген қосымша қолданбалар құрылғыға тән бағдарлама арқылы қол жетімді дүкендер.

Мобильді бағдарлама функциялары

Осы қолданбалардың мақсаттары ойын-сауық, спорт, дене шынықтыру және кез-келген басқа адамдарға арналған гамма, утилитадан, өнімділіктен және навигациядан іске қосылады. Әлеуметтік медиа - мобильді қосымшаларды әзірлеу және қабылдаудың ең танымал бағыттарының бірі. Іс жүзінде, Facebook барлық платформаларда 2017 жылы ең кең қолданылатын бағдарлама болды.

Көптеген онлайн-сайттарда мобильді веб-сайттар мен мобильді қолданбалар бар. Жалпы алғанда, айырмашылық мақсатта: Қолданба әдетте мобильді веб-торапқа қарағанда кішірек болады, көп интерактивтіліктерді ұсынады және мобильді құрылғыда пайдалану жеңіл және интуитивті пішімде нақты ақпаратты ұсынады.

Көркем өнер, оның ішінде, сөз өнерінің адам тағдырының небір тылсым сырларына, адамзат тарихының қайсыбір бел-белесті кезеңдеріне құрылатыны ақиқат. Дәуір дидары, заман келбеті қаламгерлерге ой тастап, оларды өзінің дүниетанымына, суреткерлік мұратына орай бейнелеуге бейімдеген.

XX ғасырдағы қазақ прозасы мен поэзиясы, әсіресе Әбіш шығармалары халық, ұлт өмірінің әр қилы қырларын бейнелей отырып, көркем бейненің бай галереясын жасады.

Алайда, пандемия кезінде осындай жазушылардың шығармашылығы мен өміріне арналған цифрлық қосымшалардың жоқтығы өкінішті. Өйткені оқырман қауым іздеп оқитын жазушылар кітаптарын табуда қиналатыны анық.

Сондықтан біз көпшілікке қолжетімді әрі ыңғайлы «abish.kz» цифрлық қосымшасын жасадық. Әдеби қосымша Tilda [1.] қосымшасында жасалды. (Сурет - 1)

Flutter - Google корпорациясы әзірлеген және дамытқан Dart бағдарламалау тілін пайдалана отырып, Android және iOS үшін мобильді қосымшаларды, веб-қосымшаларды, сондай-ақ Windows, macOS және Linux үшін жұмыс үстелі қосымшаларын жасауға

арналған әзірлеу құралдарының жиынтығы және ашық бастапқы коды бар фреймворк.

Flutter 2015 жылы «Sky» атауымен шығарылды, тек Android қосымшалары үшін жұмыс істеді. Негізгі ерекшелігі-жоғары графикалық өнімділік(секундына 120 кадрды көрсету мүмкіндігі). Веб-қосымшаларды құруға толық қолдау 2.0 нұсқасында (2021 ж. Наурыз) пайда болды, Windows, macOS және Linux және Google Fuchsia (JIT компиляторы бар Dart виртуалды машинасында) жұмыс үстелі қосымшаларын құруға қолдау сол нұсқада жүзеге асырылды.

Жалпы алғанда, әдеби қосымша 4 бөлімнен тұрады.


Негізгі бөлімде әдеби қосымшаның мақсаты көрсетілген. Әдеби қосымша Әбіш Кекілбаев шығармашылығын насихаттау әрі жазушы шығармашылығын жинақтау әрі зерттеу үшін жасалғандығы жазылған.

Қосымшаның 2-бөлімі «Ғұмырбаян» деп аталады. Мұнда жазушының толық өмірбаяны, шығармашылығы туралы баяндалған. (Сурет - 2)

3-бөлімде медиалық файлдар жүктелген. Яғни Ә.Кекілбаев сұхбаттары мен суреттері берілген.

4-бөлім – Bookmate. Яғни жазушы кітаптарына сілтеме көрсетілген. (Сурет - 3)


Мұндай қосымшалар ақындар мен жазушылардың өмірін зерттеуде, оларды жинастыру мен оқырман қауымға ұсынуда қолданылады. Сондықтан мұндай әдеби қосымшалардың қоғамдағы рөлі маңызды.




"Әбіш" цифрлық қосымшасы

Қосымшаның мақсаты қазақ майталман қаламгерлерінің бірі, жазушы, драматург, аудармашы Әбіш Кекілбаевтің шығармашылық жолын көпшілікке қолжетімді ету. Себі, бүгінгі цифрлық құзреттілік кезеңінде ұлтымыздың ұлы тұлғалары мен дара да дана ақын, жазушыларымызды танытуда смартфонда тб беркін қолдана алатын мобильді қосымшалардығжа. «Абыш» цифрлық қосымшасын жасау арқылы бір жазушы болсын оның өмір мен шығармашылығын бір бағдарламаға топтастыра бере отырып, көпшілікке ұсыну.

Сурет 1 – Цифрлық қосымша



Сурет 2 – Ғұмырбаян бөлімі



Сурет 3 – Электронды кітаптарына сілтемелер

Әбіш Кекілбаев – қазақ рухани әлемінің ірі тұлғаларының бірі. Оның шығармаларында адам тағдыры туралы суреттеулер көбінесе кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, ішкі психологиясына жетелейтін жол іспеттес болып, оқырманын бей-жай қалдырмайтын тартымды авторлық баяндаулар образ ашудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде, яғни психологизмнің сынынан өткен біртұтас арналары ретінде алдыңғы қатарға шығады. Жеке адамның пенделік тағдыры мен тұтас бір елдің, халықтың тарихи тағдырын жазушы ешқашан бөліп алып, арасын ажыратып, жеке-дара қарастырмайды. Ұлт тағдыры, ел тағдыры жайындағы тақырыптарды жазушы ешқашан назардан шығармайды.

Ақын шығармаларындағы сан алуан кейіпкерлер жүйесі арқылы қазақ халқының қилы кезеңіндегі бастан кешкен тарихи тағдырын оқырманның көз алдына әкеліп, кейіпкер іс-әрекеті, оның ішкі жан-дүниесінде өтіп жататын психологиялық иірімдер арқылы заман шындығын, уақыт сырын сан қилы көркемдік тәсілдермен ашып көрсетеді.

Сондай өлеңдердің бірі – «Төзім жыры». 1995 жылы жазылған өлеңде ақын тәуелсіздік алған тұстағы ел тағдыры мен халық өмірін

суреттеген. Алайда уақыт өте пандемия кезінде бұл өлең оқырман қауымға бұдан да қиын ауыртпалықтардан өткенімізді, қандай жағдайда да төзім қажеттігін қайта еске салады.

Ақын өлеңінің оқырманға пандемия кезіндегі әсерін зерттеу мақсатында арнайы бақылау жұмысы жүргізілді.

28.01.2022 жылдан бастап 14 күнге 10 «а» сыныбы карантинге кетті. Осы сәттен бастап карантинде отырған Е.С. есімді оқушыға Ә.Кекілбаевтың «Төзім жыры» өлеңін оқып отыру ұсынылды. Бақылау нәтижесінде оқушыға өлең оң психологиялық әсер тигізіп, мотивациялық серпін бергендігі байқалды.

Осы өлеңді оқыған оқушыдан Майерс-Бриггс (МВТИ) типологиялық психологиялық тесті алында. Майерс-Бриггс типологиялық тесті [2.] тұлғаның сипаттамаларын түсінудің маңызды кілті болып қала береді. Егер жалпылама айтатын болсақ, оның көмегімен адамдардың әлемді қалай қабылдайтыны және қандай шешім қабылдайтыны анықталады. Жүргізілген нәтижесі бойынша оқушы: ENTP - көптеген қызығушылықтармен ерекшеленеді, жаңа жағдайларға бейімделе алады және жаңа жұмыс әдістеріне оңай ауысады.

Оқушы бұл тестті Ә.Кекілбаевтың «Төзім жыры» өлеңін бірнеше күн қайта оқығаннан кейін орындағанын ескерсек, әрі зерттеуге алынған оқушының өлеңнен алған эмоционалды пікірін негізге ала отырып әдебиеттің қоғам өміріндегі рөлі қашан да маңызды екенін айта аламыз. Алдағы уақытта мұндай зерттеулер жиі жүргізілуі керек.

Әбіш Кекілбаев шығармашылығының шырайын шығарып тұрған – оптимистік, өміршендік рух. Ә.Кекілбаевтың поэзиясы, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Әдебиет қашан да қоғаммен бірге өмір сүреді. Зерттеу жобасы аясында әдебиет әлемінде аты аңызға айналған Ә.Кекілбаевтың шығармашылығына арнап жасалған әдеби цифрлық қосымша қоғам тарапынан сұранысқа ие екендігіне көзіміз жетті. Әрі мұндай зерттеулер мен қосымшалар қазақ әдебиетінің әр тұлғасына арнап жасалуы қажет.

Әбіш Кекілбаев – қазақ рухани әлемінің ірі тұлғаларының бірі болғандықтан оның шығармаларында адам тағдыры туралы суреттеулер көбінесе кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, ішкі психологиясына жетелейтін жол іспеттес болып, оқырманын бей-

жай қалдырмайтын тартымды авторлық баяндаулар образ ашудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде, яғни психологизмнің сынынан өткен біртұтас арналары ретінде алдыңғы қатарға шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кекілбаев Ә. Тандамалы шығармалары. Алматы, 1999.
- 2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1982. – 366 б.
- 4 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы мен көркемдік шешім. Алматы, 1991.
- 5 <http://balbal.kz/bilip-jur/mobildi-osyimsha-mirdi-zhe-ildetetin-zhobalar-zhaylyi/>
- 6 <https://kk.eyewated.com>

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ : ҰЛТ ТІРЕГІ-ТІЛ

АУЛАБАЕВА Г. Ж.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,

Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беру мектебі,

Ертіс ауданы, Северный ауылы, Павлодар обл.

ҚАСЫМ Т.

оқушы, 10 сынып, Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беру мектебі,

Ертіс ауданы, Северный ауылы, Павлодар обл.

Жаһандық тұтасулар әр халық тілін дамытуға мүмкіндік береді, әрі әлсіз тілдерге қауіп төндіреді. Сондай өзгеріс ХХ ғасырдың басында болды. «Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?» [1, 30] Сондықтан да ХХ ғасырдың ұлт зиялылары бұл мәселені қалай шешті деген сұраққа жауап беру үшін М.Жұмабаев шығармаларын алдық.

Біз М.Жұмабаев шығармашылығындағы тіл мәселесін зерттей отырып, бүгінгі күнге қажет мүмкіндіктерді анықтай аламыз. Тіл – адам өміріндегі ең маңызды құралдардың бірі.

Қазақ ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген. [2, 156]

Қазіргі күнде көптеген ұлттар үшін тіл мәселесі өте өзекті болып отыр. Ал біздің қоғамда тіл мәселесі өзекті ме? Тіл тазалығы

сақталады ма? Қазақ тілінің болашағы қандай? деген сұрақтар толғандырмай қоймайды.

Сонымен, тіл мәселесі біздің бүгінгі қоғамда ең өзекті әрі өзінің шешімін таппай тұрған мәселенің бірі болып отыр.

XX ғасырдың басында қазақ мектептерінің саны мүлдем азайды, орыс мектептері әлдеқайда көбейді, жоғары оқу орындарының басым бөлігі орыс тілінде оқытты, орыстар қазақ еліне қоныс аударып, қазақтарды орысша сөйлетті. Алаш қайраткері осы отарлау саясатының қазақ тіліне тигізер зияны мен қауіптілігін жақсы түсінеді. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ғана сақталып қалатынын жақсы түсінеді.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.»- деп жазады А.Байтұрсынов. Ұлт қамы мен болашағы аландаған, қазақ елінің ұлт болып сақталуына Алаш қайраткерлері барын салды. «Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады» [1, 32] ,- деп газет атын да қояды.

М.Жұмабаев- ұлтын, ана тілін сақтап қалу үшін ерең еңбек жасаған зиялылардың бірі және бірегейі.

Алаш қозғалысының негізгі бағытының бірі -Ұлы Түркі бірлігі немесе Түркістан идеясы болды. Түркі халықтарының бірлігі-Тұран перзенттері.

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып- өскен»

Әдебиетімізде түркі тақырыбын тұңғыш рет жеке дара көтерген де Мағжан еді Түркі халықтарының бірігіп, ұлттық ынтымағын бостандыққа апарар жол деп сенеді.

Түркістан – екі дүние есігі ғой.
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңір берген несібі ғой.

«Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші» - деп тұжырым жасайды М. Жұмабаев.

Қазақ тілі туралы айтқан Мағжанның ой-пікірлерінің құндылығы мынада:

Біріншіден, ақынның өмір сүрген заманындағы қазақ сөзінің тағдырын ашық көрсетуі.

Екіншіден, қазақ тілінің түркі халықтарына ортақ бола алатынын айтқан ұлы тұлғалардың бірі.

Үшіншіден, қазақ тілінің мүмкіндігі жоғары екенін жалпы қоғамға жеткізгені.

М.Жұмабаев тіл тақырыбына жазылған еңбектерін атап өтсек:

1. «Қазақ тілі» , «Абай хакімге» атты өлеңдері.

2. Мағжанның ғылыми мақалалары бар. Олар: «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубөкір ақсақал Диваев». т.б. сынды әдеби зерттеу мақалалар. Бұл еңбектердегі ортақ ой – халық арасында ауызша таралып, әдеби мұраларды жинау, жүйелеу, жариялау мәселелері. Ел арасынан шыққан таланттардың мәдени мұраларды,сөз өрнегін сақтау үшін ерең еңбек етті.

3. Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы алғаш рет Орынборда жарық көрген «Педагогика» атты ғылыми зерттеу еңбегінің өзі сөз өнеріне тікелей қатысты. «Жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз». Ғалым тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған орнын талдайды. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес.

«Қазақ тілі» деген өлеңінде ақын тілдік құны түскенін жыр етеді.

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр-бүгін корқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады. [4, 156]

ұмытылып жатыр, халқымыз еркіндіктен, танымынан айырылып, күш-жігері де солады.

Қыран құсты қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай –алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар-асқан жандар ұмытылды.- зарлай жырлайды ақын.

Осы заманда еркіндікке ұмтылған қыран құстың қанаты да қырқылып, кезінде күнге теңеген күшті халқымыз тарихтан да айырылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,-
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз белгі боп,
Нұрлы жұлдыз , бабам тілі, сен қалдың!- деп тебіренеді.

Ақын сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап бірнеше түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Әсіресе эпитетті шеберлікпен қолданады. Алтын ана, асқан жандар, айбынды ту, жауыз тағдыр, нұрлы жұлдыз, кен тілім, таза, терең, күшті тіл, ақ кол, ұшқыр жаны.

М.Жұмабаев пікірінше, тіл-халықтың тарихы, дәстүрдің танымы. Халық ата-бабамыздан қалған бар құндылықтан, танымынан, дәстүрден, тарихтан айырылып жатқанда, бәрін қайтарып әкелуші күш- ана тіліміз, қазақ тіліміз екенін көрсетеді ақын.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

М.Жұмабаевтың поэзиясының негізгі күшті жақтары – сыршылдығы, ұлттық, халықтық сипаты. Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» атты мақаласында: «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады.» – дейді. [5, 256]

Ақын- лирикалық қаһарман, ол өзінің атынан тіл қатып, сөзбен «сөйлейді». Ақын туындыларының басты ерекшелігі – уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі.

«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанаймын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім - күнмін, өзім - от,
Сөзім, қысық көзім де - от.[3,б.12]
Өзіме - өзім табынам »

«Мағжан өз шығармаларында жел, от, ай, күн, түн, т.б табиғат бөлшектерін әр алуан кейіп, түр, бейне ретінде ұтқырлықпен, көбіне типтік образ жасауда және символ ретінде пайдаланғаны танылады».

Мағжан әдеби тілдің тазалығын жақтады. Сөз мәдениетінің өзекті мәселелерінің бірі –тілдің шұбарлануы. Қазіргі уақытта да ұлттық тілдің сөз қоры мен тазалығына, анықтығына, көркемдігіне зиянын тигізуде.. Бұл өткір мәселесін Мағжан бір ғасыр бұрын айтып кеткен еді. Ақан сері туралы мақаласында былай дейді «біз

Ақанның тілінен бастамақшымыз. Бұған себеп – Ақанның тілінің таза еместігі. Қазақ ақыны Ақанның ана тіліне араб, парсы, орыс сөздері көп кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе, сурет жағынан сүп-сұлу өлеңдерінің тілдері шұп-шұбар. [3.176]

Қазақ тілін қолданушылар азайып барады, тіліміздің табиғи қалпы бұзылып жатыр. Сонымен қатар, тілге қатысты грамматикалық өрескел қателіктерді көптеген медиа-ақпараттық жүйе мен жарналамалардан, көшеде ілініп тұратын тақтайшалардан байқауға болады. Бұл- біздің күнделікті қоғамдағы кемшіліктер. Алайда, «балық басынан шіриді» демекші, қоғамдағы лауазымды адамдардың, кейбір басшылардың мемлекеттік тілді білмеуі, шұбарта сөйлеуі, қазақ тілінде өз ойларын дұрыс жеткізе алмаулары қатты алаңдатады. Дегенмен, мәселе туындаған болса оның шешімі де болады емес пе? Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді», - деп есептейді. (akorda.kz)

2022 жылғы 12 қазанда Астана қаласына келген Реджеп Тайип Ердоган өз Инстаграмм парақшасында пост жариялады. Бір ғана сөйлем: Мен ата-жұртыма келдім.

Яғни, Қазақ жері - жалпы Түрік халықтардың Отаны.

Айта кетерлік жәйт, 2022 жылғы 2 наурызда ортақ тарих , тіл мен мәдениетке негізделген достық пен бауырластыққа негізделген ынтымақтастың 30-жылдығы аталып өткен.

Қазақ тілі өз жерінде, өз елінде жасап отыр. Оның күші, байлығы, мүмкіндігі зор. Мелиоранский «Түркі тілдерінің ең бай, ең таза- қазақ тілі екенін бүкіл зерттеуші мойындаған» , [6 ,56] деп, өз еңбегінде жариялайды. Ендеше, қазір әлемде түрік елдер бірігіп, қазақ тілінде сөйлеуі әбден мүмкін.

Сонымен, Мағжанның «түркіні біріктіруші күш- қазақ тілі» деген идеясы бүгінгі күні саясатқа айналып жатыр. Тіл- ұлт болып сақталу ғана емес, мемлекет болып, басқа елдермен ынтымақтастық құрып, бәсекеге қабілеттілігі екенін атап айтады.

«Ана тілі» газетіне берген сұхбатында Мемлекет басшысы қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің жолдарын нұсқайды.

«Біріншіден, мемлекеттік қызметте, оның ішінде халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басым керек.»- деп көрсетеді [7]

Сонымен қатар, қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерін қолдауға шақырады, ... «мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.»-деп айтты Президентіміз.

Қазақ тілін қолданыста қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарау керектігін айтып, телевизиялық және радиохабарларының қазақ тіліндегі материалдар сапасын арттыру қажет, -деп көрсетеді.

Қоғамымыздағы осы тіл мәселесін шешуге барлығымыз бір адамдай атсалыссақ, оққылықтың орнын толтырамыз анық. Ол үшін әркім өзінен бастау керек. Әр қазақ мәселені терең түсініп, жүрегімен сезінсе, еліне, тіліне деген махаббаты артып, тілімізді қара түнектің құрсауынан алып шыға алар едік. Ендеше, ұлт болып қалғымыз келсе, ана тілімізді дамытып, әрқашан құрметпен қарайық, тіліміздің шұбарланып, ластануына жол бермейік. Тіл – адамның даңқын асырады. Адам ол арқылы бақыт табады.

ӘДЕБИТТЕР

1 Байтұрсынов А. «Қазақ газеті». Сақ Қ. Алаш көсемсөзі :тіл мәселесі.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014

2 Алматы.Атамұра,2003.-208 бет.

3 Мағжан Жұмабаев Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов.-Алматы:Жазушы, 2013.-376 бет

4 Өуезов М. Мағжанды сүйемін / Құраст. Д.Әшімханов // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар.- Алматы, 1992.-294 б.; Қазақ әдебиеті.- 1988. – 23 дек.

5 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем.Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002.-256 бет.

6 Ж.Аймауытов “Мағжанның ақындығы туралы” мақаласы. Мағжанның әлемі кітабынан алынған. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-magzannyn-aqyndygy-turaly__14658

7 Краткая грамматика казак-киргизского языка.: Ч.1. Фонетика и морфология. /

8 П.М. Мелиоранский – М.: Книга по Требованию, 2013 – 78 с.

9 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/25 июня 2020, 11:42

Ы.АЛТЫНСАРИН ӨНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АНТИТЕЗАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ҚОНЫСПАЙ Қ.

10 сынып оқушысы, № 41 ЖОББМ, Павлодар қ.

КАБИДЕНОВА Б. М.

ғылыми жетекші, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,
№ 41 ЖОББМ, Павлодар қ.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсарин өңгімелеріндегі антитезаның тәрбиелік мәнін зерттеу.

Міндеттері:

1. Ы.Алтынсаринның шығармашылығымен, еңбек жолымен танысу, өңгімелерінің құндылығын айқындау;

2. Антитеза құбылысының мән-мағынасын аша отырып, қазақ тіл біліміндегі антитезаның зерттелу бағытын анықтау;

3. Ыбырай Алтынсарин өңгімелеріндегі антитезаның тәрбиелік мәнін әдеби-ғылыми тұрғыдан талдау.

Болжамы:

Балалар - біздің болашағымыз. Егер біз мектеп табалдырығынан бастап, оқушыларға Ыбырай атамның өңгімелерін насихаттап тәрбиелесек, онда өзге ұлттан кем болмаймыз.

Зерттеу нысаны

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Ы.Алтынсаринның өңгімелері алынды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

Антитеза - сөз өнерінде алатын орны, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге көп қолданылатын бейнелеу құралдарының көркемдік әдісі екені байқалды.

XIX ғасырдың 60 жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, аса көрнекті ағартушы, этнограф, ғалым, ұлттық мақтаншы, қазақ педагогика ғылымының негізін салушы, сөз зергері, ақын және жазушы, аудармашы, қоғам және мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі қоғамдық ой-пікірдің, төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады.

Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік істері өзгешелеу. Біріншіден, Ыбырай Шоқан мен Абайдың туған халқын мәдениетті халықтар қатарынан көргісі келетін арманын өз қолымен іс жүзіне асырды. Ол қазақ балалары үшін тың үлгімен мектеп ашып, оқу құралдарын жазып, жинақтаған жаңашыл-педагог.

Екіншіден, өзінің шығармаларын қос тілде бірдей жазды. Үшіншіден, соқтықпалы соқпақты, дүбірлі кезеңдерде Ыбырай өз халқымен бірге болып, оның барлық ауыртпалығын бөлісті.

Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, Ыбырайдың шығармашылығы мен өмір жолы инновациялық идеялар мен іс-әрекеттерден тұрады. Ыбырай шығармашылығына арналған зерттеулерге жүгінер болсақ, ол өзінің қолға алған барлық істерінде тұңғыш, негізін қалаушы, көшбасшы ретінде көрінеді. Мысалы, Ыбырай қазақтың әдебиет тарихында алғашқы балалар жазушысы болды.

Бір Аллаға сиынып,

Кел, балалар, оқылық, – деп басталатын әйгілі өлең шумақтары жасөспірімдерді сауат ашып, білім алуға, материалдық емес, рухани байлықты азық етуге шақырады.

Ыбырай Алтынсарин бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің негізін қалаған тұңғыш әдіскер-ғалым, кіші жастағы балалар психологиясына жетік педагог-маман, бастауыш мектеп оқулықтарының, әдістемелік құралдардың авторы. Қыздарға арналған мектеп интернаттарын ашып, кітапхана ісін ұйымдастыруда, қазақ мұғалімдерін дайындап, кәсіби білігін арттыруда да Ыбырай көшбасшылық қызмет атқарған. Қазақ жеріндегі кәсіптік мектептер Ыбырайдың белсенділігімен ресми сипат алып, еуразиялық үлгіде өрісін кеңейтті.

Жалпы айтқанда, қазақ халқының тұңғыш ағартушы-демократы, ақын-жазушы, орыс-қазақтың арасындағы тарихи достықтың негізін қалаушылардың бірі Ыбырай Алтынсариннің мәдениетіміздің тарихындағы алатын орны ерекше. Оның ірі ғалым-педагог, ұстаз болып қалыптасуына алуан қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар себеп болды.

Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы-демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осы орайда, Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды.

Ыбырай жасаған оқулық, ең алдымен, орыстың, қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен

оқыту, тәрбиелеу әдіс-тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ, керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік-танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып құрастырған хрестоматиясына қосты.

Антитезаның сөз өнеріндегі орны ерекше және ежелгі Антитезаның бастауы мифтерде жатыр. Адамзаттың балаң кезеңіндегі дүниені аспан - жер, жарық - қаранғы, су, от, т.б. қарама-қарсы ұғыммен салыстыра тануы шендестірудің алғашқы белгілері болып есептеледі. Сөз өнерінде антитеза жай ғана салыстырудан көркемдік, бейнелік бояуымен өзгешеленіп тұрады. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл әдіске ең алғаш А.Байтұрсынов назар аударған: «Жайдағы қайғыдан қуаныш үстінде көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан көріктің бетіндегі дақ көзге көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді». Шендестіру қарсы мәндес сөздерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы жасалады. Мысалы «Қан мен тер» (Ө.Нүрпейісов), «Соғыс және бейбітшілік» (Л.Толстой), «Қызыл мен қара» (Стендаль), т.б. шығармалардың аты шендестіру арқылы тура немесе жанама болса да оның мәнін ашуға қызмет етіп тұр. Қазақ ауыз әдебиетінде де антитеза әдісі шеберлікпен қолданылған.

Қатыны семіз, ері арық,

Үй жұтынан сақтасын.

Иесі семіз, аты арық,

Тұз жұтынан сақтасын» (Мақал). Мұнда антитеза арқылы адам бойындағы кемшілік әсерлі бейнеленген.

Қара жерге қар жауар,

Қарды көр де, етім көр.

Қар үстіне қан тамар,

Қанды көр де, бетім көр» («Ер Тарғын»).

Бұл – сұлулықты эстетикалық талғаммен қарама-қарсы айқын, ашық түстерді салыстыра көрсеткен шендестірудің үздік үлгісі. Мысал жанрында да шендестіру нышандары бар: «Қасқыр мен қозы», «Қарта мен түлкі», «Бұлбұл мен есек», т.б. Қазақ әдебиетінде шендестірудің күрделі, көркемдік қуаты мол, эстетикалық әсері күшті үлгісін Абай жасаған:

Қар – аппақ, бүркіт - қара, түлкі - қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...

Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жаланаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда...

Абай рені жағынан бір-біріне қарама-қарсы үш түсті алып, шендестіру арқылы негізгі бейне – төртінші суретті қиыннан қиыстырып бере алған. Сыртқы белгілерді салыстырумен бірге, адамның жай-күйі, ішкі сезімі, сыр-сипаты да шендестіру арқылы бейнеленеді: «Бір суып, бір ысып, Бір үміт, бір қауіп» (Абай). Қазақ әдебиетінде шендестірудің мұндай сәтті үлгілері көп кездеседі. «Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай, Тісің – меруерт, көзің – сәулем, құралай» (М.Жұмабаев).

Шендестіру фигурасын жасау барысында біз антоним сөздерді пайдаланамыз. Антонимдердің әрбір стиль түріндегі қолданылу дәрежелері әр басқа. Жеке тұрғанда барлық стильдік аяларда қолданыла береді. Ал антонимдерді қатар алып, қабаттастыра қолдану – барлық стильде бірдей дәрежеде емес. Антонимдерді көркем әдебиет тілінде қолданудың маңызы ерекше «Өйткені, тіліміздегі осы қарсы мәнді сөздерді ақын, жазушылар өзара қатар алып, шығарма тілінің көркемдігіне жұмсайды» [1,б.80]. «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айырықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейілінше ашық-айқын, мейілінше мәнерлі болып белгіленеді» [3,б.176].

Алтынсарин мектепте балаларды әр түрлі мамандыққа үйретуді жақтайды. «Сауат ашу, оқыту, білім беру белгілі бір мамандықты үйретуді көздейтін болсын», – дейді. Жастардың мектептен техникалық білім алуы халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар, негізінен, олардың тұрмысын жақсартады деп ашық айтады. «Тәжірибемен байланысы жоқ сабақ оқушыға

тиімсіз де мағынасыз, бұлдыр сағым болады. Практикалық жұмыспен байланысы жоқ сабақ баланың түсінігіне ауыр соғады» – дей келіп, Ы. Алтынсарин «қандай сабақ болса да, көрнекі құралсыз өтілмесін» – деген тоқтам жасайды. Ы. Алтынсариннің қолға алған екінші мәселесі – отырықшылық тұрмыстың артықшылығын түсіндіру болды. «Киіз үй мен ағаш үй». «Қыпшақ Сейітқұл» атты қысқа әңгімелерінде негізінен осы мәселелер сөз болды.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде автор байларға жалданбай-ақ өздігінен еңбек ету арқылы дәулетті тұрмыс құруға болатынын,

отырықшы халықтың ынтымағы да, бірлігі де күшті келетінін дәлелдейді

«Бай баласы мен кедей баласы» атты Алтынсаринның әңгімесінде үлкен идея бар. Ғасырлар бойы еңбекшілерді қанап, халықты қанауды ата мирасындай көріп, соның арқасында үлде мен бұлдеге оранып өскен бай баласының басына күн туғанда, дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы сол қоғам құрылысының тамыры шіріп, оның адамдары өмірдің жасаушысы, күресушісі емес, бейшарасы, үстемдік етуші таптың, яғни жауыздық пен қаярлықтың қапшығы келетін сықылды. Шығармасының бас кейіпкері етіп, бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр. Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни жастас балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді.

Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені – биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе.

Сөйтіп Алтынсарин «Бай баласы мен кедей баласында» өз кезіндегі қазақ даласындағы, Обломов, обломовшылдықтың кішігірім бір көрінісін суреттеу арқылы, соны туғызып отырған негізгі себептердің бетін ашып, оқушыларын оған қарсы тәрбиелейді. Бай баласы мен кедей баласының мінездерін, қимылдарын шендестіре отырып, Ы.Алтынсарин өз ойын астарлы түрде жеткізе білген.

Ы. Алтынсариннің «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімесі бір жерді түпкілікті мекен еткен, көшіп-қонуды қажет етпейтін отырықшы ел үшін, киізден ағаш үйдің пайдалы екенін тағы да салыстыра суреттеу арқылы түсіндіреді. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына үйретемін», – деген автор сөзі әңгіменің негізгі идеясын ашып береді.

Алтынсарин шығармаларының үшінші күрделі тақырыбы – еңбек. «Дүние қалай еткен табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» сынды әңгімелерінде «еңбек түбі – зейнет» деген пікір айтылады.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деген әңгімеде атасы он жасар ұл баласын ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырып, «жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» екенін айтады. Бәрі де өмір сүру үшін әрекет жасауда. Сен де босқа жүрме, «жұмыс істеуге әдеттену керек», – дейді. «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім

қалған Сәтемір деген бала бір аяғы жоқ ақсаққұмырсқаның үйдің төбесіне қарай өрмелеп бара жатқанын көреді. Құмырсқа үйдің төбесіне шыққанша, әлденеше рет домалап құлайды. Сонда да тырмысып, қайта өрмелеп ақыры үйдің төбесіне шығады. Мұны көрген Сәтемір ойға қалады. Менің де жұмыссыз босқа ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп, ойынды тастап қалаға кетеді. Жалшылықта жүріп оқиды. Ақырында ірі данышпан оқымысты болып шығады.

Ыбырай шығармаларының тілі қазақтың таза әдеби тілінің нормасына сай. Ол басқа тілдерден ешбір сөзді қолданып, тіл шұбарлығына бармаған жазушы. Керісінше ана тілінің асыл байлығын дәріптеп, аспанға көтерген. Оның кейбір сөйлемдерінің қанатты сөздерге айналуы сондықтан. Тіпті ол қазақша сөйлемдерді орысшаға аударғанда да сол тілдегі ең ұшқыр сөздерді

пайдаланып отырды. Бұл қасиет Ыбырай шығармасының ең бір асыл тұсы, үлгі алар жері, тіл мәдениеті жөнінен бағалы мектеп. Ыбырай сол сияқты заттың, құбылыстың қарама-қарсылық қасиетін, олардың өзіндік түр-түсін, садық мөлшерін бейнелеуде антоним сөздерді өте шебер қолданады. Әсіресе, оның мағынасын қарама-қарсы қойып антитеза жасауы:

«Бұл екі кісінің біреуі әлсіз ауру екен, екіншісі, мықты жас жігіт аюды көрген соң ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді» [7, 49].

«Сонда қарт күліп айтты дейді: бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар, ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай төмен иіңкіреп жүрсен мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың». [7, 57]

«Ағайын жат болады алыс болса,

Болады жат та жақын таныс болса...» [7, 95].

«Басқа әкім жүргенде қараңғы еді,

Ашылып дүние жүзі болды жарық!» [7, 77].

«Боз үйден таң алдында күйеу шықса,

Артынан қарар жары жүзім басып» [7, 79]

Ыбырай бір сөйлем ішінде тағы да мынадай антонимдерді шендестіре отырып қолданған: қыс-жаз, жат-таныс, дос-дұшпан, сырты-іші, жарлы-бай, көзді ашып-жұму, алыс-жақын, ауыр-жеңіл, жылау-күлу, жақсылық-жамандық, тіптік-қисық, ақ-қара, т.б. Міне, осы келтірілген мысалдардың

қай-қайсысын алсақ та, жазушының қарама-қарсы мағынадағы сөздерді таңдап, талдап қолдануының сыры бар. Мұндай сөздерді

қолдану арқылы объекті жан-жақты танытуға тырысады. Салыстыра отырып бейнелеу арқылы оқушыға айқын мағлұмат беруді мақсат еткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай шығармалары. – Астана: Фолиант 2011– 456 б.
- 2 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002.
- 3 Әділбекова Ж.Қ., Ырсымбетова Н.А. Антонимдердің көркем мәтіндегі
- 4 Ә.Сәрсенбаев «Сәулелі жұлдыз іздеген адам». «Қазақстан мұғалімі», 2001ж., №11
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1994 ж.
- 6 Көріктеушілік қызметі// Қазақстанның ғылыми әлемі. №2 (36), 2001.
- 7 Мұқағали шығармалары I том. - Алматы: Жалын, 2006
- 8 Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
- 9 Ы.Алтынсарин «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ИМАНБАЕВА А. С.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, № 27 ЖОББМ, Павлодар қ.

ҚҰЛАМАН Д.

оқушы, 10 «А» сынып, № 27 ЖОББМ, Павлодар қ.

«Инновация» деген ұғым жаңалықты енгізу, «жаңа әдістемелер» мен «жаңа технология» дегенді білдіреді. Былайша айтқанда, оқыту процесіне қосқан ғалымдардың жаңалықтары – қазіргі терминмен айтқанда, «инновация» - ғылым, техника, оқыту жаңалықтары. Бүгінгі таңда инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу өте маңызды. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға.

Қазіргі заманда ақпараттық-технологиялар жоғары кезеңде, жаңа буын өкілдері де жаңа әдістермен білім алғанды қалайды. Қарқынды технологиялық прогресстен қалмау үшін оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолданғаны абзал. Ал, инновациялық технологиялар өз кезегінде біздің өмірде, жұмыста

және оқуымызда революция жасады. Технологияның дамуымен ұстаздарымыз оқушылар үшін оқу тәжірибесін жақсартатын жаңа оқыту әдістері мен құралдарын құра алды. Бұл ұғымның анықтамасына келетін болсақ, «инновациялық технологиялар» тіркесі белгілі бір мәселені немесе қажеттілікті шешу немесе бар процесті немесе өнімді жақсарту үшін әзірленген жаңа және озық әдістерді, құралдарды немесе жүйелерді білдіреді. Инновациялық технологияларды өздерінің педагогикалық практикасына біріктіретін оқушыларды тартуға және оқу үлгерімін жақсартуға жақсы жабдықталған. Осы зерттеу жұмысында оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін талқыланады. Инновациялық технологиялардың маңызды ерекшелігі – бұл оқушылардың қатысуы мен мотивациясын жақсартуға көмектеседі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту кезінде инновациялық технологияларды қолдану оқушылар үшін маңызды. Жаңа технологиялар білім сапасын артыруға, өздігінен жұмыс істеу, қабілетін оятуға көп көмегін тигізеді. Инновациялық технологиялар сонымен қатар бірлескен және интерактивті білім беру ортасын құру мүмкіндігін ұсынады. Бейнеконференциялар, интернеттегі бақылау платформалары және виртуалды білім беру орталары сияқты құралдар сөйлесуге мүмкіндік береді [1;20].

Инновациялық технологияларды қолдану оқушының тапсырманы орындау сапасын автоматты түрде тексеру мүмкіндігін береді. Бұл технологияларға Wordwall, LearningApps, Google формалар, CozeApp сияқты платформаларды жатқызуға болады. Бұл платформалар өздерінің мультимедиалық мүмкіндігімен ерекше. Олар арқылы оқыту материалына дыбыс, видеоны қосуға болады. Тағы бір артықшылығына интербелсенділігін жатқызуға болады. Бұл технологиялар барлық сыныпты топпен жұмысқа бір уақытта жұмылдыруға мүмкіндік береді, ол арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі арта түседі. Топпен жоба жасауда құжат, презентациялар, ментальды карталар жасауға болады. Мысалы, Plickers қосымшасы арқылы оқушылардың босатқан қателері бойынша қысқа уақыт ішінде статистика жасау мүмкіндігі бар. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқытып, белгілі бір деңгейде білім беру қазіргі ақпараттық қоғамның қалыптасқан кезінде өте қажет, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру арқылы білім құндылығы артады, өркениетті елдердің қатарында болу мүмкіндігі туады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында

олардың рөлі арта түсті. Кең түрде қолданысқа ие сандық технологиялар баршылық. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек.

1. Google-формалары. Бұл – бірқатар артықшылықтары бар формалар мен сауалнамаларды құрудың әмбебап және қарапайым құралы. Бұл қосымша әртүрлі сұрақтарды құрастыру, сондай-ақ оларды бір-бірімен араластыру, жауаптарды және автоматты есептерді талдау, сауалнаманы пошта арқылы жіберу немесе әлеуметтік желілерде жариялау сияқты мүмкіндіктерді ұсынады. Сауалнама құрастыруда YouTube бейнелері мен фотосуреттерін қосуға болады. Сонымен қатар, бұл қосымша арқылы презентацияларды әзірлеу мүмкіндігі бар.

2. <http://learningApps.org>.

LearningApps.org бұл әртүрлі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған қосымша. Әзірленген тапсырмалар оқыту мазмұнына тікелей енгізілуі, сондай-ақ жедел режимде жаңадан өзгертілуі немесе құрылуы мүмкін. Осы ресурста жалпыға қолжетімді болып табылатын және оқу курсына пайдаланылуы мүмкін интерактивті блоктар банкі жинақталған. LearningApps ресурсы интерактивті модульдердің алуан түрін ұсынады: жіктеу, жұмбақтар, хронологиялық сызғыш, тесттер, бейне мазмұны бар жаттығулар, ойындар, сонымен қатар хабарлама тақталары, чаттар, күнтізбелер және басқалар. Бағдарламада тіл пәндері бойынша тапсырмалардың арнайы тиімді және көрнекі шаблондары ұсынылған. Жұмысты бастамас бұрын жүйеде тіркелу керек.

3. <https://h5p.org>.

H5p қызметі динамикалық жаттығулар, ойындар, уақыт ленталары және басқа да қызықты чиптерді тез қосуға мүмкіндік береді. Осылайша, оқушы пайдалы ақпаратты жақсы игереді және оқу процесінде уәжін жоғалтпайды.

4. Accordion.

Оқушыларға көрсетілетін мәтін саны мен көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Олар қандай ақпаратты егжей-тегжейлі зерттеу керектігін анықтайды, тақырыпты басу арқылы ашады. Қосымша түсіндірмелермен танысу үшін өте ыңғайлы.

5. Plickers.

Қосымша – сабақта оқушылардың білімін жылдам бағалауға арналған ыңғайлы бағдарлама. Мұғалім бүкіл сыныпқа жарты минут ішінде сауалнама жүргізе алады. Сыныптағы әр оқушы үшін басып шығарылған парақшалар және телефон немесе планшет қажет (оқушыларға қажет емес).

6. Kahoot.

Бұл – кез-келген оқу пәніне және кез-келген жасқа сәйкес келетін ойын түрінде тегін оқыту алаңы. Құралды пайдалану сыныптағы кері байланыс жүйесі үшін басқару құралдарының тамаша алмастырушысы болып табылады. Ол үшін тек компьютер, проектор және сыныптағы балаларда смартфондардың болуы қажет. Түсінуді тексеру процесі немесе қандай да бір мәселені талқылау, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін ыңғайлы.

7. CoreApp.

Бұл – білім беру материалдарын жобалау мен оқушылардың білімін тексерудің бейімделген онлайн платформасы. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда көп қолданылады. Бағдарламада жұмыс істей отырып, оқушыларға жаңа тақырыпты білуге, бекіту жаттығуларын жасауға немесе бақылау тестін тапсыруға болады. Сонымен қатар, оқушылардың қайсысы әлі де жаңа материалды оқып жатқанын және жаттығуларды кім орындап жатқанын көруге болады. Сонымен қатар, осы платформаның үлкен артықшылығы – кейбір тапсырмаларды автоматты түрде тексеру.

Компьютерлік техникамен жақсы жабдықталған кезде көркем мәтіндерді сабақта поэтикалық немесе прозалық мәтіндерді талдау, эпизодтарды талдау үшін қолдануға болады. Оқушылар компьютердің мүмкіндіктерін қолдана отырып, тақырыпты бөліп көрсетеді, көркем жолдар мен синтаксистік фигураларды тауып, баса көрсетеді, рифманы, өлшемді және т. б. анықтайды.

Оқу үдерісінде сандық технологияларды қолдану қазіргі заманғы мектептегі білім берудің өзекті мәселесі болып отыр. Бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалім сандық технологияларды қолдана отырып сабақты өткізуі керек. Ол үшін оқушының рөлін өзгертуге баса назар аударған жөн: оқушыны пассивті тыңдаушыдан оқу үрдісінің белсенді қатысушысы ету. Табысты оқытудың басты құраушысы білім алушының уәждемесі болып табылады. Оқытудың заманауи техникалық құралдарын қолдану қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сабақтарда заманауи ақпараттық технологияларды қолдану кез-келген жастағы оқушы үшін оқуды жарқын, есте қаларлық, қызықты етеді, пәнге эмоционалды жағымды көзқарас қалыптастырады. Біз оқу мақсатында электронды ресурстарды пайдаланамыз: сабақтарға арналған презентациялар, логикалық ойындар, тест тапсырмалары, интернет ресурстары және т.б. Бұл сандық технологияларды сабақтың барлық кезеңінде қолдану тиімді.

Ал, мектеп үшін инновациялық технологияны қолдану қандай артықшылық беретініне келсек, мектептерде инновациялық технологияларды қолдану жалпы мекеме үшін бірқатар жеңілдіктер әкелуі мүмкін. Бұл артықшылықтарға мыналар кіреді:

Біріншісі, оқушылардың нәтижелерін жақсарту: инновациялық технологиялар оқу және интерактивті оқыту тәжірибесін ұсыну арқылы оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартып алады. Мысалы, бейімделгіш оқыту технологиялары әр оқушы үшін оқу тәжірибесін жекелеңдіре алады, ал онлайн оқыту платформалары оқуға икемді және өзін-өзі бақылайтын тәсіл ұсына алады. Екіншісі, мұғалімнің тиімділігін арттыру: инновациялық технологиялар мұғалімдерге өздерінің оқытуды қолдайтын құралдар мен ресурстармен қамтамасыз ету арқылы мұғалімдердің рөлдерінде тиімдірек болуға көмектеседі. Мысалы, оқытуды басқару жүйелері мұғалімдерге сыныптарын басқаруға және оқушылардың үлгерімін бақылауға көмектеседі, ал сандық мазмұн уақытты үнемдей алады және жұмыс жүктемесін азайта алады. Үшіншісі, материалды жағдайдың жақсаруы: инновациялық технологиялар мектептерге материалдық ресурстардың қажеттілігін, мысалы, оқулықтар мен сынып материалдарын азайту арқылы ақша үнемдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, онлайн режимінде оқыту сабақтар мен зертханалар сияқты қымбат нысандардың қажеттілігін төмендетуі мүмкін. Төртіншісі, бұл мектептің беделінің артуы: инновациялық технологияларды қолданатын мектептер көбінесе алға ойлау және дамуды қарастырады, бұл олардың беделін арттырады және қоғамның оң назарын аударады. Бұл жоғары сапалы қызметкерлерді тартуға көмектеседі. Бесіншісі, білім беру ресурстарына қол жетімділіктің артуы: инновациялық технологиялар оқушылар мен оқытушыларға білім беру ресурстарының кең спектріне, соның ішінде сандық оқулықтарға, онлайн курстарға және мультимедиялық мазмұнға қол жеткізе алады. Бұл мектеп ұсынатын білім сапасын арттыруға, сонымен қатар оқушыларға өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беретін мүмкіндіктер бере алады [2, с. 90]. Жалпы, инновациялық технологияларды қолдану мектептер үшін бірқатар жеңілдіктер, соның ішінде оқушылардың нәтижелерін, мұғалімнің тиімділігін арттырады, оқытушылардың қабылдауы мен сақталуын арттыра алады, арзанға, жақсартылған беделді жақсартып және білім беру ресурстарына қол жетімділікті арттыруы мүмкін. Инновациялық технологияларды қабылдау арқылы мектептер өздерін білім

берудегі көшбасшылар ретінде ұстана алады және оқушыларға сапалы білім алу тәжірибесін ұсынады.

Қорытындылай келе, қазіргі оқытушылардың оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де, мектеп үшін де бірқатар артықшылықтарды ұсынады. Жеке білім беру тәжірибесінен оқушылардың қатысуы мен мотивациясын жақсарту, инновациялық технологиялар оқыту әдісі мен үйрете алады. Технологиялар дамып келе жатқандықтан, мұғалімдердің оқушылардың болашаққа дайындығын қамтамасыз ету үшін жаңа құралдар мен әдістерді қолдану маңызды. Осылайша, олар көптеген жылдар бойы оқушыларға пайдалы болатын тиімді және тиімді білім беру тәжірибесін жасай алады. Жалпы, бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы инновациялық технологиялардың оқыту үрдісінде қолдану үш жақты да тиімділігі. Яғни, ұстаз үшін де, мектеп үшін де, оқушы үшін де заманның ағымынан қалмау қажеттілігін еске салады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байділдаева А.С. И др. Оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану //Вестник Казахского Национального медицинского университета. – 2014. – №. 5. – С. 20-22.

2 Ихсанова, С. А. «Инновациялық әдістерді қолдана отырып практикалық сабақтар өткізу.» 110.

3 Рысжанова А. С., Аргынгазина Ж. Н. студенттерді инновациялық әдістермен оқыту //семей қаласының шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы. – С. 90.

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

БАҚБАЕВА З. С.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

ЛӨКЕТБАЙ З. Н.

оқушы, 10 сынып, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Әбіш Кекілбайұлының әдеби әлемі – өзіндік бір ерекшеліктерге, жаңа көзқарастарға толы әлем. Әбіш Кекілбаев өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, оның кім екені жайлы, қандай адам болғаны жайлы ақпарат беру, шығармашылығына үніліп, талдау жүргізу, оның ішінде әңгімелеріне тоқтала отырып, ондағы ұлттық құндылықтардың көрінісін зерттей отырып, Әбіш Кекілбаевтың өз заманының дарынды жазушысы екендігін танытатын пікірлерге назар аудару мақсатын көздедік.

Ғылыми болжамы: жазушының шығармалары арқылы туған халқының дүниетанымын, көркем әлемін зерделеу, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, рухани жан дүниесін, дүниетанымын дамыту.

Өзектілігі: Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз, Жазушы шығармалары арқылы ұлтымыздың ұлылығын асқақтататын ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениеттің адам жанына нұр құятын керемет күш екенін сезіндіру, болашақ ұрпақ бойында патриоттық сезім қалыптастырудың маңызы зор.

Әбіш Кекілбайұлы, жоғарыда айтып кеткеніміздей, өз шығармашылығында қазақтың дәріптеп, қазақтың ұлттық болмысын көрсетуге тырысқан. Сол себепті де Әбіш Кекілбайұлы әңгімелерінің негізгі нысаны – ауыл өмірі, ауыл адамдарының тұрмысы. Жазушы әңгімелерінде қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігін бейнелей отырып, сол арқылы салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға тырысқан. Келесі кезекте әңгімелерге жеке-жеке тоқтала кетсек.

«Аш бөрі» әңгімесінде қазақ халқы аса құрметпен қарайтын күй құдіреті жайлы сөз етіледі. Әңгіме қазақтың ұлы күйшісі, күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының өмірінен бір үзік сыр шертеді. Әңгіменің тақырыбына келер болсақ, мұнда ұлы адамның ащы да қилы тағдыры жатыр. Әңгіменің «Аш бөрі» аталуына негіз болған – композитордың өзі шығарған «Аш бөрі» әні.

Құрманғазы күй тартқанда дүн-дүние мүлгіп, тіршілік тоқтап қалғандай сезіледі. Әбіш Кекілбайұлы суреттеген Құрманғазы табиғаттан күш-қуат, шабыт алады. Ол аспабының мойнын бір ырғап қойып, көзін жұмып, ерекше бір күйге еніп, қос ішекті саусағының ұшымен баппен қаға бастағанда-ақ қара домбырадан үн төгіледі. Қаламгер осындай деталь арқылы, кей тұстарда психологиялық параллелизм арқылы кейіпкер жан-дүниесінің ұнғыл-шұңғылына үңіледі.

Жазушы айналаға, табиғатқа жан бітіре суреттеуді ұтымды қолданған:

«Құдықтың түстігі тырбық тікенек бұталы қатқыл, терістігі біраз жерге дейін ұры жыраланып барып құздата құлайтын аңғар сай. Жаңа сол аңғар сайдың қалтарыс-қалтарысын тінтіп жүріп, қолқат түбінен өрге тырмысқан жіңішке соқпақ көріп еді, осы құдықтан шығарды. Сайдың ұры мен бөріні қапы қалдырмас қатқабаты мол сияқты. Бірақ, көзіне ештеңе шалынбады». Мұнан әрі Құрманғазының аспабына деген сүйіспеншілігін суреттеуді былай жеткізеді: «Күйшінің қарағайдан жонып жасаған домбырасына деген ынта-ықыласы алабөтен. Оған көзі түссе болғаны, «сыбыс-сыбдыры жоқ мына өлі дүние былай серпіліп, көкірегінде үн қоздайды, көмескі тартқан көп елестер қайта тіріледі». Осындай үзінділер арқылы қазағымыздың ұлттық құндылығы саналатын домбыраның қазақ танымындағы орнын көре аламыз. Яғни, бұл әңгімедегі ұлттық құндылық көрінісі дәл осы домбыра арқылы және күйшінің аспабына, өнерге деген махаббаты арқылы көрінеді. Бұдан халқымыздың өнерге деген құрметін, аспаптарға деген ерекше көзқарасын анық байқаймыз.

Келесі, «Тасбақаның шөбі» әңгімесі жайлы сөз етейік. Бұл әңгіменің астарында «екі қазақ» идеясы жатыр. Бірі – науқаншыл, екіншісі – тәубашыл. Әңгімедегі басты көрініс – қазақтардың 20-40-ншы жылдардағы белсенділігі. Мұндай белсенділіктен, бірақ тек қазақтың өзі ғана қиындық көршіген еді. Әңгіменің бас кейіпкерлерінің бірі – Оңбай дәл осы белсенді кейіпкер. Ол белсенділігі басына бөле болып жабысқан, соғыста бір аяғынан айырылған, бар бәлені тілінен тапқан, өмір бойы бір тыныш жүрмейтін адам ретінде сипатталады. Оңбай үйде де тыныш жатпай, тілдеп жатады. Аана, мынада кеткен есесі бар. Ит жылғыны ұмытпайды. Өзі істеуге қолынан келер дәрмен жоқтай, еш нәрсеге көңілі толмайды.

Оңбайға «қарама-қарсы» кейіпкер Қарабала – өмір бойы «ақырын жүріп, анық басқан» адам. Оқиға желісі бойынша, Оңбай Қарабайдың момындығын

пайдаланып, қалаға өзіне тиесілі соғыс мүгедектеріне берілетін арбасын әкелуге ауданға жұмсайды. Ол арбалардың жай ғана сөз жүзінде берілетіндігін ауылдың бәрі білгенімен, Қарабала тұк шықпайтын істің басын бір қайырып келу үшін ғана жолға шығады. Астындағы құласы да жусан санатардай мимырт жүрісті, былайша айтқанда берекелі. Сонымен аяндап келе жатып, төрт аяғы көкпен келіп тырбаңдап жатқан тасбақаны көреді. Атынан түсіп, аударып тұрғызып жіберіп, аузына қыстырған бір тал шөбін алады. Осы кезде тасбақаның шөбін алған адамның қалауы болатыны есіне түседі. Осылайша үмітсіз ауданға аяндап бара жатқан Қарабайдың үміт оты оянып, шынында да ісі оңға басып, болмайды деген істі болдырып келеді.

Келесі, «Ең бақытты күн» әңгімесін талдауға көшейік. Бұл әңгімеде қарапайым қазақ ауылы оның тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Оқиға соғыс тұсында орын алып жатады. Сол қиын-қыстау соғыс кезіндегі қазақы тұрмыс, әйтеуір өлместің қамы, тірі болған соң жасалып жатқандай қимыл-әрекет суреттеледі. Шығармада автордың әр сөзінің астарында ұлттық иіс аңқып тұр. Оқып отырып, сол замандағы қазақ ауылына түскендей күй кешесің.

Әңгіменің бас кейіпкері Торғын - қырқыншы жылдардағы қазақ келіншектерінің жиынтық бейнесі. Оның өмірі – соғыс алдында ғана отау тіккен жас шаңырақтың, өзге үйдің табалдырығынан аттаған жаңа ғана аттаған, жар құшағынан ұмсына беріп айырылып қалған келіннің өмірі. Жеңіске деген құштарлық адамды алға жетелесе, жеңіске жеткізген майдангер жар құшағына жету құштарлығы ең бақытты сәт. Бұл бір ғана Торғынның ғана бақыты емес, бүкіл қазақ халқының бақыты. Осынау тарихта қалған оқиғаны жаза отырып, қаламгер бұл әңгімеде осынау керемет жаңалыққа ауыл тұрғындарының қуанышын ашық суреттеп көрсетеді.

«Ең бақытты күн», «Аш бөрі», «Ақырғы аялдама» әңгімелері оқушыларды қызықтырмай қоймайды. Қаламгер әңгімелері мен хикаяттарының әрқайсысының желісі бөлек, жолдары басқаша. Осының өзінен-ақ Әбіш

Жазушының шағын прозаның асқан шебері екендігін көреміз. Жазушының қазақ өміріне арналған шығармаларына келсек, оларда туған халқының кең далада қиыншылық астында өмір кешкен, бірақ тіршілікке деген махаббаты мен тілеуін жоғалтпаған өкілдермен

танысамыз. Әбіш олардың қиын тіршілігінің жағдайларына, өмір сырлары мен өмір толғаныстарына үңіледі. Қазақ өмірі қашан да даламен, туған жерімен, атамекенімен байланысты. Кұмды даланың сұрықсыз жұтаңдығына көніп, тағдырына табандылық көрсеткен, жаны мен ары таза, парасаты мол адамдар – Әбіш шығармаларының негізгі кейіпкерлері осылар. Олардың ішінен алмастың сынығындай тұрмысы ауыр болғанмен, көңілі кең Тілеуді («Бір шоқ жиде»), күйеуі майданда өліп, жалғыз ұлды жеткізген қайсар кемпірді («Құс қанаты») [4,153-200], өмірдің жеңілтек салтын қабылдап, қызық кешкен, сонынан жалғыздық азабын тартқан Зұхраны («Шеткері үй»), түйеден басқа көлігі жоқ, далада жаңа мамандық игерген Жаканды («Автомобиль») [4,98-152], т.б. көреміз. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ел басына түскен ащы шындықты шынайы қалпында жайып салған «Бір шөкім бұлт» хикаятының эпиктік танымы тіпті өзгеше. Соғыс зардабынан еркектерінен айырылған, бірі әкесі мен баласын соғысқа берген жесір әйелдер тағдыры. Солардың басына түскен қайғының қара бұлты... Бәрі де оқырманын тебіrentпей қоймайды. Осындай қиындыққа жасымаған рухы биік, ары таза қазақ әйелдері Аққаймақ пен Майра да ер тұлғалы бейнесін танытады.

Әбіш Кекілбаев мұрасы қазаққа қалған мәңгілік мұра, оның құндылығына сөз жетпейді. Сол үшін де осы уақытқа дейін дәл осындай құндылықтарымыз әрдайым ғалымдардың зерттеулерінің қатарында келе жатыр.

Әбіш Кекілбаев өз дәуірінде ел басына күн туған сәтті елмен бірге бола білді. Өз білгенімен бөлісіп, мемлекеттік қызметтерінде де халқы үшін аянбай еңбек етті. Ал, шығармашылығында халқының дәстүрін, құндылықтарын дәріштеп, қазаққа қазақтығын танытуға тырысып отырды. Қазақ әдебиетіне қосқан үлкен үлесі үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Бұдан бөлек Қазақстанның Еңбек Ері, Отан ордені, Назарбаев ордені, ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл медалі, ҚР Парламентіне 10 жыл медалі, Астана қаласына 10 жыл медалі, Құрмет белгісі ордені, Достастық ордені, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Елбасының бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері (1995 ж.), Қазақстанның халық жазушысы, Маңғыстау облысының құрметті азаматы сынды марапаттары да жетерлік. Қазақтың дарынды жазушысы, қазақ әдебиетінің біртуар шабандозы. Оның мұралары қазақ жұрты үшін қашан да құндылығын жоғалтпас туындылар болып қалатынына сеніміміз мол.

Бұл жұмыстың нәтижесінде ұлттық сана, ұлттық менталитет, мінез-құлықты насихаттап, жас ұрпақ бойына салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлеріміздің озық үлгісін дарытуды көздеген жазушы әңгімелеріне талдау жасалды. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – қоғам алдындағы үлкен міндет. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауда жазушы шығармалары жасөспірімдер үшін рухани мол қазына болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіп Қ. «Әбіштің бір әңгімесі жайлы ой». «Ана тілі» 2009 ж.
- 2 Ақшолақов Т. «Шығарманың көркем айшықтарын таныту», Алматы, 1994 ж.
- 3 Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 2001 ж.
- 4 Кекілбаев Ә. Хикаялар: – Алматы: Жазушы, 2010 ж.
- 5 Елеуқенов Ш. «Замандас парасаты». Алматы, 1977 ж.
- 6 Әзиев Ә. «Қазақ повесі». Алматы, 1989 ж.
- 7 Әдібаев К. «Уақыт және суреткер». Алматы, 1967 ж.
- 8 Әбдіғазиев Б. «Асыл арна». «Арыс», 2005 ж.
- 9 Қирабаев С. «Шындық және шығарма». Алматы, 1981 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН «LEARN KAZAKH» БІЛІМ БЕРУ САЙТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МАНТАЙ С.

оқушы, 10-сынып, химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
 КУАТОВА А. С., АРИНГАЗИНОВА А. М.
 мұғалімдер, қазақ тілі мен әдебиет информатика пәндері,
 химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев
 Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Аңдатпа. Оқыту тілі орыс сыныптардағы оқушылардың қазақ тілін үйренуде біршама мәселелер кездесуде: сөздік қордың жетіспеушілігі, тілдік дағдылардың (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) даму деңгейлерінің төмендігі. Сабақтан тыс уақытта тілді меңгеру сапасын жоғарылатуға бағытталаған заманауи білім

беру сайтының қызмет етудегі концептуалды негіздерін өзгерту қажеттілігі туындауда.

Зерттеу жұмысының фокус тобы ретінде орыс тілді 9-сынып оқушылары таңдалды. Басты мақсат оқу бағдарламасындағы лексикалық тараулар бойынша сыныптастардың сөздік қорын байытуға, тілдік дағдылар бойынша ілгерілеуіне, сыртқы жиынтық бағалауға жүйелі дайындалуына көмектесетін білім беру сайтын әзірлеп, апробациядан өткізу.

Ғылыми жобаның мақсаты: Оқушыларға қазақ тілін меңгеруге қолдау көрсететін «LEARN KAZAKH» білім беру сайты әзірлеу.

Ғылыми жобаның міндеттері:

Ағымдағы мониторинг нәтижелерін сыртқы емтихан критерийлерімен сәйкестендіріп, салыстырмалы талдау жасау;

Талдау, сауалнама нәтижелері негізінде тілді меңгерудегі проблемалық аймақтарды анықтау;

Диагностикалық карта негізінде оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерделеу;

Оқу бағдарламасына сәйкес ресурс көздерін жинақтау;

Ақпарат көздерін мәліметті қабылдаудың жетекші арнасына, когнитивті дағдылардың деңгейлерге қарай саралау;

Практикалық тапсырмаларды құрастыру;

Сайттың контентін әзірлеу

Зерттеу нысаны: оқушылардың тілдік құзыреттіліктерінің даму деңгейі.

Гипотеза: «LEARN KAZAKH» сайтының қосымша білім беру, тілді жаттықтыру платформасы ретіндегі қолданысы оқушылардың қазақ тілін меңгерудегі дағдыларды дамытуға (сөздік қорды байытуға, негізгі немесе детальді ақпаратты анықтай алуға, өз ойын білдіруге, аргумент келтіруге т.б.) септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: орыс тілді сынып оқушыларының сөздік қорының жетіспеушілігі, айтылым мен жазылым көрсеткіштерінің төмендігі.

Зерттеу жұмысының кезендері: тақырыптың зерттелу аясын анықтау, теориялық ақпаратпен танысу, тәжірибе жұмысын жүргізу.

Зерттеу әдісі: Эмпирикалық (сауалнама), эксперименталды-теориялық (модельдеу)

Жобаның жаңашылдығы: 9-сынып оқушыларының қазақ тілін дамытуға арналған «LEARN KAZAKH» білім беру сайты.

Жұмыс нәтижесі мен қорытындысы: «LEARN KAZAKH» білім беру сайтының артықшылықтары мен практикалық тиімділігі.

Практикалық маңыздылығы: орта буын оқушылары арасында өткізілген сауалнама нәтижелері зерттеудің ресурсы ретінде пайдаланылды. Соның негізінде тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған электронды оқыту ресурсы жасалды. Сайтты қолдану аясы: жалпы орта білім беру мектептеріндегі оқу бағдарламасының вариативті бөлігі ретінде (үйірме, электив, факультатив сабақтары), негізгі оқулыққа қосымша оқу құралы ретінде, қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелер.

Зерттеу жұмысы «қазақ тілін үйренудің тиімділігін қалай арттыруға болады» деген сұраққа жауап іздеуге бағытталған. «LEARN KAZAKH» білім беру сайты жазғы демалыстан кейін тілді үйренуге қайта оралған оқушылар үшін де, сабақтан тыс уақытта тілді жетілдіруді көздейтіндер үшін де қолайлы болмақ.

Бүгінгі таңда қазақ тілін үйренуге арналған төмендегідей сайттар кездеседі:

Soyle

Tilqural

«Казахский язык. Просто о сложном»

KAZBOOKA

Оларды ортақтастыратын қасиеттер:

Интербелсенді оқытудың элементтері;

Дайын тілдік клишелердің ұсынылуы;

Фото, медиа ресурстар

Алайда бұның барлығы оқушылардың тілді үйренудегі мәселелерін шешуге жеткіліксіз, себебі сайт кең оқырман аудиторияны қамтуға тырысқанымен, барлық үйренушілер қажеттіліктерін ескере алмайды.

«LEARN KAZAKH» электронды оқыту ресурсын әзірлеуде фокус топтағы оқушылардың қажеттіліктері мен психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, сайт контенті зерттеу нысанына алынған проблемалық сұрақтарды шешуге (оқу бағдарламасындағы лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорды толықтыру; негізгі және қосымша ақпаратты іріктеу; тұжырым бойынша өз көзқарасын білдіру; оны негіздеу; «жуан» дәрежелі сұрақтарға жауап беру т.б.) бағытталып құрастырылды.

Мектеп қауымдастығы (9-сынып оқушылары мен сабақ беретін мұғалімдер) арасында өткізілген сауалнама мен мониторинг нәтижелерін сыртқы жиынтық бағалаудың критерийлерімен сәйкестендіре отырып жасалған талдау келесідей нәтижелер көрсетті:

Тілдік дағдылардың қалыптасу деңгейі		
Төмен	Орта	Жоғары
Тыңдалым/оқылым мәтінінің жалпы мазмұнын түсінеді;	Тыңдалым/оқылым мәтініндегі негізгі ақпаратты түсінеді;	Тыңдалым/оқылым мәтініндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды;
«Жінішке» дәрежелі сұрақтарға жауап береді;	«Жуан» дәрежелі сұрақтарға үстірт жауап береді;	Өз көзқарасын білдіреді;
Сипаттау мәтінін жаза алады	Әңгімелеу мәтінін жаза алады	Құрылымдық бөліктерді сақтап жазады
Дамытуды қажет ететін траектория		
Негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;	Негізгі және детальді ақпаратты анықтау;	Ақпарат көздеріне сілтеме жасау (<i>қыстырма сөздер, төлеу сөзді қолдану</i>);
Жоғары деңгейлі сұрақтарды түсіну, жауап беру, өзі құрастыра білу;	Жоғары деңгейлі сұрақтарға берген жауабын негіздеу;	Тезисті дәлелдеу, талдау;
Баяндау мәтінін жазу	Сыни көзқарас білдіріп, жазбаша дәлелдеу	Пайымдау мәтінін жазу

«LEARN KAZAKH» сайтының артықшылықтары:

Бірегей өнім. Әлеуметтік, мәдени тақырыптарды қамтитін ақпарат көздері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, жергілікті компонент пен жаһандық мәселелерді қамти отыра іріктеліп өңделді.


Сайт мазмұнының жүйелілігі. Тақырыптар жүйеленген, оқу бағдарламасымен үйлеседі. Тапсырмалар төрт тілдік дағдыны (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) қамтиді. Бағалау жүйесі (өзін өзі бағалау/мұғалімнің кері байланысы) іске қосылған.

Саралу. Вокабуляр, тапсырмалар мазмұны сатылай күрделенген. Ресур көздері ақпаратты қабылдау арналарының ерекшеліктеріне қарай сараланған.


Тапсырмалардың мазмұны тілдік дағдылармен қатар оқу сауаттылығын дамытуға, ақпаратпен жұмыс жасай алу, негізгісін сұрыптау, өмірмен байланыстыру, талдау, бағалау, болжам жасау сияқты жоғары деңгейлі дағдыларының қалыптасуына бағытталған.


Сайттың қолжетімдігі. Интерфейс навигациясы қолайлы, сыныптан тыс жағдайда өздігінен жұмыс жасай алады. Оқу аудиториясында мұғалімнің бақылауымен де ұжымдық оқытуда да қолдануға болады. Тегін қолданыста болуы.

Оқыту технологиясы мен формасы: белсенді оқыту әдістері, онлайн коллаборация.



Сурет 1 – Сайттың интерфейсі







Сурет 2 – Тыңдалым тапсырмасының үлгісі



Сурет 4 – Жазылым тапсырмасының үлгісі




Сурет 5 – Айтылым тапсырмасының үлгісі



Сурет 3 – Оқылым тапсырмасының үлгілері



Сурет 6 – «Танымдық ақпараттар» айдарының үлгісі



Сурет 7 – Бағалау жүйесінің үлгісі

«LEARN KAZAKH» білім беру сайты орта буын сынып оқушыларының оқу сауаттылық негіздері мен тілдік дағдыларын дамытуға қосар үлесі зор.

Сайтты құруда қолданылған идеялар келешекте мына мәселелерді зерттеуге арқау бола алады: оқушылардың қазақ тілін меңгерудегі тілдік құзыреттіліктерді дамытуды түрлі дидактикалық жағдайда қалыптастыру, функционалды сауаттылықты дамыту үдерісіндегі заманауи білім беру технологиялардың интеграциясы. Келешекте сайттың контентін жоғары сынып оқушыларына бағыттау жұмыстарымен қатар оқу сауаттылығын түрлі дидактикалық жағдайда қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамытудағы білім беру технологиялардың интеграциясын зерттеуді жоспарлап отырмыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Акатова Т. И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: Психолого-педагогический аспект Текст.: монография / Т.И.Акатова. М. ИТК «Дашков и К», 2006. 237б.

2 Электрондық ресурс: <http://catcut.net/SFGA> Практические приемы мнемотехники и тренировки памяти.

С. ӘБЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

МЕДЫБАЙ А. Б.
оқушы, 8 «Б» сынып, № 35 жалпы орта
білім беру мектебі, Павлодар қ.

Сөз өнерінің аса қастерлі саласы – ақындық өнер, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы талантты, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтиканы түйістіреді [1, б 17]. Қазақ даласы ежелден-ақ ақындықтың талбесігі екені хақ, тамыры тереңде жатқан бұл өнердің бөйтерегін биікке бойлатқан ақындар дәстүр жалғастығын ұрпақтан-ұрпаққа асырып келеді. Ұрпақ сабақтастығының заманауи көрінісі – Саят Әбенov.

Айтқы ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық Одағының мүшесі, айтқыскер, торғайлық ақын Саят Әбенov 1988 жылы 10 ақпанда Торғайда дүниеге келген. 30 жастағы ақын халық арасына айтқы арқылы танылды. Кейінгі жылдары «Инстаграм», «Facebook» әлеуметтік желілері және ән сөздерінің авторы ретінде белгілі ақын жұртшылыққа «Торғайлық ақын» псевдонимімен танымал. Аталмыш псевдоним туралы 2016 жылдың 14 тамызында әлеуметтік желідегі жеке парақшасына салған постында былай жазады: «Әрбір өлеңімнің соңында «Торғайлық ақын» деп жазылып тұратынын жақсы білесіздер. Солай жазу көдімгідей әдетіме айналып барады. Мүмкін, ондай атаққа лайықты емес шығармын?! Дегенмен әр өнер адамының өз псевдонимі болғаны дұрыс қой. Сондай-ақ бір тойда тоқсанға жасы келген қарияның «Торғайлық ақын балам...» деп берген батасы жүрегіме қатты әсер етті. Сол кісідей қария атанғанша, тіпті соңғы демім шыққанша осылай жазуды доғармаймын. Өтірік «Халық ақыны» болғанша, шынайы «Торғайлық ақын» болғаным – мың бір мәртебе!» [2, б 6]. Оқырманмен диалог орнатып, өзін халыққа таныстыру ниетімен Мұқағали Мақатаев сарынында «Менің анкетам» өлеңін жазды:

Қай жақтансыз?

Торғайданмын,

Тек Аллаға қол жайғанмын!

Руыңыз кім?

Бөлінбеймін...

Бөліну – ол өлім деймін... [2, б 24]

Мұқағали Мақатаевтың әр қазаққа белгілі «Менің анкетам» өлеңінде де оқырманмен танысу диалогі орын алады:

Туған жерің?

Ұланымын, Қарасаз деп аталатын ауылдың.

Туған жылың?

1931. Құрдасымын Шәмілдің [3, б 9].

Қос өлеңнің алғашқы тармақтарынан-ақ ақындық үндестік көрініс табады. С.Әбенovтің өлеңі М.Мақатаевтың өлеңімен аттас болғанымен, тақырыптық-идеялық аясы қазіргі заманға лайықталған. М.Мақатаевтың «Анкетасында» ақын заманының көрінісі – саяси салқындық леп береді:

Шыққан тегің?

Шаруамын.

Бар тірліктен бағалы оны санаймын [3, б 12].

Ал С.Әбенovтің өлеңі таптық не рулық бөліністен ада. «Бөліну – өлім» деп, халықты бірлікке шақырады.

Одан бөлек С.Әбенov өз «Анкетасында» туған өлкесі Торғайдың қайта облыс дәрежесіне көтерілуі мәселесін қозғап, қазіргі таңдағы саяси өзгерістерді сөз етеді:

Арманыңыз?

Жасырмадым...

Торғайымның басында – мұн.

Тілейді жұрт сол Торғайдың,

Облыс боп ашылғанын! [2, б 12]

С.Әбенovтің жеке жыр жинағы жарық көрмесе де, қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты жазған туындылары халық арасына кең таралған. Ақын өлеңдерін саяси-азаматтық, махаббат және көңіл-күй лирикасына бөліп қарастыруға болады.

XXI ғасырда өзекті мәселеге айналған ажырасу, тіл мәртебесі, биліктегі олқылықтар, сыбайлас жемқорлық, телефонға тәуелділік, қыз тағдыры сынды мәселелер ақынның саяси-азаматтық лирикаға жататын өлеңдеріне арқау болды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!– деп [4, б 15]

М.Жұмабаев жырлап өткеннен бері қазақ халқы талай тағдыр суын кешіп, өзіне тиесілі егемендігіне қолжеткізіп, бірлігі мен қайраты арқасында бақ-арын сақтап қалды. Алайда, тіл мәселесі ұлттың жүрегін әлі де қан қылатып тұр. Осы ахуал талай ерен тұлғаларды налытады, бұл қатарда С.Әбенov те бар:

Мен қарсымын, мен қазақпын, тірімін,

Өзгелердің ішкізбендер іріңін.

Ғылымың мен біліміңнен не пайда,

Өз тіліңе жетпей жатса білімің... [5, б 25]

“Балаға қай тілде білім берсең, түбінде сол елге қызмет ететін болады” деген қоғам қайраткері М. Шоқайдың ойын қолдап:

Ана тілден нәр алғандар себебі,

Өзгелердің сілекейін жұтпайды! –деп, ана тіліміздің өзіне тиесілі мінбесінен түсірілуіне қарсылығын білдіреді.

Қазіргі саяси-азаматтық лирика үлгісі болып табылатын С.Әбенovтің «Ағаларға айтарым» өлеңі М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңінің тарихи жалғасы іспеттес. Тек бұл ретте С.Әбенov қазақтың арда азаматтарын саяси қитұрқылықтарға көзжұма қарамауға шақырады:

Ел сенген ағаларым, оянындар,

Міржақып енді бізді оятпайды! [6, б 8]

Ел ағаларын халыққа жақ болуға шақырумен қатар, С.Әбенov Елбасына да үндеу жолдайды:

Ұйқым да келмей, асым да тіпті батпайды,

Тек осы ғана басымда жүрген нақ қайғы.

Елімді сақта, жерімді сақта, Елбасы,

Тәңірім сонда жаулардан бізді сақтайды [6, б 11].

Ақынның бұл өлеңі Бұхар жыраудың хан Абылайға арнаған толғауларымен үндеседі: Соғыспа деп жырлайды, Бұқар деген көріңіз! Соғыспен кетер сәніңіз, Жауластық жолды сүйеңіз. Мынау жалған сұм дүние Өтпейді менен деменіз [6, б 18].

Атам заманнан бері бұқара жұрт пен тақ арасындағы көпір болып, халықтың мұнын ханға жеткізу парызы ақын-жырауларға бұйырған. Ол дәстүр осы күні де өз жалғасын тауып келеді.

Ақын-жыраулар үндестігі мұнымен толастамайды. Кезінде жырауларды толғандырған саяси ахуал күні бүгінге дейін өзекті. Бұқар жырау:

Егер шүршіт келмесін,

Егер шүршіт қаптаса,

Алып бір кетер ақтарып

Көмулі көрден дененді, - [6, б 26] деп жырлап, тұғырлы елдің басына төнген қауіптің алдын алуға шақырса, С.Әбенov «Қытайдан сақтан, қазағым!» атты өлеңінде халықты аласапыран заманда камсыз қалудан сақтандырады:

Жерінді берсең таптайды,

Қытайлар сонда қаптайды.

Құмырсқа жейтін ондай ұлт,

Құмырсқа құсап жатпайды... [6, б 38]

Жүрегі ұлтым деп сокқан әр қазақтың көкейінде ұялаған үрейдің бетпердесін ысырып тастап, бүкпесіз көрсетеді. Бұл өлеңнен халық пен ақынның арасындағы рухани байланыс аңғарылады.

Ақын заманауи қоғамдық кеселдерді де өткір сынға алады. Біздің ғасырымыздың індетіне айналған телефон мен әлеуметтік желілерге деген тәуелділік «Смартфон», «Мылқау сезім» атты өлеңдерінен көрініс табады:

...Ұрпағымыз құшақтаған – смартфон,
 Ұлт тамырын пышақтаған – смартфон.
 Әлеуметтік желіменен әлек қып,
 Ұлымызды ұсақтаған – смартфон... [6, б 14]

Осылайша ақын ұлт пен ұрпаққа зиянын тигізіп жатқан тәуелділіктің тамырына балта шаппақ ниетін аңғартады. Бұл туындыдағы замана қалпының өзгеруіне орай, ұлттың болашақ тағдырына алаңдаушылық Абай өлеңіне жалғас:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
 Шошымын кейінгі жас балалардан.
 Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
 Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман [6, б 42].

Қоғамда белең алып бара жатқан ажырасу мәселесі де С.Әбеновті алаңдатпай қоймайды:

...Қидырған соң серт байласып некенді, Тағдырыңа қоса көрме
 бөтенді. Қу нәпсіңнің кесірінен түбінде,
 Екі жаққа айырасың екі елді.
 Ажырасу – берген емес еш пайда,
 Соны ұғып түсінетін ес қайда... [6, б 51]

2017 жылғы статистика бойынша 140 мың неке тіркелсе, соның 51 мыңы заңды күшін жойған. Бұл шамамен 40% неке бұзылды дегенді білдіреді [7, б 42]. Осыған орай, бұл ахуал Қазақстандағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы тақырыпта «Қара шуба», «Ажырасу», «Бақытсыз неке», «Біз еркектер...», «Әй, Әй, әйелдерге», «Еркектердің ең әлсізі...» және «Үйленіп жатқан жігітке тілек» атты өлеңдер кең таралған.

Бұдан асқан қасірет жоқ фәниде,
 Ұрыс-керіс болғанменен әр үйде,
 Саған күйеу, оған әйел табылар,

Әке-шеше керек бірақ сәбиге [6, б 21], – деп ажырасудың ұрпақ тәрбиесіне де зор нұқсан келтіретінін ескертеді. Сондай-ақ

ажырасудың белең алуында саяси-әлеуметтік астардың барын «Қара шуба» сатиралық өлеңінде уытты жырмен айқындайды:

Қара шуба, құрғыр-ай, қара шуба,
 Соны киген кімдердің бағы асуда?!
 Несиеге алатын отбасы бар
 Отырса да зар болып қара суға... [6, б 33]

Ажырасу салдары күллі ұлтты жұтататынын айтып, ер-азаматтарға үндеу өлең арнайды:

Үйренесін үй болуға қорықпа,
 Үйленгендер айтшы жаман болып па?
 Бір бұрышта енді аңдып тұратын,
 Бойдақ күннен айналып өт, жолықпа! [6, б 41]

Саяси-әлеуметтік тақырыптан бөлек ақын махаббат пен жан толғанысын да жырлайды. Аталмыш тақырыптағы өлеңдерді махаббат пен көңіл-күй лирикасының айшықты үлгілеріне жатқызуға болады. С.Әбеновтің көңіл-күй лирикасы әлеуметтік желі қолданушылары арасында үлкен сұранысқа ие. Бұған себеп – ол өлеңдер мотивациялық сарында жазылып, оқырман жүрегіне жол таба білді.

Ең бастысы түсірме көңілінді,
 Көкке жетсе, шығарып көр үніңді.
 Өмір мынау – ешкімді еркелетпес,
 Өзің сүйіп, еркелет өмірінді! [6, б 56]

Ақын өлеңдерінің мотивациялық ерекшелігі оқырманды рухтандырып, өмірден түңілмей, үміттен қол үзбей атар таңға сеніммен қарауға шақырады:

Бәрі сынақ өмір дейтін айдында,
 Жолың болмай қалса сонша қайғырма.
 Бір күндері айың туар оңынан,
 Көп берілме уайым жұтып жай мұңға [6, б 44].

Осы мотивациялық тақырып аясында жазылған өлеңдер қатарына жататын «Күліп қара» өлеңінде автор қайталаудың анафора және эпифора тәсілдері ұтымды пайдаланған:

Күліп қара біреу сынап жатса да,
 Күліп қара біреу кінә такса да.
 Күліп қара ауыздарын ашса да,
 Күліп қара ауыздарын жапса да [6, б 33].

Саят Бақытбекұлының махаббат лирикасы қазіргі қазақ эстрадасында жүрген әншілердің әндерінен көрініс тауып жүр. Ол

әндердің басым көпшілігі махаббат тақырыбында. «Жүрегіннен бір орын бер», «Менде ғана бар» әндері халық арасында өте танымал:

Сен екенсің жүрегімнің иесі,
Уақытқа да, бақытқа да байландық.
Бізге берген бұл өмірдің сыйы осы.

Біз екеуміз бір адамға айналдық... [8, б 28]

Бұл ән – әйел адамның ер адамға арнаған әні. Ақын сол сезімді шынайы әрі әсем жеткізіп, халықтың қолдауын және осы ән үшін «Ұлттық жыл таңдауы» – 2018 премиясында «Алғыс хат» алған болатын. Сонымен қатар «Иә, сен», «Жар іздеуге жарнама», «Мені күт» өлеңдерінен ақынның өмірлік махаббатын іздейтіні көрініс табады. «Мені күт» өлеңі:

...Сағындыр, сағынышқа шөлдейінші,
Уақытқа мейлі көңіл бөлмейінші.
Мені күт, күтпей кеткен бір бейнеңді,
Біреудің көздерінен көрмейінші [9, б 32].

Ақынға мектеп оқушыларымен кездесуде «Музаңыз кім?» деген сұрақ қойылған кезде ақын үнсіз қалып, осы сұрақтың жауабын білмейтіндігін айтады.

Ақындар – қашан да халықтың үні болған қауым. Бүгінде тәуелсіз елімізде сөз бостандығы, ой еркіндігі өз деңгейінде болғандықтан, ақындар сөзі халық арасында беделге ие. С.Әбеновтің өлеңдері бір-біріне құрылысы, құрылымы, ұйқас түрі бойынша да ұқсамайды. Торғайлық ақынның бірнеше шумақтан тұратын өлеңдерімен қатар бір шумақтан тұратын өлең жолдары бар. Олардың барлығы бір жинақ болатыны анық. Ақын оқырмандары оған «Халық ақыны» мәртебесін осы күні беріп қойғаны белгілі. Әлеуметтік желі арқылы таралып жатқан өлеңдерінің жастарға аз да болса оң әсері бары анық. Бүгінгі таңда халыққа мұндай ақынның керегі даусыз.

Қорытынды

Ақындар мен жазушылар – халықтың мәдени көрсеткіші мен дауысы. Халық ішінен шығып шеңділерді сынайтын да – ақын, халық адасса, жол сілтейтін де – ақын. Ақын оқырманын бірде ашы шындықпен қамшыласа, енді бірде сазды жырымен тербейді. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Сондықтан ақынның естісі өз заманын тәрбиелейді, өсіреді, қанаттандырады. Эгосы жеңген ақындар қалың жұрт «менің ішімде не бар екенін білсін, мен шермендемін» десе, енді бір ақындар «мені елімнің болашағы толғандырады, кім болмақпыз, жырым ел айнасы болсын, халық

түзелсін, рухтансын, шабысын үдетсін» деп қолына қалам алады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми тұрғыдан талданып, сарапталуы, ғылыми жаңалығы, мақсат-міндеттері бүгінгі уақыт талабынан туындаған. Бұған тақырыптың теориялық негіздеріне жасалған шолу, өзіндік айқын түйінді ой-пікірлер, талдаулар дәлел болады. Зерттеу нысанасына алынған Саят ӘбенOV шығармашылығы әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет арнайы зерттеліп отырғанын да айтқанымыз жөн. Ақынның лирикалық өлеңдеріндегі ұлттық-эстетикалық ерекшеліктер мен оның поэзиядағы көрінісі ашылды деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра». 1995. – 656 б.
- 2 Абиыр А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік символика. <http://aqparat.kz/newsread/>
- 3 М.Мақатаев. Менің анкетам. Өлеңдер. <https://bilim-all.kz/olen/965>
- 4 М.Жұмабаев. Қазақ тілі. Өлеңдер. <https://bilim-all.kz/olen/1322>
- 5 Саят ӘбенOV. Мен қарсымын!! https://www.zharar.com/10673-sayat_men.html
- 6 Саят ӘбенOV. Өлеңдер жинағы. <https://www.zharar.com/xfsearch/саят+әбенOV+өлеңдері/>
- 7 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nekenn-40-payyizyi-ajyirasumen-ayaktaladyi-elmzdeg-otbasyi-413859/
- 8 Саят ӘбенOV. Торғайлық ақын. Жүрегіннен бір орын бер. <https://www.instagram.com/tv/CErSqaYjxrE/>
- 9 Саят ӘбенOV. Мені күт. https://www.youtube.com/watch?v=__eUKr1kDE
- 10 С. ӘбенOV. Менің анкетам. Өлеңдер. https://vk.com/sayat_abenov

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ПЕЙЗАЖДЫҢ РӨЛІ

ОРАЗОВА Ж., МАЛАЙ А.
оқушылар, 10 сынып, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.
КАЛИЕВА А. С.
жетекші, мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні,
№ 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Жазушы өз ойын оқырманға өз шығармалары арқылы, кейіпкерлері арқылы жеткізеді. Сондықтан кейіпкердің бейнесін жасауда жазушының өзіндік шеберлігі үлкен рөл атқарады. Кейіпкердің сыртқы түрінен бастап, оның көңіл-күйі, жаны, психологиясы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы сияқты тәсілдерді әр жазушы әр түрлі қолданады.

Осындай көркемдік әдістердің бірі-шығармадағы көркем суреттердің, пейзаждардың үйлесімі, бұл шығарманың көркемдігін арттырады, образдардың бейнесін ашуға, тереңдетуге мүмкіндік береді.

Пейзаж көркем шығарманың маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Ол поэтикалық атмосфераны қалыптастыру құралы ретінде қызмет атқарады, оқырманды белгілі бір эмоционалды толқынға дайындайды. Пейзаж кей жағдайда іс-әрекетті алмастырады. Ол арқылы лирикалық қаһарман шындықпен қарым-қатынасқа түседі, табиғатпен біртұтастықты сезінеді.

Пейзаж туралы белгілі ғалым С. Негимов «Жазушы әдеби шығармада көркем ойлаудың ажары ретінде, жаны есебінде, образдық-метафоралық жүйесінің арқауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады», - дейді [1].

Пейзаж көркем мәтіннің элементі ретінде өте жан-жақты ұғым. Қазіргі уақытта пейзажға көптеген анықтамалар беріледі. Д. С. Лихачев пейзаждық сипаттаманы «көркем шығарма әлемінің» маңызды және функционалды жүктелген компоненті, көркем мәтін әлемінің элементі деп анықтама береді [2, 170 б.]. Осыған байланысты көркем мәтіннің ерекшеліктерін, оның мағыналық және құрылымдық жақтары, оның нысаны, тұлға-бірліктері, сондай-ақ ондағы пейзаждың көркем шығармадағы рөлін анықтау өзекті болып саналады.

Л. М. Крупчанов пейзаж – бұл «авторлық стильге, жазушының әдісіне, әдеби бағытқа, сондай-ақ жұмыстың түрі мен жанрына байланысты көптеген функцияларды орындайтын көркем

шығарманың мазмұнды және композициялық компоненттерінің бірі» деп санайды [3, 233 б.].

Дәстүрлі түрде әдебиеттегі пейзаждың қалыптасқан қызметі лирикалық прозада мүлдем басқа мағынаға ие болады. Мұндай шығармадағы табиғат суреттері оқиғаның даму тізбегі үшін қажетті фон емес, автордың әлем мен адамды түсінуінің негізі болып табылады. Оның көркемдік ерекшеліктері автордың композицияны қалыптастыруда рөл атқаратын сюжеттің негізгі бөліктері ретінде пейзаждық картиналардың жоқтығын дәлелдейді. Қоршаған табиғат бейнелерінен алынған эстетикалық сезім автордың шындықты сипаттауынан алшақтатпайды.

Әр жазушы шығармасында табиғатты өзінше пайдаланады. Кей шығармада пейзаж тіпті болмай, кейбіреуінде өте көп болуы мүмкін. Бір жазушы табиғат арқылы жыл мерзімін көрсетсе, біреуі кейіпкер бейнесін ашу үшін қолданады. Сонымен қатар кейіпкерлердің көңіл-күйі, жан дүниесінің құбылыс сәттерін табиғатты қатарластыра суреттеу арқылы психологизмді терең жеткізу ең жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Бұл кейіпкерлердің жан дүниесіне терең бойлаудың бір жолы болып табылады.

Жылдың төрт мезгілінің көптеген әр түрлі бейнелері күнделікті өмірде сезім, әсер тудырады. Суретшілер бұл құбылысты әртүрлі түстермен көрсетсе, сөз зергерлер тіл арқылы мәнерлеп бейнелейді, суреттеп көрсетеді.

Прозадағы пейзаждық ерекшеліктердің көрінісін М. Әуезовтың шығармаларынан табуға болады. Онда қазақ даласының байлығы мен сұлулығы шебер суреттелген, табиғаттың көркем суреттері Әуезовтің қайталанбас бояуларымен, түстерімен бейнеленген. Жазушының кез-келген шығармасында қазақ даласының құлпырған көктемі мен жазы, дауылды қыс, жаңбырлы күз бейнеленген.

М. Әуезов табиғи құбылыстарды сипаттау кезінде олардың кейіпкерлері бастан кешкен жағдайларға байланысты құбылыстың сыртқы ғана емес, ішкі мазмұны да ашылғандай әсер қалдырады.

М.Әуезов шығармаларындағы пейзаж ұзақ әрі психологиялық тұрғыдан әсерлі, символдық астары бар. Бұл жайында Ә.Байтанаев: «М.Әуезовтің пейзаждарынан үш түрлі қасиеттердің бәрін көруге болады. Не ол пейзаж образ әрекетіне араласады, не ол әсерлі әдемі сурет болады, не ол пейзаж философиялық қорытынды жасатады. Немесе осылардың бір-екеуі қабат келеді», - дейді [4, 44 б.].

Жазушының табиғатты бейнелеу шеберлігінің бір қырын «Қорғансыздың күні» туындысынан көре аламыз. «Қорғансыздың

күні» әңгімесінің атауынан-ақ қаламгердің қорғансыз адам тағдырын суреттейтінін, оның трагедиямен аяқталатынын іштей сезіп отырамыз. Жазушы шығарманың қалай аяқталатынын, яғни оқиға барысын, тұспалмен-ақ оқырманға алдын ала білдіреді. Әңгіменің басындағы дала суретіне назар аударайық:

...Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанымен, еңсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да, паналығы жоқ: азынап тұрады... Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз [5].

Табиғат құбылысының қатал, қорқынышты, аянышты жағдайының, қатал сәтінің осындай жарқын сипаттамасы алдағы жағымсыз оқиғаны білдіреді. Алғашқы сөйлемдерден бастап, оқырмандарын таңқалдырып, тіпті қорқытып, ол оларды еріксіз жетелейді, көз алдында түнектей қараңғылықты елестетеді. Көптеген шығармаларда, әсіресе поэтикалық шығармаларда, эмоционалды-лирикалық әсер беретін боранның бейнесі теріс жағынан байқалады.

Үнемі биіктіктің, асқақтықтың символы ретінде көрінетін таудың да кейпі сұрықсыз суреттеледі. «Алыстан көрінген Арқалық дәмелендіргенімен», шығармадағы тау көрінісі оқырманның еңсесін көтеретін, биік қиялға бөлейтін қасиетінен өзгеше, құрдымға апаратын мекендей, тіршілікті жұтып жатқан орындай ой туғызады. Тау деген аты болғанымен, қорғансыздарға ешқандай ығы, панасы жоқ. Шағын кіріспенің өзінен-ақ қорқынышты оқиғаның төнгенін сезініп, дегбірсізденгендей боласыз. Күннің райы да, табиғат ерекшелігі де көңілдегі күдікті күшейте түседі.

Бұл картинаның көркемдік-эстетикалық күші мынада: қысқы даланың көрінісін, ызғарлы қарбаласты сезіне отырып, автор оқырманды алдағы трагедияға іштей дайындайды. Табиғаттың кез-келген көрінісі жай ғана бейнеленбейді, олардың барлығы кейіпкердің ішкі жан дүниесімен байланысты. Әрбір бөліктің өзіндік астары бар екенін байқай аламыз.

Әңгімедегі кедергі кездестірмей Арқалық тауын қуалай соққан жел, азынаған үскірік аяз Ақандардың жауыздық тұлғасын аша түсетін қосымша қуатты құралға айналған: «Күнбатыс батуға

айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалтан бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалан қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр... Күннің сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді» [5]. Яғни айналаның бәрі қызыл түске боялып, бір жамандықтан хабар бергендей. Қызыл түс – қанның түсі, олай болса, бұл бір жамандықты сездіреді.

Жазушы табиғаттың суретін бергенде, ол кейіпкердің жанына, сезіміне, көңіл-күйіне қатысты түстерді пайдаланады, үнемі пейзаждың алдында болуы мүмкін оқиғаны жобалайды және білдіреді. Оның кейіпкерлерінің басына түсетін жайттарды ашып айтпайды. Табиғат құбылыстары арқылы адамның көңіл-күйіне әсер етіп, табиғаттағы болатын суреттер арқылы оқырманның дайындайды және хабар беруі мүмкін. Шығарма барысында сол болжам орындалады.

Сондай-ақ, әңгімеде қарлы боранды сипаттаудың да құпиясы бар. Былайша айтқанда, тыныш ақ даланың бейнесі мұндағы оқиғаға сәйкес келмейді. Яғни, егер оқиға жай табиғат аясында өтсе, шығарма соншалықты әсерлі болмас еді. Жазушы оқырманға кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі ашуды, сезімді шынайы жеткізе алмас еді. Ғазизаның ар — намысы үшін күресі, шайқасы, мүлдем түсініксіз күйге тап болуы, содан кейін оның әлсіздігіне қарамастан оған қарсы тұруы-мұның бәрі қатал, ашық күнде де борансыз нәзік жанның бейнесін толықтыра алмас еді. Табиғаттағы ақ түтек боран кейіпкердің өміріндегі, тағдырындағы боранды көрсетеді. Екеуі қатар алына отырып, үлкен сыршылдықпен оқырман сезіміне әсер етеді, бірге мұнайтып, қайғыртады. Бір толастамаған боран қорғансыз жандардың болашақтан еш үміті жоғын сездіреді.

Көріп отырғаныңыздай, әңгімеде пейзаж кейіпкерлердің бейнесін ашуда ерекше рөл атқарады. Шығармадағы табиғат суреті жай ғана бақылау құралы емес, үлкен функцияны орындайтын деталь. Мұнда табиғат суреттері әрқашан уақыт, кезең, жағдаят бойынша көрсетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://emirsaba.org/1-edebiet-teoriyasi-filimini-edisnamali-afidalari-edebiet-teor.htmlpage=32>
- 2 Лихачев Д. Введение в литературоведение. Хрестоматия: Учебное пособие. – М., 2006. – 303 с.
- 3 Крупчанов Л.М. Пейзаж / Введение в литературоведение: Учебник Н.Л. Вершинина, Е.В. Волкова, А.А. Илюшин и др. / под общ. ред. Л.М. Крупчанова. – М.: Изд-во Оникс, 2005. – 416 с.
- 4 Байтанаев Ә. Шын шеберлік. – Алматы: Жазушы. 1969, -104 б.
- 5 https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-aeuzov-organsyzdyn-kuni__18848

Б. МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТІЛДІК-МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

ТАЛАСБЕКОВ Е. Б., АСАНХАНОВА Қ. Қ., САМАЕВА Ж. С.

оқушылар, 10 сынып, Қадыр Мырза Әлі атындағы
Binom School мектеп-лицейі, Астана қ.

РАЕВА А. Ж.

мұғалім, п.ғ., магистрі, ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,
Қадыр Мырза Әлі атындағы
Binom School мектеп-лицейі, Астана қ.

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдерді этномәдени факторлармен байланыста қарастырып, әлеуметтік, мәдени дүниетаным тұрғысынан қарастыруға болады. Жалқы есімдерді, әсіресе, антропонимдерді бұлай қарастыру профессор Т. Жанұзақовтың «Антропонимдік мағлұматтар тілдік және мәдени әлеуметтік байланыстарды зерттеу барысында белгілі бір теориялық әрі методологиялық мәнге ие болып келеді. Өйткені антропонимдік жүйе әрбір халықтың тарихи, мәдени әрі этникалық, психологиялық және идеологиялық факторларымен тығыз байланысты», -деген пайымдауынан кейін туындаған ой [1].

Әрине, көркем әдебиет сан салалы, ондағы жалқы есімдер де тақырыптық ерекшелігі мен мазмұнына қарай әр түрлі. Оның ішінде тарихи шығармаларға тән жалқы есімдер, антропонимдер мен прецедентті атаулардың тілдік, құрылымдық мәні бір бөлек. Ал біздің мақсатымыз әдеби жанрдың барлық саласында дерлік қалам тербеген жазушы, ақын Б. Майлиннің шығармалары негізінде

жалқы есімдерді тану, сол арқылы дүниені тану мен қабылдаудың мәнін ашу.

Ономастика тілдің лексикалық бір бөлігі ретінде қоғамның, этностың тарихы мен әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты. Ономастиканы зерттеушілер ұлттық дүниетаным мен тілдің байланысын, атаулар мен оған негіз этномәдени ақпараттарды тілдік тұрғыдан қарастырады. Қазақ ономастикасы, оның ішінде антропонимдерді зерттеудің негізін салушылар деп Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар сынды ғалымдарды ерекше атап өтсек, сонымен бірге бұл саланың дамуына ерекше үлес қосқан профессор Т. Жанұзақовтың зерттеу еңбектерінің өзі бір бөлек және осы салада Б. Әбдуәлиұлы, Қ. Рысберген, Г. Мәдиева т.б. ғалымдарды да атап өткеніміз жөн.

Қазақ ономастикасы қазіргі уақытта жаңаша бағытта дамып келеді. Ономастика саласындағы антропонимдердің тілдік ерекшеліктері мен құрылымын мәдени-танымдық тұрғыдан талдау, зерттеу бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Ал жекелеген жазушылардың шығармашылығы бойынша антропонимдерді жинау, топтау, талдау үлкен еңбекті қажет етеді. Әрбір атауда халқымыздың сан ғасырлардан бергі тарихы мен шаруашылығы туралы мәдени ақпараттарды алуға болады. Б. Майлин шығармалары бойынша антропонимдердің тілдік әрі мәдени ерекшеліктерін зерделеу қазақ тіл білімі үшін аса құнды дүние болары сөзсіз.

Ұлттық әдебиетіміздегі ұлағатты тұлға, қазақ сөз өнерінің ХХ ғасырдағы көрнекті өкілі, «ерте оянған, ерте қадам басқан зерек жігіттердің бірі», -деп С. Құдаш өз бағасын берген. Ұлт тарихындағы ұлағатты есім, отыз жетінші жыл ойранындағы оқшау көрінетін тұлға Бейімбет Майлин. «Жасап болмай, жас кеткен, жанып болмай, мезгілсіз өшкен», соңына бай да байтақ әрі сан салалы мұра қалдырған ақын, жазушы, драматург, журналист, аудармашы, баспагер Бейімбеттің әдеби-публицистикалық мұрасы толық зерттелді деп тұжырым жасауға болмайды», -дейді бейімбеттанушы ғалым С. Байменше [2,5].

Көркем шығармаларда кездесетін антропонимдерді мол мәдени ақпаратқа ие, өзіндік мағынасы мен шығу тарихы бар, шығарманың маңызды элементі деп атасақ болады. Осыған орай, біз талдаған 30 шығарма бойынша 140 антропоним жинақталды. Олардың әрқайсысы дерлік мәдени семантикаға бай, жасалу тәсілі әр алуан, ұлттық мәдени ақпаратты тасымалдаушы бірліктер. Б. Майлин шығармаларындағы антропонимдердің басым көпшілігі ұлттық

негіздегі қазақ есімдері. Мәселен, Баймолда, Күлпаш, Арыстанбай және т.с.с.

Жалпы антропонимдерді мәдени тұрғыдан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп айтуымызға болады. Кейіпкерді тандау автордың еркінде, автор тарапынан жалқы есімдерді дәл тандап, талғаммен қолдана білу шығарманың мәнін ерекше айқындайды. Б. Майлиннің шығармалары жалқы есімдерге бай екендігі анықталды, антропонимдердің лексика-семантикалық қызметі жоғары. Кез келген шығарманың басты кейіпкері көркем мәтінге ерекше нақыш беріп, авторлық ұстанымды айқындауға мүмкіндік береді.

Бейімбет кейіпкерлерінің аты неге Мырқымбай, неге Құрымбай, неге Желдібай Жындыбаев? Осыны біз ойланып көрдік пе? Оның себебі, Бейімбет қоғамдағы қиянатқа, елге зауал болып келген жағдайларға қарсылығын білдірген. Сол кездегі шаруаның кейпі Мырқымбай, тәртіп күзетшісі Құрымбай, совет үкіметінің өкілі Желдібай Жындыбаев болса, оның астарынан не іздеуге болады?...

Әдебиетке Мырқымбай деген есімді Бейімбет Майлин алып келді. Бейімбет пен Мырқымбай сөздері бірігіп кеткен тұтас ұғым. «Мырқымбай» деген бүркеншік аттың шын иесі Бейімбет екеніне ешкім таласа алмайды», - дейді ғалым С. Байменше [2,25].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде Мырқымбай сөзінің екі мағынасы көрсетілген: 1. Жалшы жақыбай, жұпыны, қарапайым. 2. Кім болса сол [3, 608].

1922 жылғы «Мырқымбай» өлеңінде бастаған «мырқымбайшылықты» жазушы отызыншы жылдардың бас кезіне дейін алып келді. «Кедейдің кейістігі», «Бер, Мырқымбай, қолыңды», «Ей, Мырқымбай!» өлеңдерінде, тіпті «Мырқымбай» атты жеке кітабын (935) шығарып, кейіпкерінің образын одан әрі ашып, тереңдете түсті. Ең соңғы туындыларының бірі - 1937 жылғы «Қызыл жалау» романының өзінен «Әлгі нағашым дегенің осы ма? Өзіміз сияқты Мырқымбай екен ғой...» деген сөйлемдерді кездестіреміз.

Б.Майлин поэзиясындағы Мырқымбай есімі – өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасауда ұтымды қоланылған. Қоғамдағы қазан төңкерісінен кейінгі тұтас бір өтпелі кезеңдегі ауыл жұртының өмірінде болған өзгерістерді, оның ой-санасы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі мен болмыс-бітімі арқылы суреттелген жиынтық бейне.

Бейімбет – қазақ поэзиясына ой мен сезімді баяндау, суреттеусіз-ақ айтып жеткізудің өлең-диалог түрін енгізген ақын. Сұрақ пен жауапқа ғана құрылған «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» деген өлеңіндегі екі-үш сөзден ғана тұратын диалог арқылы төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі қазақ аулындағы өзгерісті, адамдардың ой-санасын, психологиясын ашып көрсеткен. Өлеңде бірде-бір артық элемент жоқ, суреткер бір ғана кейіпкерге сұрақ қою арқылы, оның Ыбырай деген есіміне -мыз, -мын қосымшаларын жалғау арқылы сол кезеңнің әлеуметтік мінездемесінің табиғатын танытқан. Жалқы есімге жіктік жалғауының I жағында тұрған қосымшаларды қосу арқылы өлеңнің мазмұнын ашып, түрлендірген. «Өлеңдегі маңызды әлеуметтік мазмұн оның ойнақы, қызықты болып шығуы да, сайып келгенде, сол қосымшаларының мысқыл, ажуа тудыратын мағыналарына байланысты» [4]. Б.Майлин антропонимді тұлғалық жағынан түрлендіру жолымен өлеңге ерекше соны сипат беріп, құбылтқан. Ақынның шеберлігі, тапқырлығы өз оқырманын қайран қалдырады:

Кеше:

- Уа, кімсіз? ,
- Ыбыраймыз.
- Жаймысыз?
- Жаймыз.
- Уа, қайдан келесіз?
- Сайлаудан келеміз.
- Елге ойран сап,
- Ойнаудан келеміз.

Бүгін:

- Уа, кімсің?
- Ыбыраймын.
- Жаймысың?
- Жаймын.
- Қайдан келесің?
- Соттан келемін.
- Соттан емес-ау,
- Оттан келемін [5]

Сонымен қатар Бейімбет өлеңдерінен гөрі прозалық шығармаларында кейіпкер есімі табиғи жаратылысымен, мінез-құлық, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен астасып жатады. Кедейлер есімі өздерінің қарапайым тіршілігі сияқты Бұқабай, Түйебай, Айранбай, Құрымбай, Қайрақбай, Талқанбай, Тұтқыш,

Тышқанбай, Қортық, Жарықбас, Етікбай, Бұзаубақ, Тымақбай, Дәуғара, Боқбасар, Жалбыр болып келсе, іс-әрекеті бұларға қарама қарсы топтың бейнесі Белденбек, Шоңмұрын, Итаяқ, Желдібай Жыңдыбаев, Талтаңбай т.б. түрінде кездеседі.

Бейімбет Майлин Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде «Садақ» атты қолжазба журналында жарық көрген алғашқы прозалық туындысы «Шұғаның белгісіндегі» жалқы есімдердің қолданысы туындының сюжеттік желісіне арқау болған. Шығарма екі атты жолаушының әңгімесінен басталады...

Әңгіме желісінде «Шұғаның белгісі» деген жер атауынан антропонимге айналған Шұға сөзі есім иесі туралы оқиғаға ұласады. «Өзі де Шұға десе Шұға еді-ау» деген сөздерден кейіпкердің «атына заты сай» екенін байқауға болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Шұға – майда түкті, биязы жүн мата. Шұға фабрикаларында ұзындығы 4-5 см-ден қысқа келетін жүн пайдаланылады», - деген түсінік беріледі [3,742]. Көрнекті суреткер жазушының қазақ прозасының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде танылған туындысының бас қаһарманына тұлғалық жағынан осы ықшам келген, айтуға жеңіл, кейіпкердің биязы табиғатына жақын есімді таңдап алуының өзінен астарлы сыр байқалғандай.

Академик С.Қирабаев: «Жазушының суреттеуінде, Шұға – мейлінше адал, терең сезімнің адамы. Бір сөзді, махаббатына берік. ...Әбдірахманның жолдасы, екі ғашықтың сырына қанық Қасым оқиға шындығын, кейіпкерлердің күйініш-сүйінішін, сезім көріністерін, әңгімесін толық күйінде жеткізуші қызметін атқарады. Соның сезінуімен жазушы Шұғаны, оның сұлулығын, ақылдылығын, тұрақтылығын, аянышты өлімін суреттеп, «Ай, Шұға десе, Шұға еді-ау!» деген сөзге қайта-қайта оралады. Шығарманың лирикалық сыпаттарын да осы сыршылдық белгілейді», - дейді [6, 28].

Жазушы адам атының көп мағыналылығына, оның астарына мән береді. Мысал үшін «Берен» повесін алайық. «Құсайын Құлбеков» повесінің бас кейіпкерлерінің бірі де Берен.

Ал «берен» көп мағыналы сөз. Бірақ бұл мағыналардың көпшілігі қазір ұмыт бола бастаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде үш түрлі мағынасын көрсетіледі:

Берен қымбат, асыл мата, ең жақсы барқыт, ең мықты болат;
Батырлар киетін болаттан жасалған сауыт;
Болаттай мықты, күшті, асыл адам дегенді білдіреді [3,127].

Күрделі көркем шығарамасын «Берен» деп атағанда, сондай ақ «Құсайын Құлбеков» повесіндегі жас келіншекке Берен деп ат бергенде жазушы олардың қатар құрбыларынан өзгеше жігерлі, жалынды, қайратты, адамгершілігі жоғары екенін баса көрсетуді мақсат тұтқан.

Тілімізде «берен мылтық» деген де сөз бар. Бұл білтелі мылтықтардан кейін шыққан қару. Жазушының «берен» сөзін қолдануы ана тіліміздегі «Айтсаң ұғар беренге, не айтайын керенге» деген мақал мазмұнынан да алыс тұрған жоқ. Демек, кейіпкер есімі Берен болса, ондай адамның осал болмайтынын жазушы алдын ала мәлімдеген тәрізді.

Бейімбет Майлиннің көркем шығармаларында да («Рәзия қыз», «Маржан», «Сағындық», «Қанай», «Айранбай», «Күлпаш», «Қырмызы» т.б.), журналистік еңбектерінде де («Қойшыбай», «Борамбайдың бірінші адымы», «Мағауияның маңында», «Баймолда», «Қалам батыры Қалмақан», «Кәрім молда», «Беркімбай әскер», «Ақбаланың тоқтысы», «Рақиланың көк тұсағы», «Айымкүл», «Таймас» т.б.) бас тақырып етіп бас кейіпкердің есімін алу тәжірибесі кең орныққан. Бұл стиль дәрежесіндегі әдіс.

«Тіл-тілдегі лексикалық байлықтың бір алуаны кісі есімдері»-деп ғалым Н. Уәлиев айтқандай, жалқы есімдер өткен ғасырдың тарихы туралы бізге қызықты деректі бере алады [7].

Б. Майлин шығармаларына тілдік талдау жасауда ерекше рөл атқаратын антропонимдер - өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде автордың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды әрі туындының идеялық-көркемдік ойы туралы қосымша деректерді тануға ықпал етеді. Біз жазушының 30 шығармасы арқылы 140 жалқы есімге талдау жасадық.

Б. Майлин шығармалары бойынша антропонимдердің лексика-семантикалық топтарын төмендегідей бөліп қарастырдық:

Жануарлар атауына байланысты есімдер: Тайлақбай, Түйебай, Жанбура, Бұқабай, Қойбағар, Түлкібай, Арыстанбай, Мөңкебай,
Табиғат құбылыстарымен байланысты есімдер: Желдібай
Түрлі тағам атауларына байланысты есімдер: Айранбай
Түр-түске байланысты: Қырмызы, Айсары, Сарыбай, Тасқара
Кірме есімдер: Кәрім (араб), Қали (араб), Әбдірахман (араб),
Уәли (араб), Сәдуақас (араб), Иван (орыс), Алексей Иваныш (орыс)
Табу сөздер: Айдарлым, Еркежан
Діни лексемамен байланысты: Құдайкүл, Иманберді,
Тәңірберген, Баймолда, Молдағали

Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Мал-жанын аман ба?-деп амандасуының өзінде де үлкен мән жатқандығын аңғаратын болсақ, сол төрт түліктің қасиеттерін де ерекше бағалап, адамның мінез-құлқын танытуда ғана қолданбай, есім ретінде де қолданғандығын көреміз. Әйтсе де, бүгінгі күні бұл есімдер тек көркем шығармаларда ғана қалып отырғандығын байқауға болады.

Б. Майлиннің шығармалары жалқы есімдерге бай екендігі анықталды, антропонимдердің лексика-семантикалық қызметі жоғары. Кез келген шығарманың басты кейіпкері көркем мәтінге ерекше нақыш беріп, авторлық ұстанымды айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Бейімбет өлеңдерінен гөрі прозалық шығармаларында кейіпкер есімі табиғи жаратылысымен, мінез-құлық, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен астасып жатады. Кедейлер есімі өздерінің қарапайым тіршілігі сияқты Бұқабай, Түйебай, Айранбай, Құрымбай, Қайрақбай, Талқанбай, Тұтқыш, Тышқанбай, Қортық, Жарықбас, Етікбай, Бұзаубақ, Тымақбай, Дәуғара, Боқбасар, Жалбыр болып келсе, іс-әрекеті бұларға қарама қарсы топтың бейнесі Белденбек, Шоңмұрын, Итаяқ, Желдібай Жындыбаев, Талтаңбай т.б. түрінде кездеседі.

Майлин шығармаларына тілдік талдау жасауда ерекше рөл атқаратын әдеби ономастикон - өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде автордың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды, әрі туындының идеялық-көркемдік ойы туралы қосымша деректерді тануға ықпал етеді. Біз жазушының 30 шығармасы арқылы 140 жалқы есімге талдау жасадық. Б. Майлин шығармалары бойынша антропонимдердің лексика-семантикалық топтары анықталды, морфологиялық құрылымы талданды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Т. Жанұзақов Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1971, -215 б.
- 2 Байменше С. Зергердің зертханасы. Әдеби тарихи-эсселер. Алматы, «Сөздік Словарь» 2005, -192 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы, Дайк Пресс, 2008, -968 б.
- 4 kk.convdocs.org
- 5 Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2004, 2-том . Әңгімелер. Поэмалар– 453 б.

6 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: Қысқаша очерк: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.- Алматы: Білім, 1998.- 224 б.

7 Қазақ халқының мәдени кеңістігі: лингвомәдени танымдық сөздік/Р.С. Амренова, И.С. Каирбекова. Көкшетау, 2014, -216 б.

8 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері, Астана, 2005, -239 б.

9 Майлин Б. Тұңғыш құрбан.- Алматы: Рауан, 1994.- 254 б.

10 Майлин Б. Шұғаның белгісі: әңгімелер. Алматы, Атамұра, 2003, -258 б.

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕР ПОЭЗИЯСЫНДА АУЫСТЫРУ МЕН АЙҚЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ»

САКЕНОВА А.

оқушы, 7-сынып, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

РАХИМБАЕВА А. К.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиет пәні, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Ақын М.Айтқожинаның лирикасында айқындаулар қолданысы жағынан, көркемдігі жағынан да ерекше орынға ие. Әдетте тілімізде жиі қолданылатын дәстүрлі айқындауларды пайдаланып автор әсем табиғат суретін елестетеді. Мысалы: «Сұлу толқын ақ сәулеге малтығып // Самал есер, // Еркелеткен тым жайлы» [5]. Үзіндіде келісті сурет тек айқындаулардың күшімен жасалды десек, қателесеміз. Автордың сөз саптаудағы суреткерлігі, оны орынды, дәл қолдануы «малтығып» өрнегі арқылы беріледі. Бір-бірін дамыта түсетін айқындаулар сурет әсерлілігін туғызуға қызмет етеді. Алғашқы тармақтағы «сұлу толқын ақ сәулеге малтығып» дегендегі айқындауларды алып тастап «толқын сәулеге малтығып» десек, әсерсіз, құрғақ шығар еді. «Сұлу, ақ» өрнектері рең әсемдігін дарытып, бірі-бірін дамытып тұрғандай.

М. Айтқожинаның табиғат суреттеулерінде суға қатысты (көл, өзен, теңіз, бұлақ) қолданылған айқындаулар жүйесі біршама. Мысалы: «Алтайдың алтын арай ару көлі, // Алыстан арбап мені тарта берді» [5], «Сылаң қаққан сырлы өзендер // Сағым құшқан нұр белендер» [5], «Ұшқандай қос қанатын қыран қағып // Ағады

ерке өзенім бұлаң қағып», «О, толқынды теңізім шағалалы // Жетсе деймін жанымның саған әні», «Қасқа бұлақ // Көк өзен // Шабыттанып тасынды», «Сайрамдай сұлу көлін ортаға алып // Қос тауым сәбиіндей тербеген көп», «Күміс көл толқындайды табанында». Алғашқы үзіндіде «алтын арай ару көл» дегендегі көлдің бар ерекшелігін танытар айқындаулар лирикалық кейіпкер көзімен беріліп, соның негізінде сурет келістілігін туғызуға әсер еткен. Келесі үзіндіде де солай. «Сылаң қаққан сырлы» айқындаулары күрделеніп, өзен ерекшелігін ашуға бағындырылған. Үшінші мысалда да сурет келістілігі өзінше өрнек тапқан. Лирикалық кейіпкер қабылдауымен бейнеленген өзеннің «ерке» болуы, әрі сол ерке өзеннің «бұлаң» қағып ағуы жарасымды. Төртінші мысалда «толқынды», «шағалалы» өрнектері теңіз суретін ашып инверсия тәсілімен орналасқан. Бесінші үзіндіде бұлақ пен өзеннің бір қарағандағы рең әсемдігі мен ерекшелігі лирикалық кейіпкер сезіміне бағындырылған. Алтыншы мысалдағы теңеулі айқындау көл әсемдігін жайып салса, келесі үзіндіде көл тазалығы «күміс» сөзімен беріліп, өлең көркемдігін аша түскен.

Ақын Ф.Оңғарсынованың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде айқындауларды көп кездестіреміз. Табиғат лирикасындағы айқындаулар жүйесі - бай, әсерлі суреттер. Жиі қолданылатын дәстүрлі және дәстүрлі емес, күрделі түрлері ақын өлеңдерінде өзінше өрнек тапқан. Дала бейнесін ашарлық айқындауларға үңілейік: «Жамылып ақ көрпесін енді ғана // Маужырап байтақ дала тыныстаған» [3], «Көзімді салсам дәл бүгін // Осынау байтақ көгілдір дария мекенге», «Сонау бір сұрғылт, қатыгез дала, шатқалдан // Көл-көсір байлық ақтарған!» [4, 122]. Алғашқы екі үзіндіде дала бейнесі «байтақ» деген қалыпты тіркеспен келсе, үшінші мысалда дала сұрғылт, қатыгез қырымен танылады. Бұлт бейнесін сомдауда айқындаулар жүйесі біршама әсерлі, келісті көрінеді: «Көк, қызыл шарлар еркелеп ойнақ салады // балапан бауыр ақша бұлттарға асылып» [8], «Қоңырқай бұлт тас түйіп қас қабағын, // Тұмшалады аспанның жақсы ажарын», «Тентек бұлттар ойнақтап аспан төсін, // семсермен тілгілейді» [3, 4]. Үзіндідегі бұлтты ажарлайтын айқындаулар, яғни «балапан бауыр ақша», «қоңырқай», «тентек» (бұлт) қолданыстары ақын Ф.Оңғарсынованың өзіндік қолтаңбасын таныта түседі. Өзге ақындарда «ақша бұлт» деп тіркесуі жиі кездессе, аталған түрдің Ф.Оңғарсынова өлеңінде күрделене қолдануы ақын стилін айқындай түседі. Алғаш «балапан бауыр ақша бұлт» деген күрделі айқындаудан бұлттың әрі ашықтығы,

әрі «балапан» деген соң нәзіктігі, жұмсақтығы танылады. Екінші мысалда бұлттың «қоңырқай» болуы табиғаттың қолайсыз кезін елестетсе, әрі қарай «қабағын тас түйіп» деп суреттеу арқылы ақын көріністі дамыта түседі. Үшінші мысалдағы бұлт бейнесі лирикалық кейіпкер қабылдауына сай адам тәрізді бейнеленеді. Оның аспан төсінде ойнақтауы, оны семсермен тілгілеуі – табиғат құбылысын танытуға бағытталған көріністер.

Ақын К.Ахметованың табиғатты суреттейтін өлеңдерінде айқындаулар – өзінше бір көркем дүние. Көпшілік қолданатын дәстүрлі айқындаулар К.Ахметова өлеңдерінде өзгеше нәзіктік пен сезімге толы. Мысалы:

Самал жел,
Шашымды тарама,
Думанды бақтарды арала! .
Самал желге – тасып хабар
Сыр айтады ұзақ та, ашық та олар.
Ауаның өзінде де көк шырай қап,
Самал жел көк бояуын төксің ойнап... [7].

«Самал жел» дәстүрлі айқындауы қатысқан көрініс әр үзіндіде оқырманна түрліше әсер етеді. Алғашқыда лирикалық кейіпкердің онымен тілдесуі, екінші үзіндіде лирикалық кейіпкердің қабылдауы, сезімі, үшіншіде қабылдау мен сезіміне қоса лирикалық кейіпкердің көңіл-күйі, әрі айқындау арқылы рең әдемілігін күшейту шеберлігі байқалады. Ондағы «көгілдір», «көкпенбек», «көкорай», «көкшіл» қолданыстары – Көкшетау әсемдігіне үнілтуге бағытталған айқындаулар.

К.Ахметова өлеңдеріндегі дәстүрлі айқындаулардың басым көпшілігі жасалу жолы жағынан, негізінен, сын есімдер болып келеді:

Ұрығымды жиып ап осы күзде
Кең далаға шашындар,
Өтінемін.
Мақпал түн! Сұлулығын жаяр барша.
Ай жарық. Ашылады бояу қанша.
Көктем ғой бұл жылынар суық құмдар да.
Көк теректер, айтпай-ақ мұны ұқтыңдар ма?

Негізінен үзінділерде сын есімнің дара түрі қолданылса, соңғы мысалда күрделі, яғни, екі сын есім тіркескен айқындаулар кездеседі.

Байқағанымыздай, әйел ақындар поэзиясында да айқындаулар мол қолданысқа ие. Яғни, айқындаулар ерлер, әйелдер деген бөліністерге емес, сөзбен сурет салуда өзіндік келісті қызмет атқарады. Лирикалық қаһарман сезімін жеткізуде ақындар тарапынан жиі қолданылатын ажарлау түрі.

Лирикадағы айрықша тәсілдердің бірі - ауыстыру. Ауыстырулар - тек қазақ әдебиетінде емес, әлемдік әдебиетте образ жасаудың ерекше бір түрі. Ол әдебиеттану ғылымында өркез сөз болып келді. Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар құбылтудың өзге түрлері тәрізді ауыстыруға да үлкен мән берді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында метафораға алғаш «ауыстыру» атауын ұсынған А.Байтұрсынов болатын [10]. Белгілі әдебиет зерттеушілері де ауыстыруға анықтама беріп, оған өз еңбектерін арнаған. Ауыстыру туралы З.Ахметов: «Метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп, салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық жақты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым келеді. Көбінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісін емеурін жасап сездіреді»-деп көрсетеді [45, 198].

М.Айтқожина - қоршаған ортадан сыр түйші ғана емес, сол сырлардың әсеріне бөленіп шебер суреттеуші де. Оның өлеңмен өрілген суреттерінің бояуы қанық, оқырманды ұйытарлық көріністер. Табиғат суретін бейнелеуде ақын ауыстыруды сәтті пайдаланған. Мысалы:

Қасиетті туған жер Баянжүрек,

Сусыған сәуле – шашы, самал – жібек [6, 192].

Жалбырай қалып жапырақ – шашы
ару қайынның

Су кешті аппақ балтырлары [6, 194].

Құлардай боп майысады, қайран шынар қайсар-ақ,

Қара шашын тарайтұғын аспандағы ай – тарак [12, 172].

Үзінділердегі алғашқы мысалда лирикалық кейіпкер көзімен белгіленген сурет зейнеттілігіне тап боламыз. Сәулені «шаш», самалды «жібек» ауыстыруымен сәтті өрнектейді. Осы көріністің лирикалық кейіпкер көңілінен шыққаны, сезімге бөлегені танылады. Келесі мысалда ақын қайынды адам кейпінде суреттейді. Ару қыз бейнесінде елестеткен ақын оның жапырақтарын жалбыраған «шаш» ауыстыруымен, ал қайың дінін «балтырлары» тіркесімен ауыстырса, оның рең әдемілігін «аппақ» сөзімен дамыта түседі. Үшінші мысалда шынардың ерекше сипатын ақын адам кейпінде «шаш» ауыстырумен, айды «тарак» ауыстыруымен өрнектейді.

Өзге көркемдегіш тәсілдер тәрізді ауыстырулар да ақын Ф.Оңғарсынованың өлеңдерінде өзіндік орынға, қолданысқа ие. Табиғаттың зейнетті көрінісін елестетуде ақын ауыстырулардың түбір күйінде есім сөздерден жасалған түрін пайдаланады:

Аспан – жасыл жайма. Жұлдыз – ақық,

Бұлақ-қыз шолпы таққан сылдырлатып.

Көк – заңғар. Дала – шалқар. Бұл сұлулық

Түр менің жүрегімнен жыр құлатып [9, 112].

Бір шумақ бойында бірнеше ауыстырудың сәтті қиюласуы ақын шеберлігін танытумен айрықшаланады. Мұндағы «аспан – жасыл жайма», «жұлдыз – ақық», «көк – заңғар», «дала – шалқар» түзілімдері табиғат сұлулығы мен лирикалық кейіпкер сезімін үндестірген. Шумақтағы «бұлақ-қыз» өрнегі әрі ауыстыру, әрі айқындау қызметіне ие болса да, мұнда айқындаудың салмағы басым. Сондықтан оны ауыстыра айқындау (метафоралық эпитет) деген жөн.

Ақын қолданысында ауыстырудың нысанасы тәуелдіктің III жағы, ал бейнесі атау тұлғасында түзілген ауыстыру үлгілері де ұшырасады: «Мысалы, «Тауы – заңғар, кендігі – жарты ғалам» [9, 125].

Ауыстырулардың нысанасы айтпаса да түсінікті, тек бейнесі келісті кестеленген ауыстыру үлгілерін Ф.Оңғарсынованың табиғатты суреттеген өлеңдерінен кездестіреміз: «Жамылып ақ көрпесін енді ғана, // Маужырап байтақ дала тыныстаған» немесе «Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ // Іліп ап ақ мамықтан бір-бір тымақ» [8, 6]. Мұндағы мысалдың алғашында «көрпе» өрнегі арқылы автор даладағы қарды, оның бүкіл жерді тұтас жапқандығын аңғартса, екінші мысалда аталған ағаштардың ақ мамықтан тымақ іліп тұруы ағаш бастарындағы қарды нақты елестетеді.

Ауыстырудың сәтті үлгілері ақын К.Ахметованың табиғат лирикасында да кездеседі. Әдетте жиі кездесетін екі сыңары да белгілі ауыстыруларды автор пейзажды суреттегенде қолданған:

Мезгіл – өзен,

Жұлқиды батыл ағын [6, 55].

Күн шыққанда тұрсындар жасыра алмай,

Шуақ кескен көк бүршік – кіндіктерінді [7, 52].

Азабыңды түсіндім мен басындағы,

Дөңбекшиді қою бұлт – қорғасын дағы.

Суы – сылқым даланың, бұлты – сылаң,

Бәрі ғажап өлкеде бұлқысын ән!

Лирикалық қаһарман көзімен берілген «мезгіл – өзен», «көк бүршік – кіндіктер», «қою бұлт – қорғасын», «су – сылқым», «бұлт – сылаң» өрнектері – ақынның өзіндік қолтаңбалары. Бұлардың екі сыңары да тек атау тұлғалы сөз болып келсе, енді бірде атау тұлғалы сөздердің арасына «бір» сөзін салу арқылы да табиғаттың келісті көрінісін суреттеу бар:

Қырдағыдай нұр төкпейді ай да көп,
Түн бір теңіз әлдеқайдан шоршиды үн.

Автор түн көрінісін қараңғы, қорқынышты қылып елестетеді. Айдың «нұр төкпеуі» түн қараңғылығын жайып салса, үннің әлдеқайдан «шоршып» естілуі жағымсыз дыбыстың оқыс естілуін аңғартады. Сондай-ақ автор екі сыңары да белгілі ауыстыруға екен көмекші етістігін қосу арқылы жасалған табиғатты суреттеуден лирикалық кейіпкердің қабылдау ерекшелігін байқатады:

Қарадым да, бір жаңалық тағы аштым,
Жапырақтар қанаты екен ағаштың.
Ақынның табиғатты суреттеулерінде ауыстырудың тәуелдік жалғауымен келген түрі де кездеседі:

Сарыарқа!
Басқа алтынға қызықпаймын,
Сен менің шексіз алтын байтағымсың.
Шаһарым менің, шаттығым, әнім, шәрбатым,
Шапағаттанып жатасың-ау сен таңда тым.

Қорытындылай келе, қай ақынды алмайық, ауыстыру тәсілін қолданбайтындары жоқ деп айтуға болады. Бірақ әр ақын оны түрліше қолданады. Әсіресе, сөзбен сурет салуда, өлең өсерлілігін туғызуда әр ақын түрлі деңгейден танылып жатады.

Сонымен нәзік жандылар поэзиясы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар сыр мен сезімге толы өзінше кең дүние. Ол қазақ поэзиясына ерекше сипат беріп, түрлендіріп, байытып, жаңартып, гүлдендіріп тұр. Оның иірім-қалтарыстары да нәзік жандылардың өздері сияқты қилы, сыр мен жұмбаққа толы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983. – 362 б.
- 2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 3 Оңғарсынова Ф. Шығармалар жинағы. Т.2., Алматы: Жазушы, 1985. -320 б.

- 4 Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. II том. – Астана: Фолиант. 2004. – 340 б.
- 5 Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
- 6 Ахметова К. Жапырақ – жаздың жүрегі. – Алматы: Жазушы, 1979. – 141 б.
- 7 Ахметова К. Наурыз нұры. – Алматы: Жазушы, 1991. – 198 б.
- 8 Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. III том. Астана, 2004. 328
- 9 Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. IV том. Астана, 2004. 292
- 10 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 11 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
- 12 Айтқожина М. Перне. – Алматы: Жазушы, 1981. – 256 б.
- 13 Ахметова К. Наурыз нұры. – Алматы: Жазушы, 1991. – 198 б.
- 14 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
- 15 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б
- 16 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 296 б.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНУ АЯСЫ ШЕКТЕУЛІ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

САНДАТ С.
оқушы, 6-сынып, № 4 ЖОББМ, Екібастұз қ.
ТОКОШБЕКОВА Г. К.
мүгалім, қазақ тілі мен әдебиеті, № 4 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т.Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі - рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен

ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», - деп анықтама береді.

А.Байтұрсынов «ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керегіне қарай жауап беріледі» деп ой қорытады. Ертегі халықтың қиялынан пайда болған. Сондықтан оның авторы халық. Бергін келе ауыздан – ауызға тарап, келешек ұрпаққа жетіп отырған. Ертегі айтушыларды – ертегішілер деп атаған. Ертегі туралы анықтаманы М.Әуезов былай деген: Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады. Бұл анықтамада шыншыл ертегі жайында еш сөз айтылмаған. Ертедегі көзқарас деп көрсеткен.

Ертегілердің негізгі тарихы адам баласының сөйлеу тілі, ойлау қабілеті пайда болғаннан басталады. Алғашқы уақытта өте ақылға сыймайтын ертегілер пайда болды. Онда көбінесе жан – жануарлар тіршіліктің барлығында сөйлейді, ұғады деген адамдарда пікір қалыптасқан. Бұл ертегінің қиал ғажайып түрі. Одан кейін XV-ғасырларда қазақ хандығында құрылуымен тұспа – тұс келеді. Ертегілер батырлар мен небір шешен, ел билеген көсемдер жайлы өрбейді. Олардың халыққа еткен еңбектері, қанаушы топ шонжарлар мен байлардың тепкісіне шыдамай қарсы әрекеттері, айламен түрлі тәсілдермен сабасына келтіріп отырған көріністері бейнеленеді.

Қазіргі кезде балалар кітап оқымайды. Олар радио, телевидение арқылы ертегілерді, көркем фильмдерді, мультфильмдерді көреді. Қазақ ертегілердегі кейіпкерлердің есімдері көбінесе таныс емес. Қазақ ертегілерін көру немесе тыңдаудан қарағанда оқу әлде қайда балаға тиімді. Кішкентай кезден бастап ертегілерді жақсы көрдім, бірақ оқығанда кейбір сөздерді түсінбедім. Сондықтан қазақ ертегілерін зерттеп, оқып, кездесетін қолдану аясы шектеулі сөздердің мағынасын ашып, сөздік құрастырдым.

Ертегілер баланың тілін ұстартып, ұштай түседі, ойлау мен қиялын дамытады. Ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

Қазіргі кезде ертегілерде бүгінгі ұрпаққа бейтаныстау, өздері еркін қолданбайтын мән-мағыналарын бірден тауып айтып бере

алмайтын сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Ол тіл біліміндегі қолдану аясы шектеулі сөздер. Бұл сөздер мен сөз тіркестеріне қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған көмескеленген сөздер, яғни архаизм мен тарихи сөздер, қазақ тіліне шет тілінен енген кірме сөздер, мағынасы тұрпайы (дөрекі) сөздің орнына жұмсартып қолданылатын сыпайы эвфемизм сөздер, мағынасы сыпайылықты білдіретін сөздің орнына қолданылатын тұрпайы (дөрекі) дисфемизм сөздер, белгілікті бір аймақта тек ауызекі тілде ғана қолданылатын диалект сөздер жатады. Әрине, олардың барлығының табиғаты мен түптөркіні бірдей емес. Бұндай сөздердің бір алуаны қазақ даласының барлық өлкесіне бірдей тән емес, яғни жергілікті қолданыстар болуы мүмкін. Олар ғылыми еңбектерде диалектизмдер немесе аймақтық ерекшеліктер деп аталатыны белгілі. Таралу (қолдану) аясы шектеулі сөздер көптен бері жақсы жиналып, зерттеліп, тіпті сөздіктері де түзіліп, көпшілік қауымға біршама таныс құбылыс болып отыр. Бейтаныс сөздердің бірқатары кейбір жазушылар (ақындар, журналистер) өздері жасап алған сөздері болуы мүмкін. Әрине, бұлар өте аз, көбінесе жалпы қолданысқа түспей кетеді. Сол сияқты бұларды ескілік (ескірген не көнерген сөз) дегеннен гөрі бейтаныс сөз, оның ішінде авторлық туынды (жасанды) бірлік деп тану керек. Ескіліктердің ең үлкен тобында және нағыз ескі бірліктерді құрайтындар архаизмдер (көнерген сөздер) мен историзмдер (ескірген сөздер) болып табылады.

Эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қазақ ертегілерінде қолданылу мәселесі бүгінгі күнге дейін айқындалмаған құбылыс. Бұл құбылыс кешегі – бүгінгі емес, ғасырлар бойы қалыптасқан (әсіресе фразеологизмдер тұрғысынан келгендері) тілдік заңдылық. Осы тұрғыдан келгенде негізінде қазақ тіліндегі эвфемизм мен дисфемизмдерді жеке алып, олардың қазақ ертегілеріндегі қолданылу ерекшелігін зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қазақ тіліндегі эвфемизмдер мәселесі – әлі де толық айқындалмаған құбылыс. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде эвфемия құбылысын ғалым Ә. Ахметов алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып, табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер,

мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады».

Белгілі тіл білімінің маманы Б. Сағындықұлы: «Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы тілдік құбылыс, соңғысы сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілесе, алдыңғысы керісінше жағымды мағынаны дөрекілейді, қатайтады. Күнделікті өмірде, әдеби қолданыста жағымды, сыпайы әдепті сөздерді дөрекі, арнайы сөздермен ауыстырып қолдану тәсілі тіл білімінде дисфемизм деп аталады. Дисфемизмдер көркем шығармада көбіне ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлер тілінде беріледі. Сол арқылы әр жазушы өз қаһармандарының мінез-құлқын, білім дәрежесін, іс-әрекетін бейнелейді, шынайы образын жасайды» – деп сипаттайды. Сондықтан эвфемизмдер мен дисфемизмдерді қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырғанда ғана олардың негізгі мәні мен қызметі айқындалады.

Қазақ ертегілеріндегі қолдану аясы шектеулі сөздер:

«Өзің шіреніп алыпсың, сөйте тұра ғаріп кісіге қиянат жасайсың» («Соқыр күйші» ертегісінен). «Баяғыда өткен заманда бір соқыр күйші болыпты» («Соқыр күйші» ертегісінен).

«Соқыр күйші» ертегісінде

Ғаріп (эвфемизм)- сөзінің мағынасы мүсәпір, бейшара, кемтар.
Соқыр (дисфемизм)- сөзінің мағынасы көзі нашар көретін адам.
Садақа (кірме сөз)- сөзінің мағынасы шын ықыласпен сыйлау
Сүм

Тың – (термин сөз) құнарлы жер

«Алтын санаған аштан өледі» ертегісінде

Құмайт - (термин сөз) сөзі географиялық атау.

Сактиян (сахтийан) (парсы тілінен енген кірме сөз)- ақша, тиын-тебен салып жүруге арналған шағын қалта

Жертөле (көнерген сөз)- жерді қазып, үстін жауып жасайтын жер үй,

Оқпан (термин сөз)- кен орнын ашу мен жер асты жұмыстарына қызмет етуге арналған жердің бетіне тік немесе көлбеген шығысы бар күрделі кен қазбасы.

Ділдә (а. т. кірме сөз)- алтын ақша, таза алтын

«Шал Шияз» ертегісінде

Ау (кәсіби сөз)- балықты тобымен аулап ұстау үшін кендірден, жібек жіптен, тіптен ертеде түйе жүнінен, аттың қылынан тоқылып жасалатын құрылғы, тор.

һәм- (кірме сөз), қазақтың «әрі» - деген сөзіне келеді.

Жексұрын – (дисфемизм) сүйкімсіз, жағымсыз қылықты

Ықтияр- еркін бос болу

«Бір үзім нан» ертегісінде

Тасқын- (термин сөз) қар мен мұздықтың тез еруінен және мол нөсер жаңбырдан өзен деңгейінің қысқа мерзімде күрт көтерілу.

Көмеш- (диалект сөз) ұлттық тағам

«Ақылды етікші» ертегісінде

Әмір (кірме сөз) – бастық, әкім, билеуші. Осы жерде бұйрық деген мағынаны білдіреді.

«Ақыл, Ғылым, Бақыт» ертегісінде

Бақыт баға, абырой - араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер

«Хан мен үш ұры» ертегісі

Азанда – диалект сөз

Ертегілердегі қолдану аясы шектеулі сөздердің қолданылуы, біріншіден, халқымыздың тіл байлығын көрсетсе, екіншіден, тіл мәдениетінің бір кілті ретінде оқырман қауымның жалпы мәдени өрісін артуына септігін тигізетіні сөзсіз. Бұл сөздер ертегідегі кейіпкер бейнесін ашуда әр түрлі көзқарасқа, қарым-қатынас пен көңіл-күйге байланысты жұмсалып, әртүрлі лексикалық мағынадағы сөздер қызметін атқарады. Ертегілерді оқи отыра, біз өзіміздің ішкі әлемімізді дамытып, шығармашылыққа машықтанамыз. Ертегілер өмір барысында тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Қазақ ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттілікке үйретеді. Жамандықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.

2 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. Филол. ғылым. кандид. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1973. – 164 б

3 «Әжемнің ертегілері». Қазақ ертегілерінің антологиясы.- Алматы. «Аруна» баспасы 2005ж

4 Диалектологиялық сөздік, Арыс-Алматы, 2017

5 <https://ru.wikipedia.org/>

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

САТТАНОВА Д.

оқушы, № 13 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз қ.

ШАКЕНОВА Г. Б.

мұғалім, жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,
№ 13 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз қ.

Анамыздың ақ сүтімен боймызға дарыған
тілімізді ұмыту, бүкіл ата бабамызды,
тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы.

Қазақ тілі- қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де басынан кешірді. Осы замандар бойында қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажетін өтеп отырумен қатар, рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келеді. Тіл тарихы – сол тілді жасаушы және сол тілді қолданушы халықтың тарихының бір саласы. Сондықтан да белгілі бір тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі – халықтың тарихына байланыссыз қарауға болмайды. Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы – екі жақты байланыс. Қазақ халқының «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бір елі ауызға- екі елі қақпақ», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» тағы басқа да даналық ойлары көп-ақ. Бұдан сөйлеудің де өзіндік мәнер үлгісі, дағды жүйесі, мәдениеті барлығын көреміз.

Ана тілімізді жақсы білу, тіл мәдениетін сақтау, оны шұбарламау- әркімнің азаматтық борышы. Тіл мәдениетін білудің артықшылығы да осында! «Өнер алды кызыл тіл» деп халқымыз айтқандай, сөйлей білу де үлкен өнер [1, 12 б.].

Тіл тарихы- ел тарихы.

Қазақ тілі IX ғасырдағы қазақ хандығы тұсында әбден қалыптасып болған еді. Ол 1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебісіне ие болды. Қазақ тілі – осы мемлекеттің түпкілікті тұрғындары қазақтардан басқа Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Иран, Ауғанстан, Туркия мемлекеттері мен ТМД-ның Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан сияқты республикаларында тұратын да қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады.

Қазақ тілі тарихында орын алған түрлі қиындықтар мен дағдарыстардың объективті себептері бар. Біріншіден, қазақ халқы үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қыспағында болып,

ұлт ретінде жойылып кетудің бірнеше сатыларын бастан кешірді. Екіншіден, Жоңғар шапқыншылығының халқымызға тигізген зардаптары да орасан зор болды. Үшіншіден, кеңес үкіметі жетпіс жылдан астам уақыт бойы ұлттардың жақындасуы деген желеумен ұсақ ұлттардың тілдеріне қысым жасап келген.

Біз егемендік алғанға шейін кеңес өкіметінің құрамында болдық. Кейін кеңес өкіметінің саясаты барлық одақтас республиканы ортақ бір тілде сөйлеуге ұмтылды. Сондықтан біздің қазақ тіліміздің көптеген сөздері орыс тілінен алынды. Қазақта жаңа сөз туындамады. Оның орнына орыстың сөзін қолдандық. Қазақстанда славян тектес халық көп тұрады. Сол себептен кейбір Қазақстан аумақтарында қазақтың саны аз болғандықтан славян халқымен ортақ тіл орыс тілі болды. Қазақстанның Солтүстік аймақтарында қазақ мектебі, бала-бақша, жоғары оқу орындары тек орыс тілінде білім берді. Біздің қазақ халқы осыған бейімделіп орыс тілінде сөйлейді. Қазақ тілінің мәртебесі көтеріліп мемлекеттік тіл болуына егемендікті алғанда ғана қол жеткіздік.

1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» заңда тіл- халықтың ұлы жетістігі әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі делінген. Тілдің дамуы тұтастай толығымен ұлттық мәдениеттің дамуы мен өзара байланысты, осы тұрғыдан тіл өзінің қоғамдық қызмет атқарады. Ал бірінші бапта «Қазақ тілі қазақ ҚСР- нің мемлекеттік тілі болып табылады» деп жазылған. Ал жоғарыда аталған «Тіл туралы» Заңға орыс тілі былайша белгіленеді. Қазақстанда орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады. Кейін 1997жылғы 10 маусымда қабылданған заңда орыс тілі «ресми тіл» деп айқындалды. Біздің республикамызда орыс тілі қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылады. Заңда бұл екі тілдің де мәртебелері белгіленген Республика аумағында оларды қолдану принциптері бұл тілдердің дамуына кедергі

келтірмеуі тиіс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін». «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Бірақ әлі де шешілмей келе жатқан түйінді мәселелер де баршылық. Ең бастысы – өз ұлтымыздың ана тіліне, халықтық тамаша салт- дәстүрлеріне деген енжарлығынан әлі арыла алмай келе жатқанында. Отбасында, ата-анамен балалардың орыс тілінде сөйлей салуы жазылмаған әдетке айналып кеткен.

Тіл құдіреті.

Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мөпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды. Тіл – халықтың нәресте кезінен бүгінге дейінгі барша болымыстың шежіресі, халықтың мәдениеті мен ақыл- ойының ең асыл айғақтары жинаұталған қоймасы. «Тіл – сөйлеу- сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде біріне көңіл аудармау- ең үлкен қылмыс», дейді академик, жазушы Ғабит Мүсірепов. Тіл тағдырына қатысты өзекті-өзекті осынау үш мәселенің бірін назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі жөнімен сөйлей білу мәдениеті болсын, оқып-тоқу арқылы тілдің тоқсан толғам сырын игеру болсын немесе рухани болмысымыз көрініс табар әдеби тіліміз болсын – бұдан кім-кімнің де бейтарап қала алмайтыны аян.

Қазақ халқының «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бір елі ауызға екі елі қақпақ», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» т.б басқа да даналық ойлары көп-ақ. Бұдан сөйлеудің де өзіндік мәнер үлгісі, дағды жүйесі, мәдениеті барлығын көреміз. [2, 25 б.].

Нақ бүгінгі таңға шешілуге тиісті алайда ең бір күрделі мәселелердің бірі- қазақ және Қазақстандағы басқа ұлт тілдерін одан әрі дамыту мәселесі болды. Республикадағы қазақ тілінің жағдайы сын көтермейтін дағдарысқа ұшыраған еді.

Қалыпты жағдайда дамыған тіл 80 қоғамдық функцияны атқаруға жарайтын болса, қазақ тілі небәрі он түрлі функцияда пайдаланып келді. Қазақ тіл қағаздарын жүргізуден, әсіресе қалаларда шеттетілді. 60-90жылдары өзаә мектептерінің саны, әсіресе бұрынғы Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында күрт қысқарып кетті. Қазақтың әсіресе қалада тұратын жастары ана тілін нашар білетін немесе тіпті туған тілінде сөйлей алмайтын жағдайға тап болды. Қалыпты дамыған қоғамдық өмірде тіпті кешірімсіз, келеңсіз күбіліс көрініс алды. Немересі атасын, керсінше атасы немересін түсінбейтін болды, ал аталары мен бауырынан өрген балалары әр түрлі тілде сөйлейтін жағдайға жетті. Тіл мәдениетіне деген мұндай теріс көзқарас қазақ халқының ғасырлар бой қалыптасқан әдебиетіне, тарихына және салт-дәстүріне салқынын түсірді. Мұндай құбылыс Қазақстанда тұрып жатқан ұлттық топтар. Ұйғырлардың, украиндардың, немістердің, месхеттік-түріктердің, татарлардың арасында да көрініс берді. Орыс тілінің мәдениетін көтеруге деген талап та төмендеді, онда жаргондық сөздер көбейіп кетті. Мәдениеттің бұлай құлдырауы көптеген ұрпақтарды алаңдататындығы табиғи құбылыс еді. Республикада қазақ тілін

қайта түлету және дамыта түсу жөнінде бірқатар жұмыстар атқарылды.

Сөз қадірін білмеген – өз қадірін білмейді.

Мысалы сыныптағы өзімнің достарымды алайын. Ерболсын мен Сұлтанды алып қарасақ, екеуі де қазақ. Қазақ болса да, үйінде екеуі де орысша сөйлеседі. Ата-анасы үйде мектепте болған жағдайларды орысша сұраса, балаларда орысша жауап береді. Себебі, үйіндегі ата-ана баланың қай тілде сөйлеуіне ықпал етеді. Баланың да тілі, үйде қалай сөйлесетіндігіне байланысты. Үйінде орысша сөйлеп, мектепке келіп қазақша шала сөйлеуге әсерін тигізеді ғой. Сабақта 45 минут қазақша сөйлесек те, сабақ үстінде қалам, қарындашты орысша сұрайтын балалар бар. Тек қана сабақта емес, үзілісте де орысша мен қазақшаны араластырып сөйлейтіндер көп кездеседі. Біздің оқушылардың көбісі орысша сөйлегенді ұнатады, яғни олар үйіндегі адамдармен, достарымен орысша сөйлейтіндігін көрсетеді. Шығарма жазып жатқанда балалар кәдімгі қазақша сөздердің аудармасын, оның мағынасына түсінбей жатқандары бар. Олар білмеген қазақша сөздерді орысшаға айналдырып шала сөйлейтіндері аз емес. Балалар бір-бірінен керекті затын сұрағанда: - Сенде ластик бар ма ? – деп сұрайды. Бұл оқушының, осы сөзді орысша айтып дағдылануынан болады. Мектептегі үлкен сыныптар орысша сөйлесе, оны көріп кімгеорысша сөйлеу ыңғайлы, солар солай сөйлейді емес

пе ? Мектептегі қазақ балалары бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрса, басқа ұлт өкілдері, оның ішінде орыс балалары қалай қазақша үйренгісі келсін ?

Сыныптағылар орысша сөйлемей ең алдымен қазақша таза сөйлеп алуымыз керек. Балалардың орысша, шұбарлана сөйлеуі, менің ойымша, ауыл халқының басым көпшілігі орыс ұлтынан тұратындығынан болар.. Дүкендегі сатушылар да орыс болса, оларға қалай қазақша айтасың ? Тіпті дүкендегі қазақ сатушыларын айыра алмайсың. Ата-аналар балаларын қазақ мектебінде қазақша сөйлеп, қазақша оқысын дейді, бірақ ондай мектеп ауылымызда жоқ. Өз мектебімізде қазақ тілінде сауатты сөйлеу жұмысының дұрыс жолға қойылмағаны балалардың 45 минутта қазақша шала сөйлеп, үзіліске шыққанда кейбір балалар орысша сөйлегенінен байқалады. Сыныпта қазақша сөздерді дұрыс құрастырып сөйлей алмайтындары, қазақтың ұлттық тағамдарын, салт- дәстүрлерін білмейтіндері кездеседі. Мектептегі асханада да орысшалап тұрсақ, бұл біздің мемлекеттік тілімізді қазақ тілін шұбарлап

сөйлеуге әсерін тигізеді. Орыстар кем дегенде қазақша амандасуды, дүкенде қазақша сөйлесуге шамалары келеді ғой. Бірақ та қазақтың өзі солай айта алмаса не шара ? Ең алдымен өзіміз қарапайым қазақтарға қалай сөйлеу керектігін үйретіп алуымыз керек . Қай жерде болсын қазақ балалары өз сөйлеміне орысша қоспай сөйлей алмайды. Таза сөйлейтіндері бірең-саран. Ауылдағыбалаларды алып қарасақ, олар қазақша сөйлейді, бірақ өз ана тілінде таза сөйлей алмайды. Теледидарда әр түрлі телеарналар орыс тілінде болса, сол теледидардан көрген заттарын орысша айтуға бейімделіп кетеді. Елімізде 8 миллион қазақ тұрса да, көбісі ана тілінде дұрыс сөйлемейді.

Таза, мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады...

Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі- сөз тазалығы. Сөз тазалығы дегенде алдымен ойымызға оралатыны тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы. Бірақ әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер, тіпті сөз тудырушы қосымшалар да бар екені мәлім. Ондай құбылысты тіл-тілдің барлығынан дерлік кездестіруге болады. Өзге тілден сөз алмаған, ауыз- түйсігі жоқ «таза» тілдер кемде-кем.

Өзге тілден еніп, заңды түрде орныққан «остановкаға барамын», «субботада келді», «звонит ет» т.б осы тәрізді сөздер кейбіреудің дағдысына енген мүкістіктер. Тілімізде осы ұғымдардың дәлме-дәл атауы бола тұрса да, оны елеусіз қалдырып, өзге тілдегі бейнелі қолданыстарды көшірме сөзбен қазақшалай беру түсініксіз , тіпті түсінікті бола қойғанның өзінде әсерсіз, нәрсіз сөз тізбегін күр көбейте түсер еді. Жұртшылық қабылдаған , тілде орныққан, норма ретінде танылған шет тілдік сөздің орны бөлек.

Өз тілін шала білетіндер жайында жазушы Дулат Исабеков өзінің «Әпке» шығармасында әңгімелейді. [3, 42 б.].

Қамажай: Темірбек – ау мынауың... күні бұрын неге айтпадың ? Ұят боп қалды-ау, ә ? Ылғи да асығыс. Тым болмаса телефонмен бір айта салсаң етті.

Темірбек: Ничего, ничего, мамуля. Куаныш атаулының ойда жоқта болғаны жақсы. Күні бұрын білген куаныш куаныш емес. Эффектісі аз болады. Ал сұлтан, бұл кісі менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қыз- қарындасым. Оның қасындағы подругкасы. Екеуі институтта бірге оқиды. Ал мына екі қыз Кәмила және Светлана. Қазақша аты Сұлдухан. Аты не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз. Все мы знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

Әрбір дамыған елдің арнайы тілдік нормалар негізінде қалыптасқан әдеби тілі болады. Кез келген өзін сыйлайтын білімді азамат сөйлеу кезінде сол әдеби тіл нормаларына сүйенеді. Әдеби тілде дұрыс сөйлей білу- талғаммен, киіне білумен пара-пар. Әрбір әдеби тіл- мейлі ол ағылшын тілі, араб тілі болсын, ғасырлар бойы белгілі бір нормаға түскен, қалыптасқан жүйе, толыққанды ансамбль. Өз сөзінде басқа елдің сөзін араластыра сөйлейтін адам-үстіне қазіргі үлгідегі сәнді косьтюм, басына үкілі такия киіп шыққан адаммен бірдей әсер қалдырады. Тіл тазалығы жайлы ұлы Абайдан бастап, қазіргі кезге дейін күнделікті баспасөзде де жазылып жүр, жазыла да бермек.

Тіл – қандайда болмасын ұлттың, халықтың баға жетпес рухани қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Сондықтан «тілден

тілдің кемдігі жоқ» деген ізгілікті принциптің сөз мәдениетіне арналған оқулықтарда берілуінің ерекше мәні бар. Өйткені мұндай гуманистік ой-

пікірді зердесіне ұялата білген жан мәдениетсіздікке бармайды. Өз халқының қадір-қасиетін ұға білген жан ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзекке теппейді. Біздің қоғамға ана тілін ардақтай білетін, оны қызғыштай қоритын жас жеткіншектер керек. Тіл мәдениеті үшін күрес- екінші бір тілді мұқату үшін күрес емес, ана тілінің қызмет өрісін кеңейту. Тілдің қоғамдық қызметі өрістегенде ғана, ана тілінің көсегесі көгереді, дүние жүзіндегі дамыған тілдердің қатарынан орын алады.

Ана тілің – арың бұл...

Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлтбезерлік тудырады. Оны үкімет орындары адамгершілік жолына бөгет зиянды ауру деп танылу керек.

Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де орысша сөйлеп, үй ішінде де ата-анасымен орысша былдырласып жатады.

Қазақ тілінің осындай мәселелерінен құтылу үшін не жасауымыз керек және не істеуіміз керек ? деген сұрақтарға жауап іздеудеміз.

Біздің мектептің оқытушылар мен оқушыларының басым көпшілігі орыстар. Олар орыс болса да, қазақ жерінде тұрып қазақша сөйлей білмейді. Ол үшін оқушыларды ғана емес, мұғалімдерді де қазақ тілінде үйретуіміз керек. Үлкен залдарда болатын

концерттердің көбісін қазақ тілінде болуы керек. Қазақша үйірмелер көбірек болуы қажет.

Тіл және тәуелсіздік.

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі- оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы да мүмкін емес. Яғни, қазақ халқы болашақта өз ана тілін сақтап, дамыта алмаса күндердің күні өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатады.

Ойымды қорытындылай келсем, мені де қазақ тілінің болашағы, мемлекеттік тіліміздің тазалығы, тіл сауаттылығы мәселелері қатты толғандырады. Мен тілдің шұбарлануымен күрескім келеді. Өз мемлекеттік тілімнің саф алтындай таза сақталғанын қалаймын. Бұл тек менің ғана емес, мен сияқты жас жеткіншектердің де арманы. Тілдің болашағы – біздің қолымызда ұмытпайық, достар !

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Уәли, Ө. Қылдырбаев «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» 10 сынып Алматы «Мектеп» 2006жыл

2 Н. Оразақынова, Н. Әміреев Н. Сапақов «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» 10 сынып Алматы «Мектеп» 2006 жыл

3 Сұлтанәлі Балғабаев «Қазақтың қызық кітабы» Алматы «Қазақстан» 1998жыл

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАПЕЗОВА Г. Е.

мұғалім, қазақ тілі және әдебиет пәні, № 7 жалпы
орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

СОЦИАЛ Г. Т.

оқушы, 10-сынып, № 7 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қазақ тілі осы уақытқа дейін жүйелі түрде тексеріліп, ғылым тезіне түспеген тіл. Қазақ тілін алғаш зерттегендер патша үкіметінің отаршыл саясатын іске асыру мақсатымен отар елдердің әдет-ғұрпын, тіл-әдебиетін тексерген миссионерлер, одан қалды күншығысшыл оқымыстылар болды. Бұл топтан шыққандардың бастылары: Н. И. Ильминский, проф. П. М. Мелиоранский, М. Терентьев, И. Лаптев, В. В. Катаринский, академик В. В. Радлов, проф. Е. Д. Поливанов тағы басқалар еді. Бұлардан бұрын қазақ ауыз

әдебиетін, тарих, этнографиясын тексерген Уәлиханұлы Шоқанды да қазақ тілін тексеруге қатысқандардан санауға болады. Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ескі оқығандары болды. Олар – Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошқе, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмұхамбетұлы Халел. Әліппені, термин мәселесін жағалата, қазақ тіліне ұшынан-ұшынан қолын тигізген Төрекұлұлы Нәзір жолдас болды. Бұл өзінің «Жат сөздер туралы» жазған кішкене кітапшасымен бұл майдан жағасына әжептәуір ғана бір тексеріну салындысын шығарып тастаса да, тұтынған методологиясымен өзінен бұрынғылардан ұзап кете алмады. Беріде жастардан Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен сияқты тіл мәселесіне белсене қатысқандар шығып отыр. Бұлар, әрине, ілгері тілек жастар ғой, ілгеріде ауыз тұшығандай нәтиже берер деп дәмеліміз. Әзірге бұлардан да нақты зерттеу қорытындысын көре алмадық. Компиляция «сөзбен күрес»-тен ұзап шығып, қазақ тілі деректерін түмсығынан тізіп, айдап сала алмай келе жатыр. Қазақтың ескі оқыған азаматтарынан мандайын бері бұрған жігіттеріміздің бірі Шонанұлы Телжан жолдастың еңбектеріндегі ерекшелікті айтпай өтіп болмайды. Қысқасы, бұл уақытқа шейінгі қазақ тілін зерттеудің бәрі де тиіп-қашты зерттеулер, терең қарамаған, үстірт қана көрініп, сорайып тұрған мүйістерін ғана қалпыған нәрселер. олай болса, қазақ тілін зерттеу жұмысы әлі күнге шейін ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген. Әлі күнге шейін кустаршылдықтан, домбалдап соғудан құтыла алмай келе жатыр [1].

Қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасай алмайды, бір мезгілде ғана ол жасалмайды. Бұл – көп күш, көп қол, көп уақыт керек қылады.

Әдебиеттану ғылымының қазіргі таңдағы жаңа проблемалары Әдебиет деген қазақтың ұлттық мәдениетінің үлкен бір саласы. Оның дамуы ұлттың тілі мен дінімен, ұғым түсінігі, парасатымен тығыз байланысты. Әдебиеттану көркем әдебиеттің осы жолдағы ізденісін, табыстарын, ойлау және бейнелеудің жолдарын жинақтайды да қортындылайды.

Теориялық әдебиеттану мәселелері ғылымның әр жылдары жарық көрген зерттеу еңбектерінің маңызды бөлігін құрайды. Бұл тұжырымдар соңғы жылдары жинақталып, қайта қаралып, өңделіп, бұрынырақ Телағыс монографиясына, сосын арқау жинағының 2-ші томына, кейін сөз өнерінің эстетикасы атты кітапқа топтастырылды. Қазақстандағы қазіргі жағдай

қазақ әдебиетінің даму тарихын түсінуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады және осы үдерісте оны шетел қабылдауы тұрғысынан зерттеудің маңызы арта түсуде. Көркем қабылдауды зерттеу тарихи-әдеби сипатқа ие, өйткені ол қазақ әдебиетінің тарихын білуді тереңдетіп, қабылдаудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып, оның дамуының жаңа ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Қазақстандық әдебиеттанушылар үшін бір ұлттық әдебиет екіншісінің призмасы арқылы, яғни әдебиетті шетелден қабылдау қызықтырады.

Қазақ тілінің фонетикасы

Фонетика сөзінің түбірі – алдыңғы үш дыбыс – «фон» сөзін біз басқа жерлерде де ұшыратамыз, мәселен, грамофон, телефон, фонограф сөздерінде. Мұның бәрінде де «фон» дыбыс деген мағына беріп тұрғанын білеміз. Енді фонетика сөзінің аяққы екі буыны болған – тика жалғауын грамматика, косметика сөздерінде де кездесеміз. Мұның бәрінде де – тика жалғауы «жүйе», «ғылым» мағынасында екенін аңғарамыз. Фонетика сөзінің әлгі айтылған екі жұрнағының екі арасына біткен – е дыбысы екі жағындағы екі сөзді қосып, ұстап тұрған байлам, дәнекер екенін ескерсек, фонетика дыбыс ғылымы, немесе дыбыс жайындағы ғылым деген болып шығады.

Ескі тіл тану ғылымы грамматиканы үш бөлімге бөлетін:

1. Фонетика – дыбыс жүйесі,
2. Морфология – сөз тұрпаты жүйесі,
3. Синтаксис – сөйлем жүйесі, сонда фонетика грамматиканың бір бөлімі – тілдің дыбыс жағын тексеретін бөлім болып шығады.

Ескі тіл тану ғылымы, шынында да фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп танитын. Фонетика тілдің дыбыс жағын тексеретін ғылым екені рас. Бірақ, мұны салмақтаңқырап, дәлденкіреп түсінбесе, үнді-европаша тіл ғылымының бұрмалағаны сияқты, біз де фонетиканы теріс, бұрмалап түсінеміз, сондықтан тексерулерімізден теріс нәтиже шығаруымыз мүмкін.

Әуелі-ақ фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексереді деуге болмайды. Күннің күркірегені, арбаның салдыры, мылтықтың тарсылы, қасқырдың ұлығаны – бәрі де дыбыс.

Бұларды фонетика қарамайды. Өйткені бұлар адамнан тысқарғы, табиғаттағы болатын дыбыстар.

Екінші, фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, мұның бәрі адам дыбысы, бірақ, адамның қоғамдық мұны айдап шыққан, қоғамдық

қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды.

Үшінші, фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Музыка да дыбыс, бұ да барып тұрған қоғамдық дыбыс. Музыканың бір тарауы ол – адамның дыбыс мүшелері арқылы жарыққа шығады. Сөйте тұра бұл тіл дыбысы емес, жылау, күлу қоғамдық күштердің қысаптарымен шығады, сонда да оларды тіл дыбыстары деуге болмайды (әрине, күлуде, әсіресе, жылауда, сөз араласатыны болады. Біз мұнда сөз жағын санамай, тек таза жылауды, таза күлуді алып отырмыз) және бұл дыбыстар мен тіл дыбыстары арасында, дұрысы – жылау, күлу, музыка мен тіл арасында нендей айырма бар [2].

Қазақша диалектер

Менің ойымша, қазақ тіліндегі қолданылатын диалектер бір бірімізді түсінуге кедергі жасайды.

-НЕГЕ?

Еліміз жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орында. Біздің шекарамыз әлемдегі ең ұзын теңізге шыға алмайтын шекара болып саналады. Біз периодтық жүйенің түгелге жуығы республиканың түкпір-түкпірінде жатқанын мақтан тұтамыз. Бізді танымайтын шетелдіктердің Қазақстанның картадағы көлеміне шын жүректен таңғалатыны, әрине, мақтанамыз. Мұның бәрі жақсы, бірақ кең аумақ кейбір «кері» әсер береді. Атап айтқанда, біздің елдегі диалектілердің айырмашылығы.

Диалектің алуан түрлігіне көз жеткізгіңіз келсе, Павлодардан-Ақтау қаласына дейін сапар шегіп келуіңізге болады. Батыс Қазақстан жарын, жарын, нән, әйбәт, не зәт деген диалект сөздерді қолданса, Солтүстік Қазақстан үшін бұл «жабайы» естіледі.

Қарағанды облысының оңтүстігінде Қызылорда орналасқан. Жергілікті айтылу жұмсақтықпен және салыстырмалы тазалықпен сипатталады. Бірақ бұл жерде де кейбір айырмашылықтар болды. «Іздеу» немесе «аққұдай» - бұл жерде бұрыннан патенттелген сөздер. Біріншісі өте жиі қолданылады, бұл «мае» дегенге ұқсас нәрсе. Ал, «аққұдайға» келсек, бәрі әлдеқайда күрделі. Біріншіден, бұл ру-тайпаның атауы және бұл сөзді негізінен осы ру-тайпаның өкілдері айтады. Екіншіден, бұл сөз сүйіну ғана емес, ашу-ыза ретінде де айтылады. Барлығы контекстке байланысты [3].

Қортындылай келе, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді шұбарлатпай

күрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтеру керекпіз. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін әдеби ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әринова Б.А., «Бөбек» ҰҒПБСО, зертхана меңгерушісі, п.ғ.к.

2 Дәндібаева К.Ж., Алматы педагогикалық колледжі.

3 ХХІ ғасыр қазақ мектебі даму болашағы атты республикалық ғылыми практикалық конференция материалы.

ҰЛТ ТІРЕГІ – АУЫЛ СУРЕТТЕРІ

ТЕҚЖАНОВА А.

оқушы, 8-сынып, Аманжол Шамкенов
атындағы мектеп-лицейі, Павлодар қ.

СЫЗДЫКОВА А. М.

мұғалім, Аманжол Шамкенов
атындағы мектеп-лицейі, Павлодар қ.

Тәуелсіздік кезең қазақ лирикасына жаңа шабыт, өзгеше өрнектер әкелді. Жаңа өмірге құлшыныс әдебиетте жаңа тақырыптар мен идеяларға жол ашты. Қазіргі кезең поэзиясындағы іргелі тақырыптардың ішінде – туған ел, туған жерге туралы шығармалар бөлек көрінеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі лирикада кеңес өкіметінің соңғы жылдарынан басталған тоқыраудың кеселі ауыл тағдырына алаңдаулы тақырыптар мол болды. Ауыл тақырыбы бұған дейін өске ел, өнген орта, ұлттық даму негізі болып суретеліп келген. Қазақ әдебиеті үшін ауыл тақырыбы – туған ел мен жер тақырыбының алтын дінгегі. Бүгінгі ауыл бейнесінің өзге бастаған алғашқы жаңғырықтары 1991-2001 жылғы лирикада анық көрінеді. 1991-2001 жылдардағы поэзияда бұл тақырыптардың еркше көрініс беруі деп біз келесі себептерді анықтаймыз.

1. Қазақ әдебиетіндегі Отан, туған ел мен жер тақырыптары – негізгі тақырыптардың бірі. Бұл – әдебиетте дәстүрге айналған қадірлі тақырып.

2. Еркіндік алған елдің ақындарының да мүмкіндігі де бөлек болды.

3. Батыс пен шығыс әдебиетін игерген жастар жаңа заманның жырын да бөлек етті.

4. Ауылдың өскен, қанат жайған қалпын да, кейіннен қадірі қашқан шағын да көздерімен көрген ұрпақ. Ел мен жердің тағдырын жырлағанда елдің өзгеше бар жақсылығын да, кетеуі кеткен кемістігінде қорықпай айтты. Қоғамның, заманның ісін кей тұстары сатқындыққа, кей тұстары апатқа теңеген өлеңдер поэзияның шын қоғам көрінісі болған қалпын танытты. Әсіресе Т. Әбдікәкімовтің туындылары өз кезеңі үшін жойқын жаңалықтай сезілді. Т. Әбдікәкімов ақын қазақтың қара өлеңін жаңа бір қияға шығарды. Бұған дейінгі жалпақ ақыл, арзан ұйқасқа құрылған жырлар жаңа жалын болып төгілді.

Өзенім-ай,

Мұң-зарың бар ма қанда,

Шөл деген сөз «өл» болды дәл маған да!

Ойлағандай боламыз (кешір бізді)

Орман түгіл, шілігің қалмағанда!

Жолықпаса жусан - сау, ермен - есен,

Мен өзімді іштегі шермен езем.

Ой-арманы жоқ адам ол да бәрібір –

Орманынан айырылып өлген өзен!

Немесе:

Солай, өне, Қара Өлеңнің Дұғасы!

Қарға болу қиын емес расы.

Қара түнде, Қара ағаштың басында

Қандай жұмсақ қара құстар ұясы!

Ал төменде - сан қорқыныш, сан күдік...

Қала жатыр ұл-қыздарын қаңғытып.

Қақ төбеден Қайырымсыз қоғамға

Қандай рахат отырсаңыз саңғытып! [1, 29]

Ақынның жырлары табиғаттан бүкіл адамзат атынан сұраған кешірімдей. Екі өлең екі тақырыпты жырға қосқан. Біріндегі адамның жаратылысқа жасаған зұлым кесапаты, табиғат – ана қауқарсыз, күш-қуаттан айырылған шарасыз күйде. Орманнан айырылған табиғат пен ойдан жүрдай болған адамдар қоғамы – екеуі де шерлі. Екеуі де ендігі – барынан айырылып қана қойған жоқ, жанынан да айырылғандай. Табиғатсыз адам тіршілігінің құнсыздығы, кейіпкер шарасыздығы айтылады. Ал екінші өлең жеке бас мұны сияқты, бірақ заман мен қоғам теперішін көрген қазақ қыз-ұлдарының күйі. Өз елінде, туған жерінде басында өзімдікі дер

шаңырағы болмау – трагедияның басы шығар. Құс екеш құстың да биікте, өзі қалаған жерде ұясы бар. Қоғам қара ағаштай да сая, пана бола алмай отыр. Мүмкін пенделіктен ада табиғат өз балаларын далаға тастамас, ал адамдар қоғамына өз балалдарын қаңғыту түк те емес екен. Кейіпкер де өзіне мейірімсіз қоғамға мейірімсіздікпен жауап береді.

Алатаудың әрбір шыңы әулие,
Береке – бақ тілеп едім әр үйге,
Бір тазымен бір ауылды асырар
Заман өткен, Қапамын.
Көшеменен кетіп бара жатамын

Әмірхан Балқыбектің өлеңдерінде:
Білмесем де білемін.
Неге қабыл болмай жатыр тілегім.
Қамбар емен және мен.
Жоқ жан сынды дөнеңем [2, 97]

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты еркшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды. Кеңестік идеология 80-жылдардың соңына қарай әлсірей бастады. Ең бастысы, қоғам мен адамдардың әлеуметтік тұрмысы нашарлай бастады. Тұрмысы нашарлаған елдің ой-санасы да өзгермей қоймайтыны белгілі. Осы тұста қазақ әдебиетінде көптеген жырлардың ішінде орын алған тұрмыстық торығудың да алға шығуы заңды еді. Бақытжан Алдиярдың «1999 жылғы 11 тамыз. Ауыл.» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Жер сілкінді, күн тұтылды, жел соқты,
Жұмыр жерді басып жатыр түнек кеш.
Біздің ауыл әу бастан-ақ селкос-ты,
Дүниенің дүмпуіне дір етпес.
Биыл оқу қалады-ау деп өкініп,
Бір жас сәби кекілі бар шырайлы,
Атасының тізесінде отырып,
«Ақырзаман деген не деп сұрайды.
Ал атасы таппай ұзақ не дерін,
Бар санасын ойлар шарпып көп қызу,
Балам, дейді, ақырзаман дегенің -
Алты жылды айлық алмай өткізу. [2, 28]

Өлеңнің көркемдігі әлсіз болғанымен де айтары мен суреттері - қоғам сендіріп келген, өзіне бағындырып келген, айтқанына жүргізіп, кешегі күні от пен суға салған халқынан теріс айналып, ел мен жерді «ақырзаманның» алдына әкелген шағын дәл беретіндігі. Қоғамның осындай тар қыспағын бар ақындар жырға косты. Лириканың көркемдігі де сонда әркім әр түрлі қырынан алды, әр ақын қоғам мен заман қыспағын түрлі бояумен, түрлі себептен көрді. ең бастысы барлығы да - қоғам кесапатының себебін ашып, өзінше жауаптарын тапты. 20-ғасырдың 90-жылдарын басталған жыр – керуеннің көші ел мен жер тақырыбында бұрынғыдай сағынышты, ыстық махаббатты, өскен өлкенің сұлу табиғатын, өзгеше әдемі қалпын жырлай алмады. Себебі қазақтың алыстағы ауылға қатынауы бұрынғыдай қиынға түскен жоқ. Ақпараттық-технология байланысты да өзгертті. Бірақ жаңа заман жаңа «сыйын» ұсынды. Ол - туған ел мен жердің бұрынғы ұлттық қалпынан алыстап бара жатқаны, ол – елмен бірге жердің де қасиеті кетіп, керексіз қалып жатқан қалпы болатын. Бауыржан Қарабековтің «Күзгі саз» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Сағынып елге келгенде,
Сырнайлы сағым белдерде.
Сарғайып кеткен даламның
Сарнайды мұны кеудемде.[3]

Осындай ауылын көріп торыққан күй Жанар Рамазанованың «Ауылым» өлеңінде де жырланды:

Жоғалтқандай мәңгілікке бауырын,
Жетімсіреп қалған сынды ауылым,
Өз тірлігің өз ішінде қамалып,

Жыртығың да жатыр сонда жамалып [2, 311]. Б о л а т Мүрсәлімовтің «Қызылкесік – нұрлы жол» өлеңінде ақын туған жердің кешегісі мен бүгінін салыстырады [2, 26]. Қиналған елдің, тағдыр талайын шешер ұл-қыздарының адал еңбегі мен ар-ожданы. Ел мен жердің жақсылығына сенген балаларының ақ ниеті деген идея айтылып қоймайды. Ақын өзі де сол жолда барын салмақ. Елдің қиындығынайтып қана қоймай сол қиындықтан қалай арылтам деген сезім ақынның жан сезімі ғана емес, болашақтың да хабары. Қалқаман Сариннің «Қарауыл. Қараөлең» шығармасында бұған дейін көп жырланған Қарауылға қайта соғады. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің ата жұрты Қарауылдың барша жақсылық мекені болғаны аңғарылады. «Қара» сөзінен дыбыстық анафора жасай

отырып, «к» сөзіне акцент қояды. Ақын қазақтың әдеттегі қара - түр мен түсті білдіретін сөзін алмайды. Ұлттық реңктегі «қара» сөзіне мән береді. Қазақ тілінде қара сөзінің екі түрлі мағынасы бар. бірі – қайғы мен қасіретті білдіретін сөз, бірі – қадірлі, кмелі деген ұғымды ашатын лексема.

Ақын айтатын: қара өлең, Қара Ертіс, қара бала, Қараой Қарасаз, қара нар, қара жол, қара тау, қара қой, қара қазан, қара су, қара жаяу, қара қыз, қара көзді келіншек, қара күбі, қара шаңырақ сияқты «қара» сөзі – қасиет, қадір, құрметтілікті білдіретін мағынаға қарама-қарсы «қараның» киындық пен жамандықты беретін мағыналарын қарсы қояды: қара түн, қарақұрым халық, қара суық, қара күйе, қара ниет сәтті қолданған. Ақын қазақ тіліндегі қара сөзінің екі танымдық белгісін қатар алып, көркемдікті күшейткен. Қара сөзі – екпін түскен сөз, көркемдік сипатты анықтаушы белгі.

Ауылдың қасиеті мен қадірін халық жан күйін суреттей келе ақын өлеңді былай аяқтайды:

Қарақұрым халықтың халі бөлек бүгінде,
Қара жаңбыр жауып тұр қар аралас інірде.
Қара суық күз келіп қалтырайды қу тірлік,

Қара торғай секілді қараағаштың түбінде.

Қарауылда қалды өне, қара шалым, тектім-ау,
Қара шалдан қалғаны – қара шаңырақ тек мынау.

Қара күйе жағылып арыңа аппақ ауылым,
Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттің -ау... [4, 26]

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты ерекшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды. Сондықтан да бұнда ел мен жерді осындай күйге түсірген қоғам мен саясат айыпталды. Қорыта келгенде, тәуелсіздіктің әкелген қоғамдық-саяси лирикасының бір ерекшелігі де – қоғамды бұған дейінгі жырлар мақтап келсе, енді барды жазды. Бар сурет сол қалпында көрінді. Қай заманның да қиындығы бар дегенмен әр замандікі өзінше ерекше. Бұл замандікі тіпті бөлек. Адамзат қауымдасып, бөлісіп, қолындағысын жоққа беріп жәрдемдесіп өмір сүруді ұмытқан. Ауыл тақырыбы – ел тағдырымен, ел бейнесімен астаса, соның өзі ретінде жырланды. Біз бұл кезеңдегі ауыл тақырыбынан келесі сипаттарды көреміз. 1. Қазақ үшін ауыл тағдыры ел тағдыры.

2. Ауыл тақырыбы халық жағдайының әлеуметтік күйзелісімен бірге алынды. 3. Ел бейнесінің, халық тұрмысының тұтас қалпы ауыл арқылы көрінді. Ел мен жердің тағдырын, жеке бастың мұң-зарын тындап, бәрінен де адал шешер бір жаратушы екендігін поэзия мен қайта әкелді. Қайта жаңғыртты. Сондықтан да 90- жылдардың соңындағы поэзиядағы жалғыздық кейіпкер сезімін терең ашыла түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдікәкімов Т. Қас Сақ аңқымасы – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 448 б.

2 Жас ақындар жырларының антологиясы, - Алматы: Өлке, 2000. – 320 б.

3 Қарабеков Б. Қызылдың ауыл құмында, - Алматы, 2001, - 136 б.

ҚАЗАҚТЫҢ 7 САНЫНЫҢ КИЕСІ

СЫРНАЙ Б.
мұғалім, бастауыш сынып, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.
НУРБАЕВ И. Н.
оқушы, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

Ерте заманнан келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санын қасиетті деп санаған. Оны кие тұтып, қастерлеген небір ұлттар да болды. Соның бірі – қазақ халқы. Біздің ата- бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным – түсінігі мен табиғат құбылыстарын, ата-зандарына, салт – дәстүрлеріне арқау етіп келеді.

Қазақ – ырымшыл халық. Кей кездері ырымдары дәл кеп жатса, ал кейде қырын кететін тұстары да жоқ емес. Ал ырымдарының өзін былай қойғанда, қасиетті деп саналатын сандар қатарына «үш», «төрт», «бес», «жеті», «тоғыз», «он үш», «қырықты» жатқызып жүрміз, тіпті «бір» санын да осы қатарға енгізіп жүргендер бар. Бұл сандардың «қасиетін» білмейтін адам жоқ шығар. Кездейсоқ құлап, сүрініп қалсақ, әжелеріміздің жерге үш рет ұшықтап, садақаға жеті теңге лақтырып жататыны бала кезімізден бәрімізге белгілі жайт. Ал жұма сайын пісірілетін тоғыз шелпек өз алдына бір бөлек. Нәрестені “қырық қасық суға шомылдыру”, “қызға қырық үйден тыю” сияқты тіркестердің мағынасы мүлдем әр басқа, бірақ қолданылып тұрған сан есім бірдей. Бірақ біз осылардың бәрін

жастайымыздан құлағымызға сіңіріп өссек те, олардың шығу тегіне, қолданылу ерекшеліктеріне тереңірек үңіліп көрген емеспіз. Сондықтан осы «киелі» деп ат қойып, айдар тағылып жүрген жеті санының «сиқырына» тоқталғанды жөн санадық. [1, 108 б.].

Жеті ата – дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан тек пен ұрпақ таратудың шежірелік жөн-жосық бойынша әкелік тараптан ғана қалыптасатын жеті ұрпақтық желіске кіретін және оны құрайтын өзара туыс адамдардың қауымы. Жеті атасын білмеген жетеміз деп тәрбиелеп жатамыз. Бұның астарында жеті атаны білу жігіттік парыз екенін мойындату, жеті атаға құрмет, жеті атаның татулығы, бірлігін сақтау сияқты ұлттұтастырушылық мән жатыр. Қазақтар жеті атаны былайша таратады. 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. [1, 108 б.].

Жеті қазына – қазақтардың байырғы тұрмыс-тіршілігінде ерекше қастерлейтін жеті түрлі заттың атауы. Әдетте, категориялық мәнде қолданылады. Ел аузындағы сөзде жеті қазына ұғымы әртүрлі нұсқада айтылып жүр. Бұл жерде жігіттің жеті қазынасы немесе ер қазынасы мен ел қазынасын ажырата қараған жөн. Жігіттің Ж. қ.-сы жөніндегі деректің ізін Ұлбике мен Күдері қожа айтысынан ұшыратамыз: Жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, Көк мылтық, алмас кездік қысы-жазы, Ау-жылым, қара қақпан құра білсе, Жігіттің келіспей ме сонда сазы. Әдетте, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, көк мылтық, алмас кездік, аужылым, қара қақпаны бар аң-құс аулауға епті жігіт өз басын ғана емес, бір үйлі жанды ішер ас, киер киімнен кенде қылмайды. Қала берді ауыл аймағына пайдасын тигізеді. Мұндағы тұрмыстық жеті зат «өндіргіш құрал» есепті болғандықтан, қадір тұтып, қастерлеп, қазына санатына қосқан. Сонымен ер қазынасына жүйрік ат, қаққыш тазы, алғыр қыран, түзу мылтық, қанды ауыз қақпан, алмас кездік, қыл тұзақ (жылым, ау) жатса, ал ел қазынасына диірмен, ұста дүкені, тірі қазына (төрт түлік) жатады, яғни бұлар игілігін жаппай ел-жұрт көретін «өндіргіш» заттар. [2, 263.].

Жеті күн – ислам діні ілімінде Алланың күллі ғаламды, ондағы жандыжансыз барша дүниені жаратқан уақыты. Алла тағала жексенбі күні Көкті; дүйсенбі күні Айды, Күнді, жұлдыздарды; сейсенбі күні құс, жөндік, жанжануар, періштелерді; сәрсенбі күні су, жел, бұлт, өсімдік атаулыны және несібелерді; бейсенбі күні жұмақ, тамұқ, мейірім мен оқап періштелерін; жұма күні Адамды жаратты; сенбі күні еш нәрсені жаратқан жоқ. Алла тағаланың жаратқан күндерінің бәрі сәтті дей отырып, қазақтар Алланың

Адам сәпиді жаратқан жұма күнін жеті күннің ішіндегі абзалы дейді. Сонымен қатар адам жаратылмас бұрын сәрсенбі күні оның несібесін жаратқан деген түсінікпен байланысты, сәрсенбіні сәтті күндердің қатарына жатқызылады. [3, 107 б.].

Жеті жұт – жалпақ жұртқа қиыншылық, қасірет әкелетін көлденең кеселдің жеті санымен топтастырылуы. «Жұт жеті ағайынды, содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деп мақалдай отырып, қария кісілер ағайынды жетіге мыналарды: қаһарлы қыс, сел, қуаңшылық, өрт, індет, зілзала, соғыс сияқты жұртшылыққа қасірет әкелетін көлденең кеселді жатқызады.

Тұрмыстық-әлеуметтік санамен байланысты «жетілер тобында» мифтік түсінік жоқ. Халық ауыз әдебиетінде, шешендер сөзінде жетімен өлшенетін ұғымдар көп. Мысалы, жеті жетім, жеті жоқ тәрізді сөз орамдарын жатқызуға болады. Жеті жетім: тындалмаған сөз жетім, басшысыз қалған ел жетім, аққуқазсыз көл жетім, бетегесіз бел жетім, елінен кеткен ер жетім, замандасынан айырылса, бәрінен де сол жетім. Жеті жоқ: жерде өлшеуіш жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста томар жоқ, жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ, таста тамыр жоқ, Аллада бауыр жоқ т.б.

Жеті жарғы – Тәуке хан тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. «Жеті жарғы» заңдар жинағы негізінде қазақтың тайпа, ру басылары жылына бір рет жиналған. Бұл жиындарда мемлекеттің сыртқы және ішкі жағдайына байланысты мәселелер дауыс беру негізінде шешілді. Жиынға қару асынып келген азаматтардың ғана дауыс беру құқықтары болды. Сонымен бірге қару ұстап келген азамат жылына өз байлығының жиырмадан бір бөлігін салық ретінде мемлекетке беруге міндеттелді. Жиынға қатысушы әр рудың өз таңбасы болды. Бұл таңбалар құрылтайда мемлекеттік рәміз дәрежесінде бекітілді. [4, 110 б.].

Қазақ «Жеті ырысқа» алдымен адамның ақылын, ой-санасын жатқызды. Өйткені, адамзат ақылы арқылы хайуанаттар дүниесінен бөлініп ерекшеленеді, әрі дүниенің қожасы болды. Екінші ырыс - денсаулық, яғни дененің саулығы.

Үшіншісі - ақ жаулық, яғни үйдегі әйел — ердің жары, балалардың анасы. Халқымыз ежелден «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», деп әйелді ерекше қастерлеген.

Төртіншісі ырыс - бала. Бала — адам өмірінің жалғасы, қуанышы болса, бесіншісі ырысты көңіл деп білген. Себебі, көңіл мен пейіл кең болса, ынтымақ пен береке орнайды. Алтыншы ырыс - жер.

«Жерсіз — ел тұл, ерсіз — жер тұл» деген нақылды да қазақ бекер айтпаса керек. Жетінші ырыс - ит. Ол әуел бастан-ақ адамға сенімді серік болған. [5].

Киелі жеті саны туралы жоғарыда толық болмаса да біршама ой қозғадық. Жалпы, қазақ діни жораларында, тұрмыс-тіршілігінде, халық фольклорында жиі кездесетін, маңызды рөлге ие болған киелі жеті сандар қатары бұлармен шектелмейді. Мәселен, Заманындағы Саққұлақ би атап кеткен жеті жетекші бүгінде көш бастап тұр. Олар: . Адамның басшысы – ақыл. Жетекшісі – талап. Жолаушысы – ой. Жолдасы – кәсіп. Қорғаны – сабыр. Қорғаушысы – мінез. Сынаушысы – халық .

Жеті саны - жалпыадамзаттық таным бойынша жағымды, киелі, магиялық қасиеті бар ұғым деп саналады. Әлемдік мәдениет бойынша жеті - магиялық сан, ғаламшарлар символы деп танылады. Орыс халқында жеті саны бақытты сәттер ұғымын білдіруде белсенді қолданылады. Мысалы, быть на седьмом небе (төбесі көкке жеткендей болу), семеро по лавкам сидят (көпбалалы отбасы). Ал қазақ танымында жеті - киелі ұғым. Жеті ұғымына концептілік талдау жасайтын болсақ, ең алдымен концептілік өрістің өзегіне сандық мағынасынан кейін, магиялық мағыналары алынады.

Қазақ салтында жаңа туған баланы ауыздандырарда жеті жұрттың тілін білсін деп сауысқанның тілімен, күйші болсын деп домбыраның құлағымен, қойшы болсын деп қойдың құйрығымен, жауырыншы болсын деп жауырынмен ауыздандырады.

Қорыта келгенде жеті санының құрылымында сандық мағына ғана емес, мифтік, діни, тотемдік сипатта дәл өлшемдік, кең өлшемдік, жеткілікті шек өлшемдік, қанағатшылық өлшемдігі, ұрпақ жалғастығы өлшемдігі, аталастар шегінің өлшемдігі, ғашықтар эталонының өлшемі, қазына мен жұттың өлшемі, төрткіл дүние шегінің өлшемі, қазақтың өмірлік заңдарының өлшемі (жеті жарғы), рухани жебеушілердің өлшемі (жеті әулие), қазақ даласындағы астрономиялық өзгерістердің өлшемі (жеті амал), т.б. ретінде терең сақталған. Жеті концептісінің құрылымы қазақ танымындағы лингвистикалық ілім (тұрақты сөз тіркестері), психологиялық ілім (тіл-көзден сақтаушы жеті түрлі заттардың киелі тұтынуы, жаман энергетикадан сақтаушы артибуттардың жеті түрлі болуы), мәдениеттанымдық ілім (жеті ата, жеті жұрт, жеті амал, жеті ғашық, жеті қат көк, жеті қабат жер, т.б, жеті шелпек, жеті қазына) базасында анықталды. Жеті – қазақ үшін құндылық,

киелі ұғым ретінде қабылданып, солай бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қайырбаева Қ.Т. “Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні” Алматы 2004. -108 б.
- 2 Әбішев Х. Аспан сыры. -Алматы: Жазушы, 2009.-263 б.
- 3 Уәлиев Н. Жұмбақ жетілер // Жалын. 1988. №3.-107 б.
- 4 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.-110 б.
- 5 Жеті ырыс деген не? <https://qazaqstan.tv/news/85341/>

Ә. КЕКІЛБАЕВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

УРСАЕВА А.

оқушы, 6 «Б» сынып, дарынды балаларға арналған
№ 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ИДРИСОВА К. Ш.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, дарынды балаларға
арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Ә. Кекілбаев – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, алғашқы Мемлекет Хатшысы, Сенат депутаты Қазақстанның Халық жазушысы. Ә. Кекілбаев 1939 жылы Маңғыстауда туған. Жазушы шығармашылығы 1962 жылғы «Алтын шуақ» өлеңдер жинағынан басталады. Прозасы «Бір шөкім бұлт» деген атпен 1965 жылы жарияланды. «Дала балладалары» ауыл өмірінен жазылған шығармалардан тұрады. Жазушы шығармашылығы түрлі жанрдан құралады:

- өлеңдер;
- прозалық шығармалар;
- сын мақалалар;
- публицистикалық толғамдар қаламгер шығармашылығының тұтас бейнесін береді. Жазушы шығармашылығының үлкен белесі саналатын тарихи шығармалары. «Елең-алаң», «Үркер» романдары үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алады. Қазақ оқырмандары сүйіп оқыған «Ажар» триптихынан бастап, «Дала балладаларындағы» әрқайсысының шығармалардың орны әдебиетіміздің бір-бір ақшамқан асуындай елестейтін «Күй»,

«Ханша Дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» повестері мен «Аңыздың ақыры» әлі де терең зерттеуді қажетсінеді.

«Әбіш Кекілбайұлы жалғанның бір сәттік жылт еткен жарығынан өлмейтін, өшпейтін өнер үлгісін жасады, тарихтың тарыдай болмысынан ғасырлардың төбесін көкке жеткізгендей асқар тау-алып мүсін тұрғызды. Жазушының «Бір шөкім бұлт» пен «Бір уыс топырағынан» «Үркер» мен «Елең-алаңына» дейінгі шығармаларының бәрі туралы да, бірі туралы да осыны айтуымызға болады» [1, 12 б.] деп бағалайды ғалым Ж. Дәдебаев.

Жазушы шығармаларына негіз болған тақырыптың бірі – өнер. «Аш бөрі» әңгімесіндегі Құрманғазы, «Күй» повесіндегі Абыл күйші, «Шыңырау» повесіндегі Еңсеп бейнелері өнер адамдары. 1970-1980 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгімелер негізінде лиро-эпикалық стильдің қалыптасқан. Ә. Кекілбаевтың «Күй» шығармасында қазақ-түрікпен екі елдің шапқыншылығы, адам өлімі бәрі де күй күдіретімен астаса суреттелген. Тақырыбы аңыз болғанмен, жазушы кейіпкердің жандүниесіндегі тебіреніс пен толғанис арқылы сол кезең оқиғасын жеткізеді. Жазушының «Шыңырау» повесі туралы Д. Жанұзақова Еңсептің шығармадағы шыңырау (құдықты) кейіпкердің бір жолы, өмір жолының детілі деп бағалайды [2, 38 б.]. «Шыңырау» (1971) повесінде құдық – символ. Негізгі идеясы – адамдардағы көрсеқызарлық, іштарлық. Сонымен бірге адамды құртатын бәсекелестік деп алады. Жазушы бәсекелестікті дерт деп алады. Өз өнері өзіне сор болған Еңсеп тағдырынан өнер адамдарының өнері қашанда өз бағасын ала алмайтынын ғана емес, дүниедегі әлсіздікті, жалғандықты, баянсыздықты, парықсыздықты көруге болады. Жазушы Еңсептің өмірі арқылы оған басқадай баға бергізеді. Бірінші көзге түсетін – өнер иелері еңбегінің бағаланбауы, екіншісі – адам бойындағы астамшылық. Еңсепті де жұтқан осы. құдық қазып атын шығармақшы болады.

Жазушының өнер туралы бірінші ой-түйіні - әр қоғамның өз өнері бар деген оймен қорытылатындығын дәлелдеуге болады. Бұл ойды ашу үшін «Шыңырау» повесін және «Аңыздың ақыры» повесін алынды. «Шыңырау» повесі бойынша өнер туралы дәстүрлі қазақ танымындағы ойды береді. 1. Өнер – кәсіп түрі. Өнердің бағасы – адамдарға қызмет етіп, өзінің қоғамда орны болғандығында.

Қазақ танымында өнерпаз дегеннің өзі екі түрде ұғынылады.

- адамдарға әнімен, күйімен, шығармашылық талантымен танылуы;

- ісімен, адамдарға қажет, олар істей алмайтын әрекеттерді шеберлікпен орындаушылар. «Шыңырау» повесіндегі Еңсеп бейнесі – адамдарға ісімен керек болатын, олардың қолынан келмейтін істерді істей алатын шеберлігімен ерекше. Оның кәсібі – құдықшы. Кәсіпті де қазақ әдебиетінде өнер деп алады. Мысалы Абай өзінің қарасөзінде өнер үйрену деп жаңа заманға қарай кәсіп түрін игеруді насихат етсе, Ы. Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі:

Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды,
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымды барғызды- ,

дейтін тұстарында машинист, телефонист мамандықтарын, кәсіп иелерін айтып тұр. Сондықтан да қазақ танымы үшін өнер деген – кәсіп игеру.

Жазушының Еңсеп арқылы айтатыны осы екенін шығармадағы бейнесі де дәлелдейді.

1. Еңсеп өзгелер біле бермейтін, өресі жете бермейтін тұстарды біледі.

«Құдық түбінен бұдан бір шай ішім бұрын шыққан, көк қиыршақ тас мынандай шыжып тұрған талма түсте түгел кеуіп үлгермепті, әлі дымқыл. Су я бүгін, я ертең түске дейін шығып қалар түрі бар».

Еңсеп – құдықшы болмаса да өнерсіз қалмас еді. «Еңсеп жиын-тойда ортаға шығып, қолына домбыра ап ән шырқағанда, не хиссалардан терме соққанда, тас маңдайларын талай қыстың ызғары жалап, көкіректің өздері өткізген көп жылдың бұлар әлі біле қоймаған көп тікендері тырнап тастаған кәрі жағы көздеріне жас алады»

2. Өнер – отбасының дәстүрі. Өнер атадан жалғасады. «Ал енді ауылдың шетіне оқшау қонып ап, артқы үзігін ескі жабумен жамап, алдыңғы үзігіне алаша сырыған қырық құрау құрым үйдің оң жағына көрік құрып, шыжыған шілдеде сексеуілдің шоғына шыжғырылып отыратын әкесі» деп әкесінің ұста болғандығын суреттесе, ағасы Дәржан да құдықшы.

3. Өнерпаз болу бір ғана істі білумен шектелмейді. Өнерпаз өзіне қажетті деректерді толық меңгеруі керек. «Ол шыңырауды дәл осы арадан, ала қырдың үстінде оқшау қылауытқан тастақ жұлгенің терістігінен қазатын болды. Бір-екі ақсақал тастақ жыраның құбыла бет құйрығын қалай көріп еді, оған Еңсеп өзі ынғай берген жоқ. Сонша қыңыр тартуында бір мән бар. Бірақ оны өзін жан баласына тісінен шығармақшы емес».

4. Өнер дарын мен еңбектен тұрады. Еңсеп те тәжірибе алып, еңбегімен жаттығудан елге сыйлы құдықшы атанады.

«Әуелі қолға мүйіз бітеді. Соыс күні кеше ал-сал боп алдыртпай жүрген балғын бұлшық ет... ширатқан арқандай боп шиыршық атады.»

«Еңсеп бұрын қашақтап жүрген өнеріне кем-кемдеп дәм тартқан сайын құныға түсті. Үлкендер: «Ананы өзің істей ғой», - деген сайын бір масаттанып қалады. Адам алдана білмесе, кеп-келте ғұмырында басынан кешіретін сан-сапат тауқымет пен азапқа бір күн де төзе алмас еді».

5. Өнерді өсіретін – бәсеке. Бәсеке адал көңілден шықпаса, соңы қайғыға апарарды. Еңсеп бейнесінің шыңы да бәсекемен аяқталады. Жазушы Еңсептің ел ішінде атағы шығып, ендігі жерде шақырған елдің барлығына бара бермейтін, елдің бәріне құдық қаза бермейтін өркөкірек көңілін де көрсетеді. Бірақ осы өркөкірек көңілге қарсы Қалпақ құдықшыны қояды. Еңсеп оның 150 құлаш құдық қазғанын естіп, өзі барып көреді. Қалпақтың азаматтығы мен адалдығын көреді. Бірақ өзінің өркөкіректігін жеңе алмайды. Бәсекеде Еңсеп жеңіледі.

Қоғамдық –тұрмыстық ортаға қарай өнер түрлері де түрлі болатындығын айтады. Мысалы Еңсептің өнері – көшпенді тұрмыстағы, малмен айналысқан Үстіртті жайлаған ел үшін керек өнер.

Қазақ әдебиетінде өнерпаз бейнесінің бірнеше үлгілері бар. Мысалы Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірхан, І. Жансүгіровтің «Әнші» өлеңіндегі Әсет, «Құлагер» поэмасындағы Ақан, С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуіндегі» Ықылас күйші т.б. бейнелері өнерпаздың бейнесін түрлі көңіл-күймен, түрлі оқиға, қоғаммен ашады. Біз қазақ әдебиетіндегі күйшілер бейнесін Ә. Кекілбаевтың «Күйші» шығармасындағы күйшімен сабақтастыра қарастырғымыз келді.

Таблица 1

№	Анықтау белгілері	І. Жансүгіров «Күйші»	М. Мағауин «Көкбалақ»	Ә. Кекілбаев «Күй»
1	Шығарма кейіпкерлері	Тұтқындағы күйші	Токсаба күйші	Дәулет күйші, Құрбан ақсақал
2	Шығарма уақыттары	Кенесары кезеңі	20-ғасырдың бас кезі	Қазақ-түрікпен шапқыншылығы
3	Тартатын күйлері	Сайсақтың «Сары өзені», «Боз інген», «Қорамсақ», «Терсіқақпай»	Тока «Төрт толғау», Байжігіт «Көк қаршыға», «Қособа», Айтанның «Қосбасары»	Түрікпен күйі
4	Негізгі желі	Ханның қарындасына ғашық болған күйші дәрменсіздігі	Байжігіт, Қызай, Қызыл мойын Қуандық, Кенжебай, Айтан т.б. күйшілердің дәстүрін сақтаушы, жеткізуші екендігі	Жауласқан ел жерге сыйыса алмағанымен бір күйге, бір өнердің аясына сыйып кетеді
5	Жазушы тіліндегі күйшіні суреттеуі	Өнер сыналады, сыннан өткен өнер ғана өміршеу болады.	Токсаба тек күйші ғана емес, пенде ретінде суреттеледі. Халық тарихының сан қиынын бастан өткергенімен, өмірі өзгеге ұқсамайды. Өмірді түсінуі, танымы, адамдармен қатынасы бөлек. Өнерді бар бояуымен жеткізген өнерпаз өмірін бізге үлгі етеді.	Мұнартып, сағымға айналады, жауласқан елге екі елдің намысы үшін домбыра (дұтар) емес, найза ұстайды. Күйшіні өз ортасы түсінбейді, түсінетін қоғам туған жоқ. Қоғам басқа.

1. Нағыз өнерді бүтін халық түсіне бермейді. Жазушы кейіпкер бейнесін ашуда оны тарихтағы үлкен оқиғамен бірге алады. «Күй» аңызында екі күйші бар. Бірі – Дәулет пен қазақ күйшісі және олардың өнерін жеткізуші Құрбан ақсақал бейнесі. Кең аңызак далада геодистер жер шолғыншыны мен сол жерді білетін жергілікті адамдар арасынан адам іздейді. Геодистер үшін барлығы бірдей тұлдыр дала. Бірақ Құрбан ақсақал әр бұта, әр мазардың тұсын бөлектеп атап береді. Осы арқылы жазушы әр бұта, әр жерде халық тарихы қалғандығын айтады. Ал тарихты жеткізуші өнер дейді. Себебі Құрбан ақсақал шерткен күй арқылы өткен замандағы қазақ

тарихы жаңғырады. Осы күйді тек Сырым ғана түсінеді. Басқа ешкім де ұға бермейді.

2. Өнер – халық тарихының бір бөлшегі. Шығармадағы оқиға Жөнейіт, Көкбөрі, Дүйімқаралар арасында өткенімен, шешілуіне Дәулет пен қазақ күйші оқиғасы себеп болады. Екі елдің арасындағы оқиға туралы өткеннің жайы екі күйші оқиғасымен есте қалады. 3. Өнерпаз бейбіт өмір мен тыныштықты қалаушы. Жөнейіт батыр, оның ата-бабасынан қалған жол сол. Батыр болады деген екі ұлы өледі. Нағыз батыр деген інісі Көкбөрі де қапыда мерт болады. Ата жолы деп күйші ұлы Дәулетті жауға салады. Бірақ өнерпаз ұл жау қолынан мерт болады. Осы арқылы жазушы өнерпаз – бейбіт кмірді қалаушы адам, ол соғыс пен қақтығыстың адамы емес дегенді айтады.

4. Өнер де ұлтқа қызмет етуі керек. Жазушы Дәулеттің өнері арқылы, қазақ күйшісінің өнері арқылы олардан қалған мұраны айтады. Ол күйшілер елді жақындастырушылар еді. Соғысқа барып, найза ұстайтындар емес еді дейді.

5. Өнерді ұғатын қоғам мен орта керек. Дәулет пен қазақ күйшіні ортасы ұқпады. Олар жауласқан екі елден болғанымен, дос болады. Бірі-бірінің күйін тартады. Дәулетті әкесі соғысқа салды, қазақ күйшіні тірідей көмді. Жазушы бұл шығармасын Абыл күйшіге арнаған. Абыл күйші – Маңғыстау күйлерін жеткізуші. Күй арқылы осы аңыз жетеді. Өнер өткеннің тарихын баяндайды. Тарихқа баға беруші деген идеямен қорытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дәдебаев Ж. Ә. Кекілбаевтің көркемдік әлемі // «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б.

2 Жанұзақова Д. Ә. Кекілбаев шығармаларындағы жол концептісі // ҚазҰУ Хабаршысы №3. 2018. – 256 б.

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚИТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ТАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

УСАХАНОВА М. Д.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні,

№ 1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауданы, А

Орта буын сыныптардан бастап әдеби - теориялық білім қалыптастырыла бастайды. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында қалыптастырылатын алғашқы әдеби - теориялық түсінік - лирикалық қаһарман ұғымы. Осыған дейін оқыған шығармаларда оқушы көбіне көркем шығарма мазмұнын автор өмірінің нақпа - нақ көшірмесі ретінде түсініп, шығармадағы оқиға желісін немесе айтылатын ойды реалды болмыспен тікелей қатыстыра бағаласа, ендігі жерде оқушы білімі авторлық таным, идея, авторлық ұстаным, лирикалық қаһарман ұғымдарымен толығып, көркем шығарма идеялардың көркем әлемі екендігіне көз жеткізеді. Лирикалық қаһарман - шығарма субъектісі. Оның арман, мүдделері мен ой - қиялдары, сезім - күйлері автор болмысының жамылғысы ретінде танылатын тұстары болғанымен, оның үнемі жанды көшірмесі ретінде көрініс таба бермейтінін ұғынады. Мысалы: Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасында «Мен бала», «Мен - жігіт» деген белімдегі ойлар ақын тұлғасынан ел адамы, қазақ халқы ұғымымен қатар келіп, жалпылық мағына береді. Авторлық «мен» кейде жалқылық мағынада, кейде жалпылық мәнде қолданыс таба алады. Мәселен, Жұбан Молдағалиевтің «Мен - қазақпын мың өліп, мың тірілген» деуі немесе Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңіндегі «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте бұлт, жерде желмін гулеген, Жел еркесі - желдін жөнін кім сұрар?» деген жолдар ақынның өз болмысын танытудан жалпылық мағынаға көбірек жақын, яғни, ақынның «мені» - көптің, нақтылай айтқанда, тұтас бір елдің болмысы, халық сипаты. «Бар адамды бір адамның жанының қуанышымен қуанытып, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен тыныстатар, құлағымен естіртіп, тілімен сөйлетер» (В. Белинский) лирикалық қаһарман бейнесін тану - автор болмысына жақындау деген сөз, ол өз кезегінде авторлық ұстанымды түсінуге жетелейді. [1.55]Себебі «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мәні туралы айтса, жалпы жұрт туралы, бүкіл адам туралы айтқаны: өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттің бәрі бар». Лирикалық шығармаларды оқытудағы ең басты әдіс- тәсіл

- шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру. Лирикалық шығарманы оқытуда көркем қабылдау асамаңызды. Лирикалық шығарманың көлемі жағынан шағын болуы да оны мәнерлеп оқу арқылы қабылдауға мүмкіндік туғызады. Лирикалық шығарманың өзіндік ерекшелігі де оның шумакпен, бунакпен, ырғақпен ерілуінде болса, сабақтың алғашқы сәтінен бастап оқушы тыңдау арқылы осы ерекшелігіне сәйкес көркем қабылдауы қажет етіледі. Дауыс қарқыны, үн үйлесімі, сөздерге түсірілетін екпін, логикалық, психологиялық кідірістер барлығы да көркем мәтінді тыңдаушысына мағыналы жеткізудің жәрдемшілері болып табылады. Өлең мәтіні тыңдалғаннан кейін оқушы зерделей отырып қайталап оқуы да маңызды. Тыңдау арқылы қабылдау мен көру арқылы қабылдау сияқты қабылдаудың қос арнасын қатар пайдалану оқушы ерекшелігін ескеріп, қабылдау мүмкіндігін арттыру міндетінен туындайды. Қандай шығарма болса да оны талдаудың орны ерекше. Лирикалық шығармаларды оқыту әдістемесінде әдіскерлер арасында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Соның бірі- өлеңді тұтас қабылдау үшін оны бұтарлап талдау орынсыз дейтін ой. Әрине, өлеңді бөлшектеу, әр шумақтағы ақын ойын сипаттап жеткізу, түсіндіру, мазмұндау-ескі күннің еншісінде қалған әдістер. Ал талдауға келетін болсақ, талдау-мазмұнды айқындаудың, көркем сөздің қолданысын танудың, сөз астарына үңілу арқылы терең ойды, шығарма болмысын, автор табиғатын танудың бірден бір айқын жолы. Лирикалық шығарманы талдау қашан да маңызды. Тек талдауды неден бастап, қалай жүзеге асыру-аса үлкен жауапкершілік пен тиімді әдісті керек ететін оқу үдерісінің жауапты кезеңі. Мектеп бағдарламасындағы поэзиялық шығармалар - алуан тақырыпта. Шығарма тақырыбын айқындау аса күрделі болмағанымен, кейбір поэзиялық мәтіндер таырыптық ерекшелігі жете ескерілмей мектеп бағдарламасына енгізілгені байқалады. Тақырыпты айқындауда көркем шығарманың кеп тақырыптылығы да назардан тыс қалмауы керек. Ал шығарма идеясын айқындау бірнеше кезеңді қамтитын үдеріс. Талдауда күрделі сөздер мен қолданыстардың басын ашып айқындау мағынаны танудың алғашқы баспалдақтары болып есептеледі. Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңі 5 - сыныпта оқытылады. Атауы айтып тұрғандай, жылдың бір мезгіліндегі таң пейзажы берілетін бұл өлең өзінің көркемдігі, жанды суретімен, танымдық сипатымен ерекшеленеді. Өлеңнің бірінші шумақтарынан бастап кездесетін «түскенде әуе жерге», «қырық күн шілде», «қысқа күн қымқырылды», «бәйек болып», «жасық шық», «мелдегінен

нұрға қалқып, «келбендеп...жердің буы», «өлеусіреп түсі қашқан», «ыныранып қой қотанда», «әптиек» сияқты мағынасын анықтап, өлең мәтініндегі жұмсалу мақсатын айқындайтын сөз қолданыстары бар. Әдістеме ғылымында көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқу, талдап оқу сияқты әдіс - тәсілдер бұрыннан белгілі. Көркем мәтіндегі түсініксіз сөздер мен ұғымдарды саралаудың да көптеген жолдары бар. Әдіс-тәсілді тандау оқушының, сыныптың жағдайына байланысты анықталатыны да белгілі. Әрине, үнемі мұғалімнің белсенділігі ақпараттың қабылдануы мен оқушы зейінінде берік орнауына тиімді әсер ете бермейді. Кез келген ақпаратқа оқушы ынтамен, қажеттілікпен келгенде ғана ол есте берік бекиді. Сол себепті де күрделі ұғымдарды тауып, оларға түсініктеме беруде оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын ойын түрінде жүргізген тиімді болар еді. «Қырық күн шілде» деген ұтым нені білдіреді? Неліктен 40 күн деген сөз қолданысы берілген?» деген сұрақ арқылы сөз тіркесінің мағынасын ашу немесе «мелдегінен келу» деген сөз мағынасы нені білдіреді? «шық» деген не? Неліктен шық жасық эпитетімен берілген? Тағы қандай шық түрі болуы мүмкін? Ол қолданыстардың жыл мезгіліне қатысы қандай?» деген сұрақтар да өлеңнің идеясын түсінуге көмектеседі. Шілде айының таңы қаншалықты жылы болса, күн сәулесі білінер - білінбесте бұға айналатын шық та жып - жылы жасық. «Жасық шық» шілденің таңының ерекшелігін айқындайтын деталь ретінде де талдауға қажетті тілдік құрал болып табылады. Көркем сөз образдарына талдау да сабақтың аса маңызды сәті болып есептеледі. Өдетте, көркем образды сөздер эстетикалық мақсатта талданады. Ал көркем образдардың, айшықты сөздердің өлеңге, идеяға қызметін айқындау талдауды әлдеқайда мазмұнды етеді. [2. 65]«Шілде» өлеңі кейіптеулердің көркем бейнесімен ерекшеленеді: жарық күнге «Кел, шық деп иек қағатын таң», «таңды мақтап ән салған сансыз торғай» оған «бас иіп бәйек болады», «күннің жүзі күлімдеп», «суда тұрған барлық қамыс би билеп, т.б. «Мақтанып кара түнде нұрын шашқан Айдын да елеусіреп түсі қашқан. Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң, Бірі жоқ, тамам жұлдыз бетін басқан» деген бір шумақ тұтастай кейіптеу арқылы көркем образ жасайды. «қара күн» мен «сұлу күн» ұғымдары қарама - қарсы қойылып антитезалық мәнге ие болады. Өлеңде «қысқа күн», «көк майса», «асыл шөп», «жасық шық» сияқты эпитеттер мен «жауһардай», айналай» тенеулері қолданылған. «Жиылып жатыр сонда біткен бала» - «Бала біткен сонда жиылып жатыр» деген қалыпты сөйлемнің өлең шумағындағы ұйқасқа қарай

инверсияланған түрі. Өлеңде кейіптеулермен берген әр көріністі жеке алып қарап, оны суреттеп тұрған бейнелі сөздерге үңілу, көз алдарына елестету лирикалық шығармадан калыптастырылатын эстетикалық тәрбиені асыра түседі. Өлеңдегі әр сөздің мағынасы мен мәтіндегі қызметі анықталғаннан кейін тұтас оқу көркем қабылдауға әсер етеді. Сонымен қатар өлеңнің композициялық құрылымына зер салу да өлең мәтінін тұтас қабылдауға ерекше ықпал етеді. Әдетте мектепте шағын келемді лирикалық шығармаларға жоспар жасалмайды. Ал айтар ойы күрделі немесе пейзаж, портрет түрінде берілетін өлеңдерді композициялық құрылысына талдаған абзал. Аталмыш өлеңде таң сібірлеп біліне бастағаннан күн шығар мезгілге дейінгі уақыт өлшеміндегі көз көрер кеңістік суреттелген. Өлең композициясының жоспары 1. Түннің қымқырылуы. 2. Таң білінуі. 3. Таң бозындағы торғайлар әні. 4. Таң желіне тербелген көк майса. 5. Шығар күнге көңілі шаттанған көк жүзі. 6. Құсы шулап, қамысы тербелген айнадай көл. 7. Жұлдызы жарқырап түнгі шырайынан айрылған ай. 8. Маңайға бірте - бірте жайылып келе жатқан таңның ағы. 9. Ауыл маңындағы өріске бет алған ірі қара мал. 10. Күзетші иттері енді тыным алған қотандағы қой. 11. Ұйқыдан енді ояңған ауыл қарттарының таңғы әрекеттері. 12. Ауылдан оқшау орналасқан караша үй. 13. Оған жиыла бастаған шөкірт - балалар. 14. Алғашқы күн шапағы. 15. Оған шаттанған ой мен қыр. Өлеңнің композициясына катысты жоспар жасату оқушылардың ойды жүйелеу машықтарының қалыптасуына жәрдем етеді. Шығарма композициясы бір - біріне ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді. Сондықтан әр шығарманы композициялық құрылымына талдау оқушылардың шығармашылық жұмысқа шыңдалуына көп септігін тигізеді. Лирикалық шығармаларды тақырыптарының, құрылысы мен идеяларының ортақтығына қатысты салыстыра талдау да тәжірибеде қолданылып жүр. Мәселен, Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңін Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен немесе Иса Байзақовтың «Жазғы кеш» өлеңімен салыстыра талдауға болады. Кейде ұқсас шығармалар салыстыра талданылса, кейбір жағдайда айырмашылықтары ерекшелене түсетін карама - карсы мәндегі тақырыптар мен идеялар салыстырыла талданады. Жыраулар поэзиясынан оқылатын бір өлеңге жүргізілген талдау бойынша да композициялық құрылымды тұтас байқап керейік. Өлеңнің атауы: «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту. Авторы: Үмбетей жырау. Жанры: Арнау (Сұрай арнау арқылы естірту). Тақырыбы: Адам ғұмыры. Өткінші өмір. Жазмыш. Құрылысы: 7-8

буынды, екі бунақты, аралас ұйқас. Композициялық құрылымы: 1-9 бөлімдер қайғылы хабарды естіртуге тындаушысын психологиялық жағынан даярлау 1. Кіріспе. 2. Абылайдың жас күні, тектілігі. 3. Жігіт шағы, ерлігі. 4. Хан болғаны, абыройы. 5. Тұтқындағы тапқырлығы. 6. Батыр билердің хандықтың абыройын асқақтатуы. 7. Ел басына түскен қиындық. 8. Батырлардың ерлік істері. 9. «Дүние кезек, Абылай» шығармасының өзекті ойы. 10. Қайғылы қазаны естірту. 11. Қайғыға басу айту. 12. Бата - тілек. Көркем айшықтары. Тенеулер: Дөмпеш таудай басы үлкен; Бөгембайдай жас берсін; Бөгембай сынды батырдың. Риторикалық сұрақ: Ұмыттың ба соны, Абылай? Идеясы: Қайғылы қазаны естірту, ханды сабырға шақыру Болашаққа сенім ұялату. Орта буын сыныптарда лирикалық шығармаларды мазмұнды оқыту оқушылардың әдебиет әлеміне енуіне, көркем өнер табиғатына етене жақын болуына жол ашады. Көркем сөз әлеміне бой алдырып, құмарта елтитін бірден- бір кезең осы жас шамасы десек артық айтқандық болмас. Осы кезең әдебиетті өміріне азық, жанына серік етерлік оқушының тандауы түсетін сөт деп таныған абзал.

Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары ретінде ұсынарымыз: 1) лирикалық шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру; 2) лирикалық өлеңге тән ырғақты сезіндіру; 3) буын, бунақ, шумақ, ұйқасқа мән беру; 4) өлеңді мәнерлеп оқу дағды - машығын қалыптастыру; 5) лирикалық шығарманың танымдық, тақырыптық, сезім мен көңіл - күй табиғатына, тәрбиелік бағытына, басқа да ерекшеліктеріне сәйкес әдіс - тәсілдерді жүйелеу; 6) көркем сөзге, автордың ой - толғанысына оқушылардың эмпатиялық, гедонистік сезімдері мен көркем - концептуалдық, эстетикалық, танымдық көзқарастарының қалыптасып орнығуына ықпал ету; 7) оқушылардың өлең мәтінімен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. [3. 34] Өлең мәтінімен атқарылатын жұмыстарды да әр тақырып өз ерекшелігіне қарай қажет етеді. Жалпы алғанда, лирикалық шығармаларға жүргізілетін ортақ талдау бағыттары мыналар: 1) жанрын анықтау; 2) көтерген тақырыбын анықтау; 3) күрделі сөздер мен ұғымдарды саралау; 4) өлеңнің құрылысына талдау; 5) өлеңнің синтаксистік жүйесінде өрілген негізгі түйінді ой, тірек сөздерді саралап жүйелеу; 6) өлеңнің композициялық құрылымына қарай талдау (жоспар құру немесе схема, сызба арқылы жіктеу); 7) өлеңнің көркем сөз айшықтарына талдау (троп пен фигураның түрлеріне қатысты саралау); 8) өлеңнің идеясын айқындау; 9) шығармадан көрінетін автор әлемін, ұстанымын

айқындау. [3.75]Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен талдау бағыттарын басшылыққа ала отырып таным үдерісін шығармашылық деңгейге тиімді ұластыруға болады. Сол арқылы мазмұнды білім, білік, дағды - машық, шығармашылық ынта қалыптастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Базарбаев М. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы, Алматы, 1968, 258 б.
- 2 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар, Алматы, 320 б.
- 3 Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен керкемдік шешім, Алматы, 1971, 130 б.

PBL ЖОБАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

УТЕГЕНОВА М. Қ.

оқушы, 10 А сынып, № 15 жалпы білім беретін мектебі, Қарағанды к.

БАКИРОВА А. Д.

мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, № 15 жалпы білім беретін мектебі, Қарағанды к.

Білім беру саласындағы әлемдік білім кеңестігіне ұмтылуға байланысты жасалып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының дербестігін, іздемаздығын, белсенділігін мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктіліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Жүсіпбек Аймауытов “Баланың ынтасын арттыру үшін оқылтатын нәрседен бір жаңалық болуы керек”, - деп баса көрсеткен болатын. Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой қорытындысын балалардың «миына құйғанмен», ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауына мүмкіндік бермей, шығармашылық арман, қиял қанатын байлап қояды.

Мектеп оқушы үшін қызмет ету керек, ол білімді өмірге қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Мақсаты – мектеп

түлектерінің барынша көп білу емес, оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, ізденіп табуға үйренуі, оқу, проблемаларды кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек[1,15].

Білім беру процесіне PBL жобасы негізінде оқытуды енгізу сабақтың құрылымын өзгертуді талап етеді. Проблеманың шешімін табу құзыреттілігіне бағытталған тапсырмалар сабақ құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді. Тапсырмалар білім мен біліктілікке негізделген, бірақ «өмірлік» тәжірибеде жиналған білімдерін қолдануды талап етеді. Себебі, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың мақсаты – оқушыларды «өмірлік» проблемаларды шешуге үйрету [2,72].

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігіне бағытталған тапсырмалар – бұл, біріншіден, әрекетті талап ететін тапсырмалар, екіншіден, тәжірибелік, өмірлік жағдаятқа бейімделген, үшіншіден, оқушы үшін актуалды материалға негізделген, төртіншіден, оның құрылымы келесі элементтерден құрастырылған.

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігіне бағытталған тапсырмалар білімге негізделген, бірақ жиналған білімдерін тәжірибеде қолдануды талап етеді. Осыдан туындайтын сұрақ. «Мұндай тапсырмаларды қайдан алуға болады?». Ғаламтордағы әр түрлі мақалалармен танысқан соң, басқа мәселе анықталды – дайын тапсырмалар қазақ тілі пәніне, біздің оқушыларымызға, біздің талаптар мен шарттарымызға сәйкес келмейді. Біздің тапсырмалар мұғалімдерге осы мәселені шешуге көмектеседі.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі нәтижелер ретінде ұсынылған білім беру жүйесінің мақсаттары:

- проблеманың шешімін табу құзыреттілігі;
- ақпараттық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік.

Тәжірибеге бағытталған тілдік құзыреттілік тапсырмалардың құрылымы:

Стимул-жағдаят. Стимул-жағдаят оқушыға тапсырманы орындауға түрткі болып, білімалушыға қызықты болуы қажет.

Тапсырма шарты. Тапсырма шарты бір жақты ұғынылуы керек, оқу жасына сәйкес, жағдаяттың сипатталуы немесе ақпарат көздеріне негіз болатын тапсырманың шарттары қарастырылады.

Ақпарат көзі. Ақпарат көзі қажет және іс-әрекетті орындауға жеткілікті болуы шарт.

Жауап парағы. Жауап-дұрыс және мүмкін болатын жауаптар сыйбасы.

Тексеру құралы (кілті). Тексеру құралы Үлгі жауап-дұрыс және мүмкін болатын жауаптар (жауаптар сызбасымен ашық тапсырмалар), кілт-оқушылардың үлгілі жауаптары, бақылау парағы-тапсырманы орындалуы бойынша оқушының іс-әрекеттік үрдісі.

Бағалау критерийі. оқушылардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасайтын, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес нақты анықталған критерийлер бойынша салыстыруға негізделеді.

Сіздің назарларыңызға негізгі құзыреттіліктерді (проблеманың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік) дамытуға тапсырмаларды ұсынамыз.

№ 1. Менің отбасым

Грамматикалық тапсырма: Дыбыстар

Қалыптастырылатын құзыреттілік: проблеманың шешімін табу.

Стимул-жағдаят: Арман үй тапсырмасын орындап отырған кезде, кішкентай інісі кітапқа бояу жағып кетіпті.

Тапсырма шарты: Мәтіндегі сөздерді толық оқып шығуына көмектесіндер. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстарды жазындар.

Кесте 1

№	Берілген сөз	Дыбыстардың жіктелуі	Жауап парағы
1	...не	дауысты, жіңішке, қысаң, езулік	
2	...ау	дауыссыз, қатаң	
3	...ұл	дауыссыз, ұяң	
4	...у	дауыссыз, үнді	

Ақпарат көзі: Дыбыстар кестесі

Тексеру құралы(кілті)

Кесте 2

1	2	3	4
и	т	г	н

Бағалау критерийі

Кесте 3

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
С и п а т т а м а ғ а сәйкес дыбыстарды анықтайды.	Сипаттамаға сәйкес 4 дыбысты анықтайды.	3
	Сипаттамаға сәйкес 3 дыбысты анықтайды.	2
	Сипаттамаға сәйкес 1-2 дыбысты анықтайды.	1

№ 1 тапсырма оқушының - проблеманың шешімін табу құзыреттілігін дамытуға:

әртүрлі жағдайдағы проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға;

өз жұмысына мақсат қоюға, оны іске асыру үшін қажетті жағдайларды анықтауға, ондағы жетістіктерге жету процестерін жоспарлауға және ұйымдастыруға арналған.

№ 2. Анасымен сөйлесу

Грамматикалық тапсырма: өзгелік етіс

Қалыптастырылатын құзыреттілік: ақпараттық, проблеманың шешімін табу.

Стимул-жағдаят: Сен анаңа келіп, мұғалім туралы әңгіме айтқың келді. Бірақ «заставила» деген сөздің аудармасын сөздіктен таба алмадың.

Тапсырма шарты: Мына екі тілдегі жаттығуларды салыстырып, қазақ тілінде бұл сөздің мағынасын қалай жеткізуге болатынын айтып беріндер.

А) 1.Әлия тамақ пісірді. 2. Әсет есік ашты. 3.Талғат жақсы оқиды. 4. Дәрігер рецепт жазды. 5. Біз ауылда жұмыс істедік. 6. Ертең Меруерт киноға барады. 7. Біз үйге хатты жиі жазамыз. 8. Әмбебап дүкенінен әдемі жидеше сатып алдым.

Ә) 1.Әлия тамақ пісіргізді. 2. Әсет есік ашқызты. 3.Талғат оқытқызды. 4. Дәрігер рецепт жазғызды. 5. Біз ауылда жұмыс істеткіздік. 6. Ертең Меруерт киноға барғызды. 7. Біз үйге хатты жиі жазғызамыз. 8. Әмбебап дүкенінен әдемі жидеше сатып алғыздым.

Жауап парағы:

Өзгеліс етіс жұрнақтарын кестеге жазындар.

Кесте 4

1	2	3	4	5	6	7	8

Ақпарат көзі:

Пісірді – сварила

Пісіргізді – заставила сварить

Ашты- отқырыла

Ашқызды- заставила отқырыть

Анықтама:

Ортақ етіс дегеніміз адам іс-қимылды өзге біреуге орындатқызады.

Бағалау критерийі:

Кесте 5

Ұпай	4 ұпай	3 ұпай	2 ұпай	1 ұпай
Жауап	Барлығы дұрыс	6-7 дұрыс	4-5 дұрыс	2-3 дұрыс

Қорытынды бағалау:

Кесте 6

Баға	«5»	«4»	«3»	«2»
Ұпай саны	4 ұпай	3 ұпай	2 ұпай	1 ұпай

№ 2 тапсырма оқушының ақпараттық құзыреттілігін дамытуға: сыни тұрғыдан ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;

өз бетінше табуға, талдауға, іріктеп жасауға және түсіндіруге ақпараттарды тасымалдауды оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық тезнологиялардың көмегімен жүзеге асыруға арналған.

№ 3. Тазша бала

Грамматикалық тақырып: Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі

Қалыптастырылатын құзыреттілік: ақпараттық, коммуникативтік, проблеманың шешімін табу.

Стимул-жағдаят: Бір күні Тазша бала мектепке барып, оқушы болуды жоспарлайды. Дәптер мен қалам сатып алып, мектепке келеді.

Тазша бала, мына сөздерден сөйлемдер құрастыр, - дейді мұғалім.

Тазша бала сөздерден сөйлем құрастыра алмай қиналып отыр. Оған көмектесіндер.

Тапсырма шарты: берілген сызба бойынша сөйлемдерді дұрыс құрастырындар.

1. Тоғызқұмалақ, ойыны, халқының, ұлттық, қазақ.

2. Ойыны, арнайы, ма, тоғызқұмалақ, ойналады, тақтада.

3. Орта Азияда, тараған, кеңінен, тоғызқұмалақ.

4. Жастар, ойынын, «Тоғызқұмалақ», ойнасын.

5. Абай, шебері, тоғызқұмалақ, болған, ойынының.

Жауап парағы

Кесте 7

Сызба	Сөйлемдер
/—/ - /~~~/ /=/.	
/— / /~/ /--/ /=/?	
/—/ /-. --. -/ /-. -/ /=/.	
/—/ /- --- -/ /=/ !	
/—/ /~~/ /==/ .	

Бағалау критерийі:

Кесте 9

	Ұпай саны	3 ұпай	2 ұпай	1 ұпай
1	Сөйлемді құрастыру	5 сөйлем	3-4 сөйлем	1-2 сөйлем

Қорытынды бағалау:

Кесте 10

Баға	«5»	«4»	«3»	«2»
Ұпай саны	3 ұпай	2 ұпай	1 ұпай	0 ұпай

№ 3 тапсырма оқушының коммуникативті құзыреттілігін дамытуға:

Стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің шешімдерін тандауға және қолдануға;

Жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл тапсырмалар әр оқушының проблеманың шешімін табу құзіреттіліктер жиынтығын білім нәтижелері ретінде игеруіне бағытталған. Оқушы осы тапсырмаларды орындау барысында енгізілген құзыреттіліктерді игергенін көрсетуі тиіс.

Мы постарались определить тип темперамента у каждого нашего одноклассника, разработали таблицу с рекомендациями «Какими видами спорта, необходимо заниматься, имея различные типы темперамента».

Имея такие данные, мы думаем, многие наши одноклассники правильно выберут вид спорта, который будет соответствовать их темпераменту.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Кудрявцев В.Г. Спорт, события, судьбы: Книга для учащихся средней школы, 1986. – 11с.
- 2 Вяткин Б.А. Роль темперамента в спортивной деятельности. – М.: ФКиС, 1978. – 7с.
- 3 Жарова П.А. Психология спортивной деятельности. Казань: Казан. ун-т, 1985. – 25 с.
- 4 Алиев, Э. Г. Физическая культура в школе/ Э.Г. Алиев . // Научно – методический словарь. – 2008. – 25с.
- 5 Теплов Б. М. Типологические особенности высшей нервной деятельности человека. М., 1963; Ильин Е. П. Психофизиология физического воспитания. М., 1983. – 83с.

**Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
Гуманитарные и социальные науки**

Секция 4

**БАҚ даму тенденциялары және журналистикадағы
жаңа технологиялар
Тенденция развития СМИ и современные
технологии в журналистике**

ЖУРНАЛИСТИКА – ҚАУІПТІ МАМАНДЫҚ

АЛИЕВА А.

оқушы, Б. Момышұлы атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

НУРКИНА Н. А.

аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Журналист – дара тұлға. Оның өзіндік пікірі, ойы, жазу стилі бар. Бастысы – журналист қашан да халық жаршысы, билік пен бұқара арасындағы көпірді жалғаушы, ұлт жанашыры. Журналистің қоғамдағы рөлі орасан зор деп толық айта аламыз. Журналист болу үшін адам бойында мынадай қасиеттер болу керек: әрбір жазғаның оқырманның жүрегіне жетуі тиіс; шындықты шырылдап, бұқараның базынасын билікке жеткізуі керек; ол барлық саладан хабардар болуы керек; адалдықты ұран етуі тиіс; сөз күдіреттілін ұғынуы керек.

Журналистің әр жұмыс күні сан түрлі оқиғаларға толы және оны алдын-ала болжау мүлде мүмкін емес, өйткені өмір жиі тосынсыялар жасайды, әдеттегі жай сапар сенсацияға айналып кетуі мүмкін. Қалам шеберінің күнделікті әр жұмыс күні бірқатар міндетті процестерді қамтиды. Ол халыққа жариялау үшін қызықты тақырыптар мен оқиғаларды іздейді. Ол үшін журналист баспасөз қызметтерін, әлеуметтік желілерді және интернетті үнемі қадағалап отырады. Қызықты оқиғаларды, олардың болған нақты күні мен орнын табу да маңызды. Ақпарат жинау мақсатында журналист оқиға орнына барады, ол жерде жай ғана қарап тұрмайды, қатысушыларға өзін қызықтыратын сұрақтар қояды. Бұл олардың мотивациясын, оқиғаның мақсатын анықтау үшін қажет. Жұмыстың бұл бөлігі өте қауіпті, өйткені оқиғаға қатысушылар көбінесе журналистерді көргеніне қуана бермейді. Сол жерде қиындықтар туындауы да мүмкін. Одан кейінгі жұмыс – жиналған материалды талдау, негізгі

ойлар мен деректерді анықтау. Содан соң оқиға туралы мәтін жазу. Мақала мүмкіндігінше объективті және ақпараттық сипатта болуы керек. Репортажды дайындау және түсініктеме беру жұмысы да оңай емес. Журналист кадрларды зерттейді, оны сипаттайды және маңызды сәттерді көрсете отырып, монтажға тікелей қатысады. Оқиғаларды фотофиксациялау да журналистиканың ерекше бір бөлігі болып табылады. Тек болған оқиғаны сипаттап қана қоймай, оқиға орнынан фото есеп беру де маңызды.

Журналист ретінде жұмыс істей отырып, сіз көптеген мәліметтерді ойластыруыңыз керек: сенімді ақпарат көздерін таңдау керек, кездесулер туралы келіссөздер жүргізіп, әртүрлі адамдармен сөйлесу қажет, олардың әрқайсысына жеке көзқарас таба білу керек, өйткені бәрі бірдей журналиспен байланысқа түсе бермейді. Сонымен қатар, материалды лайықты түрде бере білу де керек – редактор да, оқырмандар да қызығушылық танытып, соңына дейін оқитын материал болу керек. Сонымен қатар, оны әсірелемей немесе тым ерекшелемей, шынайы жазу керек.

Журналистерді, яғни БАҚ өкілдерін төртінші билік иесі деп атайды. Журналистер қоғамның өткір мәселелерін көтеріп, от пен су кешіп, тіпті өз бастарына қатер төндіріп те жүреді. Кей кездері ақпарат алу үшін күні бойы қандай да бір «ыстық нүктенің» ортасында, тапжылмай күтуге тура келеді. Журналистің жұмысы қызықты, бірақ қауіпті мамандықтардың бірі және кез-келген кездейсоқ жағдайларға толы. Қаншама журналистер осы мамандық иесі болып, тілімен сыбап өткір проблемамаларды айтқаны үшін қудалауға түсіп, өмірімен қош айтысты. Журналист болу үшін батыл болу керек. Журналистердің сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігіне шектеу жоқ деп айтылғанымен, қоғамдағы ащы шындықты ашық жариялайтын тілшілерді қудалау, заңды қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қолжетімділігін шектеу әрекеттері қай елде болса да көп кездеседі. Сонымен қатар, бүгінде журналистерге қастандық жасау, өлтіру мен қудалау тек қақтығыстар орын алған жерлерде ғана емес, бейбіт елдерде де өсіп келеді.

Журналист үнемі қақтығыстар мен кикілжіңдер қызып тұратын жерде, соғыс қимылдары жүргізілетін жерде, митингілер мен пікірталастар өткізілетін жерде жұмыс жасайды. Журналист, кейде тіпті өзі қаламаса да, соғыс, қақтығыстар ошағына түсіп, өмір мен өлімнің, от пен оқтың арасында жүреді. Статистика бойынша журналистер үшін ең қауіпті аймақтар – Азия, Латын Америкасы, Таяу Шығыс, Еуропа, Грузия, Хорватия, Ресей және Африка.

Өлімнен басқа, журналистер кәсіби міндеттерін орындау кезінде жарақаттау, ұрлау және қамауға алу сияқты әрекеттерге ұшырайды. Ауғанстан, Сомали, Конго, Ирак және Мексикада көптеген баспасөз қызметкерлері ұрланған. Бұл жиі кездесетін жағдай болған.

Әлемде журналистердің өлімі де жиі кездеседі. Террористік актілерде қаза тапқан журналистердің үлесі он пайызды құрайды. Статистикаға сәйкес, бүгінде әлемде аптасына екі журналист қайтыс болады. Бұл Женевада көпшілік назарына ұсынылған ақпарат. Жыл сайын әлемде әртүрлі себептермен жүзден астам журналист қайтыс болады. ЮНЕСКО мен Халықаралық журналистер федерациясының статистикасы тарихта бұқаралық ақпарат құралдары қазіргідей ешқашан қысым мен зорлық-зомбылыққа ұшырамағанын айтады. Соңғы 20 жылда 3000-ға жуық журналист қайтыс болған. Журналистердің өлімі бойынша әлемде Ирак көш бастап тұр. Ол елде 2006-2012 жылдары 87 журналист қаза тапса, екінші орында – Филиппин (56), үшінші орында Мексика (40) тұр. Бұл соғыс жүріп жатқан немесе нашақорлық пен террористерге қарсы күрес жүріп жатқан жерде ғана емес, бейбіт өмірде де кездесіп жатқан оқиға. Осыдан кейін неге қарапайым болып көрінетін осы істе кәсіби өлім көп деген сұрақ туындайды. Бейбіт уақытта да бұл статистика азаймай отыр, себебі журналистика – белгілі бір сұрақ пен ақпаратқа әр түрлі жауап беретін әр түрлі адамдармен үнемі пікірталасқа түсуге байланысты қауіпті мамандық. Бірақ, ең өкініштісі – көбінесе журналистерді өлтіру, оларға қастық жасау әрекеттері жазасыз қалады. Қарулы қақтығыстарда, соғыстарда сарбаздар журналистерге қарағанда жиі өледі, ол шындық. Бірақ, журналистердің сарбаздардан айырмашылығы – олар мүлдем қорғалмайды, ал олардың бар қарулары – дәптер мен қалам.

Журналистер көбінесе террористік актілер нәтижесінде қаза табады, оларды ұрлауы, ауыр жарақат салуы және басқа қастандық жасалуы мүмкін. Бір қарағанда журналистің жұмысы қызықты әрі қарапайым болып көрінеді. Мысалы, журналист оқиға орнына барады, ол жерде қызықты адамдармен сөйлеседі, содан кейін бұл туралы халыққа айтады, ақпарат береді. Мұның несі қиын болуы мүмкін деп ойлайсыз. Бірақ бұл мамандықты әлі жақынырақ білмеген адамға ғана осылай көрінуі мүмкін. Сырт қарағанда өте қызықты мамандық секілді, бірақ қауіп-қатер өте көп кездеседі, кейде тіпті аяқ астынан да болады.

Көптеген митингілер мен наразылық акцияларында журналистерге дене жарақаты, қоқан-лоққы көрсету, ұрып-

соғу, тағы басқа да қауіп төнеді, өйткені олар беретін ақпарат кейбір адамдар үшін тиімсіз, қолайсыз болады. Бұқаралық ақпарат құралдары халыққа қоғамдық маңызы бар ақпаратты жеткізуде ерекше миссияға ие. Кейбір шенеуніктерге немесе саяси қайраткерлерге арналған кейбір ақпарат оларды айыптап, олардың өзіншіл мақсаттарын ашып көрсетуі мүмкін. Немесе басшылардың жағымсыз әрекеттері әшкереленуі де мүмкін. Осы жерде бірнеше тараптың қақтығысы болады. Бір жағынан, шынайы ақпаратты іздейтін және тарататын журналистер, бір жағынан шындықты білуге құқылы халық және осы шындыққа кедергі келтіретін адамдар. Осы ретте халық нақты мәліметтер, маңызды ақпараттар туралы білмеуі үшін журналистерге шабуылдар жасалады, қоқан-лоққы көрсетіледі, олардың кеңселеріне заңсыз кіреді, қастандық жасайды.

Бірақ барлық жағдайларда да журналистердің ісі дұрыс бола бермейді. Журналист заңға, журналистік этикаға сәйкес жұмыс жасауы қажет, ол адамның жеке өміріне қатысты, ар-намысты, қадір-қасиетті қорлайтын іс жасамауы қажет, жеке немесе заңды тұлғаның іскерлік беделіне нұқсан келетін жалған ақпарат бермеуі тиіс, журналист өз қызметін құқықтық реттеудің қандай ерекшеліктері бар екенін білуі керек.

Осындай қауіп-қатерлерден басқа, журналистердің темір торға түсетін де жайттары көп кездеседі. Әлем бойынша деректер келтіретін болсақ, журналистердің өз жұмысы үшін темір торға түсу саны бойынша елдердің алғашқы бестігіне Қытай (52), Түркия (43), Сирия (24), Иран (23) және Вьетнам (19) кіреді екен. Сонымен қатар, Түркияны RSF «кәсіби журналистер үшін ең үлкен түрме» деп атайды. Түрмеге тоғытылу себепері де сан алуан. Көбінесе терроризмге айып тағу, Үкіметке түрлі сын айту немесе шифрланған мессенджерлерді пайдалану, жеке тұлғаның өміріне қатысты жеке мәліметтерді жариялау немесе этика сақтамау, біреуге жала жабу, т.б. себептер болып табылады. Ал бір қызықты мәлімет – Мароккода 2016 жылы түрмеде бірде-бір журналист болмаған екен.

Қазақстандағы журналист мамандардың қауіпсіздігі туралы айтар болсақ, осы ретте жазушы, ғалым Сапабек Әсіпұлының мына сөзін келтіруге болады: «Қазақстанның құқық орындары журналистерге қарсы бағытталған қылмыстардың бәрін олардың кәсіби қызметіне байланыстырудан қашады, керісінше, ол оқиғаларды әдеттегі қылмыс ретінде қарауға тырысады. Журналист болу қиын. Қазақстанда журналист мамандығы өмірге қауіпті

кәсіпке айналып отыр, мұны мойындағанымыз жөн. Себебі біздің де елімізде журналистерге жасалған қастандықтардың көрсеткіші бар. ЮНЕСКО тегіннен-тегін журналисті әлемдегі қауіпті сегіз мамандықтың қатарына қосып отырған жоқ. Журналистика – қауіпті мамандық. Керек кезінде керекті жерінде табылып, от пен судың ортасында жүретін тілшілердің ісін неге бағаламаймыз? Сондықтан осы бір қауіпті әрі жауапты мамандықты меңгеріп жүрген журналистер қауымына тиісінше құрмет көрсетілуі керек деп ойлаймын»[1].

Қазақстанда да өз мамандығына байланысты басын қатерге тігіп жүрген журналистер аз емес. Олар туралы да көп ақпарат беруге болады. Мысалы, «Общественная позиция» тәуелсіз газетінің тілшісі Бақытжан Нұрпейісов соққыға жығылған. «Тасжарған» оппозициялық газетінің тілшісі Артем Миусов жаңа жыл қарсаңында соққыға жығылған, пышақталған. Ал «Азаттық» сайтының редакторы Ермек Болтай мен Бақытжан Нұрпейісов қастандыққа ұшыраған. Осы секілді мәліметтерді көп келтіруге болады.

Қорқыту, үркіту арқылы ауызға қақпақ қою, қатардан шығаруға ұмтылу – біздің қоғамдағы келеңсіз тенденция екені анық. Бұл ретте, сарапшылар «БАҚ туралы» Заңға «журналистердің өзінің, отбасы мүшелерінің өмірі заңмен қорғалады» деген бап енгізілуі керек деген ұсыныс жасады. Өйткені журналистер де төтенше жағдай қызметкерлерімен бірдей өте қауіпті жерлерде, яғни шеруде, жер сілкінісінде, өртте және тағы басқа жағдайларда жүріп, басын қатерге тігеді. Бұл жерде адамның жүйкесіне, жүрегіне үлкен салмақ түседі. Кешегі пандемия кезінде де журналистер өз өмірлеріне төнген қауіпке қарамай, қоғамдық орындардан ақпарат таратып отырды. Бірақ олардың міндеттемелері көп те, құқықтары аз. Сондықтан журналистер қауымына құқықтық, қауіпсіздік, әлеуметтік жағынан кепілдіктер болу керек.

Қорыта айтар болсақ, бұл қауіпті мамандықтардың бірі. Бірақ, қандай жағдай болмасын, қауіпті іссапарда болса да, штаттан тыс жағдайға тап болса да, қандай қауіпті мамандық болса да, журналистер өз кәсібіне адал болуы керек. Журналистік этика сақталуы керек, келеңсіз жағдайларға тап болған адамдарға көмек қолын созулары керек. Әрбір журналистің осы жағдайдағы борышы – оның жеке қауіпсіздігі ғана емес, сонымен қатар әріптестерінің, солармен бірге өзіне мүлдем бейтаныс адамдардың қауіпсіздігі, немқұрайлылық көрсетпеу. Осындай жағдайларда өзін қалай

ұстау керектігін және тапсырманы қалай орындау керектігін білу маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алаш айнасы. 23.03.2023ж.
- 2 Азаттық радиосы. 13.02.2009ж.
- 3 Білім айнасы. Интернет парақша
- 4 Егемен Қазақстан. 29.11.2022ж.

FEATURES OF COLLOQUIAL LANGUAGE USAGE IN THE BRITISH PRESS

KAPEN Z.E., SURTAY A.E.

Students of the 10th grade of the specialized school-lyceum
«Zhas daryn», Pavlodar

Language is constantly evolving and changing, and most frequently linguistic norms do not keep up with these changes. It is often in the media space that all the changes in the language are vividly reflected. One of the implications of such a tendency is the use of colloquialisms in newspapers of various levels. In modern press reduced vocabulary, which is not the norm for a journalistic style, appears in periodicals. Such analysis of the use of colloquialisms in the media would allow us to trace changes in the norms of vocabulary use. The purpose of this work is to examine cases of colloquial language usage and to identify the features of their use in the British press. Accordingly, the following tasks are built:

- 1) Study the literature on the subject of colloquialisms;
- 2) Select cases of the use of colloquialisms in the British press;
- 3) Identify the features of colloquialism usage.

Speaking about the novelty, this work is the first to compare the features of the use of colloquialisms in the British press. The relevance and practical significance of the work is the exploration of colloquial vocabulary that is used in the media. In newspaper headlines, as well as in articles colloquialisms are used as a powerful tool for expressing one's viewpoint. This research makes it possible to understand the perception of the surrounding world from the perspective of a foreign culture. Subsequently, the study of the colloquialisms features in the press will allow us to determine the degree of this stylistic tool usage.

Nowadays, reduced colloquial vocabulary is widespread and understood almost as well as neutral. Although it is not recognized by

normative dictionaries, today it is an active component of the language. Faster than other layers, colloquial vocabulary reflects the general trend of maximum conciseness of feeling in a word – brevity. In such an increased emotional communication, the efficiency that clichés give is important. There is a consolidation of lexical (informational) units – colloquial vocabulary “prefers” short words, relative thoughtlessness and often the symbolism of their use. [1]

Newspapers and magazines play a very important role in a person's life. They help us navigate the reality around us, provide information about events and facts. The words of the American author Brian Smith sound very relevant nowadays: “All I know is what I see in the newspapers. A good reader can learn from newspapers in just a year everything that most people learn during the years spent in libraries.” [2, p.354].

The features of the modern media language, the meaning of certain thematic layers, genres, and plots in the press are connected with the multilateral processes of urbanization. Newspaper materials contain not only the vocabulary inherent in this particular functional style, they contain special speech phenomena dictated by socio-economic, political and cultural conditions of regional life.

The language of mass media is characterized by richness, variability, symbolism, manipulateness, which is determined by the need to express the assessment and formation of public views and attitudes to the events covered. Political media texts, the purpose of which is agitation, propaganda and influence on the perception of the audience, must invariably have all of the above characteristics. In this regard, these contexts differ in brightness, imagery, evaluativeness and consistent tendency of persuasion. One of the means to achieve these distinctive features is the use of colloquial vocabulary.

It should be noted that the frequency of using stylistically reduced tokens depends on the heading and section of the newspaper. Thus, colloquial vocabulary is often used in reviews of films and performances, in articles about stars, especially musicians, in some cases in the form of quoting the words of respondents. [2, p.355]

In the English press, colloquial vocabulary, being a distinctive feature of informal communication, is increasingly used in various types of discourse, in particular on the pages of such serious British newspapers as *The Times* and *The Guardian*. This is evidenced by the analysis of more than 5,000 media contexts of the functioning of colloquially labeled lexical units. Quantitative and qualitative analysis of newspaper vocabulary revealed a higher percentage of numerals and, in

general, words related to the lexico-grammatical field of plurality, as well as an abundance of dates, compared with other styles. A characteristic feature of newspaper vocabulary is a large number of socio-political terms. A striking feature of the newspaper style is the frequent use of international words. The most characteristic ways of forming neologisms in the language of an English newspaper are word formation (word composition, affixation, conversion, abbreviations), changing the meanings of words and borrowing from other languages. The presence of colloquial labeling of words is revealed at the level of the definition of the lexeme represented by the English-English dictionary if there is a mark in the definition “(very) informal”, “(mainly) spoken”, “slang”, “vulgar”. [3, p.58]

Colloquialism [lat. colloqui – to speak] - a word or expression used only in a spoken context.

Vernaculars are words, expressions and phrases used in a literary language, as well as in a simple casual speech, usually for the purpose of a reduced, rough characterization of the subject. The term “vernacular” was introduced by Dmitry Ushakov in the meaning of “the speech of the uneducated and semi-educated urban population who do not know literary norms.” Sometimes such words are used intentionally, for example, by politicians or high-ranking officials in order to find a common language with the target audience. [4]

The English vernacular is considered as a complex lexico-semantic category – a certain fragment of the national composition of the language. In other words, it is a hierarchical whole that is ordered in a certain way and has a common structure, representing a set of socially determined lexical systems and stylistically reduced lexical layers (“low” colloquialisms, slangisms, vulgarisms). With the traditional approach to the consideration of language forms, all non-standard English vocabulary is divided into “low” colloquialisms, general slangisms, special slangisms (jargonisms) and vulgarisms. In addition to the above lexical layers, there are other forms of the existence of the vernacular, such as: social dialects, argot (kent), professional and corporate jargons, etc. [2, p.353]

Compared to territorial dialects, vernaculars are not localized in any geographical framework. Meanwhile, comparing to the literary language (including colloquial speech — its variety) they differ with uncodification, profanity, and the mixed nature of the used language means.

In the modern vernacular system, there are two time layers distinguished — a layer of old, traditional means that clearly reveal their

dialectal origin, and a layer of relatively new means that came into the vernacular mainly from social jargon.

As it was mentioned previously, there are three layers of non-standard vocabulary:

Reduced colloquialisms. For example, “poppycock” = something ridiculous and possibly untrue.

Slangisms are not necessarily understood by everyone. They are subdivided depending on the sphere of use. For example, such general slangisms as dude (young man) or chick (young woman) are generally used by youngsters, yet are not familiar to the older generation. Special slangisms include corporate and professional jargon words, for example, ballpark = an acceptable range in the amount or number of something when you do not know or cannot agree on an exact amount or number; pro-choice = a person who is in favor of a woman’s right to choose abortion or not.

Vulgarisms are generally used for intensifying, exclaiming or scolding. For example, cattle – the mass of people (contemptuous term). [2, p 357]

To study the use of colloquialisms in the press, we selected 21 examples of reduced vocabulary. Each category includes 7 words. These expressions were reviewed in the following publications: The Guardian (online version of the newspaper), The Sun, Daily Mail and The BBC (news website). We investigated the releases of the last three months

Based on our research we discovered that The Guardian covers mainly political news, whereas The Sun specializes in celebrities, movies, etc. In turn, Daily Mail and The BBC publish all kinds of news.

The results of calculating the frequency of colloquialisms in these publications are presented below. In terms of the frequency aspect, the outcome is heterogeneous. Prior to the study, we assumed that colloquialisms would be more common in tabloids. In practice, it turned out that:

Bitch, how come, hole – do not have any definite trend;

Cuz, ain’t, kid, wanna , gonna, tommyrot, wasted – more often used in tabloids. Apart from that, it is noticeable that tabloids frequently involve abbreviations, for example, “want to” is replaced with “wanna”, “because” - “cuz”;

Movie, bamboozle - more common in The Guardian and BBC news sites;

Guts, nut, perch - used roughly equal in all newspapers and magazines.

Table 1

Word	The Guardian	BBC	The Sun	Daily Mail
Ain't (reduced colloquialism)	2	3	4	8
Ass (vulgarism)	9	12	6	10
Bamboozle (slangism)	7	5	3	5
Bitch (vulgarism)	3	6	2	6
Cuz (reduced colloquialism)	1	2	2	7
Gonna (reduced colloquialism)	4	2	2	6
Guts (slangism)	2	2	1	3
Hole (vulgarism)	6	9	2	8
How come (slangism)	3	3	-	5
Junkie (reduced colloquialism)	7	6	4	5
Kid (slangism)	2	1	4	5
Movie (slangism)	6	8	1	4
Nut (slangism)	5	6	5	5
Perch (reduced colloquialism)	7	6	8	7
Screw (vulgarism)	6	3	7	6
Shit (vulgarism)	4	6	9	7
Sod (vulgarism)	3	4	6	7
Tommyrot (slangism)	1	-	1	3
Wanna (reduced colloquialism)	5	3	3	7
Wasted (reduced colloquialism)	3	4	15	10
Whore (vulgarism)	2	4	9	8

Conclusion

The majority of central newspapers' language is freed from the limits of the standard, and its lexicon is extremely diverse in various terms. Firstly, the vocabulary of newspaper texts differs thematically: on the pages of journalistic materials there are socio-political, scientific, business vocabulary, etc. Secondly, it is heterogeneous in its stylistic composition: colloquial, vernacular, humorous, etc.

The lexical system of newspaper-journalistic style is open, which explains its active interaction with elements of oral speech. Due to the use of spoken language in the press, which is familiar and relatable to everyone, the reader feels a sense of belonging to all the events that take place, thereby getting more and more involved in them. Accordingly, the literary language, functioning on the pages of newspapers, acquires specific features of an average reader's language.

REFERENCES

- 1 <http://study-english.info/article071.php>
- 2 Smetankina D.V. "The problem of translating colloquial and reduced vocabulary in a journalistic text" – Вестник РГЭУ, 2012. – p.353-359.
- 3 "Modern discourse analysis" – № 3. – Белгород: Политеппа, 2018. – p.256.
- 4 <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B5%D1%87%D0%B8%D0%B5>

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И БУДУЩЕЕ ЖУРНАЛИСТИКИ

КАДЫРХАНОВ Ф. О.
учитель, английский язык, СОШ № 14, г. Павлодар
ПАВИНА А. С.
ученица, 10 А класс, СОШ № 14, г. Павлодар

XXI век – век современных информационных технологии и век использования огромного медиа ресурсов для коммуникации. Прямое развитие и использование новых и наиболее актуальных информационно-коммуникационных технологий охватывает весь мир. Данную эпоху называют эпохой глобализации, а ее развитие эпохой процесса глобализации Глобализация (globalization) – согласно определению, данным социологическим словарем – это процесс, в ходе которого мир превращается, как утверждается, в единую глобальную систему [1]. Экономическое, культурное, политическое, технологическое проявление процесса глобализации отражается в разной степени почти на всех сферах жизни. Вместе с развитием технологий ускоряется ход жизни: мир становится более динамичным, мобильным, быстрым и упрощенным, а жизнь людей уже немыслима без технологий, рожденными

эпохой глобализации. Современный мир – это эпоха, в которой, благодаря новым коммуникативным технологиям, приоритетна роль информации – простой, доступной, мобильной, оперативной и нужной. Цель данной статьи – вывить и описать тенденции развития журналистики XXI века, сформировавшиеся в эпоху информационно-коммуникационных технологий. В своей работе «Интернет-СМИ как фактор информационного общества» А. Старков указывает на то, что интернет стал особой сферой сосредоточения информации, феноменом ИКТ, посредством которого передается огромный объем данных, способный удовлетворять любые интересы аудитории и представляющий неограниченные возможности для СМИ оперативно работать с информацией [2].

Возьмем, к примеру, камеру Speed Graphic, которая была стандартной продукцией для фотокорреспондентов с начала 1900-х до конца 1950-х годов. Затем появились новые улучшенные 35-мм камеры, которые до недавнего времени были обычным явлением в отделах новостей. Сегодня «камера», используемая многими журналистами, — это смартфон, который снимает видео, а также фотографии, и может использоваться для записи интервью, делать заметки и связывать репортеров на местах с редакторами и источниками. Другими словами, эта последняя версия «камеры» изменила не только наше представление о фотографии, но и то, как мы собираем и распространяем новости. Раньше требовалось время, чтобы новая технология получила широкое распространение. Но с приходом цифровой революции темпы изменений ускорились, поскольку как новые, так и старые технологии адаптируются для многократного использования. В средние века городские глашатаи были главным средством передачи новостей. Королевские прокламации, местные постановления, базарные дни и реклама товаров — все это провозглашалось посыльным или глашатаем, передвигавшимся по окрестностям. Гутенберг изменил все это, представив в Европе в 15 веке печатный станок и наборный шрифт, что привело к подъему издательской индустрии. Затем наступила эра вещания и в 20 веке появилась передача новостей по воздуху. К концу 1990-х годов в 98 процентах домов в США был хотя бы один телевизор, и эти телевизоры работали в среднем более семи часов в день. Тем не менее, сцена уже была готова для самых прорывных технологических инноваций. Двоичный код, приведший в действие цифровую революцию, — последовательность нулей и единиц — преобразит и изменит медиаландшафт 21 века.

Виртуальная реальность. VR — это интерактивная искусственная среда, созданная компьютером. Самая простая форма — это трехмерное изображение на персональном компьютере, которым можно управлять с помощью мыши, что позволяет пользователям увеличивать или уменьшать масштаб или просматривать изображение с нескольких точек зрения. Более сложные усилия включают в себя головные уборы с круглыми экранами и настоящие комнаты, дополненные носимыми компьютерами. Виртуальная реальность в основном воспринимается двумя из пяти чувств: зрением и слухом. Тактильные устройства, такие как костюмы, перчатки и джойстики, добавляют ощущение прикосновения и позволяют пользователю также чувствовать изображения. VR широко используется в искусстве, музыке, кино, видеоиграх, а также в рекламе. Крупные новостные организации, такие как The New York Times, также включили виртуальную реальность в свои ежедневные новостные потоки. The Times выпустила более двух десятков фильмов и документальных фильмов, дополненных виртуальной реальностью, и представила серию под названием Daily 360, которая создает видео из разных уголков мира, включая зоны боевых действий. Фильмы в виртуальной реальности можно смотреть на Google Cardboard или в приложениях для смартфонов. Аналогичным образом дополненная реальность представляет собой набор технологий, которые накладывают цифровые данные и изображения на физический мир. AR уже широко используется в социальных сетях, а также используется вместе с VR в крупных новостных организациях, таких как The New York Times. По словам Д'Воркина, включение как виртуальной, так и дополненной реальности в ежедневные новостные ленты требует «значительного изменения мышления» и значительных инвестиций в технологии. Таким образом, стоимость является основным препятствием для более широкого внедрения этих двух технологий в небольших новостных агентствах.

Блокчейн: Из всех новых и появляющихся технологий блокчейн, пожалуй, наименее понятен и наименее используется медиа-компаниями. Большинство из нас знает блокчейн как технологию, позволяющую торговать криптовалютами, такими как биткойн, в Интернете. Блокчейн — это общий неизменяемый реестр для записи истории транзакций. Он способствует появлению нового поколения транзакционных приложений, которые обеспечивают подотчетность и прозрачность контрактов, сделок и платежей. В

результате технология блокчейна уже широко используется во многих секторах бизнеса и промышленности. В медиапространстве есть несколько интересных стартапов, использующих блокчейн.

Промопост. Наиболее распространённым методом современной журналистики является новостной пост в социальной сети. Также его называют промопост. Данный метод является популярным, удобным и охват данного поста будет масштабным. Промопост идеально подходит под перевернутую пирамиду журналистики (Рисунок 1). Преимуществами данного метода являются: громкое название, визуализация (фото, видео), распространение с помощью репостов или же рекламы, окупаемость продвижения и самое главное это и есть современная тенденция журналистики. Все возрастные группы людей используют социальные сети в повседневной жизни, при этом по несколько часов в день, и они являются идеальными читателями и зрителями для публикаций постов, статей и блогов. Так как они сидят в социальных сетях, чтобы скоротать свое время. Использование кликбейта поспособствует к развитию у них интереса к чтению. На рисунке 2 наше видение современной статьи или промоста в социальной сети по содержанию. Почему же основную и наиболее важную информацию мы так сокращаем или же прячем. Для того что охват поста может быть большим и это наша главная цель, для этого мы используем кликбейт или же catchy headline (громкий заголовок) для привлечения внимания. Затем пользователь ознакоми́вается с деталями это могут быть: способы, методы, плюсы или минусы чего-либо, тем самым даем возможность погрузиться в тематику статьи или поста.

Что это значит для будущего журналистики? Инфографика – одно из успешных направлений в современной журналистике. Создается с помощью фотографий, рисунков, графиков, диаграмм, картосхем и других иллюстраций. Это очень эффективный способ о чем-то рассказывать, показывая и подавая факты. «Ценность инфографики заключается в том, что она позволяет представить серьезный объем полезной или важной информации для пользователя в максимально удобном и простом виде», – считает А.Новичков, руководитель отдела инфографики РИА-Новости [3].

В этом постоянно меняющемся ландшафте, пожалуй, лучше всего резюмировал покойный писатель-фантаст Айзек Азимов: «Именно изменения, продолжающиеся изменения, неизбежные изменения являются доминирующим фактором в современном обществе. Ни одно разумное решение больше не может быть

принято без рассмотрения не только мира, как он есть, но и мира, каким он будет».

Суммируя все перечисленное наиболее актуальным являются промопосты в современной журналистике. Данные посты имеют широкий охват, легок в продвижении, доступны репосты и самое главное получаем feedback (обратную связь) с аудиторией в комментариях.

Современные медиатехнологии повышают рейтинг издания и увеличивают аудиторию за счет качественного контента, предложения информации по одной теме в разных медиаформатах, вещания на разных языках, интерактива доступной формы и возможности пользователю самому стать участником информационного процесса. Технологии интернета таким образом позволяют расширять информационное пространство и увеличивать аудиторию (пользователей). Сетевые технологии породили как совершенно иной тип журналистики – конвергентную журналистику, так и новые разновидности СМИ – интернет-СМИ, мобильные СМИ, интернет-телевидение, таким образом, расширив границы системы СМИ и медиополя в целом.




Рисунок 1

Рисунок 2

ЛИТЕРАТУРА

Социологический словарь // URL: http://sociological_dictionary.academic.ru/129/
ГЛОБАЛИЗАЦИЯ

Старков А.А. Интернет-СМИ как фактор информационного общества // Актуальные проблемы журналистики в условиях глобализации информационного пространства. Вып. 1. – Челябинск: «Изд-во РЕКПОЛ», 2007. – С.122.

Виды инфографики. – URL: <http://comagency.ru/vidy-infografiki> (дата обращения: 2.04.2015.).

**Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
Гуманитарные и социальные науки**

Секция 5

**Философия, саясаттану және әлеуметтану
ғылымдарының өзекті мәселелері
Актуальные вопросы философии,
политологии и социологии**

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ**

АБЛАЙҰЛЫ А.

оқушы, 6-сынып, № 25 орта мектебі, Павлодар қ.

ӘЗІМХАН Б.

оқушы, 9-сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

АЗИМХАН А.

Павлодар ауданы білім беру бөлімінің, Балалар өнер мектебінің оқу-ісі
жөніндегі басшы орынбасары, Павлодар қ.

Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру жұрттың, көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған.

М. Әуезов

Ұлттық ойын арқылы баланың шығармашылық қабілеттері мен мінез ерекшеліктерін дамыту – қазіргі қоғам үшін де өзекті мәселе.

Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы - дене бітімін жетілдірсе, іс әрекеттегі амал-тәсілдері - ой сананың дамуына ықпал етсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары - өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуге әсер етсе, осының бәрі тұтаса келіп жеке тұлғаның пішін болмысына, кісілік келбетіне, көзқарас нышандарының өркендеуіне жол ашады. Ұлттық ойындар арқылы баланың қабілеті мен мінезін, ақыл-ойын, қиялын, есте сақтағыштығын, тапқырлығын, яғни дербестігін демеп, оны ілгері дамытуға болады.

Ұлттық ойындар арқылы баланың қабілеті мен мінезін, яғни дербестігін демеп, оны ілгері дамытуға болады. Ұлттық ойындар - ата-бабамыздан бізге жеткен, өткені мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін

ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өмірімен ұштаса береді.

Біздің мақсатымыз - әртүрлі ұлттық ойындардың әлеуметтік-психологиялық мәнін ашу.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының мазмұны, тілі мектепке дейінгі жастағылардың таным-түсінігіне үйлесімді. Сондықтан ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып халықпен бірге жасауда. Бала жасының өсуі, қоршаған айналасын тануы, түсінік деңгейінің кеңеюінде ойынның күрделенуінің де әсері мол.

Ойын арқылы баланың дербестігін демеп, оны ілгері дамытуға деген тәрбие саласындағы тиімді әдіс екендігі анық.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптары негізінде дамыған алуан түрлі ұлттық ойындары көшпелі өмірге, дала табиғатына сай дами берді. Әртүрлі өнер белгілі бір жүйеленген ортада көріне алмағандықтан, театры жоқ елдің театр орнына көретін сауығы - еңбек мерекелері мен қыз ұзату, бала сүндеттеу, ас беру сияқты шаралардың арқауы ән мен күй, драмалық элементке жататын халық ойындары болғаны даусыз. Сонымен қатар төрт түлікке байланысты ұлттық ойындар да бала тәрбиесіне әсер етіп, көңілін сергек етіп өсіреді. Көбінесе жас өспірімдерді ынтықтыратын ойындар: «Аңшылар», «Қара сиыр», «Түйе мен бота», «Соқыр теке», «Қасқыр мен қоян».

Қандай да ұлттық ойындарды алатын болсақ баланың жеке басын тәрбиелеудің, олардың адамгершілік қасиеттерін: адалдығын, шыншылдығын, ұстамдылығын, тәртіптілігін, жолдастық сезімін дамытудың бағалы құралы ретінде пайдалана аламыз. Мысалы, «Алаңдағы қасқыр», «Батыл балалар», «Аңшылар» және т.б. ойындар балалардың аралықты көзбен мөлшерлеп, бағалау, әрекет етудің жақсы әдісін өз бетінше таңдап алу қабілетін қалыптастырады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының қай-қайсысы болмасын әлеуметтік-педагогикалық белгілі бір мақсатқа негізделіп келеді. Қай халықтың ойыны болса да оның негізінде ұжымдық, топтасып ойнау мақсаты болса, қазақ ойындарында белгілі бір әлеуметтік мақсат пен тәрбиелік ниет астасып жатады. Солардың қайсысы болмасын адамның жасампаз қиялын оятып, өнерге үндеп, өз жанынан суырып салып айтуға, жаңалыққа еркін ойға жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда, әр ойынның ойналатын өзіндік орыны, көздейтін мақсаты бар.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу қыз қуу, алтын қабақ ату, жамбы ату т.б. спорттық сипатпен бірге

үлкен тәрбиелік маңызға ие болды. Бұл ойындардың бәрі де атпен ойналатын ойын болғандықтан, оларға күн ілгері орасан зор әзірлік, мұқият даярлық керек болды. Сол даярлықтың басы- қасында болған жас баладан бастап, бозбалалар мен жігіт ағалары, атбегілері мен ауыл ақсақалдары болып түгел қатынасатын. Жоғарыда аталған ойын түрлері мен бәйгенің алуан түрлеріне қосылатын аттар, оған мінгізілетін балалар, балуандар, көкпаршылар, қыз қууға қатынасатын қыз бен жігіттер ауыл ақсақалдарының алқасында талқыланып, солардың ұйғаруы бойынша қатынасуға мүмкіншілік алатын болған. Бұл, бір жағынан, халықтық тәлім-тәрбиенің маңызын арттырса, екінші жағынан, үлкендерге деген ілтипат пен сенімді, басқанын пікірімен санаса білуді үйретеді, үшіншіден, жеңіске деген құлшынысты туғызып, баланың ақыл-ойын, қиялын ұштайды, көпшіліктің үмітін ақтауға деген жауапкершілігін шындай түседі.

Жоғарыда айтылған ойларымыз ойын теориясы мен маңыздылығына қатысты ғылыми ойлар. Ал, шынайы өмірде біз ұлттық ойындарды қандай деңгейде білеміз, қандай деңгейде қолданып жүрміз деген сұрақтарға жауап іздеу мақсатында Назарбаев зияткерлік мектептебіндегі жоғарығы сынып оқушыларына әлеуметтік сауалнама жүргізген едік. Сауалнамаға 10,11-сыныптардан 72 оқушы қатысты. Сауалнаманың мақсаты: қазақтың ұлттық ойындары турлы жалпы түсініктерін анықтау. Әлеуметтік сауалнамаға төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. «Ұлттық ойын» деген ұғымды қалай түсінесіздер ?
 2. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білдіңіз ?
 3. Қазақтың ұлттық ойындары туралы кімнен және қайдан білдіңіз ?
 4. Қандай ұлттық ойындарды ойнай аласыз ?
 5. Қазақтың спорттық ұлттық ойындарын атаңыз ?
 6. Асық және тоғыз құмалақ ойындарын ойнай аласыз ба?
 7. Қазақтың ұлттық ойындары туралы кітабыңыз бар ма ?
 8. Қандай пәнді оқытқанда мұғалімдер ұлттық ойындар ойнатты ?
 9. Қандай ұлттық ойындардың шарты мен мазмұнын білесіз ?
 10. Қазақ халқының арасынан неге батырлар көп шыққан ?
- Негізінен, сауалнаманың ықтимал дұрыс жауаптары төмендегідей болу керек еді:

Бірінші сұраққа жауаптар: «Ұлттық ойын» ұғымына анықтама бере алмаймын»; «Ұлт ойыны» қазақ халқының ойыны; «Ұлттық

ойын» балалар ойнайтын ойын»; «Ұлттық ойын - балалар қызығып ойнайтын ойын» т.б.

Екінші сұраққа жауаптар: Қазақтың «Көкпар»; «Аударыспақ»; «Арқан тарту» ойындарын білем; Қазақтың «күрес» ойынын білемін; Қазақтың «Ақ сандық, көк сандық» ойынын білемін; «Жүзік салу» және қазақтың «күрес» ойынын білемін; «Жасырынбақ» ойынын білемін; «Ақсүйек», «Көкпар» ойындарын білемін; «Асық» ойынын, «Тоғызқұмалақ» т.б. ойындарын білемін.

Үшінші сұраққа жауаптар: «Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі» сабағынан білеміз»; «Қазақтың ұлттық ойындарын тойларда көрдім; «Қазақтың ұлттық ойындарын телевизордан көрдім»; «Қазақтың ұлттық ойындарын «Ұлан» газетінен оқығанмын» т.б.

Төртінші жауаптар: «Асық ойындарын», «Арқан тартуды», «Жүзік салуды», «Жасырынбақ ойыны», «Ақ сүйек», «Күрес», «Ханталапай», «Сақина салу», «Дойбы» т.б.

Бесінші сұраққа жауаптар: «Спорттық ойындар», «Қазақша күрес», «Көкпар», «Тоғызқұмалақ» ойынын ойнағым келеді»; «Тоғызқұмалақ» ойынын үйренгім келеді», «Асық» және «Тоғызқұмалақ» ойынын өте жақсы ойнаймын», «Тоғызқұмалақ ойынын білмеймін, бірақ асықты жақсы ойнаймын» т.б.

Жетінші сұраққа жауаптар: «Қазақтың ұлттық ойыны туралы кітап көрген емеспін», Қазақтың ұлттық ойыны туралы «Кел, ойнайық» атты кітапты мектеп кітапханасында көрдім. Оқыдым, мені өте қызықтырды»; Қазақтың ұлттық ойындары туралы кітабым жоқ, мен «Зерде» журналынан ойындарды оқығам» т.б.

Сегізінші сұраққа жауаптар: «Денешынықтыру сабағында ағай «Арқан тарту» ойынын ойнатты»; «Дүниетану сабағында ұлттық ойын ойнадық»; «Қазақ тілі сабағында ойын ойнадық»; «Денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындар ойнадық» т.б.

Тоғызыншы сұраққа жауаптар: «Көкпардың» шартын білем; «Арқан тарту» ойынының шартын білем; «Жүзік салу» ойынының мазмұны мен шартын білем» т.б.

Оныншы сұраққа жауаптар: «Қазақ халқы табиғатынан батыр халық»; «Батырлар ертеде көп болған»; «Батыр болу адамның тегіне байланысты сияқты»; Батырлар көп шығуының себебі ол кезде соғыстар көп болған» т.б.

Әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы:

Алынған жауаптардан барлық жоғары сынып оқушыларының «ұлттық ойын» ұғымының түсініктемесін дұрыс айта алмағанын

білдік. Қазақтың ұлттық ойындары туралы оқушылар ата-аналарынан естімегенін, тек кейбір ойындар туралы дене тәрбиесі мұғалімдерінен ғана естіп білгендерін анықтадық.

Оқушылар қазақтың ұлттық ойындарының аттарын аз білетін, оның өзінде де білген ойындарының толық мазмұнын, шарты мен ережелерін айта алмағандарын анықтадық. Сондай-ақ оқушылар 2-3 ғана ұлттық ойындарды ойнай алатынын айтты. Ал қазақтың спорттық ұлттық ойындарынан «Ат жарыс», «Көкпар» және «Қазақша күрес» туралы білетіндерін айтты.

Асық ойынының 2-3 түрін білетіні, ал сұралған оқушылардың көпшілігі тоғыз құмалақ ойынын ойнай алмайтындарын айтты. Сонымен бірге, ұлттық ойындар жайында жазылған еңбектердің мектеп өмірінде кездеспейтінін жазған. Рас, мектептегі оқушы қауымы үшін қазақтың ұлттық ойындары жинақталған арнайы энциклопедия жоқ. Тек жеке авторлардың жеке-жеке бағытта жазған еңбектері бар. Енді солардың біразын қысқаша түсініктеме беріп, сипаттама жасай кетейік.

Б.Төтенаевтің «Қазақтың ұлттық ойындары» [1] кітабында қазақ балаларының ойындарын 4 топқа бөліп қарастырған.

1. Бір жасқа дейінгі нәрестені тәрбиелеудегі «Бесік жыры», «Саусақ санау», «Тұсау кесер» жырлары.

2. Өртүрлі ойыншықтармен ойнайтын ойындар.

3. Жас өспірімдер ойыны (табиғи денелерді қолданып ойнайтын ойындар, ұлт ойындары және жануарларды елестетіп ойнайтын ойындар жатады).

4. Қимыл-әрекет ойындары.

